

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ



**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ: ЖАҢА ТӘСІЛДЕР
ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ ЗЕРТТЕУЛЕР»**

**Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК ТРУДОВ

**Международная научно-практическая конференция
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ: НОВЫЕ ПОДХОДЫ
И АКТУАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ»**

II том - Том II

Шымкент, 2022

ӘОЖ 001

ББК 72

Ғ 96

Редакциялық кеңес: Пралиев Ғ.С., (бас редактор), Сейтқұлов Н.А.,
Әжіметов Н.Н., Тастанбекова Ғ.Р., Құланова С.Ш., Жаңабасев Д.Ж.

Редакционный совет: Пралиев Ғ.С., (главный редактор), Сейтқұлов
Н.А., Ажіметов Н.Н., Тастанбекова Ғ.Р., Құланова С.Ш., Джанабаев Д.Ж.

Ғ 96 **«Ғылым және білім: жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер»**
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер
жинағы. II том. -Шымкент: «Нұрлы Бейне», 2022. -322 бет

Материалы международной научно-практической конференции
**«Наука и образование: новые подходы и актуальные
исследования»**. Том II. -Шымкент: «Нұрлы Бейне», 2022. -322с.

ISBN 978-601-08-2247-4

Жинаққа «Ғылым және білім: жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер» халық-
аралық ғылыми-практикалық конференциясының ғылыми еңбектері енді. Еңбектер
жинағын халықаралық және республикалық ЖОО ғылыми-педагогикалық
қызметкерлері, студенттері, магистранттары және жас ғалымдардың баяндамалары
құрайды.

Мақалалардың мазмұны ғылымның педагогика және психология, жаратылыс-
тану, филология, математика және информатика, әлеуметтік ғылымдар, дене
шынықтыру және спорт салалары бойынша жан-жақты мәселелерді қамтиды.

В сборник вошли научные труды международной научно-практической
конференции «Наука и образование: новые подходы и актуальные исследования».
Сборник трудов состоит из докладов научно-педагогических кадров, студентов,
магистрантов и молодых ученых зарубежных и отечественных университетов.

Содержание статей охватывает широкий круг вопросов в области педагогики и
психологии, естествознания, филологии, математики и информатики, социальных
наук, физической культуры и спорта.

ӘОЖ 001

ББК 72

ISBN 978-601-08-2247-4

© Шымкент университеті, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан индустриялық-инновациялық даму кезеңіне қадам басты. Бұл заманауи экономикалық талаптарға сай жүзеге асады. Отандық ғалымдар бұл кезең ғылыми жүйенің қайта бағдарламалануымен сипатталады, сондықтан тиісті нормативтік көрсеткіштермен реттелетін ғылым ұйымдық, кадрлық, инфрақұрылымдық, қаржылық салаларда өзгерістерге ұшырап, сол арқылы дамып, өрлеу үстінде деп есептеймін.

Бүгінгі таңда мемлекеттің ғылыми әлеуеті жоғары болып қалуда. Қазақстан көптеген ғылыми салаларда: химия және химиялық технология, физика, биотехнология, материалтану, энергетика, геология, ветеринария және ғылым мен техниканың басқа да көптеген салаларында жетекші орын алады. Зерттеулері әлемде үлкен қызығушылық тудырып отырған елде күні бүгінге дейін айтулы ғалымдар еңбек етуде.

Бүгінде қазақ ғалымдары даңқты дәстүрлерді жалғастыруда – олар ғылымның ең перспективалы бағыттарын дамытып, жаңа технологияларды дамытып, шәкірт тәрбиелеуде. Ел үкіметінің ғылымды қолдауға, ғылыми-зерттеу секторын, оның ішінде жас зерттеушілерді дамытуға ерекше көңіл бөлуі ғажап емес.

Конференцияның негізгі мақсаты ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талқылау; жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді тарту; оқу орындары арасында тәжірибе алмасу және ынтымақтастық орнату деп есептеймін. Нәтижелер барлық қатысушыларға пайдалы және ұсынылған ұсынымдар іс жүзінде қолдау табады деп үміттенемін.

Біздің өткізіп отырған конференция ғылым дамуының қазіргі кезеңіндегі көптеген өзекті мәселелерді қозғайды, атап айтқанда:

- Жаратылыстану ғылымдары (биология, экология, география, физика, химия);
- Педагогика және психология;
- Филология (шет тілдері, қазақ және орыс тілдері, әдебиет);
- Математика. Информатика. Бағдарламалау;
- Әлеуметтік ғылымдар (тарих, құқықтану, экономика, саясаттану);
- Дене шынықтыру және спорт.

Конференцияның барлық қатысушылары мен ұйымдастырушыларына жемісті жұмыс, сындарлы диалог және тиімді өзара іс-қимыл тілеймін!



Сейтқұлов Н.А.

*Шымкент университетінің ректоры,
п.ғ.д., профессор*

**ПЕДАГОГИКА
ЖӘНЕ
ПСИХОЛОГИЯ**

ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ТАЛДАУ

Алпеисова Н.

псих.ғ.к.

Арышбекова Н.

*2 курс магистранты
Шымкент университеті*

Резюме

В статье рассматривается педагогический, психологический, психолингвистический анализ проблем развития речи учащихся в системе образования. Закономерности психологической науки играют ключевую роль в развитии языка студентов, так как считается, что учебный процесс будет продуктивным только тогда, когда в центре внимания будет учет психологических особенностей студентов в организации их умелого общения на профессиональном языке.

Summary

The article discusses the pedagogical, psychological, psycholinguistic analysis of the problems of the development of students' speech in the education system. The laws of psychological science play a key role in the development of students' language, since it is believed that the educational process will be productive only when the focus is on taking into account the psychological characteristics of students in the organization of their skillful communication in a professional language.

Адам еңбектеде, оқудада, тіпті сөйлеуде де ойлайды. Ойлаусыз адамның іс-әрекеті нәтиже бермейді. Ол тіл дамытуға қатысты екені сөзсіз. Белгілі ғалым А.Ысқақовтың «Қазақта «ойлай білмеген адам, сөйлей де білмейді» деген мақал бар. Бұл мақал ойлау мен сөйлеудің бір-бірімен тығыз байланысты екеніне айғақ. Шынында, ой тілге негіз болса, тіл ойға арқау болады. Баланың тілін дамыту дегеніміз – оның ойын дамыту, керісінше, баланың ойын дамыту дегеніміз – оның тілін дамыту деген сөз. Егер баланың ойлау қабілеті дұрыс дамымаса, жетімсіз болса, оның ұғу, түсіну қабілеті де шалғай болмақ; ондай бала өз ойын басқаға жазбаша да, ауызша да жеріне жеткізе айтып бере алмайтын болмақ. Олай болатын себебі – адамның ойы тілдегі сөздер арқылы, тілдің грамматикалық заңдары арқылы жарыққа шығады» [1], - деген ұтымды пікірі бар. Осы орайда С.Рахметованың «... ойлау не арқылы іске асады? – десек, әрине, алдымен тіл арқылы [2]» деген пікірі мұны дәлелдей түседі.

Л.С.Выготскийдің ойынша ойлау белсенділігі адамды шығармашылық әрекетке жетелейді. Ал ондай әрекет қиялдың өте күшті дамуын қажет етеді. Қиялдың дамуы тілдің дамуына да қатысты – деген сөзі дәлел [3].

Студенттердің сөйлеу әрекетінде қиялдың орны ерекше, өзіне, студенттік өмірге, қоғамға қатысты мәселелер бойынша әңгіме ғана емес, пікірталас, ой бөліске қатысып, өздерінше тұжырым жасап, талқылауға белсене қатысады, оқыған шығармаларындағы оқиғаларды одан әрі дамытып, мәтін құрастыру, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыру, бейнеленген заттар, оқиғаларды ойша жалғастырып әңгімелеу, мақал-мәтелдердің мазмұнына қарай мәтін құрастыру т.б. жұмыстар тіл дамытуды жетілдіру мүмкіндігін кеңейтеді. Өйткені студенттің іс-әрекеті – мақсаттылық, шешімділік, тұрақтылық, дербестік, белсенділік, өзін-өзі ұстау секілді қасиеттерге негізделген.

Келесі мәселе – тілдің дамуы мен ойдың бірлігі мәселесі. Философия, психология тұрғысынан тіл мен ойдың бірлігі ерте танылғаны белгілі. Сондықтан тілді дамыта отырып, студенттің ойы да дамытылатыны – ғылымда танылған мәселе. Қазір бұл мәселе

тек ойға ғана қатысты емес, одан әлдеқайда кең ауқымда қарастырылып жүр.

Тіл дамытумен ой дамыту байланысты, сөйлеуде студент салыстыру, синтез, анализ жасау, деректі, дерексіз ойлау, жалқылау, жалпылау, жүйелеу әрекеттері арқылы сөйлейді, соның нәтижесінде ұғым, талдау, ой қорыту сияқты ой-әрекеттерін жасай алады.

Ж.Аймауытов ой-жүйесінің мұғалімді ойлау өнеріне үйрететіндігін, шәкіртті ой дағдысына үйретіп, жаттықтыратындығына ерекше назар аударған. Ал осы ой-жүйесі сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты. Сондықтан психологтар сөйлеу әрекеті екі түрлі деп, оларды сырттай сөйлеу және іштей сөйлеу деп бөледі, бірақ олар бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені олардың физиологиялық негізі бір. Дегенмен, олардың бір-бірінен ерекшелігі бар [4].

Сырттай сөйлеуде адам сөзін тыңдаушыға дәл жеткізу үшін, ойын тілдің грамматикалық нормасына сай құруға тырысады. Іштей сөйлегенде ойдың екінші біреуге түсініктілігі қажетті болмағандықтан, грамматикалық нормаларды толық сақтауға мән берілмейді. А.Н.Соколов сырттай сөйлеу тыңдаушысына бағытталады, ал іштей сөйлеу біреудің сөзін түсіну, ұғыну үшін жұмсалады деп санайды [5].

Психолингвистика сөйлеу тілін коммуникацияның басты құралы деп қарайды. Психологтардың айтуынша, сөйлеу тілінің монологтық түрінің де, диалогтық түрінің де өздеріне тән ерекшеліктері мол. Сонымен қатар ауызша тілдің де, жазбаша тілдің де айырмашылықтары көп. Бұл мәселе туралы Н.И.Жинкин өзінің «Ойлау тек сөйлеу қозғалыстарының кодтарының арқасында ғана жүзеге аса ма, не болмаса, натуралды тілдің түрлерімен байланысты емес, басқа да өмір сүре ме», - деген сұрақ тұрғысынан қарайды. Ғалым осы басқа код деп ішкі сөйлеу тілін алады. Ішкі сөйлеу тілі, Н.И.Жинкиннің айтуынша, универсалды пәндік код болып табылады. Ол кодты ғылым мен интеллектінің, ауызша және жазбаша тілдің, сонымен бірге ұлттық тілдердің де арасындағы жалғауыш (посредник) деп санаған [6].

«Сөйлеу тілінің механизмдерін іске қосу сөзбен буынның бейнесін қайта жаңғыртудан басталады» - дейді Н.И.Жинкин. Қазіргі кезеңдегі психолингвистика жетістіктері тіл дамыту әдістемесін тереңірек ұғынуға, оның ішкі құбылыстарын түсініп, оны ұстазбен үйренушілердің басқара алуына мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

М.Мұқановтың пікірінше, қоршаған дүниеде заттар көп, олардың ұқсастығыда, айырмашылығы да бар. Оларды ажырату үшін ой іске қосылады, байқағыштық қасиет дамиды. Заттардың ұқсас жақтарын бір ұғымға жатқызып қабылдау әрекеті пайда болады. «Заттар, құбылыстардың ұқсас жақтарын, біріншіден, бір ұғымға жатқызып, топтастырып отыру қабылдау кезінде тәртіпсіздікпен күресуге мүмкіндік беретінін, екіншіден, тиісті нәрселерді ойша тәртіпке келтіру үшін нендей қасиеттермен құбылыстар нәрсенің қандай түріне жататынын білу қажет, үшіншіден, біз бәлкендей заттың салмағын, көлемін ұзын не қысқа екенін өлшемей-ақ шырамыта алмасақ, онда ортамызға бейімделу қиынға соғар еді», - деп санайды [7].

Ал ғалым З.Бейсенбаева жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың психологиялық ерекшеліктерін саралағанда қандай құбылысты болмасын түсіну, қабылдау үшін оның мәнін, ерекше белгілерін, шығу көзін, оның басқа құбылыспен байланысын, қоршаған ортадағы орнын саналы түрде білу, меңгеру екендігіне тоқтала келіп, «құбылысты саналы түрде түсіну үшін оны қоршаған ортамен себеп-салдарлық байланыста қарастыру қажет. Осы байланыс көбірек және жан-жақты орнаса, түсінік терең де толық болатыны күмәнсіз» [8], - деп көрсеткен. Бұл пікір студент тілін дамытуға да қатысы бар. Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінде морфологияны оқыту барысында студенттер тілін дамытуда саяхат (экскурсия) арқылы жүргізілген жұмыстар тиімді болды.

Демек, түсіну мен қабылдау адамның сезім мүшелерімен байланысты. Олай болса, көзбен көріп, қолмен ұстаған нәрсе мектеп оқушысы емес, жоғары оқу орны студенттерінің ол нәрсе, құбылысты танып-білудегі бейнелеу үрдісі арқылы іс асса, қабылдау арқылы оларды толық ажыратып, танытын болады. Сөйтіп, студент ол затты өзіндік ерекшелігіне сәйкес объективті түрде таниды, әрі өзінің қызығуымен зейініне

қатысты субъективті түрде қабылдайтын болады. Осылайша қабылдағанын студент өзінің белсенді ойлауымен талдап, қорытынды шығара білуі және оны ауызша да, жазбаша жүйелі жеткізе білуі тиіс. Сонда ғана түйсіне таныған зат, құбылыс, оқиға студент тілін дамыту нысаны болады (теориялық нысаны да ескеріледі).

Психолог ғалымдардың оқыту тағы басқа жұмыстардың бәрі адамның зейініне қатысты деген пікірлерін бізден азарға алдық.

Оқушы тілінің дамуында зейіннің басты рөл атқаратыны психологтар еңбектерінде айтылған, өйткені зейін қойып тыңдау – дұрыс ұғуды, түсінуді қамтамасыз ететін факторлардың бірі. Зейіннің оқыту ісіндегі маңызына ғалымдар ертеден-ақ мән берген. К.Д.Ушинский зейіннің екі түрін таныған, олар – «пассивное и активное внимание». Ол баланың жасына қарай пассив зейінді қолдана отырып, актив зейінді дамыту керек деген [9].

Психолог ғалымдардың пікірлеріне қарағанда ұзақ уақыттық ес сөйлеу қимылдарының анализаторларында қалыптасады. Есте белсенді сөздік сақталып, дыбыстық және көру анализаторларында сөздерді дыбыстық және әріптік код бойынша тану есі қалыптасады.

Тіл дамыту ісінде студенттердің байқау қабілетінің де маңызы зор. Студенттер заттардың, құбылыстардың ерекшеліктерін түсініп, ажырату үшін оларды байқауға, байқағыштыққа үйрету керек. Психологтардың пікірінше, байқау дегеніміз – белгілі мақсат пен объектіні әдейілеп қабылдау. Сондықтан студенттерге белгілі бір нысанды байқату үшін уақыт керек. Сол белгіленген уақыт ішінде олар сол нәрсеге, құбылысқа зейін қойып, мұқият бақылаулары тиіс.

Ж.Аймауытов тілдің қатысымдық қызметін ұғындыратын жұмыс түрлері дұрыс ұйымдастырылса, студенттің жүйелі де тілдік нормаларға сәйкес сөйлеуіне жағдай жасалады. Тілдік қатысымға дағдыландыратын жұмыстар студенттерді қызықтыратындай, теориялық білімге де, тіл дамыту мақсатына да сәйкес келетіндей болуы тиіс. Тілдік жаттығулармен тапсырмалар қатысымдық бағытта ұйымдастырылуы қажет. Студент ауызша да, жазбаша да тілдік бірліктерді сөйлесімде, тілдік қатынаста дұрыс қолдана білгенде ғана қатысымдық біліктілік жүзеге асады [10].

Бұл айтылғандардан тіл дамыту жұмысы отбасынан бастап бала-бақшада, бастауыш мектепте, орта мектепте, жоғары оқу орнында оқыту кезінде жүргізілетіні байқалды. Рас, адам өмір бойы тіл дамытуды естен шығармаса, тіптен жақсы. Демек, тіл дамыту адаммен байланысты, адамның әрекетінің бәрі адам психологиясына қатысты. Сондықтан тіл дамытуда психолог ғалымдардың зерттеулеріне сүйену міндетті.

Библиографиялық тізім

1. Ысқақова А. Қазақ тілі программасы жобасының құрылымы жайында // 1958.-№10.-15-20-б.
2. Рахметова С. Тіл дамыту методикасының негіздері // Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту методикасы. –Алматы: Мектеп, 1987. -23-44-б.
3. Выготский Л.С. Собр. сочин. т. 3123. -245С. -М., 1996.
4. Аймауытов Ж. Психология. -Алматы: Ғылым, 1998, -4-т. -447.
5. Жинкин Н.И. Механизм речи. -М., 1958. -370 с.
6. Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. Алматы, Қазақстан, 1980. -172 б.
7. Бейсенбаева З. Жоғары оқу орнында сөз жасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт. автореф. -Алматы, 2004. -43 б.
8. Выготский Л.С. Собрание сочинений в 10-ти т.М., –1989, т.3.
9. Жарықбаев Қ.Б. Психология. –Алматы: Білім. 1993. -272 б.
10. Аймауытұлы Ж. Психология. Алматы.: 1983, 25-31 б.

ЭМОЦИОНАЛЬНҚ КҮЙ ТҮРАҚСЫЗДЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Алпеисова Н.

псих.ғыл.канд., аға оқытушы

Ахметов Н.

Шымкент университеті, 2 курс магистранты

Резюме

В статье рассматриваются причины и последствия эмоциональной нестабильности у подростков. Отмечается, что социальный характер – это ядро структуры характера, присущей большинству представителей той же культуры, в отличие от индивидуального характера, отличающего людей друг от друга. Говорится о том, что жизнь и развитие детей младшего возраста связаны с конкретными социальными условиями и определяются усвоением ребенком общественной ситуации в мире взрослых.

Summary

The article discusses the causes and consequences of emotional instability in adolescents. It is noted that the social character is the core of the character structure inherent in the majority of representatives of the same culture, in contrast to the individual character that distinguishes people from each other. It is said that the life and development of young children are associated with specific social conditions and are determined by the child's assimilation of the social situation in the adult world.

Дж. Эйсондорфпен жазылған мотив аралық теория бойынша, балалардың әлеуметтік дамуындағы ауытқудың түрлі типтерінің пайда болуы жақындау және қашу мотивациялық механизмі арқылы қарастырылады. Осы мотивацияның бұзылуы қарым-қатынасты қиындыққа әкеледі.

Жоғары психикалық жағдай (қуаныш, мазасыздық, таңқалушылық) немесе төменгі психикалық жағдай (өкіну, көңілсіздік т.б.) үйлесімсіз жағдайларға жатады. Осы сипаттамалардың дәлелі ретінде А.О.Прохоровтың жүргізген зерттеулерінің нәтижесін қорытындылау барысында үйлеспеушіліктің келесі жағдайлары кездесті. Оқу әрекетінде жеткіншектер апатия, зұлымдық, ашу, өкпе сияқты жат жағдайларды басынан кешіріп отырса, жағымды жағдайлар ішінен қуаныш, бақыт, таңқалу, қозу сияқты мінез-құлық қасиеттері кездесіп отырған [1].

Сонымен қатар, оқушылардың басынан кешіріп отырған мінез-құлыққа тәуелділігі анықталады. Тітіркенудің импульсивті формасы қиын жағдайға тән мінез-құлықтың формасы болып табылады. Сонымен қатар, К.Рубин өз еңбектерінде «әлеуметтік бөлектену» терминін қолданады. Әлеуметтік бөлектенудің инициаторы болып баланың өзі табылады. Оның бір көрінісі – ұялшақтық. Ұялшақтық – бала бейтаныс жандармен кездескенде қорқу немесе мазасыздану пайда болады. Оның негізгі себебі әлеуметтік бағадан қорқумен байланысты. Мұндай мінез-құлық баланың әлеуметтік стимул алдында сезінетін мазасыздануды бейнелейді. Сонымен қатар, мұның негізінде қашу себебі де жатыр. Бұл үндемейтін балаларға тән. Осы мәліметтер нәтижесі бойынша, үйлеспеушілік ерекше өмір жағдайында туады, яғни адам өмірінің күрделі де, қиын кезеңдерінде пайда болады. Оның пайда болуы рационалды емес, бейадекватты, агрессивті, кей кезде қайғылы да мінез-құлықтың себебі болуы мүмкін. Сондықтан да, субъект үшін бұл жағдайларды басқару күрделі болып табылады.

Тұлға – өзінің тұрақтылығына қарамастан, үздіксіз дамып отыратын психикалық құрылым. Даму жеке тұлғаның ең маңызды атрибуты болғандықтан, оны «өмір сүруінің негізгі нысаны» деп санайды. Бұл фәниден бақиға дейінгі - шығармашылық үрдіс. Жеке тұлға өзінің жасын да және басқа шектеулерді де сезінбеуге қабілетті [3]. Жеке тұлға

уақыт ағысындағы үрдіс ретінде өседі, дамиды және осыған қарамастан өзі үшін сол қалпында қала отырып, үнемі өзгертін дене түрінде эволюцияланады. Өзінің «МЕН» қозғалысында ол өзгермейді, уақытпен туындайтын күйреуге төзімді келеді және осыған қарамастан, өзгереді, бейімделеді, өзін жаңадан жасайды.

Тұлғаның жетілуіне тән осындай мінез-құлықтың мотивациялық механизмі, адамның алдына қойған мақсаттарының, осындай мақсаттарға тікелей түрткі болатын күшті хабарлайтын, оның жоғарғы сезімдерімен байланысы болып табылады. Осындай сезімдердің әлсіздігі немесе жоқтығы адамды ерікті түрде өзін-өзі көндіруге мәжбүрлейді. Тұлға онтогенезіндегі эмоционалдық дамудың маңыздылығы, үнемі іштей кикілжіңге ұшырап отыратын адам ынжықтығымен, мінез-құлқының тұрақсыздығымен, саналы түрде қойған мақсаттарына жетуге қабілетсіздігімен ерекшеленетінін, яғни психологиялық тұрғыда жетілген тұлғаны сипаттайтын негіз қалаушы бітістердің жоқтығымен түсіндіріледі [4].

Адамның қажеттіліктері жайлы мәселенің, оларды қанағаттандырудың жағдайлары мен тәсілдеріне әкелетіні сөзсіз. Фромм, сол қажеттіліктердің айрықша көріністері мен адамның ішкі әлеуетін жүзеге асырудың тәсілдері адамдар өмірінің әлеуметтік жағдайымен себептеледі, деп есептейді. Адамның тұлғасы нақты қоғам ұсынатын мүмкіндіктерге бейімделеді [5]. Мәселен, капиталистік қоғамда адам байып қана пара-пар болу сезіміне ие бола алады. Сондай-ақ, ол бақуатты компанияның тәуелді де, сенімге ие қызметкеріне айналып тамырлану сезімін дамыта алады. Адамның қоғамға икемделуі әдетте ішкі қажеттіліктер мен сыртқы талаптардың арасындағы келісімді білдіріп, қоғамның талаптарына сай келетін әлеуметтік сипатқа (мінезге) ие болады.

Әлеуметтік мінез теориясы мінез-құлықтың негізіндегі, бірақ оған пара-пар келмейтін ұмтылыстардың жүйесін білдіретін Фрейдтің мінездің динамикалық тұжырымдамасына негізделеді. Бұл тұжырымдама мінез-құлықтық емес, мотивациялық, өйткені, «біз мінез-құлық ерекшеліктерінің бейсаналық мотивациясын зерттей отырып, мінез-құлықтың бір ғана бітісінің мінездің көп және мүлдем әртекті бітістеріне сәйкес келетінін анықтаймыз».

Бала дүниесінің басқа балалар дүниесімен, үлкендермен және түрлі заттармен соқтығысуы олар үшін әсер қалдырады. Оқушыларды осы жағдайлардың әсерінен көзқарастарының және жалпы қалыптасуының бұзылуы, тілек және дағдыларының өзгеруі орын алады. Осындай келеңсіз жағдайлардың барлық бала өмірінде кездеседі, ал балалар өмірі мектеппен тығыз байланысты. Сондықтан мектептегі кезең оқушылары үшін «сыналу» кезеңі болып табылады. Сыналу кезеңі дейтініміздің себебі, бала нақ осы мектеп жасында жас ерекшелік кезеңдестіру бойынша маңызды болып табылатын бірнеше қиын кезеңдерден өтеді. Яғни, сыналу кезеңі дегеніміз, түрлі құбылыстарға толы белгілі бір өтпелі кезең және баланың осы кезең аралығынан өте алу мүмкіндігі [6].

Бірінші кезең – баланың мектепке түсіп, жаңа ортаға бейімделуімен сипатталады. Сонымен қатар бала ағзасында дененің күрт өсуі, ішкі мүшелердің үлкеюі вегетативті қайта құрулар сияқты эндокриндік өзгерістер бірден жүреді. Бұл өзгерістер баланың әлеуметтік қарым-қатынас жүйесімен іс-әрекетіндегі кординалды өзгерістер оның ағзаларындағы барлық жүйелер мен функцияларының қайта құруымен сай келеді. Сондықтан бұл аралық үлкен күшті талап етеді;

Екінші кезең – баланың өтпелі кезеңімен тап келуімен, яғни қиын саналатын кризистік кезеңмен сай келеді. Бұл кезең біріншіден пубертаттық кезеңде келетін морфологиялық және физиологиялық өзгерістер жеткіншектік ағзасын біршама өзгертуге ұшыратады да, олардағы соматикалық аурулар қауіпін тудырады, сонымен бірге, тура осы жеткіншектік кезеңде көптеген жүйке және психикалық аурулар көрініс береді, екіншіден осы кезеңге тән әлеуметтік қарым-қатынас сферасының (позитивті болмауы мүмкін) кеңеюі жеткіншектерге меңгеруге қиын болып табылатын жаңа әлеуметтік тәжірибелер береді. Өтпелі кезең – жас ерекшелік дамудың өте жауапты сатысы [7].

Үшінші кезең – бұл оқушылардың жеткіншектік жаспен ересектік жас аралығындағы және олардың 10-11 сыныпта кездесетін қиындықтарымен сай келеді. Бұл уақыт адамның тұлғалық дамуының өте маңызды және жауапты кезеңі болып табылады. Сондықтан да бұл жас аралығын немесе осы жас аралығындағы оқушыларды «қиын жас» немесе «қиын балалар» категориясына кіргізуіміз мүмкін. «Қиын жасты» екі сөзді талдау арқылы түсіндіруге болады: Кризистік; өте қиын, қауіпті. Өйткені бұл кезеңде де физикалық әлсіздік, мінез сипатының ерекшеліктері, қарым-қатынас ерекшеліктерінің жоқтығы, эмоционалды жетілмеушілік, жағымсыз сыртқы әлеуметтік орта сияқты т.б. көптеген факторлар жалғаса беруі мүмкін. Осындай факторлардың салдарынан «қиын балалар» пайда болуы мүмкін.

Қиын балалар дегеніміз, дамуы мен мінез-құлқында жалпы қабылданған нормалардан ауытқуы бар, өзінің психоәлеуметтік дамуы қалыптасуының жаңа сатысын басынан нәтижелі өткізе алмайтын балалар. Сонымен мектептегі үш кезеңге сүйене отырып, біз барлық мектеп жасындағы уақытты кризистік жас деп айта аламыз. Л.С.Выготский «Кризистік кезең» теориясы бойынша кризистік жас дегеніміз, бір жағынан балалардың қоғамдық қарым-қатынас жүйесіндегі өзгерулері жататын, екінші жағынан баланың «ішкі позициясынан» өзгеруі жататын дамудың әлеуметтік ситуациясының қайта құрылу нәтижесі [8].

Сонымен, баланың жас ерекшелік психологиялық сипаты оның бөлек-бөлек жаңа құрылымның немесе ерекшелігінің жиынтығымен анықталмайды, ол оның әр жас кезеңіндегі жеке адамдық қасиеттерінің қалыптасуымен анықталады. Осы ерекшеліктерге байланысты, жалпы американ психологтарының жүргізген зерттеулері нәтижесінде, оқушылардың мінез-құлқының үйлеспеуі 80% осы жеткіншектік кезеңге тән екендігі белгілі болады, өйткені, мектеп оқушыларында, яғни, кіші және орта мектеп жасындағы балалардағы қабылдау өте жоғары болатындығы белгілі, сонымен қатар, оқушылардың дүниеге көзқарасы, жағымды қасиеттерінің қалыптасып келе жатқандығымен байланысты. Сонымен қатар, олардың психикалық нормаларының үлкендерден айқын ерекшеленіп тұратындығын 14-15 жастағы 15000 американ жеткіншектеріне психодиагностика ретінде жүргізген «даралық минесоттық» тестімен дәлелдеуге болады. [9].

Библиографиялық тізім

1. Практическая психодиагностика. Методики и тесты. Учебное пособие – Самара: Дом Бахрах, 1998. – 672 с.
2. Прихожан А.М. Психологический справочник, или как обрести уверенность в себе: Кн. для учащихся. – М.: Просвещение, 2006. – 191 с.
3. Психолог в детском дошкольном учреждении: Методические рекомендации к практической деятельности / Под ред. Т.В. Маврентьевой, - М.: Новая школа, 1996. – 144 с.
4. Психология. Словарь / Под ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с.
5. Психология. Учебник. – М.: Проспект, 1998. – С. 291-294.
6. Психологическая служба школы. Учебное пособие для студентов / Под ред. И.В. Дубровиной – М.: Международная педагогическая Академия, 1995. – 222 с.
7. Реан А.А., Коломенский Я.Л. Социальная педагогическая психология – СПб.: Питер Ком., 1999. – 416 с.
8. Рогов Е.И. Национальная книга практического психолога в образовании: учебное пособие. – М.: Владос, 1996. – 529 с.
9. Руденский Е.В. Психотехника общения – Новосибирск: Изд-во СибСПИ, 1990. – С. 123-127.

**ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ДЕНСАУЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ
ТЕОРИЯЛАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР**

Медетбекова З.

магистр, аға оқытушы,

Омаров М.

2 курс магистранты

Шымкент университеті,

Резюме

В статье рассматриваются основные теории и концепции психологической науки в изучении психологического здоровья подростков на современном этапе. На современном этапе изучение подросткового возраста основывается на базовых теориях и концепциях в психологической науке. Выражаются трудности при психологических и физиологических изменениях у подростков. Также анализирует труды ученых психологов, изучавших изменения в поведении подростков.

Summary

The article discusses the main theories and concepts of psychological science in the study of the psychological health of adolescents at the present stage. Difficulties are expressed in psychological and physiological changes in adolescents. Also analyzes the works of scientists psychologists who have studied changes in the behavior of adolescents. At the present stage, the study of adolescence is based on basic theories and concepts in psychological science.

Жеткіншек кезең, баланың психикалық аймағын барлық жағын өзгертетін кезең. Жеткіншек кезеңнің ерекше зейінді аудартатын, бұл әлеуметтік-психологиялық және биологиялық жағдайы, балалалық шақтан ересектік кезеңге өтуі. Осыған байланысты, психикалық ерекшеліктердің өзгеруі және басқа қасиеттердің пайда болуы олардың психологиялық денсаулықтарына түйінделеді.

Психологиялық тұрғыдағы денсаулық деңгейі әлдеқайда күрделі болып табылады. Бұл деңгей аясындағы денсаулық адамның психикалық тұтастығын ерекшеліктен тұлғасымен байланысты болады. Психологиялық тұрғыда жеткіншектің саулығы мінез-құлқындағы белгілі бір жағымсыз сипаттарының басым болуы салдарынан, рухани саласындағы ақаулардың салдарынан, құндылықтарды дұрыс таңдамау бағыттары салдарынан және т.б. ауытқуы мүмкін.

Қазіргі кезеңде жеткіншектерді зерттеуге психология ғылымындағы базалық теориялар мен концепциялар негізге алынады. Психиканың онтогенезде даму мен тұлғаның қалыптасуы жайлы Л.С.Выготский [1] мен А.Н.Леонтьевтің [2] және т.б., ғылыми мектебінде қалыптасқан психикалық даму теориялары, жеткіншек жасының ерекшеліктерін зерттеген негізгі жұмыстар және жеткіншектердегі тұлғалық дамудағы өзіндік сана сезімдерді зерттеген тұжырымдамалар қарастырған болса, жеткіншектердің психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты Қазақстанда зерттелген жұмыстар теориялық негізін құрады. Сондай-ақ, М.М. Мұқановтың педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясында жеткіншектердің психикалық даму ерекшеліктеріне негізделді.

Кейбір зерттеушілер жеткіншектердің психикасының алғы шартты дамуын бірбеткей түсініп, оның осы қасиетін өзгерістерге ұшырауының шегі жоқ, өзгерілгенде ешқандай қалдықсыз, түгі қалмай өзгереді дейді. Бұл жерде түгі қалмай өзгереді дегенде жаңа мен көненің арасындағы күрес жөнінде айтылып отыр. Диалектиканың заңдылығы бойынша, жаңа дегеніміз көненің негізінде өріс алып, оны жеңеді, бірақ біржолата

күртпайды, көнеден қалған «қалдықты» өзінің өркендеуі үшін пайдаланады. Осы қағиданы кейбір зерттеушілер еске алмай, психика өзгергенде үздіксіз өзгеріп отырады да, ең аяқ кезінде қалдық деген кездеспейді, - дейді. Бұл түгелдей қате пікір. Себебі егер бұрынғыдан ештеңе қалмай, психика үнемі жаңа сипатта кездесетін болса, онда ешқандай психикалық дамудың болуы мүмкін емес. Психика даму үшін жаңамен қатар көне, ескіден қалған қалдықтар болуы шарт. Психиканың дамуында көнеден қалған қалдықты біз инвариант латын тілінен аударғанда "өзгерілмейтін" деп атады.

Жеткіншектің осы сияқты қасиеті қазірде де және өткен дәуірлердің жеткіншектеріне де бірдей тән. Мұнымен қатар бүгінгі заман жеткіншектері үлкен адамдардың талабына оңайлықпен көне кетпейді. Себебі, біріншіден қазіргі кезде оқушылардың көпшілігінің соның ішінде жеткіншек жасындағының көбінесе оқудан басқа айналысатын тапсырмасы жоқ. Екіншіден, өткен дәуірге қарағанда жеткіншек қазіргі кезде телевизор, радио арқылы ересектерге арналған хабарларды естіп, не фильмдерді көріп, соларға еліктейді. Үшіншіден, әсіресе қалалық жерде жеткіншек өзімен қатар, не үлкен мен танысып, солардың жарамсыз әдеттеріне еліктейді.

Ал, жеткіншектің бала кезінен ересек кезеңіне ауысуы психологиялық тұрғыдан жаңа сапа, бірақ оған ауысудың себебі сол болып келген психикалық дамудың салдарынан: егер үлкендер жеткіншекті бала деп есептесе, керісінше олар өзін есейдік деп санайды. Бұл екі арадағы дәл келмеушілік қайткенде де жеткіншектің дамуына әсер ете алады. Әдетте, жеткіншектерді тәрбиеге көнбейтін қиын жас деп сипаттайды. Солай деп бағалайтыны, біріншіден, бұрынғы кездегі психикасы, мінез - құлқы өзгеріп, соның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатынынан. Кейде мұндай өзгеріс аз уақыттың ішінде болуы мүмкін бірақ өзгеріске ұшырау жеткіншектерде бір уақытта кездеспейді. Екіншіден, осындай психиканың жаңа сапасының пайда болуынан бала қиналысқа ұшырайды, уайым шегеді, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. Мұндай үлкен өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді.

З.Фрейд [3] пен Л.И.Божович [4] еңбектерінде жеткіншек үлкендердің қамқорлығына көнбейтін өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық деп түсіндірді.

Бала жеткіншек жасында дене және физиологиялық даму жағынан үлкен өзгерістерге ұшырайды. Егер бастауыш кластарда баланың денесі белгілі бір мөлшермен біртіндеп өсетін болса, жеткіншек кезінде тез өседі. Бірақ, өсуі бір мөлшермен іске аспайды. Кейде тым шапшаң, кейде баяу дамиды. Мұндай түрліше қарқынмен өсу 11 -ден 16-ға дейін созылады да, кейін өз қалпына келеді. Қыздардың денесінің тез өсуі 13 жаста, ұлдарда 15 жаста кездеседі. Бұл кезде ересектердің сүйегі мен шеміршектері нығайып, бұлшық еттері күшейеді. Осының нәтижесінде 13 жастағы қыз күш жағынан шешесінен кем емес, 15 жастағы ұлдың күші әкесінің күшіне жақындайды. Жеткіншектердің дене құрылысы онша үйлесіп жарымайды. Денесін тік ұстамай, бір жағына еңкейіп, не қисайып тұрған сияқты көрінеді. Себебі дене мөлшері біркелкі дамымайды; аяқтары, қолы, белі, мойыны тез өседі де, кеудесі кеш өседі. Осының нәтижесінде жеткіншек денесінің үйлеспеуінен ұялады. Жеткіншектің бас миының көлемі ересектердікіндей. Бірақ ми қабығы клеткаларының қабаттары өсуін әлі тоқтатпайды. Ми қабығы клеткалары тітіркендіргіштерге әсерленгіш. Сондықтан жеткіншектер ренжуге, не қуануға икем келуі мүмкін. Жалпы алғанда, жеткіншектердің дене құрылысы мен физиологиялық қызметінде жастың ерекшелігіне орай недәуір өзгерістер кездесетіні рас болғанымен, осылардың марфологиялық және физиологиялық қызметінде тәртіп бұзуға, не үлкендердің сөзіне көнбеуге ықпалын тигізетін еш нәрсе жоқ. Бірақ осындай дәуірден биологиялық ықпалдар түкке тұрмайды деген қорытынды шықпайды. Жеткіншектің өмірінде, әлеуметтік ықпалдардың ролі неғұрлым басым келгенімен, бұл екі үрдісі біріне бірін қарсы қоюға болмайды.

АҚШ психологы С. Холл Европада З. Фрейдты өз еліне шақырып, сол заңдылыққа сүйене отырып, психологияға "биогенетикалық универсализм" деген ұғым енгізді. Бұл

ұғым бойынша жеткіншектің өзіне тән психикалық ерекшеліктері жануар ата-тегінен берілген қасиеттер делінді. Сондықтан да, осы заңдылық жеткіншектің мінез-құлықтың кейбір жақтарына әсер етеді деген. Осы пікірге сол кезді өзінде-ақ, социологтар мен антропологтар соның ішінде АҚШ антропологтары М. Мид пен Р. Бенедикт қарсы шықты. Бұлар Европа елінде жеткіншек жасында кездесетін үйлеспеушіліктер артта қалған тайпа елдерінде кездесетін не кездеспейтінін тексеру үшін Самоа аралына барып, сонда тұратын елдің жеткіншектерін зерттейді. Зерттеуде тек бақылау тәсілі қолданылады. Бұлар мынадай қорытындыға келеді. Самоа еліндегі 11-16 жастағы балаларда Европаның жеткіншегіне тән ұнамсыз әдет-ғұрыптардың бірі де кездеспейді. Ал, қыздардың жыныс жағынан есейгендігі олардың мінез-құлқында сырттай білінбейді. Байқалған күннің өзінде И.С. Кон бойынша тек бойжеткендік есейгеннің белгісі деп бағаланады [5].

Баланың ақыл - ойының өріс алуы тек білімге тәуелді емес. Себебі білім мен психикалық даму бір емес екенін біз ілгеріде ескерттік. Егер ілгеріде аталып кеткен психиканың дамуына оқыту әсер етпейді дейтін Ж. Пиаженің [6] пікірін басшылыққа алсақ, онда психиканың дамуы баланың қай жаста екеніне тәуелді келеді дейміз. Әрине, бала психикасының қандай болып келуіне оның хронологиялық жасының тікелей қатынасы бар. Бала психикасының әр жаста қандай болып келуіне әлеумет ортасының едәуір ықпалы бар. Себебі, балаға әсер ететін бүгінгі әлеумет ортасы бұрынғыдан мүлде өзгеше: қазіргі техника мен өндіріс саласына ие болу үшін жас өспірімдер жасының көбін оқуға арнауы тиіс. Жасты ғылыми тұрғыдан тиісті кезеңдерге бөлу, сол кезеңге тән баланың есеюіне әсер ететін себептер үлкендердің балаға қоятын талабы мен баланың өзбеттілік ұмтылуының арасындағы қайшылық "дағдарыс" кез кездеседі.

Дағдарыс кезінде жеткіншектің жасына орай келмейді, онымен үлкендер арасындағы қатынастың бұзылуынан пайда болады. Осылай деу дағдарыс кезі жеткіншекте болмауы, немесе байқалмай бірқалыпты сипатта өтуі мүмкін. Егер үлкендермен қатынасы жақсы болып, даму ортасы жағымды әсерлерге толы болса, бұл кезең байқалмай өтуі де мүмкін.

Жеткіншек кезеңі - бұл балалық шақтың, жастың ішіндегі ең қиын, ең күрделі, жеке бастың қалыптасу кезеңі: Сонымен қатар, өте жауапты кезең, өйткені, Бұл кезеңде баланың адамгершілік негіздері, әлеуметтік ұстанымы, өзіне, адамдарға және қоғамға деген қарым-қатынасы қалыптасады. Осы жаста адамның мінез-құлық белгілері және жеке бастар арасындағы мінез- құлықтардың негізгі формалары тұрақталады.

Жеткіншектерге тән қорқыныштар - басқыншылық, өрт, ауыру көбінесе ер балаларға тән болса, қыздарға стихиялық құбылыстар, кеңістік тылсымы үрей әкелетін көрінеді. Бұлардың бәрі, айналып келгенде, өлім қаупімен ұштасады.

Жеткіншектің психикалық дамуының ережесі пубертаттың тұрғысынан түсіндірілуі мүмкін. Пубертат - бұл баланың дене және жыныстық жақтан жетілуінің күрт жеделдеу мерзімі және ол жасөспірімдік жастың тек ішкі бөлігін ғана құрайды. Дене пубертатымен қатар Ш.Бюлер психикалық пубертаттықты бөліп алды, мұның өзі іштей дамудың үш фазасын қамтиды.

Жағымсыз фазаның соңы баланың дене жақтан кемелденіп жетілуімен аяқталады.

Библиографиялық тізім

1. Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. - М., 1996. 21- 40 б.
2. Леонтьев А.Н. Избранные психологические труды. -М.: Педагогика, 1983.140-185 б.
3. Фрейд З. "Я и Оно". - Тб 1991. 120-175 б.
4. Л.И.Божович. Личность и ее развитие в детском возрасте. М, 1968
5. Кон И.С. Психология старшеклассника. — М., 1990. 50 б.
6. Ю.Ж. Пиаже. Речь и мышление ребенка. М., 1997. 65-88 б.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ МАЗМҰНДЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҮЛГІСІ

Медетбекова З.

магистрант, оқытушы

Пулатова Д.

2 курс магистранты

Шымкент университеті,

Резюме

В статье рассматривается содержательно-структурная модель развития коммуникативной компетентности социального педагога. Социальные педагоги-специалисты, осуществляющие социальную образовательную и воспитательную работу. Для создания содержательно-структурной модели развития коммуникативных компетенций социальных педагогов, прежде всего, необходимо определить сущность и особенности профессии «социальный педагог». В профессиональной деятельности социальных педагогов выделяют диагностический, программный, организационный компоненты, рассматривая общение как системно-интегрированный процесс.

Summary

The article considers the content-structural model of the development of the communicative competence of a social teacher. Social educators are specialists who carry out social educational and educational work. To create a content-structural model of the development of communicative competencies of social educators, first of all, it is necessary to determine the essence and features of the profession of "social pedagogue". In the professional activity of social educators, diagnostic, programmatic, organizational components are distinguished, considering communication as a system-integrated process.

Әлеуметтік педагогтардың қарым-қатынас құзыреттіліктерін дамытудың мазмұндық-құрылымдық үлгісін жасау үшін, ең алдымен «әлеуметтік педагог» мамандығының мәні мен ерекшеліктерін айқындаған жөн. Әлеуметтік педагог – басқа мамандықтармен салыстырған жаңа мамандықтардың бірі жеке тұлға, отбасы және қоршаған орта арасындағы, осы ортаның педагогикалық тұрғыдан мақсатқа сай қайта құрылуына ықпал ететін байланыстырушы буын [1].

Әлеуметтік педагог бұл: – әр түрлі әлеуметтік-мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын маман; – жеке тұлға мен оны қоршаған шағын ортаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді; – оқушылар мен тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез-құлқындағы ауытқушылықтарын, шиеленісті жағдайларды анықтайды және уақтылы көмек көрсетеді; – жеке тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасының, ортаның, билік органдарының арасында делдал ретінде әрекет етеді; – оқушылардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына ыңғайлы және қауіпсіз жағдай құрады; – олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, жалпыға білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектеседі; – балалардың таланттарын дамыту үшін оларға жағдайлар жасайды [2].

Әлеуметтік педагогтар әлеуметтік білім мен тәрбие беру жұмыстарын жүзеге асырып отырады. Өйткені әлеуметтік білім бұл тек академиялық білім ғана емес, сонымен бірге тұлғаны не топты қатарға қосу, әлеуметтік өмірге бейімдеуге арналған біліктер мен тәжірибиелер жинағы. Бұл жұмыстарды тек қана арнайы әлеуметтік білімі бар мамандар ғана дұрыс ұйымдастыра алады.

Әлеуметтік педагогтың әрекет ету кезеңдері: бірінші кезең – оқушылардың әлеуметтік өмірінің шынайы болмысын зерттеу; екінші кезең – зерттеу материалдарының қорытынды

құжаттарына сәйкес мақсат-міндеттерді анықтау (проблемалық шешілуге тиіс жағдайда) тіркелген субъектілердің әлеуметтік өмірінің мүмкіндіктерін есепке алу және жұмыстарын жоспарлау; үшінші кезең— әрбір іс пен әлеуметтік-педагогикалық қызмет кезеңдеріндегі зерттеу нәтижелері мен жоспардың іске асырылу барысында жеткен жетістіктерді конструкциялау [3].

Әлеуметтік педагог қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, балалармен, қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілігі анық байқалып тұрады [4].

Сонымен қатар араласушы адамдардың мотивтерін (түрткі), мақсаттары мен ұстанымдарын және т.б. сараптап көру қажет. Ақпарат беру үдерісінде адамдар ақпараттың тек вербалды немесе вербалсыз мазмұнын қабылдап қоймайды, сондай-ақ оның берілу жолын, яғни жолдау мағынасының шынайы түсіндірілуін және ұғынықтылығын көрсететін байланыс стилін де қабылдайды. Соның ішінде бүгінгі өскелең қоғамда қарым-қатынас құзыреттіліктермен терең қаруланған ұрпақ тәрбиелеу алдыңғы қатарлы мақсаттардың бірі болып отыр. Бұл мақсатты шешу үшін алдымен «қарым-қатынас» ұғымын анықтап алу қажет [5-6].

К.Биекеновпен М.Садырова әлеуметтанудың түсіндірме сөздігінде «қарым-қатынас— біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы үдеріс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы» делінген [7].

М.С.Каган саналы мақсатқа бағытталған қарым-қатынасты субъекті іс-әрекетінің формасы және қоғамдық қатынастардың сараланбаған күші ретінде қарастырса [8], Ж.Алтаев іс-әрекет пен қарым-қатынастың өзара екі жақты байланысын, өмірдің өздігінше дербес жақтары деп түсіндіреді [9].

Н.А.Бердяев орыс ғалымдарының алғашқыларының бірі ретінде хабарламаны (сообщение, kommunikation) философиядағы маңызды болып табылатын Мен аралығындағы мәселе деп есептейді. Қарым-қатынас құзыреттілігі адамның ішкі жүйесінің ресурсы ретінде түсіндіріліп, тұлғааралық қарым-қатынас жағдайында субъектінің өмірлік маңызды дәрежеге жетуі үшін айтарлықтай қажетті мақсат-міндеттерді атқарады.

Сонда қарым-қатынас — білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудегі іс-әрекет түрі. Біздің зерттеуіміз үшін іс-әрекет пен қарым-қатынастың арақатынасы, қарым-қатынас іс-әрекет түрі және әлеуметтік педагог тұлғасының қалыптасуындағы қарым-қатынастың мәні туралы философиялық теориялардың мәні зор.

Психология мен педагогика ғылымында қарым-қатынас ұғымын тұңғыш рет А.Ф.Лазурский енгізіп, тұлғаның сыртқы объектіге, адамға, рухани байлыққа, материалдық дүниеге қатынасын білдіреді деген [10]. Адамның психологиялық құрылымы санасымен, өмірге қатынасымен анықталады. Саналы тұлға қарым-қатынастың күрделі динамикалық жүйесін білдіреді.

Н.Қ.Тоқсанбаева қарым-қатынасты белгілі бір өзара қатынас қалыптастыру мақсатындағы мазмұн, идея, қызығушылықтар, көзқарастар, көңіл-күйлермен және т.б. әрекеттермен дамиды деп түсіндіреді [11].

Әлеуметтік педагогтың қарым-қатынас барысындағы өзінің субъективтілігі қарым-қатынас құзыреттілігінің даму деңгейіне тікелей байланысты. Бұл тұжырым С.М.Жақыповтың пікірімен үйлесімділік тапқан: «...индивидтердің бір-бірімен қарым-қатынас үдерісі барысында жинақталған білімдерінің бірлескен іс-әрекетке қатысатын адамдардың өзара білімдерімен алмасуы, олардың жалпы мақсатқа бағытталған қарым-қатынас үдерісін құрайды» [12]. Бірлескен диалогтық іс-әрекетін қалыптастыру субъектілердің өзара әрекетінде және қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асырылады.

Шетелдік ғалымдардың қарым-қатынас құзыреттілігі мәселесіне арнаған

еңбектерінде «шынайы өмірлік жағдайларда меңгерген тілді қолданушымен ауызша және жазбаша қарым-қатынас орната білу ікемділігі» деп көрсетеді.

Әлеуметтік педагогтардың қарым-қатынас құзыреттіліктерін дамыту мақсатында диагностикалық, бағдарламалық, ұйымдастырушылық компонент элементтерін пайдаланады. Қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыруда жеке шығармашылық қабілетті дамыту білігі, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуі, тұлғаның тілдік қабілеті, қойылған өзара әрекет мақсатына жете білу іскерлігі, қарым-қатынасты ішкі ережелерге және мәдени қағидаларға сай құра білуі [13].

Соның ішінде тұлғаның диагностикалық компоненті нақты білім, біліктіліктер жиынтығы, субъектілердің меңгерген әрекетті орындай білу тәсілдерін өзіне біріктіреді. Қарым-қатынас тек белгілі жүйе көмегімен ғана мүмкін болмақ. Қарым-қатынастың вербалды құралы (белгілік жүйе ретінде ауызша және жазбаша сөз қолданылады) мен сөздік емес қарым-қатынас құралы қолданылған кезде вербалды емес болып ажыратылады [14].

Қарым -қатынас үдерісінде қатысушылар алдында ақпарат алмасу ғана емес, сонымен қатар серіктесінің сол ақпаратты дұрыс түсінуі де міндет ретінде тұрады. Демек, тұлғааралық коммуникацияда коммуникатордан реципиентке келіп түскен ақпараттың интерпретациясы ерекше мәселе ретінде бөліп қарастырылады. Қарым-қатынас негізінен рәсімдер формасын (түрін) қабылдаған нақты формаларды сақтамаса мәнсіз болмақ (мәнін жоғалтады). Рәсімдік әрекеттерді орындау қоғам тарапынан реттеліп отырады. Лексиканы, сөйлеу стилін, ишараларды, жалпы сөйлеу құқығын, интонацияны таңдап, рәсімделген болуы тиіс. Коммуникацияның барлық қатысушыларына тән болып келетін рәсімдік нормалар адамдарды өздерін осы күтілімге сәйкес ұстауға дайындайды, бұны қоғамдық тәртіптің белгісі және қайта құрылуы десе де болады [15].

Библиографиялық тізім

1. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образование, - 2003. – № 5.
2. Шамов В.Н. Процесс обучения и его закономерности. - Москва, 1980. – 323 с
3. Зимняя И.А. Компетентный подход в образовании. Проблемы качества образования. Уфа Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. - Москва, 2004. – 45 с.
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. – Москва: Когито-Центр, 2002. – 200 с.
5. Донцов А.И. Проблема конфликта в западной социальной психологии. – Москва, 1998. – 309 с.
6. Жуков Ю.М. Проблемы совершенствования коммуникативной компетентности // Материалы докладов Международной конф. «Психология общения 2000: проблемы и перспективы». – Москва, 2000. – 120 с.
7. Петровская Л.А. Компетентность в общении. Изд-во МГУ, - Москва, 1989.-79с.
8. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық, – Алматы, 2002. – 109 б.
9. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. Сөздік-Словарь, - Алматы, 2007. – 344 б.
10. Каган М.С. Особенности самосознания подростков. – М, 1973.
11. Шеръязданова Х.Т. Психолог в детском саду. – Алматы: Рауан, 1997. – 135 с.
12. Намазбаева Н.Ы. Жалпы психология. – Алматы:Жазушы, 2006. – 287 б.
13. Бодалев А.А. Общая психодиагностика/Учебник. Соавтор. СПб.: - Москва:Речь, 2000. – 300 с.
14. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М.,1987.–238 с.
15. Маркарян Э.С. Гуманизация образования и профессиональной подготовки учителя. – Ставрополь, - Москва, 1991. – 61 с.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алпеисова Н.

псих.ғыл.канд., аға оқытушы

Сарбалаева Н.

2 курс магистранты

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Резюме

В статье рассматриваются психологические вопросы подготовки подростков к правильному выбору профессии. Каждая профессиональная деятельность-это способность индивида преодолевать трудности, в зависимости от выполнения действий, личностный рост требует профессиональной ориентации, умения, формирования профессионального сознания, знаний, умений. Показывает, что развитие личностных качеств приобретает значимый характер для достижения эффективного, плодотворного результата профессиональной деятельности.

Summary

The article deals with the psychological issues of preparing teenagers for the right choice of profession. Each professional activity is an individual's ability to overcome difficulties, depending on the performance of actions, a personal boss requires professional orientation, skills, formation of professional consciousness, knowledge, skills. It shows that the development of personal qualities acquires a significant character in order to achieve an effective, fruitful result of professional activity.

Мамандық таңдау – тағдырынды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Өзіңе «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоя отырып жауап таба білу керек. Өз ісіне сенімді дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. «Мамандық» термині – белгілі дайындықты қажет ететін және адам тіршілігін материалды қамтамасыз етудің қайнар көзі ретінде қарастырылатын қызмет түрі деп түсініледі. Мамандық белгілі адамға тән білім, іскерлік және дағдылар жүйесі ретінде сипатталады.

Адамның ішкі ресурстарын талдау нәтижесінде және оларды мамандықтың талаптарына сәйкестендіру жолымен жүргізілетін мамандық таңдау адамның қоғамда өзін танытуының негізі және өмірдегі ең басты шешімі болады. Мамандық таңдау психологиялық тұрғыдан екі аспектілі құбылыс болып табылады: бір жағынан кім таңдайды (таңдау субъектісі), екінші жағынан – нені таңдайды (таңдау объектісі). Көптеген сипаттамаларды игере отырып, таңдау субъектісі де, объектісі де мамандық таңдаудың әртүрлі мағыналылығын анықтайды. Мамандық таңдау – бір сәттілік әрекет емес, ол бір қатар кезеңдерден тұратын, ұзақтылығы сыртқы жағдайларға және мамандық таңдау субъектісінің дербестік ерекшеліктеріне байланысты.

Кәсібилік өзіндік таңдау жеке тұлғаның барлық кәсіби қызмет кезеңін қамтитын үдеріс ретінде қарастырылады: кәсіби пиғылдың пайда болуынан бастап ең бекіс-әрекеттерінен шыққанға дейін созылады. Ол адамның барлық өмірлік жолында бірге өтеді. Бұл құбылыстың ең жоғарғы шыңы, өмірдегі өзгерісті кезеңі – мамандық таңдау сәті болып табылады. Көбінесе мектеп бітіру кезеңіне сәйкес келеді және кәсіби өзіндік анықтаудың алдыңғы кезеңдері мен тығыз байланысты.

Психологиялық әдебиеттер де мамандық таңдау туралы шешім қабылдаудың психологиялық факторларын анықтаудың әртүрлі тұрғылары беріледі. Кейбір

зерттеушілер мамандық таңдауды іс-әрекет таңдаумен сәйкес деген қағиданы алға тартады. Кәсібилі көзіндік анықтау еңбек субъектісінің даму үдерісі ретінде қарастырылады. Мамандықты іс-әрекетті таңдау ретінде түсіну контекстінде, дұрыс таңдаудың негізгі детерминанты кәсіби мүдделілік немесе кәсіби бағыттылық деген көзқарастар таратылуда.

Кейбір авторлар мамандық таңдау жеке кездейсоқ әлеуметтік өзіндік анықтау деген пікірді ұстайды, яғни мамандықтаңдау – ең алдымен мамандықтың әлеуметтік сипатымен анықталатын әлеуметтік белгіленген құбылыс. Мамандық таңдауға адамның тұтас тіршілігіндегі маңызды оқиға деп қарау ең тиімді көзқарас болып табылады.

Мамандықты сипаттаудың дәстүрлі жалпы схемасы төрт аспектіні тұспалдайды:

- әлеуметтік-экономикалық (мамандықтың қысқаша тарихы, оның халық шаруашылығы жүйесіндегі рөлі, мамандар дайындау туралы деректер, лауазымының жоғарылау перспективасы, айлық жалақысы, мамандықтың беделі);

- өндірістік-техникалық (технологиялық үдерістер, объектілер, еңбек қарулары, жұмыс орны, жұмысты ұйымдастыру түрлері туралы деректер);

- санитарлық-гигиеналық (климаттық жағдайлар туралы ақпараттар, жарық және басқа санитарлық факторлар сипаты, еңбек кестесі және ритмі, медициналық жарамаусыздықтар);

- психофизиологиялық (жеке тұлғаның психикалық үдерістері мен қасиеттерінің ерекшеліктеріне қойылатын мамандықтың талаптары).

Е.А.Климов мамандық типтерінің көрнекі белгілері, мақсаттары, еңбек құралдары мен жағдайлары бойынша төрт ярусты шолу классификациясын ұсынды және кәсіби іс-әрекеттердің бес схемасы берілді: «Адам - табиғат», «Адам - техника», «Адам - белгі», «Адам - бейне», «Адам - адам»:

1) «Адам-тірі табиғат» (Т). Мамандықтың бұл типінің өкілдері өсімдік және жануарлар организмі, мироорганизмдер және олардың тіршілік жағдайларымен жұмыс жүргізеді (жеміс-жидек маманының шебері, агроном, зоотехник, ветеринар, микробиолог);

2) «Адам-адам» (А). Мүдделер, көмек көрсету, айырып тану, қайта жаңарту бұл жерде қоғамдастықтардың, халық топтарының, әртүрлі жастағы адамдардың әлеуметтік жүйесі болып табылады (сатушы, шаштараз, өндірістегі инженер-ұйымдастырушы, дәрігер, оқытушы, әлеуметтік қызметкер);

3) «Адам-техника» (Т) және өлі табиғат. Қызметкерлер еңбектің жансыз, техникалық объектілерімен жұмыс жүргізеді (слесарь-жинаушы, техник-механик, электро-слесарь, инженер-электрик, техник-технолог);

4) «Адам-таңбалар жүйесі» (Т). Табиғи және жасанды тілдер, шартты белгілер, символдар, сандар, формулалар – бұл типтегі мамандар өкілдерінің айналысатын тақырыптық әлемдері (фото теретін автоматтың операторы, программист, сызғыш-картограф, математик, басылым редакторы, тілтанушылар);

5) «Адам-көркемдік бейне» (К). Шындықты көркемдік бейнелеу фактілері, құбылыстары – бұл типтегі мамандық өкілдерінің айналысатындары (суретші-декоратор, суретші-реставратор, музыкалық аспаптарды бабына келтіруші, концерттік орындаушы, балет артисі, драма театрының актеры) [1].

К.М.Гуревич қызметкерлерге қойылатын талаптарды анықтау бойынша мамандықтың үш типін бөліп көрсетті:

- әрбір дені сау адам іс-әрекеттің қоғамда қабылданатын нәтижесіне жете алатын мамандықтар;

- әрбір адам қажетті нәтижеге жете алмайтын мамандықтар;

- өзінің мәні бойынша шеберліктің жоғарғы сатысына жетуді талап ететін мамандықтар, олар адамның индивидуалды ерекшеліктеріне спецификалық талаптар қояды (абсолютті кәсіби жарамдылықты талап ететін мамандықтар) [2].

Мамандық таңдау - саналы түрде меңгеретін, өз болашағын жобалау тәсіліндей жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау. Мамандық - professio - деген француз тілінде ресми түрде жариялаймын деген мағынаны береді. Мамандықты дұрыс таңдау әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан [3].

Эстон ғалымы М.Х.Титма жасөспірімдердің мамандықты таңдау кезінде кездесетін мәселелерді жан-жақты зерттей келе, қоғам құратын ситуацияцияларға талдау жасау негізінде бұл процестегі таңдаудың 5 сатысын көрсетеді [4].

Таңдаудың бірінші сатысы IX сынып бітіру кезеңінен басталады.

Мұнда жасөспірім қандай да бір кәсіби орындарын (кәсіби оқу орны, колледж) таңдау немесе жалпы білім беретін мектептерде оқуды жалғастыруды таңдау керек.

Таңдаудың екінші сатысы - орта мектепті бітірген соң арнайы білім алуды таңдайды.

Таңдаудың үшінші сатысы - кәсіби саланы анықтау болып табылады. Кәсіби сала бірнеше мамандықтарды қамтитын іс-әрекеттің сферасын қамтиды. Мысалы: заңгер (кәсіби сала) адвокат, прокурор, нотариус, сот т.б. мамандық бола алады.

Таңдаудың төртінші сатысы – мамандық таңдау.

Таңдаудың бесінші сатысы – нақты жұмыс орнын таңдау.

Қазіргі таңда мектеп түлектерінің мамандық таңдауы аса маңызды екені өздерін алаңдатар емес. Себебі олар мамандық таңдауда көптеп қателіктерге ұрынып жатады. Бірі ата-анасы мен басқа да адамдардың қалауымен таңдап жатса, екіншісі ҰБТ нәтижесі бойынша мамандықтың грантқа түсу мүмкіндігі жоғары, сол мамандықты өзі қаламаса да тапсырып оқуға түсіп жатады. Алайда талапкердің мамандыққа қызығушылығы болмағандықтан оқуын тастап кететін жайттар да аз емес. Бұл жағдай студенттің психологиясына кері әсерін тигізуі әбден ықтимал. Әркімнің таңдаған мамандығы өзіне ұнауы тиіс. Ол сонда ғана бар ынта-жігерімен сол мамандықты жете меңгеруге тырысады. Адамның өзіне ұнаған, талғамына сай келетін мамандық ризашылық сезімін ұялатады. Кездейсоқ таңдай салған мамандық адамның қымбат уақытын босқа ысырап етеді.

Тиімді тәуелділікке қатысты жеке бастық сапаларын қалыптастыруды ерте жеткіншек жасының басынан бастау керек [5].

Әрбір аралық шешім өте маңызды, себебі ол әрі қарай таңдау еркін және жаңа мақсаттарға жету мүмкіндігін шектейді[6].

Мамандық таңдауға байланысты Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде-кім өзіне ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істелген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ» - дейді. Сол себепті мамандық таңдаудың маңыздылығы көрінеді, және бұл мәселе өзекті болғандықтан жан-жақты қарастырылуы керек [7].

Библиографиялық тізім

1. Сейтешов А.П. Пути профессионального воспитания учащихся Молодежа, Алматы, Мектеп, 1988, 189 с.
2. Климов Е.А. Как выбрать профессию. - М.: Просвещение, 1990-160-с.
3. Психологическая диагностика Под ред.К.М.Гуревича, Е.М.Борисовой, учебное пособие, М, УРАО, 1997.75 б.
4. Титма М.Х., Тальюнайте Т.А., Престиж профессии, учебное пособие, Вильнюс, 1984. 25 б.
5. Молдыбаева Ш., ӘбшеноваЛ. Денсаулық және өмірлік дағдылар.- ЮНИСЕФ-2007. 37 б.
6. Буланова-Топоркова М.В.Педагогика и психология высшей школы, учебное пособие, Ростов-на-Дону, Феникс, 2002.71 б.
7. Аймауытұлы Ж. Психология, Алматы: Рауан, 1993ж. 23 б.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРҒА САЛАУАТТЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ЗЕРДЕЛЕНУ ЖӘЙІ

Абдираззаков Ш.И.

магистрант

Молдахмет Қ.

п.ғ.д., профессор

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Салауатты өмір зиянды әдеттермен үйлеспейді. Алкоголь және басқадай маскүнемдікке әкелетін заттар, анаша, шылым шегу салауатты өмір салтын қалыптастыруға жан-жақты кедергі келтіреді. Зиянды әдеттер көптеген аурушандықтың қауіптілік факторы болып саналады және балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайына кері әсер етеді. Қазіргі кезде, жоғарғы сынып оқушыларына жүргізілген эпидемиологиялық тексерулер шылым шегу, шарап ішу, анаша пайдалану жастардың арасында кеңірек таралып бара жатқанын көрсетеді. Әсіресе маскүнемдік бірінші орынға шығады екен. Маскүнемдікке бейім келетін ең қиын кезең — жасөспірім кезеңі. Бұл кезеңде жасөспірімдер тіршілігінде бірқатар маңызды өзгерістер болып жатады. Біріншіден, организмнің психо-эндокриндік қайта құрылуы қалыптасады, екіншіден жаңа көзқарас, қажеттіліктер қалыптаса бастайды. Психологиялық қайта құрылу дисканфорттық жағдайлардың пайда болуының себебінен қиын қалыптасады. Жасөспірімдердің мінез-құлқы тұрақсыздықпен, жылдам жәбірленгіш, өкпешілдікпен сипатталады. Осы кезеңде жолдастар тауып, топ құрып жүру қажеттілігі жоғары болады. Сонымен қатар, жасөспірімдер тобында өздерінің бағалайтын бағыт, пікірлері, демалыс уақыттарын өткізу, көптеген қиын жағдайларды шешу тәсілдері қалыптасады. [1]

Сондықтан бұл кезеңде топтармен бірге арақ-шарапқа үйрену қауіпі артып, ата-аналары мен педагогтардың ескертпелері оның еркіндігіне, құқығына қарсылық көрсету сияқты қабылданып, көбінесе олардың мінез-құлқына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, оларды бір жақты тыңдауға мәжбүр ету олардың қарсылығын туғызып, өз бетімен кетуіне әкеліп соғады. Бұл жағдайлардың бәрі алкогольдік ішімдіктерді оңай табуға болатындықтан және алкогольдік әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің кең таралуынан туындайды. Әсіресе, ішімдікті жаңа бастап жүрген өте араласқыш, әзілқой, әрнәрсенің түйінін жылдам шеше білетін, өжет бастығы бар алкогольдік топтарға, жылдам үйір болады. Шынайы өмірдің қиыншылығынан қашу да балаларды алкогольдік топтарға әкелуі мүмкін. Яғни, негізгі іс-әрекеттеріне (оқу-жұмыс) қанағаттанбау, істеген жұмыстардың нәтижесінің шықпауы т.с.с. Осындай жағдайлардан өте маңызды психологиялық механизм жасауға болады: тіршілік түйткілдері мазасыздандырып, күткен жетістіктеріне жете алмаған жасөспірімдер алкогольдік топтарға «ауысу» арқылы қалыптасқан нормалар мен құндылықтарға өзінің қарсылығын көрсетеді. Сонымен қатар, ішімдікке қойылған қарсы талаптарды да бұзады. Зиянды әдеттердің алдын алудағы маңызды бағыт — жасөспірімнің жеке адам болып қалыптасуына, оның қажеттілігінің, сұраныстарының жоғарылауына, адамзат баласының қастерлейтін мәдени құндылықтарына көзқарасын, яғни жасөспірімнің рухани денсаулығын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Жасөспірімдер арасында алкогольге қарсы ағартушылық, тәрбиелік жұмыстар жүргізу — ішімдікке қарсы арнаулы профилактикалық тәсілге жатады. Мектептерде алкогольге қарсы тәрбие жүргізген кезде төмендегі принциптерді басшылыққа алған дұрыс:

- Мектеп оқушыларын ерте жастан алкогольге қарсы тәрбиелеп, қалыптастыру. Алкогольге жеке көзқарас 9-10 жастың өзінде қалыптаса бастайтындықтан, ішімдікке қарсы тәрбиені бастауыш сыныптардан басталғаны жөн;

- Алкогольге қарсы тәрбие мен ағартушылық бір бағытта, бірізділікпен жүруі қажет; мұнда оқушының жас мөлшеріне сәйкес қарапайым мысалдан бастап, ішімдікке байланысты қоғамға да, өзіне де келтіретін зор кесепатты түсіндіру арқылы ішімдіктің зиянын ашып беру керек;

- Ішімдікке қарсы жұмысты балалар арасында қойылған фазалар мен кезеңдерге сәйкес жоспарлау;

- Ішімдікке қарсы жүргізілген жұмыстарда оқушылардың әр түрлі жас топтарының психикалық ерекшеліктерін ескеру;

- Оқушыларды ішімдікке қарсы тәрбиелеп, қалыптастыру жұмыстары гигиеналық және әдет-ғұрыптық, эмоционалдық және мазмұндық аспектерге сәйкес келуі тиіс;

- Балаларды әлеуметтік-гигиеналық пайдалы белсенділігін жоғарылату, толыққұнды демалыстар ұйымдастыру;

- Алкогольге қарсы жұмыстарды кешенді жүргізу. Педагогикалық ұжымдар мұндай жұмыстарды жанұялармен, маман дәрігерлермен, соның ішінде наркологтармен, мемлекеттік емес ұйымдармен бірлесіп жүргізгені тиімді.

- Жоғарғы сынып оқушыларын алкогольге қарсы жұмыстарға белсене араластыру. Оларға ішімдікке қарсы ағарту жұмыстарын жасату. Мұндай жұмыстар жоғарғы сынып оқушыларымен қатар бастауыш сынып оқушыларына да пайдалы болады. Өйткені бастауыш сынып оқушылары өзінің ата-анасымен, мұғалімдерінен гөрі жоғарғы сынып оқушыларына көбірек сенеді. Жасөспірімдер аудиториясында алкогольдің ішкі ағзаларға тигізетін зияны туралы дәрістер онша тиімді емес. Мұндай орталарда алкогольге қарсы жұмыстар балалар мен жасөспірімдер үшін қажетті құндылықтарға, яғни оның қабілетін, мүмкіндігін ашу, олардың жанұядағы, балалар арасындағы, қоғамдағы орнын тауып беруге бағытталғаны дұрыс. Ішімдікке қарсы жұмыстың мазмұны мәнді, түсінікті, адамзат баласының қажеттіліктерін дұрыс қамтитын терең ұғымға негізделуі керек. Балалардың салауатты өмір салты көбінесе ата-аналарының тіршілігіне, өзі тәрбиеленіп отырған ортасына байланысты болып келеді. Балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыруды, олардың белгілі жас-жыныс, ұжымдық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізгені тиімді.

Мектеп қабырғасындағы оқушыларды салауатты өмір салтына пәнаралық байланыс арқылы да жүзеге асырылады. Мысалы: Пәнаралық байланысты мынадай үш жүйе арқылы құрастыруға болады.

- Денсаулықты сақтау

- Денсаулықты қалыптастыру

- Жеке тұлғаны қалыптастыру

Денсаулықты сақтау – денсаулық, сымбаттылық және сергектік-адам баласының ежелгі заманнан бергі арманы. Адам әр уақытта ұзақ өмір сүргісі, бақытты болғысы және жастыққа тән күш-қуатын сақтағысы келеді. Бұл жүйе жаратылыстану пәні арқылы жүзеге асады. Денсаулықты қалыптастыру жүйесіне дене шынықтыру пәні жатады. Дене тәрбиесі сабағының міндеті – оқушылардың денсаулығын нығайту, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап спорт түрлерімен шұғылдану. Жеке тұлғаны қалыптастыру жүйесіне гуманитарлық сабақтар жатады. Бұл-баланың рухани ой-өрісін, қасиетін жан-жақты дамытуға бағытталған. Денсаулығы жақсы бала оқыту процесінің барлық түрлеріне қуана араласады, әрдайым жайдары, өмірсүйгіш қалпынан таңбай, құрбыларымен де еркін араласып, ұстаздарына да жылы қабақ танытады. Бұл тұлғаның барлық қырының танылуының негізгі шарты.

Демек, баланың бойында денсаулық мәдениетінің қалыптасуына басты мән беру керек. Бала кезінен денсаулықтың заңдылықтары мен қарапайым қағидаларын бойына сіңіріп өскен бала өскенде де осы бағыттағы ізденісін жалғастыратына сөзсіз. Оларды денсаулыққа деген жауапкершілік көзқарасты, дене мәдениетін қалыптастыру, әр сабақта осы жайларды еске салып отыру, оқытушының бағытталған жұмысы – балада өзге адамдармен қарым-қатынасты қалыптастыру, өз бетімен, өздігінен өмірлік процестерге

жауап таба білу сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Бала қоғамның ең жоғарғы құндылығы, одан жоғары тұрған ештеңе болмауы керек. Бала денсаулығын сақтау мектебіміздің негізгі принципі — әр баланың бойындағы өмір резервін, өмірге құштарлық пен бейімділікті бірте-бірте, өте сақтықпен оята білу. Ол құштарлық пен бейімділік, өмір резерві бала бойында дайын күйінде тұрған жоқ. Олар жаңа өсіп келе жатқан көшет тәріздес, тәрбие мен оқыту барысында пайда болады, қалыптасады, дамиды.

Бала бойында рухани беріктікті нығайту үшін балаға сенімділікті, өзін бағалауды үйрету қажет. Бұл мақсаттарды іске асыру үшін оқушылар ең бастысы, адам өз денін сауықтырып, денсаулығын қалпына келтіре алады деген қағидаға сену керек. Осыны жүзеге асыра отырып, әр оқушының денсаулығын қалпына келтіріп, оны жақсартуға түсуге арналған бағдарлама жасауға болады.

1. Сабақтан тыс уақытта сауықтыру шараларын жүргізу

2. Күнделікті таңертеңгілік жаттығулар жасауға үйрету.

3. Сыныпта денсаулық сақтау шараларына арналған көрнекі құралдардың, стендтердің болуы. Оны жасауға ата-аналар мен балаларды қатыстыру қажет. Әр пән мұғалімі өз сабағында осы мәселелерді балаға терең жеткізіп отырса, онда нағыз жан-жақты дамыған болашақ жас ұрпақ тәрбиеленіп шығарарымыз сөзсіз. Жас ұрпақтың спортты серік етіп, денсаулықтарын нығайта түсуі — бүгінгі күннің басты талабы.[2]

Егер болашақ ұрпақтың денсаулығын ойласақ, парасаттылыққа, адамгершілікке, сауаттылыққа осындай сана арқылы тәрбиелеген озық ойлы үлгілерді қазіргі кездегі мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану өмірдің өзекті мәселесі болуы тиіс. Әр оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау — әр мектептің, әрбір ұстаздың, әрбір ата-ананың парызы деп білуге болады. Салауатты өмір салты дегеніміз — әрбір жеке адамның өнімді еңбек етіп, тұрмыс құруы, бос уақытында дем ала білуі, қысқасы, адамның күнделікті дұрыс қалыптасқан өмір тіршілігі. Сонымен еліміздің кез-келген азаматы салауатты өмір сүру үшін парасатты, зерделі, білімді, салауатты болуы маңыздылық танытады. «Сіздердің табыстарыңыз-ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз мен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, барлық отандастарыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы». («Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты) «Он екі мүшең сау болса — жарлымын деме», — деп халқымыз денсаулықты адам өміріндегі орнын, тән сұлулығын, жан тазалығын еш нәрсемен айырбастауға, теңестіруге болмайтынын ұрпақтарына ескертіп отырған. Шәкәрім атамыз «адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын — адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», — деген еді. Көзге көрінбейтін нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен жүрекке жеткізу шебер тәлімгердің ғана қолынан келеді. Біздің тәрбие бастамамыздың негізі салауатты өмірге жас жеткіншектерді баулу, оны қалыптастыру. Жастарымыздың жүзінен күлкі, жүрегінен жалын, саналы сезім төгілсе онда ұрпағымыздың денінің саулығы. Еңселі егеменді еліміздің ертеңінен үлкен үміт күтеміз. Жастардың денсаулығы, жігері, қайраты, білімі егемендігіміздің беделі, еліміздің мақтанышы болмақ.

Библиографиялық тізім

1. Алдамұратова Э. Жалпы психология. - Алматы: «Білім», 1996.
2. Абрамова Г.С. Психологическое консультирование. - М, 2001.

ӘОЖ 974.5.498

ҚАЗІРГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдулибаев У.Т.

магистрант

Байбекова М.

п.ғ.к., доцент

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Мотивация психология ғылымында жеке тұлғаның дамуындағы мінез-құлқы мен іс-әрекеті, әрекеттегі белсенділігін реттейтін фактор ретінде қарастырылады. Ал жеке тұлға іс-әрекеттің қай түрі болмасын, оның мотивациялық ерекшеліктерін ескермей, әлеуметтік психологиялық тиімді өзара әрекет, қатынас жасау мүмкін еместігі белгілі. Әрбір жеке тұлғаның мотивациясы өзіндік сипатқа ие болатындықтан, нақтылы фактілер мен заңдылықтарды талқылауға өтпей тұрып, негізгі ұғымдарды анықтап алу керек. Қазіргі кездегі психология ғылымы мотив, мотивация ұғымдарына әртүрлі анықтамалар береді. Сондықтан бұл ұғымдарды бірегей анықтау белгілі ғылыми мәселе болып табылады. Кейбір авторлар (В.В. Юрчук, М. Кордуэлл) мотив ұғымы арқылы психикалық құбылысты сипаттаса [1], ал басқалары (А.К. Маркова, В.И. Ковалев) жеке тұлғаның қылықтары мен іс-әрекетті таңдау себептерін түсіндіреді [2]. Сонымен қатар, мотивация қызметі адамды қандай да бір күшке итермелеуші, қозғалмалы күштердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Бұл күштер адамның ішкі және сыртқы жағында орналасады және оны саналы немесе саналы емес кейбір іс-әрекеттерге итермелейді. Осыған байланысты іс-әрекет түрткісі мен адамның реакциясы өмірлік тәжірибеге, тәрбиеге, эмоциялық күйіне байланысты адамдар бірдей әрекетке әртүрлі қабылдауы мүмкін. Сондықтан мотивацияның нақты анықтамасын беру керек: «Мотивация - бұл жеке тұлғаны немесе топты ішкі немесе сыртқы әсерлер ықпалынан өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және ұйымның мақсатына жету процесі».

Мотивацияның күші оның құрылымында және оқыту мотивациясының жетекшілігінде, кәсіби күзіндірілісті кәсіби меңгерілуінде. Студенттерді оқыту қызметінде міндетті түрде мотивтік құрылымды білу керек, ол жұмысты түзету әдістерінде, позитивті оқыту мотивациясын көтермелеуде, оқыту процесінің нәтижелілігінде көрініс табады.

Оқу мотивациясының қызметтілігін анализдеуде міндетті түрде басымырақ қозғаушысын анықтай келе, мотивациялық сферадағы адамның барлық құрылымын ескеру керек. Оқу қызметі әртүрлі қайнар көздеріне ие болуына қарай полимотивтік болып табылады. М.В. Матюхина оқу мотивациясының қайнар көзін үш мотивке тәуелді деп көрсетті:

Ішкі – танымдық және әлеуметтік қажеттіліктер (әлеуметтік іс-әрекеттерге және жетістіктерге жету ұмтылысы);

Сыртқы – қатысушының өмірлік жағдайымен анықталады; оған талап, нәтижелілік, мүмкіншіліктер кіреді;

Жекешелік – қызығушылықтар, қажеттіліктер, нұсқаулар, өлшемдер және стереотиптер, сонымен қатар өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылу, басқа қызмет түрлерінде өзін-өзі тануы.

Оқу мотивациясында ішкі, сыртқы және жекешелік көздерінің әрекеттесуі оқыту қызметі мен оның нәтижесіне ықпал етеді. Бір қайнар көзінің болмауы оқу мотивіне немесе оның өзгеруіне алып келеді.

Мотивацияның атқару тәртібі келесідей психикалық процестерден тұрады: түрткіні қабылдау, оның эмоционалдық бағасының мағынасы, мәнін түсіну және түрткі бағасы, түрткіге көз жеткізу. Мотивтің мазмұны мотив түріне тәуелді. Ішкі мотив мазмұны оқып жатқан материалдың дүниетанымдылығы, сол объектіні практикалық қызметте тану болып табылады. Осы білімді игеру сана-сезімнің туындауын көрсетеді. Сөйтіп, мотив мазмұны - оның әділетті негізі. Субъектілік мотив негізі – тұлғаның дара ерекшелігіне байланысты оқу материалының маңызы. Субъектілік мағынаның қалыптасуы оның объектілік мағынасы субъектілік жүйе құндылығын салыстыруда және эмоционалдық күйзелістерінің нақтылылығында, адамилығында.

Эмоционалдық бағалаудың білімде орны - оның мазмұндылығымен және объектілік мағынасымен, сонымен қатар ішкі жалғаспалы факторлармен, ең алдымен оның жеке оқытушысымен сипатталады. Оқытушының негізгі оң эмоционалдық бағасы мынадай болу керек: тартымды, өзінің пәніне деген ішкі терең талап қоя алушылық және

оқушыларға өз білімін жеткізе алушылық. Жасандылық пен жалған әрекет жасау тез байқалады және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жоғалтады. Егер оқу процесінің нәтижесі болмаса, тартымдылық жоғалады.

Мазмұн ұғымы мен мотив бағасы – бұл білім алушы жұмысының ішкі ойы, ол білім мен басқа бір жұмысты тандауда осы білімнен алынған нәтижеге ақы төлеу болып табылады (уақыт, күш).

Педагогикалық процесс осыдан білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге бағытталып, арнайы ұйымдастырылған педагог пен тәрбиеленуші арасындағы өзара ықпалды қызметті көрсетеді, яғни педагогикалық процесс - бұл анайы тар мағынадағы оқу мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету жолымен кең мәндегі тәрбиені іске асыруды көздеген біртұтас процесс.

Фактордың жоғары қабілетінің жеткіліксіздігін компенсациялауда жоғары белсенді мотивация үлкен рөл атқарады; бірақ кері байланыста осы фактор іске аспаса – ешқандай қабілеттіліктің деңгейі оқу мотиві мен оның төменгі көрсеткішін компенсациялауда, оқу үрдісінде нәтиже бермейді.

Студенттердің оңды белсенді мотивациясын қалыптастыру үшін, міндетті түрде олардың оқу мотив қозғалысын бақылау керек. Ол үшін міндетті түрде оқу процесінде студенттердің өз ойын, доминантты мотивін қалыптастыру керек. Сондықтан да, мотивация туралы мәселе студенттің оқу-танымдық жұмысының сапасының мәселесі.

«Оқытушы – оқушы» жүйесі арасында студент тек басқаратын нысан ғана емес, қызмет субъектісі екендігін ескеру керек, жоғары оқу орнындағы оқу жұмыстарына талдау жасауда біржақтылық болуы мүмкін емес, оқу үрдісінің «технологиясына» назар аудара, мотивацияны да есепке алуымыз қажет. Әлеуметтікпсихологиялық зерттеу көрсеткендей, оқу жұмысындағы мотивация біржақты емес, ол студенттің жеке ойлау қабілетіне, топтың сипатына, студенттік топтың даму деңгейіне, нақты жағдайларға және т.б. байланысты. Бір жағынан, адамның тәртібінің мотивациясы, психологиялық құбылыс ретінде қарастырылып, әрқашанда көзқарас бейнелері, бағыт құндылығы, әлеуметтік қабаттардың орналасуы (топтың, жалпы) бәрінің өкілі жеке тұлға болып табылады.

Оқу жұмыстарындағы мотивацияны қарастырғанда, «мотив» сөзі «мақсат» және «қажеттілік» сөзімен тығыз байланысты. Адамның жеке тұлғасында олар бір-бірімен тығыз байланысты және «мотивациялық сала» атауын алды. Әдебиеттерде «мотивациялық сала» термині мыналарды білдіреді: қажеттілік, қызығушылық, мақсат, міндет, жақындық, нақтылық. П.М.Якобсон айтуынша: «Кең мағынада тәртіп мотивациясы сөзінің астарында – психологиялық сәттердің тұтастығы, олар адамның жүрістұрысымен анықталады».

Мотивация тұлға қалыптасуының барлық негізгі құрылымын анықтайды: бағыттылық, мінез, эмоция, қабілет, қызмет, психологиялық үрдіс. Ол тек бір қызметпен ғана тоқтап тұрмайды, басқа да жеке қырлармен тығыз байланысты. Сондықтан да, мотивацияны білу тек психологиялық аспект негізіндегі аясымен ғана шектелмейді, әлеуметтік және философиялық тараптарды да қамтиды. Философиялық аспект жеке қабілетті реттейтін, «механизмдер» құралы болып анықталады. Философиялық және әлеуметтік талдау аспектісі бір-бірімен ажырамастай байланысты. Ол әлеуметтік қатынас үрдісінде адамдардың мотив тәртібімен түсіндіріледі. Бұл қарымқатынас әлеуметтік қатынас деңгейімен ғана емес, қызметтің нәтижесімен анықталады. Философия және әлеуметтік аспект негізінде талдау әлеуметтік – психологиялық аспект мәселелерін бөлу мүмкіндігін көрсетеді. Ол психологиялық және мотивация негіздерін жеке ашуды көздейді. Философиялық талдау аспектісі методологиялық талдау болып әлеуметтік-психологиялық мәселерін оның қызығушылықтарын, қажеттілігін және қоғамдық талаптарын жекелей білуге үйретеді. Мотивацияның жеке және толық, нақты қырлары А.Н. Леонтьевтің еңбегінде толық ашылды.

Мотив нақты әрекеттің себеп психикасының қажеттілікті қанағаттандыру құралы немесе тікелей бағыты. Әртүрлі және нақты адами қажеттілік бар, осы қажеттіліктерді

қанағаттандырып, мақсаттарына қол жеткізеді. Осы мәселені талдаған зерттеуші С. Кэррол және Г. Тоси былай деген: «Адамның қажеттілік құрылымы оның әлеуметтік құрылым орнына және бұрынғы алған тәжірибесімен анықталады. Адамдардың арасында олардың өздеріне маңызды әртүрлі қажеттілік бар.

Қажеттілікті әртүрлі жолдар мен тәсілдермен алу тағы бар... Нақты жолмен, адам өзінің өмір тәжірибесінен алған нақты қажеттілікті қанағаттандыруы мүмкін» А.Н. Леонтьев былай деген: «Қажеттіліктің болуы кез келген қызметте қажетті құрал, алайда, қажеттілік өздігінен нақты бағыт қызметін беруге қауқарлы емес. Жұмыс бағытының жеке қозғаушысы, осы қажеттілікке жауапты құрал болып табылады».

Қажеттілік құралы материалды немесе ерекше, сезіммен қабылдаймыз немесе ойлаймыз, біз ой жоспарын мотивтік жұмыстар деп атаймыз». А.Н. Леонтьевтің концепция негізінде біздің көзқарасымыз, мотив және ойлау арасындағы қатынас жатады. Адамның кез келген әрекеті бағыт-бағдар болып табылады, қарым- қатынас жеке және әрекет, мотив және мақсат арасындағы қатынастан пайда болады. Осыған байланысты, бір әрекет жекелей әрекетке байланысты әртүрлі мотивация құралады [2].

Жоғарыда айтылғандай, мотив жүйесі адамның әрекетіне тығыз байланыста. Сондықтанда, үш негізгі топқа бөлінеді: ұжымдық, жеке, іскерлік. Оқу әрекеті мотиві жалпы классификацияға бағынады. Оны зерттегендер, Л.И. Божович, Н.Г. Морозова., Л.С. Славина, Н.Ф. Талызина, И.А. Зимняя мотив құрылымы бойынша келесідегідей бөлінеді:

- кең әлеуметтік мотив (жалпы әлеуметті) құрылымы қоғамдық қажеттілікті, қызығушылықты, әлеуметтік маңызды жоғары оқу орынды тану;
- ғылыми-танымдық мотив, оқу әрекетімен байланысты, студенттер оқитын оқу үрдісінің өзіне қатысты;
- кәсіби мотив: жоғары білім беру негізгі кәсіби білім беру болып қарастырылады;
- пайдалы мотив.

Осы мотив тобының негізі жоғары оқу орынды бітіргеннен кейін жеке қолайлықты қалыптастырады;

5) әлеуметтік идентификация – оқуәрекетінде достарына, ата-аналарына жеке тәртібіне әсер ету. Осы талдаулармен бірге ғылыми көзқарас студенттің мотивация мәселесін зерттеуді атап өтеді.

Библиографиялық тізім

1. Абрамова, Г.С. Практикум по возрастной психологии Текст.: учебное пособие для студ. вузов / Г.С. Абрамова. М.: Академия, 1998. -320с.
2. Абульханова-Славская, К.А. Деятельность и психология личности Текст. / К.А. Абульханова-Славская. М., 1980. - 335с.

ӘОЖ 284.9:823

ҒЫЛЫМИ ПӘНДЕР КОНТЕКСТІНДЕ ЖАСӨСПІМ ЖАСЫНЫҢ, СУИЦИДТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Асабоева Н.С.

магистрант

Кенжебекова Р.И.

п.ғ.д., профессор

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Суицид жан жүйесі қатты күйзелген кезде, не психикалық аурудың ықпалымен адам жасайтын өзін-өзі өлтіру әрекеті.

Бұндай мінез-құлық жасөспірім шақта 13 жастан бастап байқалады. Статистика бойынша суицидтік мінез-құлық 14-28 жас аралығында 30 пайыз, жасөспірім шақта 6-10 пайыз құрайды.

Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады.

Жасөспірімдер басқалардан көмек күту мақсатында суицидтік әрекетті демонстративті түрде көрсетіп, жан-жақтағыларын қорқытады.

А.Г. Амбрумованың ойынша суицидтік ой, әрекет конфликт кезінде әлеуметтік-психикалық дезадаптацияның пайда болуынан көрінеді: мазасыздық, фрустрациялық күй, қоршаған адамдардың негативті қатынастары, өмір сүруге құштарлықтың болмауы, әлеуметтік ортаның төмендеуі т.б.[1].

Осындай келеңсіз жағдайлар барлығы жасөспірімдерді қылмысқа тартады, оның ішінде өз-өзіне қол жұмсау жиі кездеседі. Жасөспірім шақта түрлі кездерді бастарынан кешеді, кейбіреулері бір нәрседен қорыққаннан, махабаттың сәтсіз болуынан, қиыншылыққа төзе алмау салдарынан өмірден қоштасуды жөн көреді.

Соңғы 15 жылдықта 15-24 жас аралығында өз-өзіне қол жұмсау 2 есеге артты, экономикасы дамыған елдерде бұндай жағдайлар жиі кездеседі. Зерттеу эксперименті бойынша өз-өзіне қол жұмсау ырықсыз түрде пайда болатыны анықталды. Бұндай әрекет жастық шаққа тән.

Сәтсіз суицидтік әрекет жасаған адамдар саны бастан асады. Ер балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау қыз балаларға қарағанда әлдеқайда көбірек, ал қыз балалар демонстративті түрде көрсетіп отырады.

Осы күнге дейін суицидтік әрекет толық зерттеген адам жоқ. Ересек адамдардың 10 – нан біреуі ғана, жасөспірімдердің 50 – ден 1-уі суицидтік әрекетке бейім болады. Бірінші рет іске аспаған суицидтік әрекет, екінші рет қайталана бермейді, мысалы, 10-20 жас ер балалар арасында 10 пайыз, қыз балалар арасында 3 пайыз құрайды.

Жыл сайын 10 – 20 миллион адам суицид жасауға бекінеді. Олардың бір миллионға жуығы жарық дүниемен қош айтысады. Алдыңғы қатарлы суицид жасаушылардың отаны ретінде, басқасын айтпағанда көрші мемлекеттер Ресей мен Қытай және Қазақстанды айтуға болады.

Қазіргі кезде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде үшінші орынды алады. Ал осыдан үш жыл бұрын деректер бойынша Қазақстан бесінші орында болған.

Әлемде жыл сайын бір миллиондай адам өзін - өзі өлтіреді. Бір миллион адамның 8 мыңы Қазақстандықтардан тұрады. Бұл дегеніміз әрбір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді. Елбасымыз «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында» (7/30-б) десе өкініштісі, суицид жасаушы еліміздің болашағы деп санаған жас буын өкілдері.

Суицид саналы түрде жасалатын әрекет. Адамның жаны қиналған кезде немесе психикалық аурудың өрбуінен пайда болады. Сондай - ақ науқас адамның стресстік күй кезінде шешім, таба алмауынан, артық қиналғысы келмеген жағдайдан, жанының әлсіздігінен, өкіну, уайымдаудан көруге болады. Науқас адамдардың психикалық күйі тұрақсыз болады. Олар өз-өздерін бақылап алмайды, не айтып жатқанын, не істеп жатқанын білмейді, агрессивті мінез-құлық басым болады. Ал, кейбіреулерінің көңіл күйлері жоғары, қимылы тез, мазасыз т.б. болады. Бұндай орынсыз қылықты сырттағы адамдар тез байқайды. Олардың ұйқысы, түсі бұзылады, денесінде әлсіздік байқалады. Олар өздеріне жоғары талап қояды, өз-өздерін бағалауы төмен болады. Басқалармен ашық сөйлесе алады, олардың жағдайларын түсінуге тырысады, өз беттерімен шешім қабылдауға қиналады, өз бетімен жүре алмайды, өмірге құштарлығы төмендейді, өзін басқалардан кем санайды.

Өзіне-өзі қол салатын адамдар бұлар әлсіз, әрі батыл адамдар.

Әлсіздігі - өмірмен күрескілері келмейді, қиналады.

Батылдығы - өз өмірін қорықпай қиюы.

Анық - бұл жағдайда өмірге деген қызығушылығы таусылған адам өлімге өзін ұзақ дайындайды. Шынайы суицидке қашан да жабырқау дағдарыстық жағдай немесе өмірден бас кешу жайлы ой, өмір сүрудің мәні жайлы ойланып, күйзелу және өз өмірін қиюды армандау жатады. Шынайы суицидті іске асыру ұзақ уақытты талап етеді (бірнеше күннен айға дейін немесе одан да көп болуы мүмкін).

Жасырын – алдын ала ойластырылмайды, ол кенеттен пайда болады. Адам өзін өлімге арнайы дайындамайды. Тек саналы түрде тәуекелге бел буу күтпеген өлімге алып келеді. Ол кенеттен қатты психотраммадан туындайды.

Демонстративті суицид - өлім ниетімен байланысты емес, қайта өз проблемасына назар аудартудың әдіс-құралы, басқаларды көмекке шақыру. Біреуге бір нәрсе дәлелдеу үшін өз-өзіне қол жұмсайды. Демонстративті суицид – даулы жағдайды қолайлы жаққа өзгерту мақсатында өз өмірінің құндылығын сақтап қалу, өзіне көндіру іс-әрекеті (өзіне деген аяушылық туғызу, қиыншылықтардан құтылу). Демонстраивті суицид кезінде адамдар өлімге жол бермеу керектігін түсінеді, ересектер арасында 10-нан біреуі ғана, ал жасөспірімдер 50- ден немесе 100- дің біреуі ғана өз-өзіне қол жұмсайды. Қыз балаға қарағанда ер жігіттер 2 есе артық өзіне қол жұмсайды, дегенмен қыздар осы талаптарды жиірек қолданады.

Латын тілінен аударғанда «суицид» сөзі «өзін-өзін өлтіру» деген мағынаны білдіреді. «Өзін-өзі өлтіру» деген түсінікке XIX ғасырда «Самоубийство: Социологический этюд» деген еңбегінде француз социологы Эмилем Дюркгейм классикалық тұрғыда анықтама берді. Өзінің осы түсінік туралы пікірінде, тікелей немесе жанама болса да, оң немесе теріс қылықтардың нәтижесі болып табылатын әрбір өлім жағдайын жәбірленушінің өз жасаса, және ол оның нәтижесі туралы білсе, онда ол өзін-өзі өлтіру әрекеті болып табылады дейді.[2] Өзін-өзі өлтіру – философиялық (өмірдің мәнін жоғалту), психологиялық (психологиялық теріс бейімделу, фрустрация), әлеуметтік (әлеуметтік жағынан өз орнын таппау, қанағаттанбау сезімі әлеуметтік мәртебесін жоғалту және т.б.), медициналық (күрделі ауру, психикасының бұзылуы), адамгершіліктің және құқықтың проблемалардың жинақталуынан тұратын өте күрделі, көп қырлы феномен.

Суицид дегеніміз – (ағылшынның *feeicide* - өзін өлтіру) қатты қажыған, күйзелген кезіндегі өмірдің ең жоғарғы бақыт деген ұғымын жоғалтып, саналы түрде өмірден кетуі. Бұл істі әр жерде түрліше айыптаған, халық бұл істі жақтамаған. Мысалы: мұсылман және христиандық дінінің көзқарасы бойынша өз - өзіне қол жұмсау үлкен күнә деп есептелген. Сондықтан да, осы дінді жақтаушылар, қолдаушылар, ұстаушылар өз - өзіне қол жұмсаушыларды ортақ бейітке жерлемей, бөлек жерлеген, бейіттегі өз өлімімен кеткен адамдардың аруағын қорламау үшін осындай шешімге келіп отырған.

Өзін-өзі өлтіру (суицид) – адамның өз-өзіне қол жұмсауы. Археологтар бірінші тарихи формадағы өзін - өзі өлтіру деп, ритуальдық өзін - өзі өлтіруді атаған. Мұны олар ежелгі патшалардың, яғни Шумер мен Аккаданың табытын тапқан археологиялық мәліметтерге сүйене отырып айтқан (біздің эрамызға дейінгі үшінші мыңжылдық, қазіргі Ирак территориясында).

Ежелгі Үндістанда XIX ғасырдың орта шеніне дейін өз өмірінің соңын тосу, ұят деп есептелген. Ежелгі үнділіктер адамның жасы немесе ауру келген кезде өзін өртеуін аса бір мәртебе ретінде таныған. Дәл осындай жағдай, артында қалған әйелдеріне қатысты болған. Оған мысал ретінде, 1817 жылғы жалғыз ғана Бенгал провинциясындағы 716 жесірлердің, ал 1821 жылы бүкіл Үнді территориясындағы 2366 осындай адамдардың өз өмірлерін қиюын айтуға болады. [2]

Дәл осындай жағдайлар қазіргі батыс және Орталық Еуропада өмір сүрген көптеген халықтарда байқалды, яғни әскери адамның қартаюуы үлкен ұят болды. Ежелгі әлем тарихында тарихтан белгілі белгілі, ірі тұлғалардың суицидтерінің мысалдары келтірілген. Мысалы: Утиций Като (б.з. д. 46 жыл) Юлий Цезарьдың жалғыз билігі мен Рим

Республикасының құлауына байланысты Марк Юниус Брутус, Филипп шайқасында жеңілгеннен кейін Цезарь өлтірушісі (б. з. д. 42 жыл), Марк Энтони - Октавиан азаматтық соғыста Августтың жеңілісінен кейін қылыштарынан қайтыс болды (б. з. д. 30 жыл).

Тарих-саясаттан басқа, апатты күйзелістен қайтыс болғандар туралы айтады (ескі Рим императоры Гордиан өзінің жалғыз ұлы - мұрагері қайтыс болғанын естігеннен кейін өзін-өзі өлтірді (б.з. д. 238 ж.)). Грек философы Эмпедоклдар-Диоген Лаертестің айтуынша, ол психопатологиялық аурудың әсерінен отпен жабылған Этна жанартауына құлап, қайтыс болған. - Мен білмеймін, - деді ол. Рим империясында, жазық болған адам өз еркімен қайтыс болған кезде, мұндай жағдайлар жиі кездесетін және оның отбасы қудаланбағандықтан болды.

Христиан дінін қабылдағаннан кейін суицидке деген көзқарас өзгерді. Христиандықта өзін-өзі өлтіру үлкен күнә, Жаратушының ісіне қарсы тұру деп саналды. Суицидке ортақ қабірге жерлеуге рұқсат етілмеді, ал туыстары жазаланды. Бұл ұғым халықтық әдеби фольклорға да енген. Өзін-өзі өлтіру ешқашан тыныштық таппай, вампирлерге, қасқырға, перілерге және т.б. айналды деп есептелді. Басқа діни конфессиялар (ислам, иудизм) өз-өзіне қол жұмсауды да айыптады. Әсіресе бұл мәселеде ислам діні алда болған кезде. Мұсылман елдерінде (Египет, Иран, Пәкістан және т.б.) суицид ең төменгі деңгейде болды.

Ортағасырлық Жапонияда да, егер бір адам екіншісінен зардап шегіп, оған қан арқылы жауап бермесе, "сеппуку" өз - өзіне қол жұмсады. Өлтірілген самурай жауына қол жеткізе алмай, асқазанын жарып өлді. Яғни, "харакири". Оның көмекшісі бейшараны азаптан құтқару үшін басын иді. Жапон жазушысы (соңғы самурай) Юкио Мишима 1970 жылы сәтсіз әскери төңкерістен кейін қайтыс болды.[2]

Библиографиялық тізім

1. Аверин В.А. Психология детей и подростков/ В. А. Аверин. – С.-П., 1994.
2. Амбрумова А.Г. Анализ состояний психологического кризиса и их динамика./ Психологический журнал, Том 6 №6 1985. — с.107-115.

ЭОЖ 352.6:975

ОТБАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Дюсеналиева Б.К.

магистрант

Байбекова М.

п.ғ.к., доцент

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Балалар, адам зұлымдық және өсіп келе жатқан атмосферада, мазмұнды гневом және ауруы, ұмтылады изолироваться от қоғамның және мүмкін танытуға өзінің мінез-құлқы жоғары агрессивтілік. Сонымен қатар, зорлық-зомбылыққа ұшыраған көптеген балалар сабақтарда көп алаңдаушылықпен ерекшеленеді және қалыпты жағдайда өскен балалармен салыстырғанда мектепте көп қиындықтарға тап болады. Жастық шақта және ересектерде балалық шағында нашар емделгендер психологиялық проблемаларға, соның ішінде депрессия мен алкоголизмге жиі кездеседі. Олардың кейбіреулері өз-өзіне қол жұмсауға тырысады немесе қылмыстық әрекетке қатысады [1]

Зорлық-зомбылық зардаптарының ауырлығы зорлық-зомбылықтың ауырлығына байланысты. Балаларға қатыгездік пен немқұрайдылықтың жақын және алыс салдарын ажыратыңыз .

Тікелей зардаптарға физикалық жарақаттар, зақымданулар, сондай-ақ құсу, бас ауруы, есін жоғалту, көздің қан кетуі, қатты дірілдеген кішкентай балаларда пайда болатын контузия синдромына тән. Зорлық-зомбылықтың кез-келген түріне жауап ретінде өткір психикалық бұзылулар да жақын салдарға жатады. Бұл реакциялар өзара агрессия, козу, бір жерге қашуға, жасыруға ұмтылу немесе терең тежелу, сыртқы немқұрайлылық түрінде көрінуі мүмкін. Алайда, екі жағдайда да бала қорқыныш, мазасыздық және ашу-ызаның өткір тәжірибесінен өтеді.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың ұзақ мерзімді салдарының арасында баланың физикалық және психикалық дамуының бұзылуы, әртүрлі соматикалық аурулар, жеке және эмоционалды бұзылулар, әлеуметтік салдар ерекшеленеді.

Физикалық және психикалық дамудың бұзылуы. Ауыр физикалық жазалар, эмоционалды және басқа да зорлық-зомбылық түрлері Қолданылатын отбасыларда тұратын балалардың көпшілігінде физикалық және нейропсихикалық дамудың кешігу белгілері бар. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар көбінесе өз құрдастарының бойынан, салмағынан немесе екеуінен де артта қалады. Кейінірек олар жүре бастайды, сөйлейді, күледі, бір жасар балаларына қарағанда мектепте әлдеқайда нашар. Мұндай балаларда "Жаман әдеттер" жиі кездеседі: саусақтарды сору, тырнақтарды тістеу, дірілдеу. Сыртқы жағынан, олардың мүдделерін, физикалық және эмоционалды қажеттіліктерін ескермейтін балалар қалыпты жағдайда өмір сүретін балаларға қарағанда басқаша көрінеді: олар ісінген, "ұйқысыз" көздер, бозғылт бет, бұралған шаштар, киімдегі ұқыптылық, гигиеналық немқұрайдылықтың басқа белгілері-педикулез, бөртпе, киім мен дененің жағымсыз иісі.

Әр түрлі аурулар нәтижесінде қатыгез қарым-қатынас. Аурулар зорлық-зомбылықтың жеке түріне тән болуы мүмкін.

Зорлық-зомбылықтың түрі мен сипатына қарамастан, балаларда психосоматикалық болып табылатын әртүрлі аурулар болуы мүмкін: семіздік немесе, керісінше, тәбеттің бұзылуына байланысты күрт салмақ жоғалту. Эмоционалды (психикалық) зорлық – зомбылықпен терінің бөртпелері, аллергиялық патология, асқазан жарасы, жыныстық зорлық-зомбылықпен-төменгі іштің түсініксіз ауыруы жиі кездеседі. Көбінесе балаларда тика, кекіру, энурез, энкопрез сияқты нейропсихиатриялық аурулар дамиды, кейбір балалар кездейсоқ жарақаттар, уланулар бойынша жедел жәрдем бөлімшелеріне қайта түседі.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалардың психикалық ерекшеліктері. Зорлық-зомбылық пен немқұрайдылықтан зардап шеккен балалардың барлығы дерлік психикалық жарақаттан аман қалды, нәтижесінде олар болашақ өміріне теріс әсер ететін белгілі бір жеке, эмоционалды және мінез-құлық ерекшеліктерімен дамиды.

Кез-келген адамға ең әмбебап және ауыр реакция, тек жыныстық зорлық-зомбылық-бұл өзін-өзі бағалаудың төмендігі, ол зорлық-зомбылықпен байланысты психологиялық бұзылуларды сақтауға және шоғырландыруға ықпал етеді.

Жеке басын төмен өзін-өзі бағалау деңгейінің бастан сезім кінәсін, ұят, ол үшін тән тұрақты убежденность өз олқылықтың деп "сен нашар барлық". Нәтижесінде балаға басқалардың құрметіне қол жеткізу, табысқа жету қиын, құрдастарымен қарым-қатынас қиын.

Балаларға қатысты қатыгездіктің әлеуметтік салдары. Осы салдардың бір уақытта көрінетін екі аспектісін ажыратуға болады: жәбірленушіге және қоғамға зиян.

Кез – келген зорлық-зомбылықтан аман қалған балалар әлеуметтенуде қиындықтарға тап болады: олар ересектермен қарым-қатынасты бұзады, құрдастарымен тиісті қарым-қатынас дағдылары жоқ, мектепте беделге ие болу үшін жеткілікті білім мен білімге ие емес және т.б. зорлық-зомбылық құрбандары көбінесе қылмыстық, қоғамға қарсы ортада кездеседі, бұл олардың алкогольге, есірткіге тәуелділігін қалыптастырумен байланысты, олар ұрлай бастайды және басқа да қылмыстық әрекеттерді жасай бастайды [1, 61-бет].

Қыздар жиі жезөкшелікпен айналыса бастайды, ұлдарда жыныстық бағдар бұзылуы мүмкін. Кейінірек екеуі де өз отбасыларын құруда қиындықтарға тап болады, олар балаларына жеткілікті жылу бере алмайды, өйткені өздерінің эмоционалды мәселелері шешілмейді.

Отандық психологтар и.в.Дубровинаның зерттеулері,

Е. А. Минкова, М.К. Бардышевская [50] отбасындағы зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың жалпы физикалық және психикалық дамуы қалыпты жағдайда тәрбиеленетін құрдастарының дамуынан өзгеше екенін көрсетті. Олардың ақыл-ой дамуының баяу қарқыны, бірқатар жағымсыз белгілері бар: интеллектуалды дамудың төмен деңгейі, эмоционалды сала мен қиялдың нашар болуы, өзін-өзі реттеу және дұрыс мінез-құлық дағдыларын кеш қалыптастыру.

Әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, кәмелетке толмаған қылмыскерлер, әдетте, материалдық қауіпсіздіктің төмен деңгейімен, жиі қақтығыстармен, ата-аналық алкоголизммен, отбасы мүшелері арасындағы шиеленісті қатынастармен ерекшеленетін отбасыларда өседі, бұл баланың созылмалы психо-травматикалық даралығын тудырады, бұл адамға қоғамға қарсы бағыт береді.

Отандық және батыстық психологтардың зерттеулерінде [2] ата-аналардың қатал қарым-қатынасынан аман қалған балаларға салыстырмалы сипаттама берілген:

Ерте және мектепке дейінгі жас.

Мектеп жасына дейінгі балалар танымдық белсенділіктің төмендеуімен, сөйлеу дамуының артта қалуымен, ақыл-ой дамуының тежелуімен, қарым-қатынас дағдыларының болмауымен, құрдастарымен қарым-қатынастағы қақтығыстармен ерекшеленеді. Ересектермен толық қарым-қатынастың жетіспеушілігі баланың сүйіспеншілік сезімін дамытуға ықпал етпейді. Кейінгі өмірде бұл сіздің тәжірибеңізді басқа адамдармен бөлісу қабілетін дамытуды қиындатады. Танымдық белсенділіктің дамуы да баяулайды, бұл мектеп жасына дейінгі балаларды сыртқы әлемге аз қызығушылық тудырады, қызықты іс-әрекетті табуды қиындатады және баланы пассивті етеді.

Эмоционалды саланың дамуындағы кемшіліктер айқын көрінеді. Балалар ересек адамның эмоцияларын әрең ажыратады, оларды нашар ажыратады, басқасын, өзін түсіну қабілеті шектеулі. Олар сөйлеуді меңгерудің артта қалуымен, қоршаған әлемді білуде бастаманың болмауымен, объектілерге деген қарым-қатынастың екіұштылығымен көрінетін танымдық іс-әрекеттің дамуына кедергі келтіреді (объектілер олардың назарын аударады және сонымен бірге олармен әрекет ете алмауынан қорқыныш сезімін тудырады).

Мектепке дейінгі жастағы дамудың әдеттегі жетіспеушілігі Тәуелсіздіктің бұзылуы болып табылады – оның жоғалуынан бастап, бала өз қалауы бойынша Өзін-өзі басқарған кезде толық көрінуіне дейін.

Бұл балалар өздерінің жеке басының қалыптасуының уақытша сипаттамалары туралы идеяны бұзады: олар өткенде өздері туралы ештеңе білмейді, болашақта өздерін көрмейді. Олардың өз отбасы туралы идеялары бұлыңғыр. Олар өз болашағын әрең ұсынады, тек жақын болашаққа – мектепке, оқуға түсуге бағытталған.

Оларға қатал қарым-қатынас жағдайында тәрбиеленетін балалардың интеллектуалды дамуы үйлесімсіздікпен, айқын біркелкі емес және ойлау түрлерінің теңгерімсіздігімен сипатталады. Заттық, көркемдік-бейнелік ойлау қалады бас. Ауызша ойлау әлдеқайда артта қалады, өйткені ол ойын, бейресми қарым-қатынас және ересектермен және басқа балалармен реттелмеген бірлескен іс-әрекетте қалыптасады.

Ересектермен қарым-қатынас жасау қажеттілігінің қанағаттанбауы ойын әрекетін игерудің бұзылуына әкеледі. Тиісті күтім жасалмаған отбасында өсетін балалар көбінесе үйде ойыншықтар, кітаптар болмайды, ешқандай ойындар білмейді, сондықтан әлеуметтік-педагогикалық қолдау мекемелеріне барғанда ойыншықтармен қалай ойнауды, ойын ойнауды білмейді.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалармен және жасөспірімдермен жұмыс саласындағы мамандар дағдарыстық араласудың жалпы қабылданған формуласы жоқ деп санайды. Дағдарыстық араласу түріндегі араласу және қысқа мерзімді психологиялық кеңес беру бір оқиға болған жағдайда тиімді, ал ұзақ мерзімді зорлық-зомбылық кезінде баламен ғана емес, сонымен бірге бүкіл отбасымен немесе ұжыммен ұзақ жұмыс қажет.

Алғашқы әңгіме. Зорлық-зомбылық құрбаны болған баланың дағдарыстық жағдайына жарақаттан кейінгі араласу келесі мәселелерді шешуді көздейтін бастапқы әңгімеден басталады:

- зорлық-зомбылық фактісін растау және оның кінәлісін анықтау үшін ақпарат жинау;

- маман (консультант) тарапынан да, кез келген басқа тұлға тарапынан да балаға қысым көрсету мүмкіндігін болдырмауды көздейтін әңгімелесу жоспарын нақтылау;

- орын таңдау және зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалармен сұхбаттасу үшін оңтайлы психологиялық қолайлы жағдай жасау.

Бастапқы кеңес беру ақпараттандыруды, тыңдауды, ұсыныс пен сенім элементтерін, эмоционалды және психологиялық қолдаудың әртүрлі формаларын қамтуы мүмкін.

Әңгіме басталмас бұрын, зорлық-зомбылықтың сипатын, зорлық-зомбылық жағдайларын, күдіктінің жеке басын, баланың болған жағдайға реакциясын анықтау үшін болған жағдай туралы әртүрлі көздерден ақпарат жинау қажет.

Библиографиялық тізім

1. Алексеева И. А. Жестокое обращение с ребенком. Причины. Последствия. Помощь / И. А. Алексеева, И. Г. Новосельский. – М. : Генезис, 2005. – 256 с.

2. Алберти Р. Самоутверждающее поведение / Р. Алберти, М. Эммонс. – СПб. : Акад. проект, 1998. – 240 с.

ӘОЖ 242.8:865

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУ

Жумагулова О.А.

магистрант

Молдахмет Қ.

д.п.н., профессор

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Эмоционалды интеллект және мектептегі әл-ауқат Өту ерекшеліктеріне топтық жасөспірімдердің, туралы айта кеткен жөн байланыс эмоционалды интеллект және мектеп тіледі. Бұл тақырыпты С.А. Водиха мен Ю.Е. Водохана 7-10 сынып оқушылары зерттеді. Екен, жалпы эмоционалды интеллект мектептегі әл-ауқаттың барлық көрсеткіштерімен (достарға, мектепке, мұғалімдерге, ата-аналарға, өзіне деген көзқарас) оң байланысты. Неғұрлым көрсетілген корреляция көрсеткіштерін мектеп қолайлы распознаванием эмоциялар басқа да адамдар. Зерттеушілер келді эмоционалды интеллект жоғарылаған сайын, жасөспірімдер өздерін өркендеп, сезіне бастайды деген қорытындыға келді қауіпсіздігі. Сондай-ақ, келесі қорытынды жасалды: эмоционалды интеллекттің мектептегі әл-ауқаттың өзіне деген көзқарасы сияқты компонентімен оң байланысы айқын көрінеді. Басқа адамдардың эмоцияларын жақсы түсінетін жасөспірімдер өздерінің жеке басының мәнін түсінуге және олардың артықшылықтары мен шектеулерін түсінуге мүмкіндік беретін оң өзіндік рефлексияға ие деген болжам жасалды. Өзін-өзі тану өзін-өзі бағалау мен талаптардың деңгейі арасында қолайлы тепе-теңдікті орнатуға мүмкіндік береді [1].

Жасөспірімдердегі топтық бірлестіктің ерекшеліктері Шағын әлеуметтік топ ретінде сынып оқушының жеке басына да әсер етеді оқушы сабаққа әсер етеді. О.А. Андриенко сынып ұжымының даму деңгейін, ондағы тұлғааралық қатынастарды және олардың оқушының жеке басына әсерін зерттей отырып, ұжымның даму деңгейі, ондағы психологиялық климат жеке тұлғаны тәрбиелеуге айтарлықтай әсер етеді деген қорытындыға келді ұжымда: топтық дамудың жоғары деңгейіндегі сыныптарда жағымды психологиялық ахуал қалыптасқан, оларда "оқшауланған" жасөспірімдер анықталмаған, топтық бірліктің жоғары деңгейі байқалады. Бұл, өз кезегінде, оқушылардың коммуникативті қасиеттерін дамытуға әкеледі, олардың өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі бағалауы, өзіне деген сенімділігі, өзіне деген сенімділігін қалыптастырады.

Ұжым білім алушыларға өз ойын білдіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді және өзін-өзі растау, ол балалар мен жасөспірімдердің оң әлеуметтік тәжірибені жинақтауының негізгі негізі болып табылады.

И.Н. Андрееваның айтуынша, жасөспірімдердің эмоционалды интеллектісін дамыту әлеуметтік ортаға бейімделудің маңызды факторы болып табылады. Ұқсас тұжырымдар О.В. Власованың зерттеулерінде келтірілген, оған сәйкес "эмоционалды дарынды" жасөспірімдер ұжымда оңай тіл табысады, жаңа жағдайларға жақсы бейімделеді, көбінесе көшбасшы мәртебесіне ие болады, қоғамдастықтың әлеуметтік-психологиялық климатын жақсартуға ықпал етеді.

К.А. Прохорованың зерттеуінде топта неғұрлым танымал ұлдар мен қыздар тұлғааралық эмоционалды интеллекттің дамуымен, олардың аз танымал құрдастарымен - тұлғааралық эмоционалды интеллектпен сипатталатындығы анықталды. Бұл ретте, топтың танымал өкілдерінің жалпы эмоционалды интеллект деңгейі кең таралғандарға қарағанда жоғары.

М.Е. Сачкова және О.В. Васькова, үлкен жасөспірімдердің студенттік топтарындағы мәртебелік дифференциация мен ұйымшылдықтың өзара байланысын зерттей отырып (9-10 сыныптар), келесі қорытындыға келді:

* орташа жасөспірімдер-бұл аттракциондар жүйесіндегі топ ішіндегі өзара әрекеттесу үшін өте тартымды серіктестер. Олар барлық мәртебелік санаттарға артықшылық береді және сол арқылы барлық сыныптастарды топ ішіндегі қатынастардың бірыңғай жүйесіне қосуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Бұл сыныпта ұйымшылдықты қалыптастыруға және жағымды эмоционалды-психологиялық көзқарасты сақтауға мүмкіндік береді;

* жоғары мәртебелік құндылық-бағдарлық бірліктің дәрежесі исреднестатусных оқушылардың айтарлықтай жоғары қарағанда, құндылықты бірлігі низкостатусных оқушылар

Топтағы жасөспірімдердің эмоционалды интеллект, сындарлы және деструктивті мінез-құлқы Эмоционалды интеллект топтағы адамның сындарлы мінез-құлқымен байланысты. Алайда, керісінше: эмоционалды интеллекттің болмауы деструктивті мінез-құлқымен байланысты. Қарастырайық бұл толығырақ.

көптеген ғылыми-педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге талдау жасау барысында «құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы адамзаттық құндылық», «кәсіби құндылық» ұғымдарына берілген әр түрлі анықтамалардың бар екендігіне көзіміз жетті. Олар алуан түрлі және тіпті бірін-бірі жоққа шығаратындары да бар. Өртүрлі авторлардың еңбектері біртұтас зерттеу мәселесін құрмайды. Бұл құндылық ұғымының әртүрлі мағына беруінен туындап отыр. Объектілерді немесе заттарды құндылықтар деп есептеу тағы бір мәселеге әкеліп тірейді:

Құндылық дегеніміз - субъект үшін ерекше мәні бар немесе оның қажеттіліктерін қанағаттандыратын нақты бір заттар ма, әлде құндылық деп ерекше бір абстрактілі мәнге ие заттар ма деген сауалға жауап іздеп көрелік. Бұл мәселе негізінде шетелдік Р.Р. Нахокова, Уильям Томос, Флорман Занецкий және тағы басқа бір топ ғалымдар «индивид негізгі әлеуметтік құндылықтарды меңгереді және оларды өздерінің мінез-құлқында саналы түрде басшылыққа алады, яғни құндылықтарды бақылау қызметі индивидтің өзіне ауысады» деп тұжырымдама жасаған болатын [1].

Құндылық мәселесінің әртүрлі аспектілерін отандық ғалымдар да зерттеген болатын. Мысалы: жеке тұлғаның құндылық бағдарының теориялық практикалық негіздерін Г.Қ. Нұрғалиева [2], И.Д. Багаева, З.И. Васильева, Р.К. Төлеубаева, Д.Ә. Нұрғалиева, педагогикалық сынып оқушыларының болашақ кәсіптік іс-әрекетіне құндылық қатынасын қалыптастыру мәселесін Н.И. Кикина, педагогикалық баспасөзге студенттердің құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесін А. Тіленбаева, жастардың құндылық бағдарын әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан В.Я.Ядов, Б.П. Ломов зерттесе, жаңа типті мектептерде оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесін К.К. Найманбаева, жеке тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастырудың педагогикалық негіздерін А. Балабекова, И. Сихимбаева, Р.Р. Нахокова және тағы басқа ғалымдар қарастырған болатын.

Белгілі философ А.Г. Здравомыслов «барлық құндылық бағдардың жиынтығы өзіне тән жеке тұлғаның ой орталығының тұрақтылығы мен белгілі бір қабілет-қасиетімен қамтамасыз етіледі»-деп көрсетіледі.

Ал, кеңес психологы К.К. Платонов «жеке тұлғаның құндылық бағдары - жеке тұлғаның әлеуметтік тепе-теңдігінің мазмұны мен адам өмірінің эмоционалды дүниесімен байланысы» деп қарастырса [3], В.А. Малахов «адам белгілі объектіні құндылық деп есептегенде ол объектіге-субъектілік «дауыс» береді, яғни өзінің жеке басының пікірін, бағасын береді, олай істеуге сол адамның өзіндік құқығы бар» деп анықтама берген болатын. Сондай-ақ Л.И. Иванько «құндылықтар, көбінесе адамның іс-әрекетінің бағыттылық жақтарына сәйкес келеді, ол нормалар сол іс-әрекеттердің жүзеге асуының амал-жолдарымен байланысты. Нормативті жүйе құндылық жүйеге қарағанда адамның іс-әрекетін ерекше анықталады, өйткені біріншіден, адам ол нормалардың нақты бір жүйесі ішкі тұтастыққа негізделеді: адам өз істерінде оны тұтастай және толық бір мезгілде ұстанады», деген болатын [4].

Әрбір халық ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен жалпы адамзаттық ізгіліктерді жинақтап, пайдалана отырып, қоғамдық-тарихи тәжірибесін игертуді мақсат еткен. Әрбір қоғам өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Мәселен, Антика заманы мен орта ғасырдағы өмір сүрген философ-ойшылдар құндылықтық сипаттамаларды, дәлірек айтқанда этикалық, эстетикалық, діни сипаттамаларды нақтылық, шынайы болмыс ұғымымен бірге қарастырды. Бұл - ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі ойшылдарды мазалап келген сұрақтардың бірі. Бір қарағанда бәрі түсінікті сияқты. Құндылық - бұл құнды нәрсе. Алайда, адам үшін не құнды және неге себепті құнды? Кейде біреу үшін құнды нәрсе өзгелер үшін құнсыз болатын кездері де кездеседі. Бірақ онымен ешкім де келіскісі келмейді және әрқайсысы өзі үшін құнды нәрсені нағыз құндылық деп есептейді [5].

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі - жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты *қабілетті* ұрпақ - ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Бүгінгі таңда психология, педагогика ғылымыдарының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүние көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау.

Студенттер деп жоғары және кәсіби, арнайы оқу орындарында оқып жүрген ұл-қыздардың әлеуметтік қоғамдастығын айтамыз. Бұл әлеуметтік кәсіби категорияның тарих бетінде пайда болуы XI-XII ғасырларда алғашқы университеттердің ашылуымен байланысты. Студенттердің негізгі әрекеті -оқу, яғни мақсатты түрде жүйелі, тыңғылықты білім алуға, кәсіби еп-дағдыларды үйренуге ұмтылуы.

Студенттік шақ - адам баласының кісі болып, тұлға болып қалыптасуының негізгі кезеңі. Бұл шақта жастардың алуан түрлі нәрселерге ынта-ықыластарының артуы шыңына шығады, олардың әр істе үлкен табыстарға жетуі байқалады (спортта, өнерде, ғылымда, техника салаларынды және т.б.).

Болашақ қайраткерлер, кәсіп иесі-маман ретінде студент жастардың әлеуметтену процесі өте қарқынды өтеді.

Студент өмірінде оқу – іс әрекеттің негізгі саласы. Оқу – сабақ, аудиториядан тыс жұмыстар арқылы жүргізіледі. Оқыту, тәрбиелеу, білім беру, дамыту, қалыптастыру – бірге жүретін үрдістер. Оқудың міндеті – оқушыларға ғылымның негізгі ілімін, ақыл-ой еңбегінің дағдысы мен әдісін үйренуден тұрады. Студенттердің дүниетанымына, ғылыми ілімнің негізіне, табиғат заңдылықтары дамуының жүйелік көзқарасын, өзінің сендіру мүмкіндігін құрайды және сендіру мүмкіндігін арттырады. Олар оқу үрдісінде студенттерді кәсіби біліктіліктіктері мен шығармашылықтарының дамуына, еркіндікке, тұрақтылыққа, мақсатқа ұмтылушылыққа, ыждаһаттылыққа, саналылыққа, істі аяғына дейін жеткізуге, шындыққа, өзіне деген сындық қатынасқа, іскерлік пен жауапкершілікке уағыздайды.

Студенттерден оқытушылардың міндеті интенсивтік құрылымын талап ете отырып, психикалық (сезіну, қабылдау, елестету, ойлау, сезім, еркін, сөйлеу) логикалық және бейнелі, көркем ойлау үрдісінің түрі, кез келген шығармашылық міндеттің шешімі, сезім мен ерікте мәдениеттіліктің пайда болуы. Білім беру - ұлттық және жалпы адамзаттың қазыналары, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау.

Білім беру, оқыту, тәрбиелеу – еңбек ету үрдісімен бірге жүреді. Еңбек үрдісі нәтижелі болу үшін, қажетті білімді, дағды мен іскерлікті, икемді жүйелі түрде меңгеру, оқу арқылы бала қоғамдағы ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дағды тәжірибесін өз бойына сіңіреді. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана адам ой мен дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді. Білімді меңгеру- ұзақ уақытты керек ететін күрделі үрдіс. Білімді игеру үлкен сапалылықты, өз бетімен жұмыс істеп үйренуді, өз мінез-құлқын меңгеруді керек етеді. Мәселен, баланың жасы өскен сайын оқуға деген қызығушылықтарының, түрткілерінің де мазмұны өзгереді. Түрткімен бірге қызығу, дағды және икем де бірге қалыптасады. Дағды адам әрекетінің қай-қайсысында да ерекше маңызға ие болады. Ол іске шапшаң, шұғыл кірісуге мүмкіндік береді, іс-әрекетке жақсылап дағдылану арқылы адам өндіріс құралдарын, дене шынықтыру, ақыл-ой жұмысын меңгеруде жақсы табыстарға жетеді. Адам әсіресе, өзінің негізгі мамандығына, алдына қойған мақсатына жетуге күш-қуатын пайдаланады. Ал икемділік- адамның қандай нәрсені болмасын орындай білу қабілеттілігі. Икемділік білім мен тәрбиеге негізделеді. Кімнің білімі мен тәжірибесі көбірек болса, сол адамның икемділігі де артық болады дейді Қ.Б.Жарықбаев.

Икемділік – белгілі бір дағдылар мен білім жүйесін тәжірибеде пайдалана алудың көрінісі. Икемділік білімнің амалға айналуы, ол саналы әрекетті қажет етеді. Икемділікті амалды жүзеге асырудың тәсілі деп те қарастыруға болады. Икемділік пен білім тығыз байланысып жатады. Адам түрлі ғылыми білімдерді үйренеді, бұл үшін ол сан алуан амал-

тәсілдер қолданады, мақсат-бағдарын мәселені шешуге бағыттайды. Осы жолда түрлі проблемалық жағдайларға кездеседі, белгісіз нәрсені зерттеп білумен айналысады.

Себебі рухани құндылықтар тұлғаның даму өзегі болып табылады. Сонымен қатар рухани құндылықтар адамның өмірдегі өз орнын табуға және рухани әлемнің дамуына есепші болатын тұлғаның жетіле түсуін қамтамасыз ететін, дүниенің күрделі құрылымын түсіндіретін рухани даму өзектері, идеалдары, сонымен бірге адам мен әлеуметтік топтардың тәртібі мен іс-әрекеттерін қадағалау нормативті жүйе болып табылады.

Тұлғаның руханилыққа деген әлеуметтік-құндылықты көзқарасы білім беру процесінде оқыту мен тәрбиенің мазмұны, мұғалімдер мен оқушылардың өзара қатынас ерекшеліктері, сабақтан тыс тәрбиелік шаралар арқылы жүзеге асады. Рухани құндылықты бағдарлар оқушының дүниетанымы арқылы қалыптасады.

Библиографиялық тізім

1. Найманбаева К.К. Құндылық бағдарын қалыптастыру мәселелері. //Қазақстан мектебі. -2006.
2. Жұманазарова Н. Тұлғаның құндылық бағдарына нарықтық жағдайдың әсері. // Вестник. КазНУ. Серия философия. – 2011. №1.
3. Нұрғалиева Г.Қ. Тұлғаның құндылық бағдары жүйесінің педагогикалық-психологиялық негіздері. Докторлық диссертация Абай атындағы мемлекеттік университеті. 1993.
4. Балажанова Ж. Студенттердің білімге құндылық бағдарын қалыптастыру. //Білім берудегі менеджмент. 2010. №4.
5. Бенедиктов Б.А. Психология обучения и воспитания в высшей школе. - Минск, 1986.

ӘОЖ 3701

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Иноятова А.А.

М.Әуезов атындағы ОҚУ

Шымкент қаласы

Жаңа ғасырда көпшіліктің назарын адаммен байланысты ғылымдар қызықтыруда. Осының айғағы ретінде – адамның ішкі психикалық әлемі мен рухани дамуын зерттейтін психология ғылымы саласындағы мамандарды даярлау – өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортаның көптеген салаларында педагог- психолог мамандарына сұраныс мол болып отыр. Білім беру жүйесінде педагог-психолог оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагогтарға көптеген мәселелерді тиімді шешудің психологиялық негіздерін анықтауға, балалардың жас және тұлғалық қасиеттерін анықтауға, отбасында және мектептерде балалармен тіл табыса алмай жүргендерге психологиялық кеңес беру, психологиялық ағарту, түзету жұмыстарын ұйымдастыруға және ерекше қиын жағдайларда оқушыларды психологиялық дағдарысының оңтайландыру жолдарын қарастыруға, кәсіби білім беру саласының да сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жаңа ғасырда көпшіліктің назарын адаммен байланысты ғылымдар қызықтыруда. Осының айғағы ретінде – адамның ішкі психикалық әлемі мен рухани дамуын зерттейтін психология ғылымы саласындағы мамандарды даярлау – өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортаның көптеген салаларында педагог- психолог мамандарына сұраныс мол болып отыр. Білім беру жүйесінде педагог-

психолог оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагогтарға көптеген мәселелерді тиімді шешудің психологиялық негіздерін анықтауға, балалардың жас және тұлғалық қасиеттерін анықтауға, отбасында және мектептерде балалармен тіл табыса алмай жүргендерге психологиялық кеңес беру, психологиялық ағарту, түзету жұмыстарын ұйымдастыруға және ерекше қиын жағдайларда оқушыларды психологиялық дағдарысының оңтайландыру жолдарын қарастыруға, кәсіби білім беру саласының да сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Егеменді ел мүддесі тұрғысына сай жаңа адамды қалыптастыруға жалпы бастау болар тәрбиенің көзі Абайдан табылады. Абай мұрасын оқытуда өркениетке бет бұрған қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушылары осы заман талабымен жаңаша пайымдап, қайта ой сарасынан өткізуді талап етеді. Абайдың адам тұлғасын қалыптастыруға негіз боларлық ғибрат сөздері ұрпақ тәрбиесіне ат салысам дегендердің тілегімен тікелей қабысып жатыр. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне жауаптылардың көпіртіп айтар уағыздан арылған тұста олқылықтың орнын толтырар асыл сөз бен ақыл сөз де Абайда екені анық. Абайдың тұлға қалыптастыруға қатысты айтқан сөздері – бүгінгіге де, болашаққа да бағдарлама. Олай болса, Абай ғибратын ұрпақ бойына сіңіру, оның шығармаларындағы мазмұнды оқушы өміріне азық етерлік деңгейге көтеру – өзекті мәселе. Адамның әлеуметтік белсенділігі, оның қоғамдық қатынасы күрделеніп, оның қоғамдағы әлеуметтік мәні де өзгеруде. Мұның бәрі ұрпақ тәрбиесінің мазмұны және әдісі жағынан да өзгеруін қалайды. Абай шығармаларын орта буын оқушыларына оқыту арқылы жаңа қоғамның жаңа адамына керекті қасиет қалыптастыру жолын, оны мектептегі сабақ жүйесінде іске асыру әдістемесі көрсетеді.

Қазақстанның білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне енуге деген талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеруі, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындау сапасын арттырудың қажеттігі заңды құбылыс. Соған орай, білім берудің негізгі мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» білім беру жүйесіне жаңалық әкеле отырып, педагогтарға үлкен жауапкершілікті жүктеді. Сонымен қатар, қоғамдық дамудың қазіргі үдерісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогына түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни, өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

Қоғамда әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық – білім. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, біз зерттеуде мақсат етіп отырған көптілді білім беруге негізделген заманауи қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі. Ең алдымен, зерттеудің мәнін ашатын негізгі ұғымдардың жан-жақты сипаттамасын ашуды жөн көрдік.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту

арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды. Осыған орай, дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «кұзырет», «кұзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдары жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне енгізілген. Біздің мақсатымыз жаһандану жағдайында құзыреттіліктің әрекет категориясына қатысты мәнін, кәсіби құзыреттілік деңгейінде жүргізілген зерттеулерді зерделеу арқылы ашуға ұмтылыс жасау.

Қазіргі таңда Абай мұралары негізінде болашақ педагог- психологтың бойындағы маңызды кәсіби сапалар мен құзыреттіліктердің бірі - қабілеттілік пен мәдениеттілік, рухани құндылық деп айтуға болады. Өйткені, Абай мұралары негізінде педагог- психологқа қажетті қасиет - ол мәдениеттілік пен рухани құндылық. Мәдениеттілік негіздегі көп ұлтты қоғамның білім беру жүйесін құру педагогика ғылымындағы басым бағыттарының біріне айналып отырғанымен, қазіргі таңда бұл мәселені жан- жақты зерттеудің нақты механизмдері даму үстінде болып отыр.

Библиографиялық тізім

1. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек // http://memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna_zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek.html (2020 ж. 1 қыркүйек)
2. Коменский Я.А. Педагогическое наследие. – М.: Педагогика, 1989. – 416с 19
3. Пиаже Жан. Психология интеллекта. – СПб., 2003. – 70 с.

ӨОЖ 3701

ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘНІ

Қыдырәлі Н.Н.

М.Әуезов атындағы ОҚУ

Шымкент қаласы

Ежелгі дәуірден-ақ адамзат баласы өзін қоршаған ортаның, табиғаттың құпиясын танып-білуге, адам мен жаратылыстың өзара қарым- қатынасын ұғуға ұмтылды. Өздерінің тіршілік етуіне негіз болатын материалдық игіліктерді еңбек процесі арқылы ала отырып, табиғатқа әсер етуді, өзгертуді үйренді. Табиғаттың байлығын игерді, ол үшін түрлі техника жетістігін қолданды. Сөйтіп, жер шарының тіршілігі бар ортасы-биосфераны толық меңгерді.

Экология - организмдер мен олардың тіршілік ету ортасы арасындағы, өзара қарым-қатынасты зерттейтін дербес ғылым ретінде XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап қалыптасты. «экология» терминін алғаш рет неміс биологы Эрнест Геккель (1834-1919) өзінің «Организмдердің жалпы морфологиясы», еңбегінде ұсына отырып, оның негізі организм мен ортаның бірлестігі және организмдердің эволюция процесінде өзгеруі деген ұғымнан құралғандығын дәйектейді.

Жалпы Қазақстанның өсу жағдайы әлемдік деңгейге сай келу үшін, өндірістің ғылым мен техниканың дамуы қажет екені белгілі. Ал, бұлардың өркендеуі табиғаттың сан түрлі салаларын шаруашылыққа қарқынды пайдалануды талап етеді. Бүгінгі таңда өндірістің дамуы табиғи ресурстарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаның ластану проблемасын тудырып отырғаны жасырын емес. Қазақстан республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында экологиялық апат аймақтарына мынадай сипаттама берілген: «Егер қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі

нұқсан келтірілсе және табиғи экологиялық жүйелер бұзылып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі азып – тозса, экологиялық ахуал төтенше аймақтар экологиялық апат аймақтары деп жарияланды».

Бүгінгі таңда Қазақстанда екі аймақ - Арал өңірі мен Семей ядролық полигоны ресми түрде экологиялық апат аймағы болып жарияланған. Елдегі экологиялық проблемалардың ұлттық, аймақтық және ғаламдық тұрғыда өзекті болғандығы соншалық Біріккен ұлттар ұйымының тұрақты даму жөніндегі Нью-Йорк конференциясында (маусым,1997) Қазақстан Республикасының, Президенті адамзаттың ғаламдық проблемаларының Кадастрын жасауды ұсынған болатын. Бұл кадастрға Арал өңірі мен Семей полигонынан басқа, еліміздің басқа да бірқатар экологиялық проблемаларын қосуға болады. Еліміздің ұлттық доктринасында республикамыздың экологиясы әлсіз деп танылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының экологиялық, қауіпсіздігі туралы ел президенті 1997 жылдың 30 сәуірінде бекіткен мемлекеттік тұжырымдамада қазіргі және болашақ ұрпақтардың стратегиялық мүдделерін ескере отырып, табиғатты пайдалануды кезең-кезеңімен экологияландыруға көшу стратегиясы белгіленген. Осы стратегия басшылыққа алына отырып, қоршаған ортаны қорғау туралы Заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы», «экологиялық сараптама туралы», «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы» туралы Қазақстан Республикасының Заңдарынан, Қазақстан Республикасының Орман және су кодекстерінен, Республика Президентінің «Жер туралы», «Жер қойнауынан және жер қойнауын пайдалану туралы» бірегей заң күші бар жарлықтары мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастарда реттейтін басқа да заңдар мен нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Жалпы адам баласының табиғатқа жасаған өзгерісінің ауқымдылығы табиғат тепе-теңдігінің кері ауытқушылығын тудырады. Ұзақ уақыт бойы адам табиғат байдықтарын үздіксіз әрі қайтарымсыз пайдаланып, оның азаюына, тіпті жойылуына жол беріп алды.

Адамда табиғи (биологиялық) және қоғамдық (әлеуметтік) сипат болса, оның ең негізгісі әрине, әлеуметтік сипат. Себебі, адам мен қоғам бірлікте. Адам-ақылы мен анасы жетілген, өзін өзге дүниеден бөліп қарай алатын, ішкі дүниесін танып - игеруге қабілетті тұлға.

Ертедегі шығыс дүниетанымының қалыптасуы екі мәселе төңірегінде топтасты. Бірі - аспан, көк, ай, күн, жер, олардың шығу тегі, өзара байланысы, әлемдегі барлық тіршілікке әсері жайлы болса, екіншісі -адамгершілік, адамдық қатынас жайында орныққанды. «Таным -философия ілімінде түбегейлі орын алатын, үлкен мәнге, ие, материализм мен идеализм арасындағы шиеленіскен күрестің арқауына айналған проблема. Таным-адам санасын дамытудың негізі». Таным объектілеріндегі адамның практикалық әрекеті дегеніміз адамдардың табиғатты және қоғамдық құбылыстарды мақсатты түрде өзгертуге бағытталған қызметі. Бұл іс-әрекет, ғылыми ізденіс пен тәжірибе арқылы жүзеге асып отырады. Байқап отырсақ «Адам-қоғам-табиғат» үштігі, өзара тығыз байланыста екен. Адам ғылыми теорияны, білімді меңгере отырып, айнала қоршаған ортаға, қоғамға ықпал етеді, өзгертеді, тіпті билік те жүргізеді.

Әрбір мемлекет, қоғам, халық өзінің тарихи әлеуметінде түрлі кезеңдерден өтетіні белгілі. Осындай процесс барысында қоғамдық қатынастардың жүйесі стихиялы түрде белгілі бір өзгерістерге түсетіні хақ. Ғылымда бұл мәселелерді формациялық немесе өркениеттік парадигмалар тұрғысынан қарастыру дәстүрі орын алған.

Жалпы саяси мәдениет пен сана туралы айтқанда адам факторын, яғни адам дүниетанымы мәселесіне тоқталмау мүмкін емес. Шын мәнінде әлемде қанша адам болса, сонша көзқарастар мен дүниетанымдар бар. Сол сияқты әр халықтың, ұлттың өзіне тән дүниетанымы болатыны заңды. Егер белгілі бір ұлтты бір бірімен тығыз генотиптік және басқа да байланыстармен шырмалған жеке адамдар қауымдастығы десек, онда саяси сананың күрделі әлеуметтік құбылыс екендігі күмән туғызбайды. Демек, қазіргі кезде

адамзат дүниетанымын батыстық және шығыстық деп екіге бөлуге болады. Бұл стереотиптерге адам факторы тұрғысында түсінік беру үшін әлемнің екі ұлы классиктері - И.Кант пен Ф.Ницшеге жүгінейік. И.Канттың категориялық императиві тұрғысынан алғанда «адам құрал ретінде емес, үнемі мақсат тұрғысында қалыптасу керек». Яғни бұл батыстық дүниетанымның негізінде жасалған тезис. Шындығында да Батыс қоғамдарында Жаңа дәуірден бастап, қай мәселеде болмасын адам факторы ерекше орынға ие. Ал, Шығыс қоғамдарында керісінше, мәселенің шешімінде адамның жеке ролі төмендетіледі. Бұл ретте Ф.Ницше былай деп анықтама береді: «Адамда ең мәндісі мақсат емес, оның өткені мен бүгінді жалғастыратын көпір екендігі: адамды сол үшін де жақсы көруге болады».

Тағылық немесе артта қалушылық туралы идеялардың өзі уақыттың тек синхронды шкаласын қолданудың нәтижесінде, яғни жасы жағынан түрліше адамдарды, халықты құрдас ретінде қараудан туып отыр. Алайда, бұл әдістің ешқандай мәні жоқ, өйткені бұл бір мезгілде профессорды, студентті және мектеп оқушысын салыстырғанмен тең деген Л.Гумилев пікірін мойындамау мүмкін емес. Қазақстан өз тарихында белгілі формациялық кезеңдерді толық бастан өткермесе де, қоғамдық жүйенің түбегейлі өзгерістерін кешкені анық. Ішкі, көбінесе сыртқы факторлардың әсерінен болған бұл өзгерістер арқылы қазақ қоғамының тек саяси, әлеуметтік, экономикалық бағдарлары ғана ауысып қоймай, сонымен қатар дүниеге деген көзқарасының да терең өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Егер XV ғасырда қазақ ұлы болып қалыптасып, Ұлы далада өзінің тарихи орнын айқындаса, кейіннен Ресей, Қытай секілді елдермен қарым-қатынас жасап, батыс пен шығыс мәдениетін бойына сіңіре білді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұлттық руханиятты қайта түлету үрдістері ерекше белсенділікпен жүріп, одан кейінгі кезеңдері біраз бәсеңдеді. Оның орнына батыстық құлдылықтардың эталон қызметін атқаруы эшілеп, нарық экономикасының бірден-бір талабы ашық қоғамға ұмтылыс кезге түсті. Бұл процестердің өз деңгейінде реттелмеуі, қоғамдағы дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы тірестің тууына, ал ол өз кезегінде қоғам санасында қайшылықтардың пайда болуына әкеп соғады.

Қазақстан Республикасын негізінен қазақ ұлты құрайтындығын, оның осы аймақты мекен еткен халықтардың еркімен құрылған мемлекет екенін, ескерсек, онда қазақтарды этногенотиптің шығыс жарты шарына жатқызуға болады. Мәселенің даулы екендігіне қарамастан, қазақстандық қоғамға шығысты ойлау тәсілінің кейбір өркениеті кеше ғана пайда болған Еуропаға қарағанда, мыңдаған жылдық тарихы бар шығыс өркениетімен көп ғасырлар бойы тығыз байланыста болған кешпенділер үшін Азия өмірі беймәлім деуге болмайды.

Зердені ғылыми негізде түсіну табиғаттың сырын ашуға, әсіресе, жаратылыстанудың негіздерін дамытуға, таным теориясын адам өмірінің кейбір салаларымен байланыстра зерттеуге жол ашты. Табиғатты барлық жағынан зерттеп, игеру қолға алынды. Табиғатты зерттеуде жаратылыстану ғылымы одан әрі өркендеп, адам баласы дүниені меңгеруге кірісті. Табиғат өзінің дамуында «ең құдіретті» қасиетіне ие бола отырып, адамды, оның ақыл-ойын қозғады. Осыған байланысты адам және оның мәні табиғаттың заңдары арқылы түсіндірілді. Бұдан келіп, табиғатты зерттеген жаратылыстану, экология, дүниетаным ғылымдары дамып, бірқатар мүмкіндіктерге қол жеткізді.

«Қоғам-адам-табиғат» арасындағы мақсатты байланыс пен сәйкестік әрине білімді, ақыл мен сананы қажет етеді. Табиғат пен білім мәдениет арақатынасы-адамдар қызметінің жемісі. Олардың қарым-қатынасының өз тарихы бар. Себебі табиғат білім мен мәдениет дамуының алғы-шарты бола отырып, олардың табиғи процестерге тікелей араласуынан көркеюі немесе құлдырауы мүмкін. Табиғат пен мәдениет арақатынасын шешкенде табиғатқа деген қамқорлық, мейірімділік әр кез есте болу керек. Адамның табиғатқа қатысы оның қоғамдық өмір сүру тәсіліне негізделеді. Осыдан келіп адамның

білім мен мәдениет дәрежесін анықтауға болады. Жаңа мыңжылдықта Қазақстан мемлекетінің барлық саладағы бет-бағдары өзгеруде.

Экологиялық тәрбие еңбек тәрбиесімен байланысты, өйткені өндірістік іс-әрекеттің барысында адам жерді пайдалану негіздерін, топырақты эрозиядан қорғауды игеру, дақылдарды суару мөлшерін, минералдық тықайтқыштарды, улы химиялық заттарды беру мөлшерінің мерзімін технологиялық талаптарға сәйкес есепке алып отырады. Оқушылардың экологиялық білімнің белгілі жүйесін игеруі, табиғатты қорғауы, жер байлығын тиімді пайдалануы экологиялық мәдениетті жетілдіріп, дүние тану көзқарасын қалыптастырады.

Библиографиялық тізім

1. Экологиялық білім бағдарламасы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстан Білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. 2009, 127 б.
2. Кішібеков Д., Сыдықов Ү. Философия. А., 1994, 202 б «Қазақ ССР экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ереже», 2011, 117 б.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экология және табиғат қорғау. А., 2002, 321 б

ӘОЖ 3701

ЖАҢА ФОРМАЦИЯ МҰҒАЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мекебаева Ф.

М.Әуезов атындағы ОҚУ

Шымкент қаласы

Жаңа ғасырдың ақпараттық қоғамына қажетті жаңа тұрпатты мұғалім дайындау мәселесіне байланысты 2005 жылы 18 тамызда «Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрпатты мұғалім даярлаудың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» және «Қазақстан Республикасындағы жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасының» жобалары ұсынылды [1,2]. Осы екі жобаның біріншісінде жаңа тұрпатты мұғалімге – рухани жетілген, шығармашылық қабілеті жоғары, өзіне сын көзбен қарай алатын, кәсіби дағдылары, педагогикалық дарыны бар, жаңашылдыққа ұмтылатын тұлға ретінде анықтама берілген. Мұғалім идеалы – білімнің құндылығын айқын түсінетін, «мәдениеті жоғары адам», өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс делінеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделді [2].

Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқыту-дың жаңа технологиялары пайда болуда.

Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды

компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Соңғы жылдары білім беру аясы жүйесінде компьютерлік техниканы пайдалану белсенді түрде жүзеге асырылуда. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз– оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техниканың техникалық құралдары, олардың ролі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни, ақпараттық технология – білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және балаларға білім беруші құрал.

Ақпараттық технология қызметінің құралы ретінде жаңа ақпараттық технологияның компьютерлік құралдары қолданылып жүр, алайда заман талабына сай компьютерлік техниканың дамып жетілуіне байланысты ғылыми сипаттағы компьютерлік бағдарламаларды жасау керек және ол оқушының іс әрекетінің интеллектуалды құрылысымен сәйкес келуі тиіс.

Кәсіпқой мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасушының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдын-ала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылықтарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болу керектігіне назар аударылады.

Жаңа тұрпатты мұғалім үш түрлі құзыреттілікке ие болуы тиіс: әдіснамалық, жалпымәдени, пәндік-бағыттылық. Педагогикалық қызметтің шығармашылық бағытталуы, біріншіден, мұғалімге мамандығы үшін мәні бар күшті және әлсіз жақтарын (өзін-өзі тануын, эмоционалдық қалпын, коммуникативтік және дидактикалық қабілеттерін және т.б.) бағалай алуы; екіншіден, зияткерлік мәдениетін (ойлау, ес, қабылдау, зейін), мінез-құлық, қарым-қатынас, соның ішінде педагогикалық қарым-қатынасты меңгеруі; үшіншіден, қазіргі интеграциялық үдерістер, әлемдік білім берудің даму тенденцияларын бағдарлай алу сияқты мәселелерді қарастырумен байланысты.

Жаңа тұрпатты мұғалім ұғымының теориялық еңбектерде қарастырылу жайы, айтылған мәселелерді жүзеге асыру үшін жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруда ақпараттық технологияларды да қолданудың дидактикалық шарттары, ақпараттық технологияларды қолдану мазмұны сынды мәселелер өз шешімін табуды көздейді.

Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын жаңашыл мұғалімдерді даярлау. «Жаңашыл мұғалімдер «педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үдерістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға болуы керек».

Педагогикалық білім берудің ең жоғарғы мақсаты - жаңа тұрпатты мұғалімнің жалпы және кәсіби дамуының үздіксіз жүргізілуі деп есептейміз.

Библиографиялық тізім

1. «Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрпатты мұғалім даярлаудың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы». Астана, 2005 жылы 18 тамыз.
2. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңы. Астана, 1997.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Паиштай А.

М.Әуезов атындағы ОҚУ

Шымкент қаласы

Қазақ тарихында ұлттың мұратын жоғары қояр ұлы тұлғалардың қатары өте көп. Қай салада болмасын, қазақтың біртуар азаматтары ел мен жер үшін қызмет етіп, өз есімдерін тарихта қалдырғанын білеміз. Сондай ұлы тұлғаның бірегейі ақын Абай болып табылады. Абай мұрасы және Абайтану мәселелерін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінің қорытындыларымен, тікелей мектеп практикасында Абай мұрасын оқыту, ол арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы мектеп мұғалімдері тағы басқалардың еңбек тәжірибелерінің қорытындыларына сүйене отырып, мектептегі Абайтану – оқушылардың нақты іс әрекеті, мінез-құлқын ұйымдастыру, оған бағыт беруді негізге алуы керек – деген ұйғарымдарға келдік. Абай мұрасының танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір оқушының жеке тұлғалық сапалары мен қабілет, қасиеттерін дамытуға бағытталған күнде ғана тиімді болмақ. Оқу үрдісінде болсын, тәрбиеде болсын ұстаздардың ақын мұрасын пайдаланудағы негізгі міндеті, біріншіден, оқушыларды Абай мұрасын танып білуге ынталандыратын психологиялық ахуал туындату; екіншіден, ақын мұрасын саналы игеруден, ондағы өмірлік мағыналы пікірлерін іс жүзінде пайдалану тетіктерін меңгерулеріне шарт түзу. Абай шығармаларына сүйенсек тұлға тұтастығы оның рухани тұтастығынан туындайды.

Рухани тұтастық – адамның сана, сезімі, мінезқұлқы, іс-әрекетінің тұтастығы, немесе бір жерден шығуы. Сөйтіп біз, біртұтас бес түрлі ой желісінен тұратын Абай мұраларын оқутәрбие үрдісіне ендірудің тұжырымдамасын жасадық. Бұл тұжырымдама ақын мұрасын танып-білуді жүзеге асыратын кезкелген оқу-тәрбие ұйымдары үшін пайдалы, немесе негізге алуына болатын әмбебеп сипатта. Ол тұжырымдама мынау: Бірінші, жастар мен балаларда біртұтас тұлға туралы ұғым қалыптастыру. Абай мұрасына сүйенсек біртұтас тұлға-мұрат адам (идеал адам). Абай шығармаларының барлығын теориялық жақтан терең талдау, оның бүкіл өмір бойы, тоқтаусыз ізденулерінің түпкі масаты – адам болмысы, оның ішінде мұрат адам болмысы екендігін көрсетеді. Оның көптеген шығармалары осындай біртұтас тұлға қалыптастыруға бағытталған. Абай ұғымында тұтас тұлға, немесе мұрат адам деп мынадай қасиеттер жүйесіне ие болған адамды айтуға болады: 1. Ой-санасы бүтін - «ой кеселінен қашық» (31 қ.с.). 2. Қабілет, қасиеттерінің тұтастығы қабілеттің адамдық қасиеттердің дамып, қалыптасуына қызмет етуі – «талаптың аты орындап, әр қиынға салған шақ». 3. Рухани беріктік – «көкірегі берік, байлауы болуы» (31 қ.с.). 4. Сенімнің мығым болуы – «өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап». 5. Іс-әрекетінің ізгі бағыты – «әкенің баласы болма, адамның баласы бол». Тұжырымдаманың біріншісі, жоғарыда берілген 5 пікірдің барлығын тұтастырып бір бағытқа жұмсауға, тұтастыруға шарт түзетін адамның алдында 6 тұратын мұраты. Мұның барлығы студенттердің Абай мұрасымен толыққанды таныса келе өз кәсібінде пайдаланудың маңыздылығын арттырады. Сондықтан Абайтану ғылымымен танысып, болашақ мамандардың психологиялық сауаттылығы бүгінгі күннің басты талаптарының біріне айналды. Көп салалы психология курсының қай-қайсысы болмасын студенттің тұлғалық дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Психология пәнін студенттерге меңгертуде жоғары мектептің психология пәнінің оқытушысы тек педагог қана емес, психолог маман сапасында да көріне білуі біз мән беріп отырған қазіргі заманғы маманды даярлауда басты рөл атқарары анық. Сонымен қатар «психологияны оқыту әдістемесі» психология ғылымының негізгі базалық саласына жатады және

«психологияны оқыту әдістемесінің» пәні білім беру (оқыту мен тәрбие) үрдісін ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтары, құралдары мен тәсілдері болып табылады.

Білім беру (оқыту мен тәрбие) үрдісін ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтарын кейбір жалпы алғанда көптеген оқушылар үшін осы үрдісті ұйымдастырудың тәсілдері мен психиканың қалыптасу және даму ерекшеліктерінің аралығындағы қатынасы деп түсіндіреді. Психиканың қалыптасу ерекшеліктері туралы сұрақ-қоршаған ортадағы және генетикалық факторларының күрделі қатынасы туралы-психологияны оқыту әдістемесінің төңірінде ғана емес, сондай-ақ педагогика, медицина, философия, дидактика және т.б. ғылым саласында да осы құралдармен және эксперименттік ізденістермен таныстыру маңызды. Осы білімдер келешекте студентке психологияның аталған іргелес ғылымдарды тиімді игеруге, сонымен қатар оқытушы ретінде нәтижелі қызмет атқаруға мүмкіндік береді. Соның салдарынан темпераментімен, қабілеттерімен, мінезімен, ой түрі мен, тұтастай т.б. психикалық даму деңгейімен айрықшаланатын оқушылар мен жұмысқа дайындық жүргізу барысында студент-психолог өзінің педагогикалық іс-әрекетін компонентті орындауда, тек психологияны оқыту әдістемесі саласында бүгінгі педагогикалық-психологиялық біліммен қаруланған жағдайда ғана нағыз маман бола алады.

Қоғамдағы орын алып жатқан сорақы қылықтардың жиі көрінуі – ұлттық тәлім-тәрбиенің, отбасылық құндылықтардың дұрыс насихатталмауынан, тәрбие жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуінен туындап отырған құбылыстар. Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби: «Халық өткен өмір тарихын білмесе, өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің қадірін бағалай алмайды» – деген екен. Олай болса, тарихқа, тарихи бастауларға, мәдени мұраларымызға қаншалықты терең үңілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз. Осындай тарихи мұралардың бірі де бірегейі – қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың философиялық ойлары тұжырымдалған қара сөздері. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздері адамзатқа рухани азық, ерекше тәлім береді, адамгершілікке үндейді. Мысалы, жетінші сөзде.... «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды... Енді бірі не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, т.б. ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген жан құмары» дегенді айтады. Бұл қара сөзінде «тән құмары», «жан құмары» деген күрделі философиялық ұғымдар айтылады. Бұл екеуі де – 69 адамзат болмысына тән сипаттар. Тәрбие осы екеуін саралап, оның адам баласына қажеттілігі мен маңыздылығын танып-білетіндей деңгейде жүруі керек. Яғни, тәрбиелеу ұғымындағы жанның азығы мен тәннің қажеттіліктері тиісті деңгейінде балаға беріліп отыруы керек, біржақты болу, белгілі бір құмарлыққа басымдық беру адамның адам болып қалыптасу мүмкіндіктерін тежейтінін көрсетеді. Мағжан Жұмабаев тәрбиелеу бағыттары туралы: «Тәрбие төрт түрлі: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала мығым денелі, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» деген тұжырым қалдырған.

Библиографиялық тізім

1. Мырзахметов М. Абай жүрген ізбенен. -Алматы.-1984 4. Ахметов З. Абайдың ақындық тағылымы. -Алматы.-1995

2. Жақыпов С.М., Тоқсанбаева Н.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі. Алматы, 2012
3. Бадмаев Б.Ц. Методика преподавания психологии. М., 2001

ӘОЖ 3701

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Рамбаева А.

*М.Әуезов атындағы ОҚУ
Шымкент қаласы*

Қазақ қоғамындағы жастардың өмірлік құндылықтарын зерттеу мәселесінің өзектілігі бүгінгі жастардың болашақтың бастауы екендігіне байланысты. Мәдени-тарихи дамудың әр кезеңінде әлеуметтік қатынастардың ерекшелігі жас ұрпақ санасының дамуындағы белгілі бір мақсаттарын талап етеді. Жастар ортасында инновациялық әлеует пен консерватизм айқын үйлеседі, бұл өзін-өзі анықтау процесіне әсер ете алмайды.

Мектепті бітіру уақыты-бала мен ересек адамның арасындағы жетілу мен дамудың белгілі бір кезеңі. 15-18 жас — бұл тәуелді балалық шақтан тәуелсіз және жауапты ересек жасқа көшу кезеңі, ол бір жағынан тез физикалық жетілуді аяқтауды, екінші жағынан әлеуметтік жетілуге жетуді ұсынады.

Психолог И.В.Дубровинаның пікірінше, ол «Адамның айналасындағы шындыққа деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететін тұлғаның тұрақты қалыптасуы ретінде құндылық бағдарларын қалыптастыруға сезімтал» [2]. Айта кету керек, мектептердің жоғары сынып оқушылары әлеуметтік жүйенің толық бейнесін көрсетеді және бір-бірімен де, сыртқы элементтермен де үнемі өзара әрекеттеседі. Сондықтан мектептегі оқу процесінде белгілі бір өмірлік бағдарларды қалыптастыру мәселесі жастардың өмір жолын қалыптастырудың негізгі проблемаларының бірі болып табылады.

Өмірлік құндылықтар-бұл адам үшін белгілі бір басымдық. Олар адамның мінез-құлқын, оның айналасындағы әлемге деген көзқарасын қалыптастырады, белгілі бір жағдайда қабылданған шешімдерге әсер етеді. Жасөспірім кезіндегі әр адам өмірде не үшін құнды екенін анықтауға тырысады, мақсаттар қояды және осы мақсаттарға жету жолдары туралы ойлана бастайды.

Барлық адамдар үшін құндылықтар мүлдем өзгеше болуы мүмкін, біреу үшін бұл баспана, киім, ақша, біреу үшін отбасы, балалар, жұмыс. Тұлғаның қалыптасуы адамның жеке құндылықтарының белгілі бір жүйесін қалыптастыруды қамтиды. "Құндылықтардың болуы, – деп жазды С. Л. Рубинштейн, - адамның әлемге деген немқұрайлылығының көрінісі, ол әр түрлі аспектілердің, адам үшін, оның өмірі үшін әлемнің аспектілерінің маңыздылығынан туындайды" [3]. "Жетілген тұлғаның деңгейі, психологтардың пікірінше, құндылық-семантикалық детерминация деңгейі, мағыналар мен құндылықтар әлемінде өмір сүру деңгейі. Б.В. Зейгарник және Б. С. Братусь атап өткендей, жеке тұлға үшін "қозғалыстың негізгі тірегі – адамгершілік-құндылық" [1]. Авторлардың пікірінше, мағыналар әлемінде өмір сүру-бұл жеке деңгейде өмір сүру (Л. С. Выготский де көрсеткен); мағыналар мен құндылықтар саласы-бұл тұлға мен қоғамның өзара әрекеттесуі жүретін сала; құндылықтар мен мағыналар, шын мәнінде, осы өзара әрекеттесудің тілі". Сондықтан жеке тұлғаны қалыптастыруда жетекші рөл құндылықтарға жатады.

Құндылық бағдарлары-бұл жеке тұлға немесе кез-келген адамзат қоғамы таңдаған, өздері үшін маңызды, қажетті, пайдалы материалдық және рухани игіліктер мен мұраттар және алудың ең қолайлы, лайықты тәсілдері туралы салыстырмалы түрде тұрақты, әлеуметтік тұрғыдан анықталған идеялар жүйесі. Құндылықтар қажеттіліктермен тығыз байланысты. Заттар, құбылыстар және олардың қасиеттері, идеялары адамдарға олардың

қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы, мақсаты ретінде қажет болған кезде құндылықтар түрінде әрекет етеді.

Жастар үшін құндылық бағдарлары әлеуметтену процесінің нәтижесі болып табылады, оның барысында қоғам нормалары, егер ол осы нормаларды қабылдаса, адамның құндылығына енеді. Құндылықтар қоғамдағы жеке мінез-құлықтың тұрақты мотивациялық негізі болып табылады. Жасөспірімдердің өмірлік құндылықтарын ескере отырып, отбасы, денсаулық, қаржылық әл-ауқат (жұмыс), бедел, билік және толеранттылық сияқты факторларды егжей-тегжейлі қарастырған жөн.

Денсаулық – жасөспірімдердің өмірлік құндылықтарын сипаттайтын маңызды аспектілердің бірі. Жалпы, адам денсаулығы-бұл баға жетпес сыйлық, бірақ адамдар көбінесе бұл сыйлықты бағаламайды және жасөспірімнен бастап денсаулығын жоғалтады, дұрыс емес өмір салтын ұстанады (режимнің болмауы, темекі шегу және алкоголь және т.б.). Бүгін жасөспірімдер туралы айтқанда, отбасындағы көпбалалы және аз болуы. Балалардың көп болуы ниеті басқа отбасылық құндылықтармен бәсекелестікте жоғалады. Өмірлік құндылықтарға қатысты сұрақтарға жастар көбінесе басты құндылық отбасы болып табылады деп жауап береді. Бірақ егер орта мектеп оқушысынан мектепті бітіргеннен кейін өмірлік құндылықтардың қайсысы басымдыққа ие болатынын сұраса, онда ол алдымен жоғары білім алғысы келеді, содан кейін беделді және жақсы төленетін жұмысқа орналасады, содан кейін ғана өз отбасын құруға болады деп жауап береді.

Материалдық әл-ауқатқа келетін болсақ, қазіргі жасөспірімдер байып, өз бизнесін құруға үлкен ықыласқа ие. Балаларға қарағанда анағұрлым беделді құндылықтарға бағдарлану жиірек, сәйкесінше сол мақсатқа жетуге деген ұмтылыс көп байқалады. Яғни, жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу, материалдық әл-ауқатқа ұмтылу. Толеранттылық жасөспірімдерде өмірлік құндылықтардың қалыптасуына тікелей байланысты. Соңғы жылдары қоғамдағы, оның ішінде жасөспірімдер арасындағы толеранттылық мәселесі кеңінен таралды. Мұны саяси, этникалық, діни және басқа көзқарастармен адамдарға төзбеушілік жағдайларының көбеюімен салыстыруға болады. Қарсыластар арасындағы өте қатал қақтығыстарға әкелуі мүмкін ашық қақтығыстар жиі кездеседі. Зерттеушілердің пікірінше, бұл адамдарға төзімділіктің төмендеуімен, өмір сүру деңгейіне қанағаттанбауымен байланысты. Бұл мәселеде жасөспірім жасына көп көңіл бөлінуі керек, өйткені дәл осы жаста адамның қалыптасуы, оның болашақ өмірлік ұстанымын анықтау жүреді.

Толеранттылықты басқа адамдарға төзімділік ретінде анықтауға болады, ол әркім өз нанымдарын ұстануы мүмкін, барлық адамдар сыртқы түрі, мәртебесі, сөйлеуі, құндылықтары бойынша әр түрлі екенін мойындайды, бірақ адамдар басқа адамдарды өздері сияқты қабылдауы керек. Бүгінгі таңда толеранттылық мәселесі ең алдымен тәрбиемен байланысты. Толеранттылық мәселелерін талдауда отбасылық қатынастар - бала-ата-ана қатынастары аясында үлкен мән беріледі.

Қазіргі қоғамда өмірлік құндылықтарды қалыптастырудың ажырамас бөлігі білім болып табылады. Білім беру-бұл кез-келген білім мен дағдыларды алу ғана емес, сонымен қатар олардың мәртебесін көтеру, сонымен қатар болашақта материалдық әл-ауқаттың артуы және олардың жұмысына қанағаттану. Білім беруден басқа, жасөспірімдердің өмірлік бағдарлары мен олардың көзқарастарын қалыптастыруға әсер ететін маңызды факторлар жалпы қабылданған нормалар мен құндылықтар, елдегі әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлар болып табылады, сонымен қатар отбасы, мектеп, БАҚ және т. б. үлкен рөл атқарады.

Қазіргі жастар өте қиын жағдайда, өйткені қоғамда қалыптасқан өмірлік құндылықтар айтарлықтай өзгерді, сондықтан жас ұрпақтың мотивтері, мақсаттары мен көзқарастары да өзгерді, білім беру беделінің төмендеуі байқалады - жұмыс істейтін жастар олардың табысы білімнің болуымен немесе болмауымен мүлдем байланысты емес деген көзқарасты ұстанады. Осылайша, бүгінгі таңда мектеп тек білім беру функциясын ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік функцияны да орындайды, сондықтан сұрақтар

қызықты болады: жоғары сынып оқушылары мінез-құлық ережелері мен нормаларына қалай қарайды, мектепте қабылданады, мұғалімдермен және сыныптастармен қарым-қатынас, жанжал жағдайларының пайда болуы.

Библиографиялық тізім

1. Зейгарник, Б.В., Братусь, Б.С. Тұлғаның қалыптан тыс даму психологиясы туралы очерктер / Б. В. Зейгарник, Б. С. Братусь. – М., 1990.
2. Клепиков, В. Н. Екінші буын ФГОС контекстінде мектеп оқушыларының құндылық бағдарларын қалыптастыру / В. Н. Клепиков // Муниципалитет: инновация және эксперимент. 2011. № 4. 3-6 б.
3. Лопатина, Я. В. Жоғары оқу орнындағы білім беру процесін ізгілендіру / Я.В. Лопатина // РМӘУ ғылыми жазбалары. 2009. № 10. С. 120-122.

ӨОЖ 3701

ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МҮМКІНДІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ

Тұрғанбек Н.

М.Әуезов атындағы ОҚУ

Шымкент қаласы

Республикасының «Білім туралы» Заңының негізгі міндеттерінің бірі – оқушының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осыған орай, жеке тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, ой-өрісін, шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі мен ойлау қызметінің артуына ықпал ету, оны одан әрі дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектілік ресурстарымен тығыз байланысты. Зияткерлі ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық ұстаным, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қана тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын қалыптастыру арқылы да биік мұратқа жетуге болады. Ал, оның түпкі мақсатында инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысымен мұндалап тұр. Өкінішке орай, бүгінгі таңда біздің елімізде зияткерлік тапшылық қай кездегіден де жоғары.

Ел кешегі – кемел білімде. Ол ғылыми мазмұнға ие болып, саналы тәрбиеге негіз қаласа, сонда ғана алға қойылған міндеттер діттеген жеріне жетпек. Осы орайда, елімізде ғылымға, озық технологияға негізделген білім беруде әлемдегі ең азулы, бай, қуатты мемлекеттердің бұл салада өзгеге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері бар екенін ешкім жоққа шығара қоймас. Ал, біз үшін сондай ерекшелік, сипат, бәрінен бұрын, ұлттық болмыстан, ғасырлар бойы ұлы даладағы ұлы бабаларымыз жасаған тарихи, мәдени, рухани мұрадан бастау алуы қажет. Материалдық игіліктерді бірінші кезекке шығарып, рухани игіліктерді кейінгі ысырған қазіргі жаһандану үрдісінде біз осы мәселені мықтап ескеруіміз қажет. Мына адуын заманда, қоғам өзгерген, адам өзгерген, сана өзгерген уақытта біздің сол жаһандану атты сұрапыл құбылысқа қарсы қояр амалымыз осы болмақ. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде [1].

Ақыл-ой иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі – өзін қоршаған ортаны танып білу үрдісі. Бұл туралы Абай атамыз өзінің қара сөзінің бірінде былай деген: адам баласы дүниеге келгенде ішсем, жесем деп келеді, бұл тән қажеттілігі, ал білсем, көрсем

деген жан қажеттілігі. Адам айналадағы қоршаған дүниені табиғи әлемді танып білемін деп, белсенді әрекетке араласады. Сонымен танымдық іс-әрекеттер барысында адам өзін қоршаған орта туралы дүниетанымы кеңейеді, білімі тереңдейді, нәтижесінде заттар мен құбылыстар туралы жүйелі, нақты білімге айналады.

Жалпы білім беретін мектептерде жоғары сынып оқушыларының тұлғалық – зияткерлігін танымдық іс-әрекеттер арқылы қалыптастырудың маңызы зор. Адам еңбектің, танымның және қарым-қатынастың субъектісі ретінде іс-әрекет барысында қалыптасады. Ал, іс-әрекет қызығушылықты, сезімді оятып, жаңа қажеттілікке ұмтылады. Ерік-жігерді, энергияны белсендіреді. Бұлардың бәрі жиналып келіп зияткерлі тұлғаны қалыптастыруға құрылыс материалы болып келеді [2].

Іс-әрекет дегеніміз – саналы түрде реттелетін адамның ішкі (психикалық) және сыртқы (физикалық) белсенділігі. Адамның іс-әрекетін М.С.Каган, Н.Е. Щуркова ұсынған. Іс-әрекеттің мынандай түрлерін: танымдық іс-жіттемесін әрекет, еңбектік іс-әрекет, көркемдік іс-әрекет, спорттық іс-әрекет, қоғамдық, құндылық –бағдарлық іс-әрекет, іс-әрекет, коммуникативтік іс-әрекет.

Соның ішінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті – күрделі үрдіс. Себебі ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу-танымдық іс-әрекет – оқушының білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады.

Танымдық іс-әрекет оқушылардың көзқарасын, дүниетанымын кеңейтеді, кітап оқуға деген ықыласы, танып-білуге деген құмарлығы, білім алуға деген қажеттілігі артады, оқушының зияткерлі тұлға ретінде дамуына және ғылыми білімдерді меңгеруіне жағдай жасайды. Танымдық іс-әрекеттер арқылы оқушылардың тұлғалық – зияткерлігін қалыптастыруда шетелдік ғалым Б.Блумның танымдық іс-әрекеттің мақсаттары білім, түсіну, қолдану, анализдеу, синтездеу, бағалау деп алып, оқушының нақты мақсат барысында атқаратын іс – әрекетіне, күтілетін нәтижені нақтылап, оның иерархиясын кесте түрінде береді. Оқушылардың тұлғалық-зияткерлігін қалыптастыруда танымдық іс-әрекеттермен бірге танымдық бағыттарды (стратегияларды) қарастырамыз. Танымдық бағыт деп, танымдық іс-әрекеттің нәтижесін жүзеге асыруға бағытталған ой операцияларының және сыртқы әрекеттердің бірізділігін айтамыз. Танымдық бағыт деп танымдық үрдістердің кешенді динамикалық ұйымдастырылуы. Ғалым А. А. Плигин оқушылардың танымдық бағыттарын жан – жақты зерттеп, өз еңбегінде оны жүйеленген [3].

Ғаламдық бәсекелестік қабілеттіліктің қарқынды дамытылуына, қазірдің өзінде, әсіресе, елдегі білім беру деңгейі, адами зияткерліктің дамуы, инновациялық өсу, шығарылатын білімдер мен істелінетін қызметтердің атқарылу сапасы айырықша әсер ететіні дамыған елдердің тәжірибесінен белгілі болып отыр. «Соңғы 10-15 жыл бойында бәсекеге қабілеттіліктің жаңа өлшемі пайда болады: салмақ жаһандық экономикасының жаңа сапаға «білім экономикасына» өтуіне түсіріледі. Елдің білім деңгейі мен оның әлемдегі бәсекелестік ұстанымы, бірінші кезекте оның оқушылардың сапасына – адамдық интеллектіге байланысты екендігін көрсетсе керек. Мұнда білім – ғылым және жаңа технологиялардың зияткерлік дербестіктің шешуші факторына айналып отырғанын байқауға болады.

Осындай жаһандану заманындағы жалпы білім беретін мектептердің негізгі мақсаты – дербестіктің рухани-интегративті қасиет ретінде қалыптасуын ескеріп, креативті, құзыретті, дербес, зияткерлі тұлға қалыптастыру қажет.

Біздің республикамыздың қазіргі заманғы дамуы әлеуметтік және экономикалық үрдістердің күрделі байланысында өтіп жатыр. Ол жаңа жағдайда компетенттілік, жауапкершілік және шығармашылық белсенділіктің жоғары мөлшерін көрсетіп, іс-әрекет

ететін дербес, зияткерлі тұлғаны қалыптастырудағы қоғамның қажеттілігін біршама ұлғайтады. Дербес, зияткерлі тұлғаны қалыптастыру мәселелерін зерттеуге байланысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, бұл мәселе бойынша ғалымдардың бірнеше концептуалды түсініктерін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Дербестік мәселесін зерттеу сипаттамасы негізінде біз келесі қорытындыға келдік, адамның жеке функцияларының тұлғаның қасиеттері мен сапаларының дамуы тұтас тұлғаның дамуына, және соның объективті мазмұнына тәуелді. Оқушылардың дербестігін қалыптастыру мәнін зерттеуде тұлға құрылымының психологиялық концепциялары ерекше маңызды болып табылады. Ол тұлғаны құруда жүйелік тұрғыдан келудің белгілерін көрсетеді және дербестікке тұлғаның қасиеті және сапасы ретінде қарауға мүмкіндік береді [4].

Қазіргі таңда қоғамның рухани жаңаруына байланысты дербестіктің жаңадан шоғырланған үлгісін құру қажеттілігі сезіледі. Ал бұл «дербестік» ұғымын қалыптастыру саласында жаңарған рухани-этикалық құндылықтарды құру ауқымды тәрбие жұмысын қайта қарауды талап етеді. Осы тұрғыда «дербестік» категориясы нарықтық қатынас жағдайында педагогикалық феномен ретінде жаңа мазмұнды мәнге ие болады.

Ал, «дербестік» ұғымының мазмұны мен мәнінің шығу тегіне келетін болсақ, оның қалыптасуын түрлі уақыт кезеңдерінен байқауға болады.

Қазіргі заманғы педагогикалық ғылымда оқушының дербестігі түсінігі оқу-тәрбие үрдісінің еңбек тәрбиесі (А.И.Кочетов, В.В.Сериков), адамгершілік тәрбиесі (О.С.Богданова, З.И.Васильева), оқушылардың өзін-өзі қалыптастыру мәселесі (А.Г.Ковалев, А.И.Кочетов) өскелең ұрпақтың өнерпаздық ұстанымы, дидактикадағы оқушылардың өнерпаздық ұстанымы (Ю.К.Бабанский, В.Е.Гурман, М.А.Данилов, М.Н.Скаткин) функцияларының жүзеге асырылуын білдіреді. Соңғы уақытта дербестіктің жалпы дидактикалық аспектісі дифференциалды оқыту мәселесін қарастыруда және педагогикалық үрдісте оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру тәсілін жүзеге асыруда бейнеленеді (А.И.Конев, М.Н.Скаткин). Бұл тәсіл оқу-тәрбие үрдісіндегі оқушылар әрекетінің мазмұны мен басқару әдістері арасындағы байланыс мәселесін ғылыми түрде негіздейді (Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер, В.Н.Максимова). Сондай - ақ, дербестік педагогика тарихында, біріншіден, оқушының танымдық әрекетінің сапасы ретінде, екіншіден, тұлғалық қасиет ретінде қарастырылады. Танымдық әрекетінің қасиеті ретінде бүкіл тіршілік қарекеті бойы емес, оқыту үрдісінің өзінде қалыптастырылады. Бүгінгі таңда әлемнің өркениетті елдерінде қоғамның маңызды басымды құндылығы ретінде, өзінің барлық қасиеттері, ерекшеліктері мен мүмкіндіктерімен біртұтас адам тұлғасы саналады. Білім беру мен қалыптастыруді жекелендіру зияткерлі тұлғаны қалыптастырудың басты құралы. Оның дамуы болса, ең алдымен, дербестікке сүйенеді.

Библиографиялық тізім

1. С.Ж.Піралиев «Функционалдық сауатылықты дамыту – мұғалімнің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негізі» 2012 – 3-9 б.
2. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы/ құрас. С. Қалиев, К. Аюбай. - Алматы, 2004. - 309 б.
3. Демеуова Л. Танымдық іс – әрекеттер арқылы оқушылардың тұлғалық – зияткерлігін қалыптастыру. // Бастауыш мектеп, 2010, №9. Б. 12 – 14
4. Жұмабаев М. Педагогика. - 3-ші бас. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 145 б.

ӘОЖ 3701

ТҰРМЫСЫ ҚОЛАЙСЫЗ ОТБАСЫНАН ШЫҚҚАН АГРЕССИВТІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Устемирова Б.
М.Әуезов атындағы ОҚУ
Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын және негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайтын білім беруді дамыту тұжырымдамасы мемлекеттік тәуелсіздікті қалыптастыру мен нығайтудың, елдің прогресшіл дамуының негізін құрайды. Бұл тұжырымдамада көрсетілгендей ағымдағы жағдай және білім беруді дамытуды тежейтін факторлар бөлімінде негізгі мәселе мектеп жасына дейінгі жас кезеңдегі эмоциялық дағдарыстар деп көрсетіледі. Сондықтан соңғы жылдары мектеп жасына дейінгі балалардағы агрессивтілік жағдай бой көрсетіп келеді. Осы бала бойындағы агрессиялы әрекеттің пайда болуын психологтар жан-жақты түсіндіреді. Агрессияның қай түрі болса да, бұл өзгеге қиянат көрсету дегенді байқатады. Агрессияның қай түрін зерттейтін психологиялық бағыт болмасын әр қайсысы өзінше түсіндіреді.

Психоаналитикалық бағытты ұсынғандар: З.Фрейд, А.Фрейд, Э.Фромм, А.Адлер, К.Юнг, К.Хорни және т.б. анықтауы бойынша агрессия — инстинкті, қастандық әрекет, бұл сана мен санасыздықтың арасындағы дау-дамай, адамның психологиялық қорғанысының бір түрі. Әрекетке тиесілі бағыт: бұл жерде агрессиялық қимыл, эволюциялық процеске емес жағдайға байланысты қарастырылған. Дж. Доллард, Л.Берковитц, С.Розенцвейгтер агрессияны - фрустрация әсері деп қарастырған.

Гуманистік бағыт: (К.Роджерс, В.Франкл, Ф.Перлз) түсіндіруі бойынша агрессия – бұл шектелген бостандыққа индивидтің мәжбүр болған жауабының әрекеті. Агрессияны түсіндіру – бұл психологиялық қорғаныстың жан-жақты әр түрі. Әлеуметтік оқыту бағыты: (С.Н.Ениколопов, Л.Берковиц, Д.Зильман) бұл тұжырымның құрамына агрессиялылық – яғни үйрету нәтижесінде қалыптасқан әрекет, мінез көрінісі болып қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасында бала тәрбиесі мен білім беру жүйесін нығайтуда баланың эмоциялы күй-жағдайына көбірек көңіл бөле отырып дамыту негізгі мәселесі болып қарастырылған. Бүгінгі таңда осы проблема ауқымды, өзекті мәселе. Қоғамның дамуындағы жеке адамның эмоциясы тұрақты нормада болуының қоғамға әсері, экономикалық техниканың жетістіктеріне жетуге итермелейтіндігі. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында былай деді: «Біріншіден, осы өңірде тұрақсыздық пен діни экстремизм етек жая бастауы. Екіншіден, географиялық орналасуы жағынан алғанда Қазақстан бел ортасында тұрған өңірде есірткі таратудың тыйылмай отыруы». Нашақорлық, өзгеге қиянат зорлық көрсету сияқты осындай жағдайлар адам бойында кері әсердің жиылуы, агрессивтілік әрекеттің осылай бой көрсетуі - өзін және өзгені талқандауы. Бұл көрініс баланың тұлғалық дамуында қалыптасуының алдын алу, мұны мектепке дейінгі жастан бастап қолға алу қажеттілігі. Яғни ерте мектепке дейінгі жас, тұлғаның оң көрсеткішті құндылықтарының дамуының негізгі фундаменті. Балаға ерте жастан ішкі кері әсерін, өзіне немесе өзгеге бағыттау емес, оны ойын арқылы затқа ауыстыру жолдарын үйретіп отырған жағдайда, бала өсе келе осы артық энергияны еңбекке, спортқа т.б. яғни қоғамға пайда келтіретін тұстарына жұмсап, үлестіріп отырады.

Осы проблеманы көп жоспарлы зерттеуде, осы бағытта психология саласында жұмыс жасаған көптеген отандық авторлар тізімі (Г.А.Андеева, В.В.Знаков, Л.П.Колчина, О.Ю.Михайлова, А.А.Реан, Т.Г.Румянцева, Я.Л.Коломинский т.б.) кездесті. Агрессиялы баланың ызалы кезінде олармен мүмкіншілігінше ыңғайлы қарым-қатынас құра отырып, агрессиялы күйін жағымды жаққа қарай өзгертуге тырысу қажет. Әртүрлі жағдайларда баланың өзін-өзі ұстай білуге психологиялық тренингтер арқылы үйрету керек. Агрессиялы балалармен дау-дамай кезінде жағымды қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын қарастырған жөн. Балалармен психологиялық жағдай құру арқылы эмпатия, адамға деген сенімділік қасиеттерін дамытуға байланысты психологтың өзі үлгі болатындай болу қажет. Адамның өзіндік агрессиялы күйлерін реттеп, бақылау жасау арқылы адам көптеген жетістіктерге жетуі даусыз.

Балаларға неғұрлым көбірек психологиялық көмек көрсетіп, ойындар ұйымдастыру арқылы олардың сеніміне кіріп кері әсерден арылуға көп мүмкіншілік жасауға болады.

Эмоциялық күйлер сипатын көрсететін мәселе бойынша ізденген авторлардың тұжырымдамасында мектеп жасына дейінгі бала агрессиясы және оның түзету-дамыту жолдарына аз көңіл бөлінген, аяқталмаған тұстары көп. Агрессиялық қалып мәселесінің қазіргі уақытта бала бойындағы, мектеп жасына дейінгі шақтан бастап ауқымды бой көтеруі. Ата-аналар осы проблема бойынша өзін, баласын агрессиядан арылтып, жеңілдету мақсатында психологтан көмек сұрап келуінің жиілеуі.

Агрессия, өзгеге бағытталу: Инстинк пен әлеуметтік норманың бір-біріне қайшылығы, қимылдың шектелуінен ішкі жағдайдың туу салдарынан агрессияның, яғни зорлықтың пайда болуы. Адам зорлықты өзіне, өзгеге және қоршаған сыртқы ортаға қатысты жасайды. Өмірге құштарлық және өлімге ұмтылуы, осы қарама-қайшылықтың түсінігі махаббат пен өшпенділіктің бірдей теңдігін көрсетеді.

Агрессияның сыртқа эмоция арқылы көрінуі, талқандаушы энергияның азайып, жеңілдеуін ыңғайлы тәсілмен сыртқа шығарылуы көңілге үміт ұялатады. Осылай әрдайым шығарылуы агрессивті мінез-құлықты, қызбалылықты, кекшілдікті, сарказм мен өсекке жақындылықты бойына сіңдіруі мүмкін.

Библиографиялық тізім

1. Сухомлинский В.А. «Балаға жүрек жылуы». Минск, 1981.
2. Степанов В.Г. Психология трудных школьников. М., Академия, 1996.
3. Төлеуова Ж.А. «Ата-ана жауапкершілігі», Шағын мектеп, №6/2005.
4. Мұсырманов А. «Ата-ана және мектеп ынтымақтастығы», Қазақстан мектебі, №11, 2004.
5. Мырзабаева.Б, Оразымбетова.А, Жайлаубекова.С. «Әлеуметтік педагогтың ауыл мектебіне арналған жұмыс жоспары», Ауыл мектебі №2,2003

ӨОЖ 370.182.62.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ БІЛКІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шырынбек Ш.
БО-119 тобының студенті
Айтқулова Г.А.
магистр, аға оқытушы
Шымкент университеті

Аннотация:

В данной статье рассматриваются вопросы определение задач формирования у подрастающего поколения качеств самостоятельной работы, повышения познавательного интереса к чтению, знания граней и секретов достижений в учебно-воспитательной деятельности.

Abstract:

This article discusses the issues of determining the tasks of forming the qualities of independent work in the younger generation, increasing cognitive interest in reading, knowledge of the facets and secrets of achievements in educational activities.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың өз бетінше жұмыс істеу қасиеттерін қалыптастыру, оқу танымдық қызығушылығын арттыру, оқу тәрбие ісіндегі жетістіктердің қыры мен сырын білу міндеттерін айқындау, соның ішінде бастауыш мектептердегі білім мен тәрбие

беру тәжірибесіне сүйену ерекше көкейкесті мәселе. Қоғамдық дамудың қазыргі кезеңдегі жаңаша ой-пікірлер мен педагогикалық көзқарастардың қалыптасу белесінде әлеуметтік педагогика ғылымдарының ауқымыдылығы кеңейіп оларды зерттеу жан-жақты толығымен түсуде. ҚР-ң Білім туралы” заңы қабылданып, оның негізінде “Білім” мемлекеттік бағдарламасы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатыдағы білім мазмұнының тұжырымдамасы қабылданды. Осыған орай еліміздің қайта өркендеуі, әлемдік желілерге көтерілуі жағдайында бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымдық көзқарасытарын қалыптастыру, оны педагогикалық-психологиялық тұрғыдан дұрыс басқару қазіргі кездегі объективті қажеттілік. Қызығушылығын дамыту–білім алудың негізі болып отыр. Сондықтан, бұл мәселе оқушыларды ғылыми таным әдістері, логикалық ойлау операциялары және жаңаша әдіс-тәсілдермен таныстырудың жолдарын анықтауды қажет етеді.

Жалпы орта білім беру жүйесінің іргетасы бастауыш білім беруден қаланатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушылардың өз бетімен жұмыс біліктерін қалыптастыруда бастауыш білімінің маңызы зор. Бастауыш білім беру арқылы оқушыларды жалпы орта білім берудің мақсаты көзделеді.

Бастауыш сынып оқушылардың оқу процесін демократияландыру, ізгілендіру принциптері оқушының белсенділігін дамыту, оқу тәрбие ісін кешенді түрде қарап, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие бірлігін ұлттық дәстүр, әдет-ғұрыпқа негіздей отырып, білім берумен қатар, өз бетіндік жұмысты барлық пәндер арқылы да біліктерін қалыптастыруға болады. Білім беру–қоғамдық процесс, ол арқылы алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік маңызды тәжірибесі кейінгі ұрпаққа беріледі. Жалпы білім беру негізінен, үш мақсатты көздейді. Біріншісі–табиғат, қоғам, техника, өнер, туралы ғылыми білім негіздерін меңгеру. Бұған ғылымдағы негізгі заңдылықтардан, фактілерден, жетекші ұғымдар мен идеялардан басқа дүниетанымдық идеялар мен сенімдер практикалық біліктер мен дағдылар және өз бетінше ойлау әрекеттері жатады.Екінші– оқушыларды сабақтан тыс күндері практикалық іс-әрекетке, өз бетімен қоғамдық пайдалы еңбек етуге даярлау.Үшінші мақсаты– оқу пәндерін оқытуда өзіндік жұмыстың тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалануды керек етеді.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың өзіндік жұмысын дамыту және жетілдіруде мынадай шарттар бар:

- Оқушылардың білім қорының болуы және оларды қолдана білуі;
- Оқушылардың көрген-білгендеріне байланысты ынта-ықыласы мен өзіндік мағынасының болуы;
- Оқушылар өз көзқарастары мен сенімдерін практикалық іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыруға дайын болуы.

Көптеген ғалым педагогтардың, практик-мұғалімдердің тәрбиесіне сүйенсек, оқу-тәрбиесі үрдісі негізінде дамыту мәселесінде басты рольді ең алдымен оқушының өз бетімен әрекеті, белсенділігі атқарады.Себебі,сабақ қанша сапалы болсын немесе мұғалімнің білімі, тәжірибелік шеберлігі мол болсын, бірақ бала тарапынан өзіндік белсенділік әрекет болмаса жұмыстың нәтижелі сапалы орындалуы мүмкін емес. Сол себепті де біз өз кезегімізде оқушыны өзіндік әрекетке бағыттайтын өз бетімен жұмыс, оның түрлері бала дамуындағы мәселелер төңірегінде сөз етпекшіміз. Өз дәрежесінде жете мән берілмей келген өзіндік жұмыс жасауға соңғы жылдары сапалы түрде бетбұрыс жасалуда. Оған дәлел оқушыны дамытуға бағыттала құрылған жаңа бастауыш білім мазмұны соның негізінде жазылған жаңа оқулықтар. Себебі, бұнда оқушының өз бетімен білім алып, дамуына жете мән беріле бастады. Кезінде өз бетіндік жұмыстың бала дамуындағы ролін жете көрген және ол жөнінде еңбек жазған қазақ зиялыларының бірі ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынов.

Ахмет Байтұрсынов оқу-ағарту саласындағы негізгі көзқарастары оның “Бастауыш мектеп, “Қазақша оқу жайынан”, “Мектеп керектері” атты мақалаларында ашылған. Соның ішінде біздіңше ерекше көңіл аударарлық мәселе–бұл автордың “Қазақша оқу

жайынан” атты еңбегінде айтқан пікірі. Автордың пікірінше, бала білімді тәжірибе арқылы өз бетімен алуы керек. Ал мұндағы мұғалімнің қызметі—балаға орындлалатын жұмыс түрлерін шағындап беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беріп отыру. Бұдан біз Ахмет Байтұрсыновтың 20-30 жылдардың өзінде-ақ кейінгі жылдары ресей ғалымдары В.Давыдов пен Л.Занковтың дамыта оқыту теориясын негізі болған,—өз бетіндік танымдық әрекеттің ролін көре біліп, оның бала дамуындағы маңызын өз кезінде қозғағандығын байқаймыз.

Бұл тағы да оның өз заманының озық тәжірибелі педагогы, ғалымы екендігімен қатар, оның баланы дамыту мәселесін көтере отырып басты нысанасы болып табылатын өз бетіндік жұмыстың ролін көре білгендігін көре аламыз.

Бастауыш сыныптарда өз бетімен жұмысты ұйымдастыру оның бағдарлама мазмұнына, талапқа сай болуы, түрлі мазмұнда және формада көрініс табуы шығармашылық бағытта жұмыс істеуге бағыттауы, сондай-ақ бағаланып, марапатталуы сияқты мәселелерге жете мән беріледі. Осыған орай өз бетімен жұмыс бастауыштың өзіне тән әдістемесіне сәйкес түрлі формада және мазмұнда көрініс табуда. Өз бетіндік жұмыс—бұл шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін олардың өзбетіндік жұмысынсыз дамыту мүмкін емес.

Бастауыш мектепте өзбетімен жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай— бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктері. Өйткені бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестеу, шығармашылық, жұмысқа талпынысы басым болады. Сол себепті де тиімді түрде ұйымдастыра білген мұғалімге оның берерлік маңызы зор.

Өз бетімен жұмыс түрлеріне қатысты материалдарды саралау және өз тәжірибеміздің қорытындысы негізінде біз шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін өз бетімен жұмыс түрлеріне төмендегі негізгі үш жұмыс түрлерін жатқыза аламыз. Олар:

Логикалық дамытушы ойындар мен берілген тапсырмалар (құрастырмалы ойындар, ребус, сөз жұмбақ, анаграмма) өз бетімен жұмыс түрлері;

Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (кері есеп құру, мәтіннің мазмұнын өңдеу, т.б.)

Өз ойынан еркін тақырыпқа құрастыруға берілген әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстар (өлең құрастыру, әңгіме, шығарма жазу, т.б.).

Мұнда басты назар аударатын мәселе—бұл оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздіңше, тіл байлығы мол, сауапты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз. Оқушылардың өзіндік жұмысы — мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша оқушының оқу жұмысының жеке дара және ұжымдық түрі. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан белсенді ойлау, әр-түрлі танымдық есептерді шешу талап етіледі. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, оларды тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір-біріне деген жолдастық көмек қалыптасады. Дидактикалық мақсатына қарай өз бетінше жұмыстарды жаңа материалды оқып үйренуге дайындық, жаңа материалды оқып үйрену (игеру), бекіту, қайталап-пысықтау және бақылау деп бөлуге болады.

Бастауыш сыныптарда оқытудың маңызды мақсаттарының бірі—оқушыларға өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Білімнің негізгі бастауыш сыныптарда қаланатыны белгілі. Ендеше, осы бастауыш сыныптардан бастап, оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу іскерліктері де қалыптасуы тиіс. Атап айтсақ: жаңа ұғымды, заңдылықты ережені түсініп, тұжырымдау есепті талдап, шығара білу, жаңадан өтілген ұғым бойынша өздігінен ой қорыта білу, өзінің оқу іс-әрекетіне бақылау жасай білу, т.б. Осындай іскерліктерді қалыптастыру—оқу

барысында мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыстар және жаттығулар жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Өз бетінше жұмыстың негізгі ерекшелігі – оқушының берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындау. Тапсырманы орындауда жақсы нәтижеге жету үшін, мұғалім оқушының іскерлік дағдысын, бақылау, білу қабілетін, ойлауын есепті шешу жолдарын дұрыс таңдай білуін байқап көреді. Егер тапсырманы орындауда қателер жіберілсе, онда мұғалім сол қателерді оқушылардың өздері жөндеуіне мүмкіндік беріп, оқушының іс-әрекетін дұрыс жолға бағыттағаны жөн.

Оқу әрекеті барысында оқушылардың өз бетімен тапсырманы орындау дағдыларын қалыптастыруға болады.

- Оқушылардың өзіндік жұмысы туралы түсінік беру;
- Оқушылардың өз бетімен тапсырманы орындау әдістемесімен таныстыру.
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарының ұйымдастырылуы – баланың жеке басын дамытудың басты кепілі.

Библиографиялық тізім

1. Бастауыш білім журналы 2011 №4
2. 12 жылдық білім журналы №6-2007, №10-2008
3. Бастауыш сынып журналы №5,7,8-2004
4. Б.Қ. Игенбаева «Адамгершілік сабақтары»

ЖОК 370.182.62.

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ- ҚАЗІРГІ БІЛІМ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАЛАБЫ

Бекбергенова П.Б.

БО-129 тобының студенті

Айтқұлова Г.А.

Ғылыми жетекшісі, магистр-аға оқытушы

Шымкент университеті

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы об особенностях инклюзивного обучения в современном образовании. Кроме того, дается определение, разъяснение целей и принципов инклюзивного образования.

Abstract:

This article discusses the features of inclusive education in modern education. In addition, it defines and explains the goals and principles of inclusive education.

Кез-келген елдің экономикалық жағдайын көтеру үшін ең бірінші сол мемлекеттің білім беру саласын нақтылап дамыту қажет, өйткені білім беру саласы өте маңызды рөлдердің бірін атқарады. Осыған сай педагогикалық білімді нақты қайта құру барысында мемлекеттің қоғамын әлеуметтендіріп, ең жоғары адамгершілік құндылықтарды қоғам түсінігінде бекіту үшін, алдымен дамуында проблемасы бар балаларға деген көзқараспен, оларды мәселесін әлеуметтік ортаға енгізуді шешумен инклюзивті білім беру жүйесі айналысады.

Қазақстан Республикасында дамыған мемлекеттер қатарына ену мақсатында көптеген шаралар жасалуда. Бүгінгі күні білім саласында өз шешімін таппай отырған мәселелер жеткілікті. Инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасында шешімін табуға тиісті [1].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы, ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Мүмкіндігі шектеулі баланы

әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар. Бірінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі – біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болу керек. Екінші жолы мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Негізгі факторы да осы. Мемлекет даму мүмкіндігі шектеулі азаматтардың білім алуына, дамуында ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғау жөніндегі заң құжаттарында айтылғандай, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар және бала жасынан мүгедектер медициналық-әлеуметтік көмек алуға, оңалтылуға (реабилитация), дәрі-дәрмектермен, протездермен, протезді ортопедиялық бұйымдармен, жеңілдік жағдайларда қозғалыс құралдарымен қамтамасыз етілуге, сондай-ақ, кәсіби даярлану мен қайта даярлануға құқықтары бар. Лев Семенович Выготский: «Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі – бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері» – деп атап көрсетеді. Сондай-ақ, ол бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады деді, ол үшін кемтар балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берген. Осы орайда мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің қазіргі таңдағы маңыздылығын атап көрсетуге болады. Инклюзивті білім берудің анықтамасы, мақсат-міндеттері және қиғадаларына тоқтап кететін болса, инклюзивті білім беру дегеніміз - мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту [2].

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Инклюзивті оқытудың негізгі қағидалары:

1. Барлық адамдар құқығының теңдігі;
2. Адамдарды шектеудің болмауы;
3. Барлық балаларды мектепке дейінгі мекемеге және мектепке қабылдау;
4. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру, мінез-құлықтың коммуникативті моделін игерту;
5. Оқыту үдерісіне ата-аналарды қатыстыру;
6. Арнаулы білім беру жағдайын жасау;
7. Пәнаралық бағытты қалыптастыру (педагогтар, ата-ана, логопед, психолог, дефектолог, т. б. мамандықтардың өзара әрекеттестігі
8. Өзгелермен қарым-қатынасқа және өзіне деген сенімділікке үйрету.

Психиканың тарихи-мәдени қалыптасу теориясында Л.С.Выготский кез келген кемшілік, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын шектеуде, оған адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірибиесін игеруге кедергі келтіретініне баса назар аударады. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға өзгелермен бірдей білім алуға, жұмыс істеуге, демалуға т.б. яғни қоғамдық өмірге араласуға құқық беру қажеттігі еш күмән келтірмейді, дегенмен, бұны шынайы түрде іске асыру оңай еместігі белгілі. Білім алу, қоғамдық өмірге араласу, түрлі мүмкіндіктерді игеру, мемлекет, жергілікті әкімшілік білім беру жүйесінен қолдау таппаған жағдайда тек қағаз жүзінде ғана қалып қояды. Жоғары білім беру мәселелерін қайта қараудың нақты бағыттары білім беру жүйесінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды интеграциялау туралы ұсыныстар және интеграциялық оқыту практика барысында қолға алынып, практикаға енгізіліп, жақсы нәтижелерге қол жетіп жүрген инклюзивтік оқыту барысы және жалпы білім беру мекемелерінің жанынан ашылып жатқан арнаулы (түзетім) топтар мен логопункттер. Психофизиологиялық

ауытқушылықтары бар балалармен психологиялық педагогикалық оқытудың тәрбиелік сипаты, көрнекілік, жеке ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете-дамыта оқыту және практикалық бағытта оқыту принциптерін басшылыққа алады.

Инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010 -2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді [1]. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Ата-анамен жұмыс бұл бағыттың басты міндетінің бірі. В.А. Сухомлинский ата-анамен жұмыстың мазмұнын ашып көрсеткен ғалымдардың бірі. Ол: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш жігерді біріктіру арқасында педагогтар балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», – дейді. Демек, ата-ана бала тәрбиесінде балаға ықпал етуші бірден-бір фактор. Сондықтан, психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық педагогикалық қолдау қызметінде ата-аналарға психологиялық кеңес беру, оларды бала дамуының мазмұнымен ақпараттандырып отыру, жалпы атааналармен жұмыстың маңызы ерекше. Педагогикалық процестің сапасын жоғарылатудың тиімді жолы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі мамандарының өзара байланысы мен бір-бірінің сабағына қатысу мен баланың қалыптасуы туралы талқысы және зерттеу қорытындыларымен өзара алмасу болып табылады. Мұндай бағыт бірнеше қызметтерді қоса атқарады, яғни тәжірибемен алмасу, бақылау, өзін-өзі бақылау, кеңес беру[4].

Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім дағдысын тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына үш түрлі міндет қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау;

2. Сабақты жүйелі жоспарлау;

3. Бағдарламаны игерту.

Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындықтарын байқау керек. Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Р.С.Немов зерттеулері бойынша баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек дегенді атап айтады. Қазір мектептерде коррекциялық сабақтар жүргізіле бастады. Коррекция дегеннің өзі «түзету» деген мағына береді. Бұның басты мақсаты – бала бойындағы, тәртібіндегі кемшіліктерді түзету. Ол баланың өзіне: 1) сенім; 2) көз жеткізу; 3) кеңес беру; 4) психоанализ; 5) логотерапия; 6) аутотренинг сияқты методикаларды қабылдау арқылы жүзеге асырады. Үйден оқитын балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойынның, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек. Ол үшін «Дөңгелек кию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алады. Сабақ барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет. Осы бағытта қазақтың халық педагогикасының алатын орны ерекше. Қазақ халқы санамақ, жұмбақ, жаңылтпаштар арқылы баланың сөйлеуге деген ынтасын ашып, қабілетін арттырып

отырған. Баланың байланыстырып сөйлеуіне жануарлар, олардың төлдері туралы өлең, тақпақ ертегілерді көп қолданған [5].

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім процесінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу процесіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады.

Қазіргі таңда жалпы орта беретін мектептердің, орта арнаулы білім және жоғары білім беретін мекемелердің негізін қалаушы қағидасының мәні – мүмкін болған жерде оларда болуы мүмкін қиындықтар мен айырмашылықтарға қарамастан, барлық балалар бірге оқуы тиіс. Инклюзивтік мектептер өз оқушыларының түрлі қажеттіліктерін мойындап, оқытудың түрлі стильдері мен өлшемдерін қолдана отырып және лайық оқу жоспарының, ұйымдастыру шараларының, оқыту стратегияларының, ресурстарды пайдаланудың және қоғамдастықтармен серіктестік қарым-қатынастың көмегімен барлығына сапалы білім беруді қамтамасыз ете отырып оларды қанағаттандыра білуі керек. Әрбір мектепте кездесетін ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша тұрақты қолдау мен қызметтер көрсетілуі тиіс.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010 ж.
2. «Инклюзивное обучение» (дидактический материал к лекционному курсу) РИПКСО Кафедра коррекционной педагогики. Алматы, 2002г.
3. Бажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004г, №3 стр. 51-54.
4. Шевченко С.Г. «Новое в коррекционно-развивающем обучении детей с трудностями обучения». Дефектология 2001, №4 стр 21-24.

ӘОЖ 37.035

ӨЗІНДІК ЖОБАЛАУ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Байымбетова А.Е.

магистрант

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Жаңғырту және инновациялық даму процестерінен туындаған жедел әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беруді ауқымды реформалауды талап етеді. Қоғамның даму деңгейіне сәйкес келетін кадрларды даярлаудағы заманауи басымдықтар білім берудің барлық деңгейінде білім беру стандарттарын әзірлеуде өз көрінісін тапты. Кәсіптік білім беруде тұлғалық-бағдарлы көзқарасты басымдық ретінде белгілеген қазіргі білім беру парадигмасы бір жағынан кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттері бар, екінші жағынан әлеуметтік бейімделуге қабілетті құзыретті маман даярлауды көздейді. Білім беруді жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес ол жалпыға бірдей білім беру қызметінің, сондай-ақ студенттердің өз бетінше әрекет ету тәжірибесі мен жеке жауапкершілігінің интегралды жүйесін қалыптастыруы керек, яғни білім мазмұнының заманауи сапасын анықтайтын негізгі құзыреттер. Бүгінгі таңда жоба технологиясы да өзекті, себебі ол барлық негізгі құзыреттерді қалыптастырады: - құндылық-семантикалық; - жалпы мәдени; - оқу-танымдық; - ақпарат; - коммуникативті; - әлеуметтік-еңбек; - тұлғаның өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі. Құзыреттілік – белгілі бір саладағы оның тиімді өндірістік іс-әрекеті үшін қажетті субъектінің оқу-тәрбиелік дайындығына иеліктен шығарылған,

алдын ала белгіленген әлеуметтік талап. Құзыреттілік – субъектінің белгілі бір әлеуметтік және тұлғалық маңызды саладағы іс-әрекет тәжірибесіне байланысты жеке қасиеттерінің (құндылық-семантикалық бағдарлар, білім, білік, дағдылар) жиынтығы [1].

Мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілігін міндетті түрде дамытуы керек. В.С. Гершунский «кәсіби құзыреттілік» түсінігіне әмбебап анықтама берді, ол негізінен кәсіби білімнің өзімен, адамның тәжірибесімен және жеке қабілеттерімен, оның үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге, шығармашылық уәжделген ұмтылысымен анықталады және өзін-өзі жетілдіруге деген жауапкершілікпен қарау. Кәсіби құзыреттілікті дамыту – үздіксіз даму мен өзін-өзі жетілдіруді көздейтін, жеке кәсіби қасиеттердің дамуына, кәсіби тәжірибенің жинақталуына әкелетін кәсіби тәжірибені игеру мен жаңғыртудың динамикалық процесі. Жоба құзыреттілігі – субъектінің интегративті сипаттамасы, ол адамның әртүрлі салалардағы жобаларды әзірлеу және жүзеге асырудағы дербес теориялық және практикалық іс-әрекетке қабілеттілігі мен дайындығынан көрінеді. Жобалау әдісі (грек тілінен аударғанда – зерттеу жолы, білім) – бұл студенттер білімдерді жоспарлау және біртіндеп күрделірек практикалық тапсырмаларды – жобаларды орындау барысында игеретін оқыту жүйесі [2].

Жобалық оқыту – басымдық ретінде жобалық әдіс негізінде құрылған оқыту. Бұл жобада және жобаның көмегімен үйрену. Дж.К. Джонс, В.Ф. Сидоренко, Г.Л. Ильин, В.Д. Симоненко, М.Б. Павлова, Дж. Питт және т.б. Біріктірілген мазмұн, деңгейлік оқыту әдісі, жобалық жүйені пайдалану – осының барлығы студенттерді «идеядан іске асыруға дейінгі» үдеріске қосуға мүмкіндік береді және әлемнің заманауи ғылыми бейнесін неғұрлым толық меңгеруге ықпал етеді. Жобалау әдісі негізінде білімалушылардың танымдық және түрлендіру іс-әрекеттері байланысып, білімді меңгеру деңгейі артады. Құрылыс жобаларының логикасы практикалық қызметтің барлық кезеңдеріне тыңдаушыларды қосуға негізделген. Жобалық оқытудың мазмұны әртүрлі білім салаларындағы теориялық және практикалық материалдарды біріктіреді, бұл студенттерге түрлендіру әрекеттерінде тәжірибе алуға мүмкіндік береді [3]. Жобалық құзыреттілік – мазмұндық-процессуалдық және операциялық деңгейде жобалық іс-әрекеттерді меңгеру нәтижесінде тұлғалық даму көрсеткіші. Білім беру үдерісіндегі дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге байланысты жоба құзыреттілігін қалыптастыру орын алуы мүмкін (жобалық іс-әрекет кәсіптік қызмет құрылымына кіреді), ол өз құрылымында жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді де біріктіреді [3]. Қазіргі білім беру жағдайында дизайнның білім беру әдісі ретіндегі сұранысы және сонымен бірге адам тұлғасының әлеуеті ғылыми-технократиялық бағытты бірте-бірте құндылық-семантикалық өзін-өзі анықтаумен алмастыруымен байланысты. мұғалімдер мен гуманистік бағыттың басымдығы білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің әлеуметтік және мемлекеттік тапсырысы мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін білім беру кеңістігінің жаңа бейнесін іздеуге негіз болды [3]. Оқу-тәрбие процесінің қазіргі жағдайларына сүйене отырып, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдарын анықтауға болады:

1-кезеңде мұғалімнің кәсіби құзыреттілік деңгейін ашу: диагностикалау және тестілеу; кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдарын анықтау. Бұл жолды қалай анықтауға болады? Біз неге көңіл бөлуіміз керек? Ол үшін студенттердің оқу және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру саласындағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрылымын педагогикалық шеберліктің жиынтығы ретінде қарастырайық:

- зерттеушілік оқытудың мазмұнын нақты педагогикалық міндеттерге (оқушылардың танымдық қажеттіліктері мен зерттеушілік қабілеттерін анықтау және осы негізде жеке білім беру траекторияларын құру, оның ішінде дарынды балалар үшін; зерттеушілік оқытудың міндеттерін анықтау, оларды нақтылау, қабылдау қабілеті) нақты білім деңгейіне қойылатын талаптарды ескере отырып жүргізу);

- Ғылыми-зерттеу білім беру жүйесін құру және оны іске қосу қабілеті (білім беру мақсаттарын, жоспарланған нәтижелерді, студенттердің оқу жетістіктерін бағалау

әдістерін анықтау, ғылыми-зерттеу оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, оқыту технологияларын, нысандарын, әдістерін және оқу процесін ұйымдастыру құралдары);

- оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөліктері мен факторлары арасындағы байланыстарды орнату, оларды іс-әрекетке енгізу: қажетті жағдай жасау (мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмысындағы тәжірибесі, материалдық-техникалық және ақпараттық базасының болуы); студенттерді ғылыми ізденіс пен жаңалыққа мотивациялау; субъект-субъект қатынастарын құру; бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және дамыту; оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынас орнату; сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстар арасындағы сабақтастық; оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің әлеуметтік маңызы барлармен байланысын қамтамасыз ету; сыртқы бағдарламаланбаған әсерлерді реттеу;

- болашақ мамандардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің және оқытушының іс-әрекетінің білім беру нәтижелерін бағалау қабілеті (алынған білім деңгейі мен стандарт талаптарын ескере отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын бағалау, субъективтік қасиеттерді бағалау әдістері); баланың жеке басын, мұғалімнің іс-әрекетін интроспекция және талдау, басым және бағынышты педагогикалық міндеттердің жаңа жиынтығын анықтау).

Жоғарыда аталған педагогикалық шеберлік педагогтың жеке қасиеттерімен (ғылыми білімді құндылық ретінде тану, зерттеу мәселелерін шешуге ынталандыру, зерттеушілік қабілеттердің болуы) байланысты болуы керек. Студенттердің оқу және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру саласындағы педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын анықтаудың бұл тәсілі мұғалімнің өзіндік кәсіби даму траекториясын құруға, жұмыстың жоғары нәтижелерін алу үшін біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтың кәсіби дайындығын жүзеге асыруға негіз бола алады.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытудың екінші кезеңіне (2-кезең) көшейік, ол мыналарды қамтиды: - біліктілікті арттыру курстарында оқыту, оның ішінде қашықтан режимде және т.б. Түрлі жарыстарға қатысу. - Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу, өз басылымдарын құру. - Тәжірибені жалпылау және тарату. - Сертификаттау. - Шығармашылық есеп. - Заманауи әдістерді, формаларды, түрлерін, оқу құралдары мен жаңа технологияларды пайдалану. - Өзін-өзі тәрбиелеу. Педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытудың өзін-өзі тәрбиелеу механизмін пайдалану. Келесі кезекте студенттерге мектептегі ғылыми жобамен жұмыс істеу үшін әдістемелік ұсыныстар дайындауды ұсынамыз, ұсынылатын әдістемелік материалдар білімалушыларға жазба жұмыстарын жүргізуге көмектесуге арналған. Оқушылардың ең жақсы, қызықты жұмыстарын басқа оқушылар кез келген уақытта келіп көруі үшін мектепте сақтаған жөн. Өйткені, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстары студенттерді олардың дұрыс жазылуы мен безендірілуін зерттеу мақсатында ғана емес, басқаларға да қызықты болуы мүмкін материалды қамту тұрғысынан да қызықтыруы мүмкін. Ендеше неге бұл ақпаратты бөліспеске? Осылайша, басқа студенттерге көрсету және еркін қол жеткізу үшін дайын жобалық және ғылыми жұмыстарды сақтау үшін сыныпта орын ұйымдастыру қажет, бірақ ол үнемі толықтырылып отырады және жас зерттеушілерге көмекші болады.

Болашақ педагогтардың үшінші кезеңде (3 кезең) – зерттеу іс-әрекетін талдауға көшеміз. Ол тәжірибені жалпылауды, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеуді және іс-әрекеттерге интроспекцияны қамтиды. Ал кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру циклдік процесс болғандықтан, бұл кезеңдерді қайта бастауға және қайта өтуге болады, бірақ жоғары деңгейде.

Сонымен болашақ педагогтарды жобалық (зерттеу) оқытуды жүзеге асыру үшін болашақ педагогтарды даярлау жүйесі кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

1. Бірінші кезеңде болашақ педагогтардың кәсіби қиындықтары мен білім беру қажеттіліктеріне диагностика жүргізу, осы қиындықтар мен қажеттіліктердің тізімін жасау. Жобалық-саралап оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтардың жобалық құзыреттіліктеріне диагностика жүргізу. Диагностикалық процедура болашақ

педагогтардың жобалық құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне қатысты өздеріне сауалнама жүргізу. Диагностикалық құралдарды әзірлеудің критериялы негізі жобалық саралап оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтардың құзыреттілік моделі жасау.

2. Екінші кезеңде болашақ педагогтардың қиындықтарына талдау жасалып, кәсіби мәселелері де анықтау. Болашақ педагогтардың барлық «қиындықтарын» қиындық түріне қарай топтарға бөліп анықтау маңызды. Зерттеу жұмыстарын жүргізе білу бүгінгі таңда білім саласын жетілдіру үшін қажетті.

Библиографиялық тізім

1. Педагогика. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Оқулық. -Алматы: ОНОН.2017,-340 бет.

2. Вохменцева Е.А. Проектная деятельность учащихся как средство формирования ключевых компетентностей [Текст] // Актуальные задачи педагогики: материалы междунар. науч. конф. (г. Чита, декабрь 2016 г.). – Чита: Издательство Молодой ученый, 2011.– С.58-65.

3. Иванова Л.В. Проектная деятельность как основа развития проектной компетентности учителя / Л. В. Иванова // Наукоеведение (интернет-журнал). – 2014.– Вып. 4.

УДК 378.016:811.161.1

ТЕКСТОЦЕНТРИЧЕСКИЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ АГРАРНОГО УНИВЕРСИТЕТА

Бердалиева Т.К.

старший преподаватель

КазНАИУ, Алматы, Казахстан

tamara.berdalieva@mail.ru

Тойгулиева А.Б.

старший преподаватель

КазНАИУ, Алматы, Казахстан

Түйіндеме

Мақала мәтіннің орыс тілін оқытудағы рөлін айшықтауға арналған. Мәтінді оқу, түсіну, оған қатысты тапсырмаларды орындау. Сонымен мен қатар мәтіннің сапалы болуына автор көп мән береді.

Кілт сөздер: мақала, мәтін рөлі, орыс тілі, оқыту, арналған, сапалы мәтін.

Summary

The author submits the technology of development of teachers complex work at the lessons of Russian at the use of the text-centered approach in the bilingual conditions.

Key words: complex, work, lessons, of Russian, text, approach.

Не секрет, что современная молодежь по сравнению с предыдущими поколениями мало читает художественную литературу. И как следствие у студентов неязыковых вузов весьма бедный словарный запас, низкий уровень речевой культуры. Отрадно, что министерство образования, наконец-то обратило внимание на эту животрепещущую проблему. Об этом мы узнали из выступления министра образования А.Аймагамбетова на педагогическом совете, прошедшем недавно в онлайн формате.

На наш взгляд, причина сложившейся ситуации состоит в том, что на уроках русского языка недостаточно внимания уделяется работе с текстом. Изменить создавшееся положение может текстоцентрический подход к преподаванию русского

языка. Чтение, понимание, интерпретация текста – это основные умения, благодаря которым возможно обучение вообще. Текст является методическим средством, который служит основой создания, на уроках русского языка обучающей, развивающей и воспитывающей речевой среды. Поэтому мы считаем, что именно текст является важнейшей единицей обучения языкам.

Перед тем, как начать работу над текстом, мы должны ознакомить студентов со значением этого слова. Давайте посмотрим, что же обозначает слово «текст» в Толковом словаре живого русского языка В.И. Даля. Текст (от лат. textum – связь, соединение) – это высказывание, связанное по смыслу и грамматически. Текстом называют любое законченное произведение. Текст может существовать в двух формах – устной и письменной. Минимальной единицей текста является предложение. [4, 263]

На практических занятиях по русскому языку в КазНАИУ особое внимание уделяется тексту, в том числе научному тексту. Так как здесь учатся студенты разных факультетов, то и тексты стараемся подобрать по специальности.

К примеру, студенты ветеринарного факультета читают и делают структурно – смысловой анализ текстов: «Казахские лошади: прошлое, настоящее, будущее», «Новая порода овец выведена в Казахстане». Студентам агрофака представлены тексты «Новый сорт пшеницы», «Как в Казахстане возрождают яблоневые сады». Студенты факультета лесные ресурсы работают над текстами «Фитонцидные свойства растений», «Алматинский тополь». Есть тексты, которые можно дать студентам всех факультетов, такие, как «О.Сулейменов – человек века», «Д.И. Менделеев», «Семейные реликвии», «Умение говорить – визитная карточка человека», «Природные ресурсы земли и глобальные проблемы человечества». Это далеко не весь перечень текстов с которыми работаем на занятиях русского языка.

Важное значение приобретают вопросы качества учебного текста. Текст должен преподнести сумму знаний с расчетом на уровень подготовленности аудитории, а также ориентироваться на выполнение практических программных функций. Содержащиеся в нём научные и познавательные данные излагаются в доступном адаптированном виде.

Работа с текстом при обучении русскому языку билингвов должна быть комплексной с предварительной подготовкой обучающихся к восприятию текста, с использованием заданий компаративного характера и последующей рефлексией обучающихся на текст. Считается правильной организация работы с текстом в четыре этапа: предтекстовая работа, представление текста, притекстовая работа, послетекстовая работа. [1, 73]

Целесообразно напомнить студентам дефиницию текста, его основные признаки. Согласно РУП студенты знакомятся с данной и новой информацией текста, учатся определять тему и основную мысль, находить микротемы текста. Выделение микротем в композиции текста должно привести обучающихся на создание разных планов: простого, сложного, цитатного. Практика показывает, что некоторые слова могут быть непонятны студентам – билингвам, поэтому нужно организовать словарную работу по тексту. При помощи компрессии (сжатия) наши студенты учатся из первичного текста – первоисточника получать вторичные тексты: конспекты, аннотации, рефераты, тезисы, отзывы и рецензии. Также при работе над текстом нужно нацелить обучающихся на определение коммуникативной задачи текста, типа и стиля речи, нахождение в тексте ключевых слов и предложений, подбор синонимов и антонимов к выделенным в тексте словам, придумать заголовок к тексту. Задания на основе текста – один из основных видов упражнений по развитию коммуникативной компетенции.

Методическая целесообразность и эффективность текста основывается не только на характере и свойствах самого текста, но и методическом аспекте пред – и послетекстовых заданий и структурно – смыслового анализа научного текста. Послетекстовые упражнения формируют у студентов навыки аудирования.

Основными недостатками в работе над текстом мы считаем следующие позиции:

1. Мало используются задания аналитического, поискового, дифференцированного характера.

2. Задания в основном связаны с постановкой вопросов по содержанию текста. [2,107]

В современных педагогических и методических исследованиях текстоцентрический подход занимает всё более активную позицию. Действительно, практически весь процесс обучения представлен в текстовом виде, будь то монолог учителя (устный текст) или же тексты в учебниках (письменный текст). И это требует от обучающихся владения умениями обработки текстовой информации. От этих умений и зависят качественные показатели усвоения знаний по всем дисциплинам. [3,2]

Библиографический список

1. Ладыженская Н.В. Обучение успешному общению. Речевые жанры. Книга для учителя. – М., Баланс; Ювента, 2006. – 176с.

2. Рысменди К.О. Реализация текстоцентрического подхода в обучении русскому языку одаренных учащихся на этапе подготовки к предметной олимпиаде. Материалы МНПК «Триединство языков в образовательной системе РК: состояние и перспективы», 29.01.2015 Алматы, КазНМУ им. Асфендиярова.

3. Горбачева Н.А. Текстоцентрический подход к формированию коммуникативных умений и навыков учащихся. – Режим доступа: http://virtkafedra.ucoz.ua/el_gurnal/pages/vyp8/Gorbacheva.pdf

4. От А до Я. Толковый словарь живого великорусского языка В.И.Даля. М., «Бука СОФТ», 2008

ӘОЖ 37.03

ОТБАСЫНДА БАЛАРҒА ТӘРБИЕ БЕРУДЕ АТА АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫ ҮЙЫМДАСТЫРУ

Қуатова Ж.Ж.

Мысалы, жоңғар басқыншыларына қарсы күресте: Абылай сұлтанның қызы – Айтолқын, Қарасай батырдың қызы – Есенбике, Бұланбай батырдың қызы – Айбике және т.б. Қабанбай батырдың әйелі Гауһар барлау жасағын басқарғаны туралы деректер бар. Ол барлық үлкен шайқастарға қатысып, қызы Назымды да соғысқа аттандырған [1].

Қазақ әйелдерінің ерлігі жас қыздарды ғана емес, ер-жауынгерлерді де шабыттандырды. Әйелдің есімі бүкіл тайпаның ұраны болды, мысалы, «Қарқабат» - Қаракесек руының соғыс ұраны. Бұл тарихи мәліметтер әйелдің қазақ халқы арасындағы ертеден бергі маңыздылығын растайды және әйел тек жастық, сұлулық пен өмірдің ғана емес, сонымен бірге мыңдаған жауынгерлерді шайқаста біріктіре алатын табандылықтың символы болғандығын көрсетеді.

Қазақ әйелінің құдіретінің құпиясын түсіну үшін XV ғасырға жататын бүкіл түркі халқына белгілі "Қобыланды" эпосын қарастыруға болады. Эпос – тарихи сипаты басым көркем де құнды шығарма, ол қоғамның дәстүрлі құрылымының мәдениетін, ділін және көптеген әлеуметтік-экономикалық аспектілерін көрсетеді. Эпостағы әйел бейнелері Қортқа-сұлу және Қарлыға - әйел парасаттылығының үлгісі. Эпостан түсінуге болатын басты ойдың бірі - бастамашылдық, жігерлі мінез, дипломатия – әйелдің жетістікке жетелейтін басты қасиеттері [2].

Отбасы ошағының сақтаушысы ретінде қазақ қоғамындағы әйел де қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің басты сақтаушысы болды, егер әл-ауқат пен беделі мүмкіндік берсе, ол саяси қызметке белсене араласып, қоғамдық өмірдің орталығына айналды. Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғанымның өмірлік тарихы осындай болды [3]. Уәлидің ең кіші әйелі. Уәли оған жасы елуден асқан шағында үйленді. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін орыс үкіметі жас, зерделі сұлу Айғанымды ханша деп таниды. Сырымбеттің (Көкшетау) тарихи мекеніне қоныс тепкен Айғаным ханша билікке қолы жеткен, еуропалық білім алған, бірнеше тілді меңгерген, саяси қайраткер болған әйел ретінде тарихта қалды [4].

Өз заманының тағы бір аса ықпалды, жарқын әйелі - қазақтың соңғы ханы Жәңгірдің әйелі ханша Фатима. Ол Жәңгір ханның кеңесшісі, әрі оның барлық бастамаларын қолдаушысы болды. Халық арасында Фатиманы еркелетіп, «Фатима тоташ» деп те атады. Ханша оқу-білім тарату, отырықшы өмірге көшуді жақтады, Хан ордасының салынуына ықпал етті [5].

«Көктемір» атанған Сапура Мәтенқызы мен Бопай Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтерілістерге белсене қатысып, қазақ даласына танылған [6].

Әйел позициясының ерекшеліктерін сипаттайтын келесі кезеңнің айрықша белгісі қазақстандық қоғамның батыстық өркениет кеңістігіне енуі болып табылады. Өлкені отарлау кезеңінде бұл рөлді Ресей империясы атқарды, одан кейін кеңестік кезеңде әйелдерге деген тарихи қалыптасқан көзқарас өзгеріп, гендерлік теңдіктің батыстық нормасының дәстүрлері мен көзқарастары қабылданды.

Қазақтар арасындағы гендерлік теңдік XIX ғасырдың аяғында да кең етек алды.

Әйелдер теңдігі және гендерлік теңдіктің ілгері жылжуы 1880 жылдары басталды. 1883 жылы хан ордасында 20 қазақ және орыс қыздары қабылданған бастауыш мектеп құрылды. «Қыздарға білім беру жүйесін құру (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басы)» мақаласында «1905-1917 жылдары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және олардың пікірлестері қызметінің арқасында қазақ әйелдерін эмансипациялау идеясы саяси және публицистикалық апробацияға ие болды» деп көрсетілген [7]. Кейіннен қыздарға арналған жаңа мектептер ашылып, бұрынғылары жетілдірілді. Білім саласындағы қайта құрулар нәтижесінде қыздар шет тілдерін меңгере бастады, жоғары және орта білім алды.

Әйелдердің эмансипациясы мұнымен тоқтап қалмады: әйелдер қозғалысы қалыптасты. 1907 жылы 18 наурызда Семейде әйелдердің алғашқы жиналысы өтті. 1907 жылы 22 наурызда «жұмысшы әйелдер қоғамының жарғысын талқылау үшін» әйелдердің жалпықалалық жиналысы өтті. Одан кейін жұмысшы әйелдердің съездері, әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою, әйелдерді саяси қызметке тарту жұмыстары жүргізілді. Қолданыстағы «Теңдік» газеті 1925 жылы маусым айында «Әйел теңдігі» журналы болып өзгертілді [8].

1917 жылғы төңкерістен кейін алаштықтар әйелдер құқығын белсенді қолдай бастады. Алаш партиясының бағдарламасында әйелдердің білім алу және қоғамдық өмірге қатысу құқықтары бекітілді.

Әйелдердің құқықтары және гендерлік теңдік принципін қамтамасыз етудің жарқын мысалы ретінде Нәзипа Құлжанованы атауға болады. Ол XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық өмірінде елеулі із қалдырған жан. Өз заманындағы саяси-әлеуметтік жағдайдан және экономикалық құрылыс қалпынан толық хабары бар білімді журналист.

XX ғасырдағы қазақ тарихында бірегей тұлғалардың бірі - Алма Оразбаева. Революциялық идеялармен сусындаған ол ауылдық кеңестерге, сондай-ақ қазақтың тұңғыш атты әскер полкін құруға тікелей қатысты. Алма Дінмұхамедқызы еңбек жолында лауазымды қызметтер атқарып, көп мәселелерді заман талаптарына сәйкес көтерген азамат. Надежда Крупскаяның ұсынысы бойынша Алма алғашқы кеңестік әйелдер журналын құрды, кейіннен ол «Қазақстан әйелдері» деп аталды. Сонымен қатар, Алма қазақ халқы арасында қалың мал мен көп әйел алуды жою туралы Декрет авторларының бірі болып саналады [9].

Кеңестік кезеңде «әйел мәселесінде» нақты оң өзгерістер болғанымен, бұл процесс Коммунистік партия мен Кеңес мемлекетінің қатаң идеологиялық ұстанымына сәйкес жүзеге асырылды. Қазақстандағы әйелдердің қазіргі ұстанымының түп-тамыры осы кезеңнен бастау алады. Бұған Кеңес Одағының Батыры жоғары атағына ие болған Шығыстың алғашқы әйелдері Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметованың және Хиуаз Доспанованың ерлігі дәлел.

Экономикалық қиындықтарға қарамастан, соғыстан кейінгі жылдары әйелдердің білім алу пайызы артты. Осылайша, санақ бойынша 1959 жылы жоғары және орта (толық және аяқталмаған) білімі бар әйелдердің саны 1939 жылмен салыстырғанда одақ бойынша 5 есе өсті [10].

Алайда, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдары гендерлік теңдікпен бәрі жақсы болса, большевиктер қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірде әйелдердің теңдігін жариялады. Содан кейін 30-шы жылдары тенденция төмендей бастады, мемлекеттік органдардың ұстанымдарының өзгеруі байқалады. Құндылықтар иерархиясында отбасы мен неке маңызды рөл атқара бастайды. Әйелдердің әлеуметтік мәртебесінің аясын кеңейтудегі елеулі прогреске қарамастан, қазіргі жағдайда әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздіктің негізі болып табылатын гендерлік саралау іс жүзінде сақталды.

Қазақстан әйелдері 1980 жылдары ғана белсенді бола бастады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі жарияланған сәттен бастап жаңа кезең басталады, ол этникалық және жалпыазаматтық бірліктің жаңа нысандарын іздеумен сипатталады, онда гендерлік теңгерім проблемасы ерекше орын алады. Қазіргі Қазақстан, бір жағынан, ұлттық жаңғыру, бұрынғы тұжырымдамаларды қайта қарау, қазақ халқының ұмытылған мәдени дәстүрлерінің қайта жаңғыруы кезеңін бастан кешуде, ал екінші жағынан, әйелдер теңдігінің тарихи феминистік моделі гендерлік мәселе мен жаңа гендерлік тәртіпті дамытуда өзінің жетекші орнын дамытып, сақтайды.

Қайта құру кезеңінде Қазақстанда әйелдер мәселесі бойынша көптеген ұйымдар пайда болды. Мысалы, 1993 жылы Феминистік лига құрылып - мемлекеттік құрылымдардың қатысуынсыз және қолдауынсыз құрылған алғашқы әйелдер ұйымы. Лига өзінің қыздар газетін де шығарды.

Егер 1994 жылдың ортасына қарай Қазақстанда небәрі 6 әйелдің үкіметтік емес ұйымдары тіркелген болса (Ақмола сарбаз аналар комитеті, Қазақстан әйелдер одағы, мұсылман әйелдер Лигасы, Қазақстан Республикасының көп балалы отбасылар Одағы, Феминистік Лига, асырауында балалары бар мүгедек әйелдердің қазақстандық қауымдастығы), 1997 жылы олардың саны 30-ға жетті, қазіргі уақытта-200-ден астам [11].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы әйелдер құқықтарына қатысты негізгі халықаралық пактілер мен шарттарға қол қойды. Әйелдердің құқықтары туралы негізгі ережелер Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген, елімізде әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау саласында көптеген жұмыстар атқарылды. Гендерлік саясатта мемлекет мынадай міндеттер қойды: билік құрылымдарына әйелдер мен ерлердің теңгерімді қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздік, бизнесті дамыту және мансаптық өсу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; отбасындағы құқықтар мен міндеттерді тең іске асыру үшін жағдай жасау; гендерлік зорлық-зомбылықтан азат ету.

Библиографиялық тізім

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). т.3. - Алматы, Атамұра. 2000.- с. 141.
2. Мете Х. «Образы Гуртга и Гарлыга в дастане «Кобланды Батыр» в роли маяка, освещающего путь испытаний героя» // Молодой учёный. 2017. № 29. с.27.
3. Ақтаев С. Аблайдың ақ жолы (Ұлы хан және оның ұрпақтары жайлы эсселер). – Алматы, Ана тілі. 2011.- с. 109-126.
4. Муканова Г. «Айғаным ханым туралы аңыз бен ақиқат» // Жаңа Сарыарқа. 2007. № 2.с.27.
5. Ұлы даланың ұлы қыздары. Справочник. т.3. Құрастырған. Г.Т. Тәңібергенова. Алматы, Умай. 2008. -с. 192.
6. Айтай Б. «Кенесары көтерілісі туралы» // Қазақ тарихы.— 2005. № 6. С. 45–51.
7. Создание системы образования для девочек (конец XIX – начало XX века) e-history.kz. (дата обращения: 01.04.2022).
8. Вопросы историографии женского движения конца XIX в.– 20-х годов XX века e-history.kz> История Казахстана>seo-materials/show/29732(дата обращения: 01.04.2022).
9. Жумалиева Б. Основоположница женского движения Казахстана Алма Оразбаева. mysl.kazgazeta.kz>news/8079 (дата обращения: 01.04.2022).
10. Уровень образования, национальный состав, возрастная структура и размещение населения СССР по республикам, краям и областям (по данным всесоюзной переписи населения) elib.uraic.ru>bitstream/123456789/12888/1 (дата обращения: 01.04.2022).
11. Женское движение Казахстана: десять лет истории caravan.kz>articles/zhenское...kazakhstan-desyat (дата обращения: 01.04.2022).

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Алишкенова А.Т.

1 курс PhD докторант

Мусабалина Г.Т.

Ғылыми жетекші, т.ғ.д., профессор

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Резюме

В этой статье написано об истории развития медицины Казахстана в годы Великой Отечественной войны

Resume

This article is written about the history of the development of medicine in Kazakhstan during the Great Patriotic War.

Ұлы Отан соғысы жылдары көптеген медицина қызметкерлері майданға қатысып, соғыс даласы мен әскери госпитальдарда жараланған әскерлер мен офицерлерге, тіпті, жергілікті халыққа күн-түн демей медициналық көмек көрсетіп, қан кешіп жүріп аянбай еңбек етті. Дер кезінде көрсетілген медициналық көмектің арқасында жарақат алған солдаттар мен офицерлердің басым көпшілігі қатарға қосылып, соғыс майданына қайта араласып, Ұлы Жеңіс үшін қан мен тер төкті.

Соғыс жылдарында майданда және госпитальдарда жұмыс істеуге 700 мың медицина саласының қызметкерлері шақырылды. Олардың 280 мыңы дәрігер, 11 мыңы фармацевтер, 57 мыңы фельдшерлер, қалғандары медбикелер және санинструкторлар болды. Бұған қоса медициналық оқу орындары оның ішінде Қызылордада орналасқан Симферопольден көшірілген Қырым медициналық институтын қосқанда 5 мыңнан аса дәрігерлер мен 17389 фельдшерлер оқу орындарын соғыс кезінде бітіріп көбісі майданға аттанды.

1941 жылы тек бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысынан 123 медицина қызметкері әскер қатарына алынды. Сұрапыл соғыстың әскери госпитальдарда біздің облыстан шақырылған 500-ге жуық медицина қызметкерлері қажырлы еңбек етті. Олардың басым көпшілігі Мәскеуден Берлинге дейін жетіп, Жеңісті сонда қарсы алды.

Кеңестік медицина қызметкерлері әскердің өмірін өзінің өмірінен жоғары қойды. Санитарлар мен санинструкторлар майдан даласындағы жарақаттарға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, батальондық медпункттер мен әскери госпитальдарға тынымсыз жеткізіп отырды. Бұл - күнделікті, сағат сайын бүкіл майдан даласында болып жатты. Тіпті, хирург пен медбике қайнап жатқан соғыс кезінде дала госпиталінде, палаткаларда жарақат алған әскерді бораған оқтан қорғап, оны өз денелерімен «көлеңкелетіп» тұрып, жедел хирургиялық операция жасаған сәттер де аз болмады. Кейде, тіпті, олар демалыссыз, ұйқысыз, тамақ ішуге уақыт таппай, бірнеше тәуліктер бойы операция үстелінен ұзамай, еңбек еткендері де белгілі.

Медицина қызметкерлері тылдағы госпитальдарда ғана емес, шайқас далаларында да қажырлы еңбегімен көзге түсіп, жаралыларды өлімнен құтқарып, өз өмірлерін қиып отырды. Тек 1941 жылдың өзінде 427 дәрігер, 611 фельдшерлер қаза тапты. Бұл кеңес әскерлерінің шегінген кезеңі болды. Осыған байланысты шегінген кезде көбісі мерт болып, із-түзсіз кеткендер қатарына ілінді. 1941 жылы 1273 дәрігер мен 1776 фельдшерлер із-түзсіз кетті. Соғыста бетбұрыс байқалды деген 1943 жылдың өзінде майдандардағы және тылдағы госпитальдарда 3556 дәрігер мен 7637 фельдшер қаза

тапты[1]. Ал қанша санитарлар алғы шепте, тылдағы госпитальдарды бомбалау кезінде қаза тапты.

Ұлы Отан соғысы кезінде 117 госпиталь жау қолына түсті, 17 госпиталь қоршаудан шығу кезінде үлкен шығындарға ұшырағандықтан таратылды, 14 госпиталь із-түссіз кеткендер санатында. Бұлардың қатарындағы дәрігерлердің 41%, фельдшерлердің 43%, медбикелердің 100% әйелдер болды. Соғыс кезінде әскерге шақырылған медицина саласы қызметкерлерінің 200 мың дәрігері, жарты миллионға жуық орта медициналық қызметкерлері 1 миллион адамға лайықтап жасалған 6000 эвакогоспитальда әскери киім киіп, өздерінің отан алдындағы борышын өтеді. Олар 22326905 жаралы мен ауруларға көмек берді. Олардың 14685593-і жаралы болса, 7641312-сі аурулар болды. Госпитальдарға жараланып я сырқаттанып түскендердің 17157243-і, я 76,9% қайтадан әскер қатарына жіберілді. 3798158-і, я 17% әскерден босатылды немесе демалысқа жіберілді, 1371504-і, я 6,1% қайтыс болды. Жарақат алған жауынгерлердің 70,8% қолынан я аяғынан жарақат алғандар болды [2]. 1352 күнге созылған бұл соғыста күніне 11398 кеңес әскерінің солдаттары мен офицерлері жараланып я қаза тауып отырған. Кеңес халқы да өз көмегін аямады, соғыс кезінде 5,5 миллион адам қан тапсырып донор болды. Ұлы Отан соғысының бастапқы айларында эвакогоспитальдар екі жүйеге бағынатын: Қызыл Армияның бас әскери-санитарлық басқармасына және Денсаулық Сақтау Халық комиссариатына, алайда 1941 жылдың қазанында бұл екі мекеменің эвакогоспитальдары Денсаулық сақтау Халық комиссариатына берілді. 1941 жылдың 10 қазанында Халық комиссарының орынбасары С.И.Миловидов басқарған эвакогоспитальдардың басқармасы құрылды. Осыған сәйкес Қазақстанда және облыс орталықтарында оның ішінде Қызылордада эвакогоспитальдар басқармасы құрылды. Госпитальдардағы жаралыларға сапалы ем жасау үшін әрбір госпитальда «госпитальдық кеңес» құрылды. Мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің жаралыларға көмегін реттестіріп отыру үшін «Жаралыларға және ауруларға көмек беретін жалпы одақтық комитет» құрылды. Комитет жұмысын ВКП(б) ОК хатшысы А.А.Андреев басқарды. Бұл комитет госпитальдар орналасатын ғимараттарды жөндеуге, отынмен қамтамасыз етуге, тағы басқа көмек беру істерімен айналысты.

Жұмыла кіріскен жұмыс арқасында Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесінің 1941 жылғы № 1829-821 қаулысына сай 1941 жылдың қазанына дейін Қазақстанда 6400 орындық эвакогоспитальдар жұмысын бастады. Қазақстан үкіметінің екінші тапсырмасына сәйкес 1941 жылдың соңына дейін тағы 5800 адамға орындар дайындалды. Бұған қоса санаториялар мен демалыс үйлерінің базасында 1941 жылдың соңына дейін 910 орындық 6 эвакогоспиталь ашылды. 1941 жылдың желтоқсанында Солтүстік Қавказдан 9150 орындық 20 эвакогоспиталь Қазақстанға көшірілді. Оның 1800 орындық үш госпиталі Қызылорда облысына орналастырылды. 1941 жылдың 22 желтоқсанында Қызылорда облысындағы үш эвакогоспиталь Ташкентте орналасқан № 60 эвакуациялық пунктке бекітілді.

Қызылордаға көшіп келгенде Қырым медицина институты өз құрамын толық сақтап келді. Мұнда 21 профессор, кафедра меңгерушілері, оқытушылары толық болды және бес курста 530 студенті болды. Оның бірінші курстағы 200 студенті Қызылордада қабылданды, олардың құрамында біздің көп жерлестеріміз болды. Бұл институт Қызылордада 4 рет 200 маманнан шығарып, жартысын майданға, қалғандары Қызылорда облысының аудандарына, Қазақстанның басқа жерлеріне және азат етілген аудандарға жіберілді.

1942 жылдың 20 қаңтарында Қазақстанға эвакуацияланған 26600 орындық, тағы 55 госпиталь келді. Бұл госпитальдар облыстарға бөлініп берілді. Бір жағынан облысқа эвакуацияланған госпитальдар келіп жергілікті мамандармен толықтырылып жатса, екінші жағынан қоршауда қалып жойылған және жаңадан құрылған әскери құрамалар үшін Қазақстандағы госпитальдар майдандарға адамдарымен, құрал-саймандарымен,

керек-жарағымен жіберіліп жатты. 1941 жылы 9350 орындық 26 госпиталь жіберілсе, 1942 жылдың қаңтарында тағы 3900 орындық 13 госпиталь жіберілді.

1942 жылдың екінші жартысында майдан тұрақталып, майданнан алыс Қазақстанға жаралыларды тасу қиындықтар туғыза бастауына байланысты және майдан шептеріндегі госпитальдар көбейгесін Қазақстанға жаралыларды әкелу қысқарды. 1942 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысына сәйкес эвакогоспитальдардағы орындар 23475-тен 15500-ге қысқарды. Бірақ осы жерде айта кету керек 1942 жылы Қазақстанда 43310 орындық 106 эвакогоспиталь жұмыс істеген. Ал жалпы алғанда 1941–1945 жылдары Қазақстанда 59465 орындық 155 эвакогоспиталь болған, бұлардың 44915 орындық 110 госпиталі жаралыларды қабылдаған. Ал 14550 орындық 45 госпиталь жаралыларды қабылдамастан майданға жіберілген.

Қазақстан госпитальдарындағы жауынгерлер орта есеппен 72 күн ем алған. Бұл негізінен соғыс соңында емін жалғастыру үшін келгендер есебінен болып тұр. Ал жараланғаннан кейін Қазақстан госпитальдарына түскендер орта есеппен госпитальда 148,5 күн ем алған. Соғыс жылдары госпитальдарды тексерген көптеген комиссиялар емделіп, айығып шыққан жауынгерлердің госпитальдарда көп екенін айтады. Сырт көзге олар айығып шыққан болып көрінгенімен, госпиталь дәрігерлері оларды толық айықтырып шығуға тырысты және осыған байланысты олар көп жағдайда «Дені сауларды әдейі алып қалып жатыр» - деп сөгіс алып жатты. Осыған байланысты Қазақстан үкіметі мен кәсіподақтары бірігіп 1942 жылдан бастап емдеуден өткен жаралыларды тезірек қатарға қосу үшін санаторийлер мен демалыс үйлері базаларында емдеуді жалғастыратын 1560 орындық бірнеше госпитальдар ашу туралы шешім қабылдады. Осыған сәйкес Қазақстан үкіметінің 1942 жылғы 12 желтоқсандағы № 581 өкімімен Қызылорда облысының Жаңақорған поселкісінде 300 орындық балшықпен емдейтін больница ашылып, жұмысын тоқтатқан 3980 госпитальдың медициналық құрамы, құрал-саймандары және «Жаңақорған» курортының қосымша шаруашылығы осы больницаға берілді.

Осы жерде айта кету керек 1918 жылдан жұмыс істеп келе жатқан Жаңақорған курортының негізінде құрылған №3980 госпиталінде бұған дейін жаралыларды емдеу жұмысы жүргізілген болатын. 1942 жылдың 1 қаңтарынан -1 қыркүйегіне дейін мұнда 796 жаралы хирургиялық жолмен ем алып күн жылыған наурыз-шілде айларында 386 адам балшықпен ем алған. Бірінші қыркүйекке дейін бұл жаралылардың 188 ғана госпитальда қалған, қалғандары ем алып, жазылып шықты. Мұнда мүгедектерден ювелирлер, колхоз санақшылары, колхоз председателдері, шаштараздар, мұғалімдер, электромонтерлер, киномеханиктер, музыканттар, мүсіншілер тағы көптеген мамандар даярланды. Соқырлар үшін баянистер курсы жұмыс істеді. Осындай курстарда Қазақстан бойынша 1942-1945 жылдары жалпы саны 83359 соғыс мүгедегінің 28483-і мамандық алып шықты, оның 4176 басшылық қызметке орналасты. Ал жалпы Ұлы Отан соғысы кезінде 2 млн 576 мың КСРО азаматы мүгедек болып қалды. Осындай қосымша үйірмелер 1942 жылдан бастап Қызылорда облысындағы барлық госпитальдарда жұмыс істеді. Бұған тікелей госпиталь басшылары және жергілікті собез қызметкерлері жауапты болды. Олар тек оқытуға ғана емес, сонымен қатар жұмысқа тұрғызуға көмектесті. Осыған байланысты көптеген мүгедектер бірінші кезекте Қызылорда госпитальдарына және Қызылорда мен Жаңақорғандағы мекемелерге орналастырылды.

Библиографиялық тізім

1. Кривошеев Г.Ф., Россия и СССР в войнах XX века, статистическое исследование, М, «ОЛМА-ПРЕСС», 2001. 244 б.
2. Жакупова М., Тыловые эвакогоспитали Казахстана и Республик Средней Азии (САВО) Алматы, 2005.
3. Боздақтар, Қызылорда облысы, II-том, Алматы, 1995, 456 бет.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ СУ ҚОЙМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аралбаева Р.Б.

Ғылыми жетекшісі магистр, аға оқытушы

Тұрдыбай С.Е.

ГР-119 тобының студенті

Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается водохранилища Туркестанской области и эффективность их применения.

Summary

This article discusses the reservoirs of the Turkestan region and the effectiveness of their use

Су қоймалары - ол жасанды су айдыны, бөгеттер тұрғызу жолымен судың үстіңгі ағысын реттеу үшін арнаға салынған су айдындары. Су қоймасы -1 млн.текше метр суы бар жасанды су айдыны: оның деңгейін арнаулы құрылыстар-бөгеттер реттейді. Су қоймалары халық шаруашылығының қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін құрылады. Су қоймалары-айдындар көлемі жағынан төрт түрге бөлінеді: 50 шаршы шақырымға дейінгілер кішкентай болып есептелсе, 250 шаршы шақырымға дейінгілері орташа, 1000 шаршы шақырымға дейінгілері – ірі, ал 1000 шаршы шақырымнан үлкендері өте ірі айдындар деп саналады. Қазір Қазақстанда жалпы ауданы 10 мың шаршы шақырым болатын төрт мыңнан астам су қоймалары мен тоғандары салынған. Оларда көлемі 90 текше шақырым құрайтын тұщы су қоры жиналған.

Су қоймаларының көпшілігі Орталық, Оңтүстік және Шығыс Қазақстанда орналасқан. Олар – Бұқтырма, Қапшағай, Шардара, Самарқан, Бөген, Ақкөл, Жастар атындағы, Шерубай-Нұра, Кеңгір, Өскемен және басқалары.

Су шаруашылық кешені (СШК) – нысандардың, кәсіпорынның және олардың арасындағы байланыстың жиынтығынан тұратын және белгілі бір табиғи жағдайдағы динамикалық дамуда болатын табиғи-техникалық жүйенің бір түрін су шаруашылық жүйесі деп атайды.

Су шаруашылық кешені (СШК) – белгілі су алқабы бөлігінің немесе тұтас алқаптың су қорларын бірге пайдаланатын, халық шаруашылығының әр түрлі саласының жиынтығы.

Су шаруашылық жүйесі (СШЖ) – немесе Су шаруашылық кешендерінің (СШК) негізгі мәселесі:

- су шаруашылық кешенін басқару, яғни су қоймаларының жұмыс атқару тәртібін оңтайландыру, суды тұтынатындар және суды пайдаланушылар арасында суды бөлу.

- халық шаруашылығындағы, оның ішінде суғармалы егістік жүйесінде судың меншікті шығынын төмендету мақсатында, суды пайдалану және суды тұтынудың тиімділігін қамтамасыз ететін шараларды қарастыру.

Елімізді сумен тұрақты қамтамасыз ету мақсатындағы іс-шаралардың басында экономиканың аса маңызды су шаруашылығы саласын түбегейлі реформалау ісі тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Көксарай су қоймасын салу арқылы Қазақстан Сырдария бассейнінің сағасындағы өзен ағысын реттеу сынды ең өзекті мәселенің шешімін табуға қол жеткізді.

Су қоймаларының тапшылығынан елдегі бар ауыл шаруашылығы өндірісінің әлеуетін жүзеге асыруға, өнеркәсіп салаларының даму мүмкіндіктерін арттыруға, коммуналды-тұрмыстық секторды қажетті мөлшерде сумен қамсыздандыруға мүмкіндік болмай, халық шаруашылығын басқарудың қалыптасқан жүйесінің кемшіліктерін

көрсетеді. Бұл кемшілік, Түркістан облысының әсіресе вегетациялық кезеңде қатты байқалады.

Соңғы жылдары Түркістан облысының су проблемаларының өршуіне байланысты мемлекеттерді тұрақты сумен қамтамасыз ету мәселелері ұлттық қауіпсіздік проблемалары шегінде қарастырылады. Түркістан облысының сумен қамтамасыз ету проблемасының өзектілігі бар су ресурстарының шектеулілігімен, оларды аумақ бойынша әркелкі бөлумен, уақыт шегіндегі елеулі өзгеріспен, трансшекаралық өзендер сулары ластануының жоғары деңгейімен сипатталады. Келешекте шекаралас мемлекеттер аумақтарынан өзен ағысының қысқаруына, сондай-ақ климаттық тұрғыға орай жергілікті ағыс ресурстарының азаюына байланысты республиканы сумен қамтамасыз ету жағдайының шиеленісуі мүмкін. Елімізде экономиканы, оның ішінде су шаруашылығы саласын түбегейлі реформалау тұрақты сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешуге ерекше талаптар қояды.

Су қоймаларының шаруашылықта пайдалануды су ресурстарын қорғау, сонымен бірге су қатынастарының заңға сүйеніп реттелуі едәуір дәрежеде олардың тиімді пайдалануына әсер етеді. Тап осы негізде су қорларының қолайлы, ұқыпты және тиімді қолдануына қамтамасыз етуге жағдай жасау керек, суын пайдаланудың шарттарын қамтамасыз етуде, басты міндет, су қорларын басқарудағы үйлесімді саясатты талап ететін жолдарды іздестіру. Сондықтан қойылған мақсаттың табысты болуы, су қорларын басқарудың төңірегіндегі халықаралық заңдарға сүйене отырып, ұлттық заңдардың бір-бірімен жақындасуына тәуелді болады. Бұл салада мұндай заңды базаның жасалуы, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, сөз жоқ аймақтық жағдайлар есепке алынуы тиісті.

Бірінші кезегінің пайдалануға берілуімен Көксарай су реттегішінде 1 млрд текше метр су жиналса, биыл жыл басында ол толық жобалық қуатында – 3,0 млрд текше метр су жинайтын көлемде жоспарға сәйкес уақытында іске қосылды. Көксарай су реттегішінің ең басты маңызы – Шардараны арнасынан шығып кетуден сақтайды. Демек адамдар өміріне қауіп-қатер төнбейді, Сырдария жағасындағы елді мекендердің қауіпсіздігі толығымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар енді қыс-көктем жиып алған тасқын су жазда суармалы шаруашылықты өңірдің қажетіне жаратылады. 2010-2011 жылдардағы су тасқыны кезіндегі су қоймасында жинақталған ағынның көлемі 2,2 млрд текше метрді құрады. Көктем мен жаз айларында Көксарайда тұрған судың артығын Сырдария арнасына және Кіші Аралды толтыру үшін жіберіп, Шардара суын кейін пайдалану мүмкіндігі туды. Бұл күріш өсіретін облыстардың суландыру жүйелерін қамтамасыз етуге және балықтың көбеюіне оң ықпал етеді дейді мамандар. Су реттегішінің бір пайдасы осындай. Сондай-ақ мамандардың айтуынша, Көксарай су қоймасының бір артықшылығы мынада: Қазақстан жоғарғы шектерде Қырғызстан және Өзбекстаннан Арнасай су қоймасына артық су жіберу үшін суды демпингті кішірейту үшін сұраныс жасады. Он жыл бұрын 30 миллиард текше метр тұщы су сонда жіберілген. Енді су Қазақстанда қалатын болады.

Міне, Елбасының батыл шешімінің арқасында Сырдария өзенінің сағасында жатқан ұлттық ішкі өнімдегі үлесі 15 пайызды құрайтын аграрлық бағыттағы екі облыстың халқы жылдар бойғы су тасқыны алдындағы үрейден арылып, тіршілік нәріне сусаған егіндіктер мен шабындық толықси тербелетін болды.

Су қоймасының суымен 450 мың гектар жер суарылып, онда күріш, бау-бақша, көкөніс, жеміс, жүзім және жем шөп өсіріледі. Республикамыздағы ірі жасанды су айдындары қатарына Шардара су қоймасы да жатады. Шардара су қоймасы өткен ғасырдың 60 жылдары құрылған және егін алқаптарды суғару гидроэлектростанция үшін салынған. Ол Түркістан облысының Сырдария өзенінің арнасына салынған. Бөгетінің ұзындығы 4,8 км, биіктігі 24,5 м. Бөген ауданы 900 км², ұзындығы 48 км, ені 20 км, ең терең жері 25-26 м, орташа тереңдігі 6,3 м, су жиналатын алабы 174000 км². Су сыйымдылығы 5,7 км³. Шардара суымен 1,5 млн. га егістік, 4 миллион га-дан астам

жайылым суландырылады. Биылғы жылы Шардара су қоймасында су деңгейі шамадан тыс көбеюде.

Осындай қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, Шардара су қоймасы 40 шақырымды құмды жаға жайымен туристерді қызықтыруда. Осы құрылған су қоймалардың көпшілігінде қайта балық өндіруге жағдайлар бар. Су шаруашылық кешендерді құрғанда әр өзен бассейні бір су шаруашылық жүйе ретінде қарастырылады, барлық элементтері – өзендер, көлдер, жылғалар, су қоймалар, батпақтар, жер асты сулары бір-бірімен байланысты және өзіндік гидрологиялық тепе-теңдігін сақтайды. Сондықтан бір немесе бірнеше элементтерді пайдаланғанда, толық жүйенің нормальді іс-әрекетін бұзбау керек.

Сырдария өзенінде су тасқыны салдарларын жою бойынша атқарылған жұмыстар шығыны сараланып, Сырдария өзенінде Көксарай су реттегіші құрылысының маңызы дәлелденді. Сонымен, ел ішінде су ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалану үшін интеграцияланған басқарудың ұлттық жоспарын қабылдау керек және тұтастай оңалту жұмыстарын, қолданыстағы су шаруашылығы инфрақұрылымын жетілдіру қажет. Жаңа су үнемдеу технологияларын, өндірістік үрдістерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгіз керек. Су қорын пайдалану және қорғау инфрақұрылымын дамыту үшін жеңілдетілген несиелер беру жолдарын қарастыру керек.

Бөген су қоймасы Түркістан облысында Бөген өзенінің төменгі ағысында орналасқан. 1967 жылы пайдалануға берілген. Түркістан облысының Түркістан, Ордабасы, Отырар аудандарының егістігін сумен қамтамасыз ету мақсатында салынған. Аумағы 65 км², ұзындығы 13 км, ені 6 км, орташа тереңдігі 6 м, ең терең жері 15 м. жиналатын су көлемі 377 млн м³. Арыс, Бөген өзендерінің суымен толығады.

Су қоймаларының халық шаруашылығы үшін маңызы зор. Олар энергетикалық, көлікке қатысты, суару, жұртшылықтың демалысы мәселелерін шешу үшін, сондай-ақ спорттық және балық аулау мақсатында пайдаланылады.

Су айдындарының тазалығын сақтаудың ең басты жолы – өндірісте пайдаланылған суды тазартып, қайта айналысқа қосатын тұйық өндірістік цикл тәсілін қолдану. Еліміздің климаты құрғақ, жазы ыстық болуына байланысты оңтүстік өңірлерде ауыл шаруашылығы дақылдарын қосымша суландыруды қажет етеді, сондықтан суармалы егіске суды үнемдеп жұмсаудың маңызы зор.

Қазіргі жағдайда тұщы судың жетіспеушілігінің үдемелі өсуі, қоршаған ортаның нашарлауының үлкен масштабтағы қаупі, сонымен қоса гидроэкожүйеге қарқынды су шаруашылық әрекеттерінен, су қоймалардың су ресурсын үнемді пайдалану мен суды сақтау, қорғау және қалпына келтіру мәселелері ерекше маңыздылыққа ие. Су нысандарында табиғи және антропогендік ықпалдан пайда болған жаңа гидроэкологиялық жағдайларды болашақта есепке алмай және өзгеріске талдау жасамай баға беру мүмкін емес.

Библиографиялық тізім

1. Мұстафаев Ж.С. Қозыкеева Ә.Т. Ландшафттар және табиғи-техногендік кешендер Алматы, 2013ж
2. Алыбаева Р.А. Құрлықтық және су экожүйелерін қорғау Алматы, 2013ж
3. Бейсенова К.М. Қазақстанның физикалық географиясы: Оқу құралы.-Қарағанды «Ақнұр» 2012ж
4. Роберт Л. Макконнелл, Даниэль К. Абель Қоршаған ортаны қорғау мәселелері: Оқулық.- Алматы «Дәуір», 2017ж – 320 б.
5. Жалмырза А., Габдуллина Б., Жанпейсова Қ. Түркістан тұлғасы. Шымкент. Шың. 2019. – 566 б. Ғылыми еңбек.
6. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы.. Алматы, 2010

ЕЛІМІЗДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД

Балтабай О.

2 курс студенті

Ғылыми жетекші: Тилекова А.Ж.

магистр, аға оқытушы

Шымкент Университеті

Аннотация

Статья посвящена вопросу профилактики суицидального поведения у подростков, рассматриваются современные тенденции, стимулирующие суицидальную активность.

Представлены причины авитального поведения у подростков, описаны особенности внутрисемейных отношений как негативного фактора-провокатора аутоагрессии.

Продemonстрированы особенности учебного процесса, влияющего на эмоциональное состояние ребенка. Обозначены основные правила поведения с подростком, играющим в «игры смерти». Приведены рекомендации для педагогов и родители по выстраиванию эффективной коммуникации с подростком.

Ключевые слова: суицид, самоубийство, социальное явление, типология самоубийств, СМИ.

The article is devoted to the prevention of suicidal behavior in adolescents, modern trends that stimulate suicidal activity are considered. The causes of avital behavior in adolescents are presented, the features of intra-family relations as a negative factor-provoker of autoaggression are described. The features of the educational process affecting the emotional state of the child are demonstrated. The basic rules of behavior with a teenager playing "death games" are outlined. Recommendations for teachers and parents on building effective communication with a teenager are given.

Key words: suicide, self-annihilation, social phenomenon, typology of suicide, mass media

Еліміздегі жасөспірімдер арасындағы суицид деңгейі

Жасөспірімдер арасындағы суицид деген не?Өз-өзіне қол жұмсау дегеніміз - жасөспірім өзінің өлімін қасақана жасау. CDC мынаны хабарлауы бойынша:Статистикаға байланысты суицидке ұлдардан қарағанда қыздар қауымы 4 есе көп барады екен.

Көп жағдайда осыған себеп болатын жағдайлар:

- Отбасыларындағы өзгерістер, мысалы ажырасу немесе жаңа қалаға көшу
- Достықтағы өзгерістер
- Мектептегі проблемалар
- Басқа шығындар

Жасөспірімдердің суицидке бейімділігін көрсететін белгілер:

- үрейлі-ажитожды мінез-құлық, асығыстық, мазасыздық тән;
- ұзақ уақыт ұйқысының бұзылуы: катаклизмалар, катастрофалар, авария немесе жыртқыш аңдарды жиі түсінде көруі;
- аффект қысымы, сыртқы белгілеріне еш себепсіз агрессиялы іс-әрекеттер жатады;
- депрессия, апатия, сөйлемей: жасөспірім еш нәрсе жасағысы келмейді, міндеттерден бас тартады, уақытты мәнсіз өткізеді, мінез-құлқында бей- берекетсіздік, ұйқышылдық көрінеді;
- өзінің қалыптаспағандығы үшін, өзі үшін ұялу, кінәні сезіну, өз-өзіне сенімсіздік. Бұл синдром көңіл аударарлық сотқар мінез-құлықпен көрінуі мүмкін;
- соматикалық эндокрин және жүйке-психикалық бұзылыстармен өтетін қиын пубертат кезең;
- алкоголь қолдану, токсикомания, нашақорлық.

Суицидалды жасөспірімнің сыртқы жағдайлары:

- жайсыз отбасы: ауыр психологиялық ауа-райы, ата-аналардың дау-жанжалы, отбасындағы алкоголизм, ата-анадан айырылу;
- жасөспірімнің қараусыз қалуы, жасөспірімге бағыт көрсетіп, жол сілтейтін ересек адамның болмауы;
- жасөспірімнің отбасындағы жайсыз орны: шеттету, шектен тыс қамқорлық, каталдық, жасөспірімнің әр әрекетіне сынап қарау;
- жасөспірімнің достарының болмауы, оқу тобында шеттетілуі;
- оқуда, қарым-қатынаста, туыстар мен ересек адамдармен тұлғааралық қарым-қатынасында сәтсіздіктер кезегінің болуы.

Тәуекел тобына енетіндер:

- Қиын жасөспірімдер. Өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі бекіту мәселелері жасөспірімдердің ортасында маңызға ие, ал алкоголь және нашақорлық заттарды пайдалану импульстердің аяқ астынан пайда болу мүмкіндіктері күшейтеді.
- Тұқым қуалайтын суицид. Мұндай отбасының балалары өз туыстарының өмірлік сценарийімен өмір сүруі мүмкін.
- Мүгедек - балалар, өз денесінің кемтарлығынан зардап шегушілер.
- Өзін-өзі бағалаулары төмен балалар, тез ренжігіш, депрессиялық күйге жеңіл түсетіндер.

1.1 Суицидке итермелейтін жайттар

Тұқым қуалау. Атадан балаға беріп кететін мұра секілді, суицидта тұқым арқылы, қан арқылы берілетіні дәлелденген. Отбасыңыздың, жақындарыңыздың арасында көп жылдар бұрын бұл нәрсе болған болса, кейін сіздің балаларыңыздан өз-өзіне қол жұмсау белгілерін байқасаңыз таң қалмаңыз. Алдын алып, өмірімен қоштасуына жол бермеңіз.

Нашақорлық. Қазіргі уақытта нашақорлық проблемасы әлемдік қоғамдастықтан бөлек Қазақстанда да өзекті мәселенің бірі. Нашақорлық- жеке тұлғаның кері кетуіне, жастар арасындағы өлімнің көбеюіне алып келетін негізгі фактордың бірі болып табылады. БҰҰ есірткілер мен қылмыс бойынша Басқармасының 2008 жылғы деректеріне сәйкес, әлемде есірткі тұтынуда тәжірибесі бар 200 млн. адам бар, 110 млн. есірткілерді салына тұтынады және 25 млн. адам есірткілерге тәуелділіктен зардап шегеді. Ал елімізде жыл сайын 17-ге толмаған мыңдаған жасөспірім нашақорлық салдарынан өмірмен ерте қоштасады екен.

Жауапсыз махаббат. Жасөспірімдер арасындағы махаббат жағдайы да өз-өзіне қол жұмсауға дейін әкеліп жататыны белгілі. Жауапсыз махаббат салдары күйзеліске әкеліп, соңында бұл күйзелестен шығу жолын көп жасөспірім осылай іздейді. Мысалы, америкалық отбасы асырап алған Айсұлу есімді қазақ қызының өлімі де дәл осы жауапсыз махаббат салдарынан болған. «Дэвин бір жігітке деген жауапсыз махаббаттан көп зардап шекті. Оның үстіне жаңа, жоғары мектепте үлкен қысымға тап болды. Салдарынан өзіне қол салды. Бұл суицид», - деп хабарлаған Айсұлудың әкесі Уэйн Тэкабари.

Науқас. Дертке шалдыққан балалардың көбі ата-анасының қиналғанын, масыл болғанын көріп өзін іштей жеу арқылы күйзелуі мүмкін. Ең бірінші жақындарының қиналғанын көргісі келмеген бала осы жол арқылы барлық қиындықтан құтыламын деп ойлайды. Дегенмен, әр ата- ана мейірімін жеткілікті бөліп, науқас баласының жігерін жанып, қолдау білдірсе, аталған жағдайдың орын алмауына септігін тигізуі мүмкін. [7]

Суицидке итермелейтін ойындар

Қазіргі таңда ғаламтор желісінде жасөспірім балалардың саналарын улайтын ойындар белең алып келеді. Соңғы кезде Ресейден бастау алған «Синий кит» немесе «Тихий дом» сынды ойындар бірнеше жасөспірімдердің суицидке баруларына әкеп соққан. Бүгінде кез келген балада ұялы телефон бар. Оны ата-аналары балаларын қатарынан қалдырмау мақсатында алып береді. Бірақ, көбісі жасөспірімдердің қандай ғаламтор желілеріне және қандай топтарға тіркелгендіктерін қадағалап жатпайды. Осы ақпараттан соң сізге балаңыздың ұялы телефонын ақтаруға кеңес береміз. Алғаш Ресей елінде пайда болған бұл ойын түрінен бірнеше жасөспірім балалар тамырларын кесіп,

тіпті, өз-өздеріне қол жұмсауға дейін барған. Барлығына кінәлі «Синий кит» атауындағы топтың тапсырмалары болып отыр. [6] Жасөспірімдердің 50 күн өткен соң неліктен суицидке баратындарына көзімді жеткізгім келді, – дейді эксперимент жасаушы. – Біз досымыз екеуіміз ғаламтор желісінде жалған парақша ашып, «Синий кит» тобына тіркелдік. Екеуімізге күнде екі түрлі адам байланысқа шығып, тапсырма бере бастады. Алғашқы тапсырма ретінде қолына өткір затпен ойып киттің суретін салуды ұсынды. Оны біз фотошоп арқылы жасап суретін жібердік. Солай әр күн сайын түрлі тапсырмалар беріп отырды. Соңғы елуінші күні көпқабатты үйден секіру немесе асылып өлу екеуінің біреуін таңдауға кеңес берді. Әлбетте, біз қорқатынымызды айттық. Бірақ тапсырма беруші егер қойған талабын орындамасақ, ата-анамызға немесе жақындарымызға кесірін тигізетіндіктерін айтты. Сосын бір ғаламтор желісінің ссылқасын жіберді. Оны басып кіргенде «404 бет табылмады» деп шығып тұрды. Ал 10 минут өткен соң тапсырма беруші бірден менің мекенжайым туралы ақпаратты өзіме жіберді. [8] Яғни, біз зерттей келе, олардың балалардың мекенжайын қалай тез анықтайтындықтарын білдік. Ол жоғарыда жіберген байланыс желісі арқылы. Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратура өзіне-өзі қол жұмсауға итермелеген ақпарат үшін де жазалауды сұрайды. 15:58 27.12.2017 «ҚР Қылмыстық кодексінде жаза - 105-бап, ал «ажал сайттары» әкімшілері үшін, осы бап бойынша қылмыстық жауапкершілік жәбірленушінің қатеріне ұшыраған немесе қатал жазаланған жағдайда ғана жүзеге асырылады[1].

1.2 Соңғы орын алған суицид оқиғалары

27 қазанда Алматыда химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы көз жұмды. Оқу мекемесі жазатайым оқиға сабақтан тыс уақытта болғанын мәлімдеді. Кейбір деректерге сүйенсек, ұл бала психологпен болған әңгімеден кейін өзіне қол жұмсаған. Полиция баланың қазасын растады, бірақ трагедияның мән-жайын нақтылаған жоқ. Алматыда Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы өзіне қол салғаннан кейін бірқатар мектептің оқушылары 29 қазан күні наразылық акциясын ұйымдастырды. Наразылық акциясын ұйымдастырған оқушылар сексизмге қарсы екенін білдіруде.

"Мектеп кураторының юбка киіп келгені үшін ұл баланы күзгі балға жібермеуі – барып тұрған сексизм. Содан кейін оны күштеп мектеп психологына апарған. Ал сыныптастары оған болысқанда, әрбірінің аты-жөнін сұрап, "күнәһарды" қолдағаны үшін тәртіптік жазаға тартамын деп қорқытады

Тағы бір жаға ұстататын жағдай - Алматыда әйел кішкентай үш баласымен 9-қабаттан секіріп кетті. Оқиға орнында әйел мен екі бала қаза тапты. Жедел жәрдем көлігінде тағы бір бала қайтыс болды. Куәгерлер оқиға қалай болғанын айтып берді. Кейін марқұм хат қалдырғаны мәлім болды.

Трагедия таңертең Ақмола облысы, Есіл ауданы, Жаныспай ауылында орын алды. 11-сынып оқушысы өзіне өзі қол салды. Өлер алдында жазған хатында, оны «Ақтөбе Таймс» газеті жариялаған, 18 жасар Лейла Шакулова былай деп жазыпты: - Ешкімді кінәламаңдар. ҰБТ-ны тапсыра алмайтынымды сеземін. Мектеп бітіру кешіне шығындалғым келмейді. Менсіз жеңілдеу болады, несие алудың қажеті болмайды. Солай – кешіріңіздер.[4]

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі ҚР 2014 жылғы 3 шілде
2. Мектептегі психология. №12, 2015.
3. Елшібаева К.Ғ. Жас өспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу. Арман ПВ баспасы, Алматы, 2012.
4. Напрасная смерть: причина и профилактика самоубийств. Под редакцией Д.Вассерман. Пер. с.англ. - М.: Смысл, 2015
5. Өтемова Қ.Т. Өлеуметтік педагогика. -Алматы: Рауан, 2012. -308б.
6. Беркімбаева Ш.К., Мардахаев Л.В. Өлеуметтік педагогика. Алматы: Мектеп, 2012 -228б.
7. М.А.Гулина,Ю.П.Зинченко. Консультативная психология. Учебник для вузов -2015.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫСЫ СӘДУАҚАС БОҚАЕВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Белгібай Ж.Қ.

т.ғ.к., доцент

Сембиева Ш.Б.

аға оқытушы

Садықұлова С.С. т.ғ.к.

аға оқытушы

М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Тұлғалардың тарихтан алар орнын Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген» – деп атап көрсетті [1]. Тоталитарлық жүйе үстемдік құрған кеңестік кезеңде қоғамдық өмірдің және ғылыми бағыттың шектен тыс идеологияландырылуы ХХғ. басындағы отарлық саясаттың мәселелерін зерттеуде өзіндік теріс әсерін тигізіп аталған мәселелерге қатысты біржақты тұжырымдар жасауға ықпал етті. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігермен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ...» [2] деп жазды. Елбасының осы маңызды тұжырымы тарихымызды жаңаша тарихи тұрғыда зерттеуді және қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына қосуды басты мақсат еткен қазақ зиялыларының қызметтеріне шынайы баға беруді күн тәртібіне қойды. Оларды «ұлтшылдар», «халық жауы» деп ешбір негізсіз тағылған жаладан ақтау және ғылыми тұрғыда зерттеулер жүргізу Отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселе екендігі айқын.

Қазақстанда ХХғ. 20-30 жж. математика ғылымының дамуына өз еңбектерімен және зерттеулерімен елеулі үлес қосқан ғалымдардың алдыңғы буыны қалыптасты. Олар математика ғылымы бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, елімізде ғылым саласының өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсады. Осы кезеңдегі қазақ зиялыларының биік шоқтығы қатарында көрнекті ғалым-математик, республикада математика ғылымының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың да есімі ерекше орын алатындығы сөзсіз.

ХХғ. басында Мәскеу математика мектебінің деңгейі әлемдік деңгейде мойындалуы Д.Ф. Егоровтың және оның шәкірттері Н.Н. Лузин, И.И. Привалов, В.В. Степанов есімдерімен байланысты болды. Ал, Мәскеу мемлекеттік университетінің механика факультетінде Н.В. Жуковский, С.А. Чаплыгин сияқты көрнекті ғалымдар қызмет етті. С. Боқаев университетте П.С. Урысон, П.С. Александров, Н.Н. Лузин, В.В. Степанов сияқты белгілі математиктерден білім алу мүмкіндігіне ие болды. ХХғ. 30-жж. басында аталған білім ордасында М. Сәтбаев, А. Закарин, Ө. Жұмабаев, К. Игенов, С. Аяпбергенов, Т. Дарқанбаев, С. Ибрашева, А. Шәріпханов, Ә. Қанапин сияқты қазақ жастары да білім алды[3]. Кейіннен олардың бірқатары Қазақстанда білім беру саласы мен ғылымның қалыптасуы мен дамуында үлкен роль атқарды.

С.Х. Боқаев еңбек жолын 1932ж. маусымында Қазақ педагогика институтының математика кафедрасында ассистент ретінде бастайды. 1934ж. қаңтарында ҚазПИ-дің жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Кафедра жетекшісі ретінде С. Боқаев оқытудың сапасын арттыруға, нақты ғылымдарды оқытудың озық әдістерін енгізуде өз тәжірибесі мен біліміне сүйенді. Нәтижесінде аталған кафедра

республикада жоғары математикалық пәндерді оқытудың инновациялық деңгейіне көтеріліп елеулі жетістіктерге жетті. Өйткені, білікті маман математикалық білім беру ісін дамытудың негізгі факторы – КСРО-дағы жетекші оқу орындарының іс-тәжірибелеріне назар аудару қажеттігін түсінді. Әсіресе, Мәскеу мемлекеттік университетінде математиканы оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен қатар өз институтының оқыту тәжірибесіне енгізуге күш салды. Осы мақсатта Мәскеу қаласындағы бірқатар жетекші жоғарғы оқу орындары кафедраларының озық іс-тәжірибелерімен алмасып тығыз байланыс орнатылды, ал 1933ж. математиктердің Бүкілресейлік конференциясына қатысты. Республикада педагогикалық білім берудің зор маңыздылығын түсініп, жоғарғы оқу орындарында дәріс беретін оқытушылардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында аспирантура арқылы ғылыми бағытта зерттеуші-ғалымдарды даярлауды жүзеге асыруға ат салысты. Нәтижесінде Әубәкіров, Жәутіков, Әмірбаев сынды дарынды шәкірттерін математика ғылымына баулыды.

Математик-ғалым қазақ тілінде бірыңғай математика терминдерін жүйеге түсіру мақсатында орыс тіліндегі математика оқулықтарын қазақ тіліне аударып математикалық ұғымдарға сәйкестендірді. 1934ж. институттың ғылыми-зерттеу бағытында жалпы пәндер бойынша терминологияны бір жүйеге келтіру үшін Терминология комиссиясы құрылды, оның құрамына С.Х. Боқаев, Ә.Ә. Ермеков, М.М. Мәскеевтер сияқты ғалымдар енді. Комиссия қабылдаған терминдер Мемлекеттік терминология комиссиясының бекітуіне ұсынылды. Алайда, бекіткенге дейін институт кафедраларына пәндер бойынша терминдерді ғылыми айналымға енгізуге рұқсат етілуі комиссия мүшелерінің жоғары кәсіби деңгейін байқатады. С.Х. Боқаевтың қазақ тіліне аударған оқу құралдары мен оқулықтары, жасаған ғылыми талдауы ғалымның қазақ тілінде математикалық терминдерді жасаудағы қомақты үлесін көрсетсе керек. Зерттеуші Б.М. Қосанов С.Х. Боқаевтың математика ғылымындағы оқу-әдістемелік бағытында дайындалған оқу құралдарында енгізген терминдерін 4 топқа бөліп қарастырады. Қазіргі күнге дейін қазақ тіліндегі алгебра оқулықтарындағы терминдердің мәселен, Н.А. Шапошников пен Н.К. Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» атты оқу құралын қазақ тіліне аударған кездегі автордың енгізген терминдері: «дәреже» - «степень», «дәреже негізі» - «основание степени», «теңдеу» - «уравнение», «теңдеулер жүйесі» - «система уравнений» және т.б. өзгеріссіз ғылыми айналымда қолданылуын, аударылмайтын халықаралық терминдерді қазақ тіліне аударуға қадам жасауы, автордың қазақ тілінің ғылыми тіліне сәйкестенуі үшін аса назар аударғандығын атап көрсетеді.

1934ж. қыркүйекте Сәдуақас Хасенұлы ҚазПИ-дің физика-математика факультетінің деканы болып тағайындалды. Факультет деканы ретінде ол оқу жұмысының жоғарғы оқу орнының талаптарына сәйкес жүргізуге, материалдық-техникалық базасының қалыптасуына, математика мен физиканы оқытудың жаңа әдістерін енгізуге, студенттердің пәндерді толық меңгеруіне ерекше көңіл бөлді. Студент-жастардың интеллектуалды дамуына, логикалық және алгоритмдік ойлау негізінде математикалық қабілеттерін қалыптастыруды мақсат етті. Нәтижесінде «Еркін жинақталатын қатардың қосындысы болып табылатын функцияның құрылымдық қасиеттері», «Арнайы функциялар және олардың жалпы жағдайлардағы ерекше нүктелері», «Жалпы түрдегі кейбір анықталмаған интегралдарды интегралдаудың кейбір тәсілдері», «Конформдық бейнелеулер және лоардың механика саласында қолданылуы» атты еңбектері дайындалды. С.Х. Боқаев басшылық еткен жылдары аталған факультет елімізде математикалық білім беру ісінің дамуына үлес қосумен қатар республика көлемінде педагогикалық мамандарды дайындайтын алғашқы білім ордасының бірі болды. 1934ж. қазанда институт әкімшілігі ғылыми-зерттеу бағыты бойынша мамандарын РКФСР ХАК-на математика мамандығынан С.Х. Боқаевты да Мәскеу мемлекеттік университетінде кандидаттық диссертация қорғау үшін ұсынды. XXғ. 30-жж. ММУ-дың механика-математика факультеті осы сала бойынша мамандар дайындауда және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі еді. Бұл

ғылым ордасында математика саласында әлемге әйгілі Н.Е. Жуковский, Д.Ф. Егоров, Н.Н. Лузин, А.Я. Хинчин, И.И. Привалов, П.С. Александров, И.Г. Петровский сияқты ғалымдар қызмет ететін. Ізденуші-ғалым С.Х. Боқаев та осы ортада «дифференциалдық теңдеулер» мамандығы бойынша аспиранттардың оқу бағдарламасына сәйкес зерттеулер жүргізу нәтижесінде 1935ж. ММУ-нің математика және механика ғылыми-зерттеу институтында «Конформдық түрлендіру теориясы және оларды қолданбалы ғылымның «математика мамандығы бойынша есептерінде пайдалану» атты тақырыпта математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Оған математика ғылымдарының кандидаты және доцент ғылыми атағы берілді. 1932-1935 жж. ҚазПИ-де, ҚазМУ-де математикалық пәндерден дәріс беру сапасын көтеру мен оқу үдерісін жақсарту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізді. Педагог-ғалым осы саланың жетекші курстарынан, арнайы бейіндік пәндерден дәріс курстарын дайындаумен қатар жоғарғы, арнаулы орта оқу орындарын, қазақ мектептерін оқу құралдармен, оқулықтармен қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік жұмыспен де айналысты. Атап өтепін жайт, сол кездегі оқу үдерісіне дайындалған оқу құралдарының бүгінгі күнге дейін өзіндік маңызы бар екендігі. Оның авторлығымен «Математика және халық шаруашылығының физикалық негіздері», қазақ тіліне аударылған Н.А. Шапошников пен Н.К. Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» (1933) атты еңбектері жарық көрді. Қазақстандық ғалымдар қатарында С.Х. Боқаевтың ғылымға қосқан үлесі үкімет тарапынан ескеріліп ҚазАКСР ОАК Алқасы 1935ж. қарашада жоғары білікті мамандар дайындау ісіндегі, республикада математикалық білім беруді дамыту мен ұйымдастырудағы ерен еңбегі үшін «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен марапатталса, 1936 ж. математика профессоры атағын иеленді [4].

Уақытпен бірге қоғамның дамуы да сол қоғамға, оның өркендеп дамуына бар болмысымен қызмет еткен ұлтжанды азаматтардың ұлттық тарихи санасы да алға қарай алшаңдап қадам басқан сайын өмірден озған танымал тұлғалардың жарқын бейнесі, олардың халқының келешегі үшін сіңірген еңбегі екшеленіп құндылығы арта түсетіндігі шүбәсіз[5]. Қазақстандағы білім мен ғылым саласының дамуы мен өркендеуіне қомақты үлес қосқан зиялылар қатарында және қазақ өлкесінде алғаш ашылған білім ордасы – қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің негізін қалаушылардың бірі Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың да есімі бүгінгі ұрпақтың жадында сақталатындығы ақиқат.

Библиографиялық тізім

1. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан // Егемен Қазақстан. 1998, 16 желтоқсан
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында – Алматы: Атамұра, 2003.
3. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.- 45б.
4. Дюсенова Н. Қазақстандағы 20ғ. 40-50жж. «ұлтшылдық» пен «космополитшылдыққа» қарсы күрес науқаны (т.ғ.к. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация) – Алматы, 2005.
5. Бақаев Ә. Өшпес оттың жарығы / Жизнь, прерванная на взлете – Алматы, 2007. – 160 б.

УДК 518.65.54. (574).

Х.А.ЯСАВИ – ВЫДАЮЩИЙСЯ СРЕДНЕВЕКОВЫЙ МЫСЛИТЕЛЬ ВОСТОКА

Дисолдыбаев Ж.Т.

К.и.н., доцент

ЮКУ им. М.О.Ауэзова

Нынешний сложный во многом противоречивый этап развития Казахстана как независимого государства, остро ставит вопрос правдивого и объективного исследования богатейшего историко – культурного и духовного наследия крупнейших средневековых мыслителей Востока, оставивших яркий и неизгладимый след в мировой истории. В настоящее время особый интерес с научной точки зрения представляет оценка роли и вклада ряда средневековых мыслителей средневекового Востока в становлении и развитии научной и религиозной мысли в Туркестане.

Среди тех, кто оставил значительные сведения по истории, философии, этнографии, религии тюркских народов, следует назвать мыслителя эпохи раннего средневековья Х.А.Ясави, чье оставленное богатейшее историко-культурное наследие вызывает у представителей научной общественности глубокий познавательный интерес.

Как отмечает известный иранский исследователь С.Б.Камаладдини: «как известно одним из важных факторов для сохранения и развития ислама в Центральной Азии без сомнения являются представители суфизма и различные его мистические пути. В данном регионе существовали различные суфийские ордена, такие как ясавийя, накшбандия, кубравийя, однако, с учетом того, что Туркестан был родиной Х.А.Ясави, этот регион находился под влиянием идей этого выдающегося мистика. Испиджаб (нынешний Сайрам) где родился знаменитый богослов – теолог суфист Х.А.Ясави известен как один из ключевых центров исламской культуры. Говорят что его отца звали шейхом Ибрахимом, родословная которого восходит к Иمامу Али. Также согласно одной легенды, один из шейхов из рода его Светлости Имама Али жил в Сайраме – одном из городов Туркестана – этот самый шейх Ибрахим отец Ясави. Согласно некоторым моментам «Дивани – Хикмет» Шейх Ибрахим по духовному указу пророка ислама прибыл в Сайрам и получил наставление Его светлости. В детстве Ясави, после смерти своего отца, либо по другим причинам, вместе со своей старшей сестрой направляется в Ясы (Туркестан) и далее проживает там. Яса в это время считается одним из активных религиозных центров, где функционирует суфийский орден под руководством Шейха Арыстанбаба» [1, с.42.].

Известный казахстанский исследователь З.З.Жандарбеккасыя его богатейшего духовного наследия отмечает, что: «Х.А.Ясави полностью использовал все возможности суфийского учения. Его титанический труд заново зарождает тюркскую культуру и язык. Тюркский язык становится языком культуры, науки и образования. Государственный язык также становится тюркским. Его прозвали «Кутуб аль –Актабом» то есть полюсом полюсов, вокруг которого вращалась вся духовная и культурная жизнь тюрков» [2, с.176.].

В своих Хикметах Х.А.Ясави призывал людей быть добрыми, учил презирать стяжательство и алчность. В поэтическом диване Кулкоджа Ахмед преподносит основу шариата, дает различные житейские советы, рассуждает о бренности богатства, выступает в защиту справедливости. Сущностью ядром философии хикметов Ясави становится человек. Хикметы говорят о том, как Велик бог, что он Всевышний, что как прекрасен бог. Бог создал этот мир с любовью» [3, с.218.].

Народ воспринял нравственную суфийско-исламскую философию Ясави. Она стала близкой народу, пытавшемуся решить проблему света и тьмы, добра и зла. В некоторой степени идеи Ясави изложенные в Хикметах, стали руководством в мусульманской практике. Душой и сердцем тюрки восприняли ислам сквозь призму суфии Ясави чему способствовал тюркский язык, послуживший мощным фактором единства суфизма Ясави и народной исламской веры» [4, с.234.].

В честь Ясави по приказу эмира Тимура в XIV-XV вв. был воздвигнут мавзолей, ставший шедевром мирового зодчества и крупнейшим памятником мусульманской архитектуры в Казахстане.

Очень любопытные исторические факты, касающиеся истории постройки мавзолея Х.А.Ясави сохранились и дошли до наших дней. Так, например, известный дореволюционный российский исследователь Н.Сорокин в своей статье «Очерк путешествия по Средней Азии» касаясь истории постройки мавзолея Х.А.Ясави. отмечает: «На довольно большом холме стоит сгруппированными казенные здания крепости, стена с воротами и знаменитая мечеть с могилой пророка Хазрета. Вокруг цитадели расположился городок с тенистыми бульварами, орошаемыми ирригациями. Киргизы, сарты, каракалпаки и др. составляли главное население Туркестана. Войдя в здание, невольно останавливаешься перед громадным металлическим чаном изящной работы, имеющим форму вазы. Вокруг них стоят бунчуки с ветхим конским волосом.

Когда Тамерлан во главе своего многочисленного войска шел из Самарканда на Россию, то остановился в Туркестане. Он слышал о святом, но не вполне верил в его могущество. Тем не менее, однако, заявил, что если Хазрет поможет ему завоевать Россию и взять Москву, то над простой могилой пророка, он соорудит великолепную мечеть. В ту же ночь Тамерлану приснился сон. Хазрет явился к нему и предсказал: «Много ты русских городов разоришь, но Москвы не возьмешь. Предсказание сбылось. Однако властитель Азии велел строить мечеть. Но, несмотря на громадное количество рабочих, несмотря на все старания мастеров – дело не шло, что сложено было днем, разваливалось ночью. Наконец, явился Тамерлану опять Хазрет и сказал: « Выстрой сначала мечеть над могилой святого ранее жившего до меня и не менее святого и славного Зенги – ата, который похоронен в 15 – верстах от Ташкента. Желание пророка было выполнено и вскоре в Туркестане появилась мечеть, удивлявшая своей красотой и роскошью богомольцев» [5, с.46.].

Конечно это легенда, но в ней есть определенная доля правды, ибо при жизни Х.А.Ясави пользовался огромным авторитетом и уважением в кочевой и оседлой среде населения Туркестана.

Иными словами следует отметить, что мавзолей Х.А.Ясави является национальным и духовным достоянием всего мусульманского мира. Город Туркестан, в котором прожил всю свою сознательную жизнь этот выдающийся представитель суфийского направления в исламе, являлся крупным культурным, духовным, политическим и экономическим центром.

Общеизвестно, что культура, традиции, обычаи и обряды того или иного народа тесно переплетаются с духовными ценностями, то есть культура выступает в роли главного ядра или частью религии. Поэтому в эпоху глоболизации когда идет интенсивное развитие информационных технологий, необходимо глубоко изучить исторические истоки зарождения духовного наследия выдающихся средневековых мыслителей Востока.

Если внимательно проанализировать духовное наследие тюркских народов, то можно заметить, что культура казахского народа является составной частью мусульманского мира. Казахский народ, как и другие тюркские народы в трудные периоды времени сумели выстоять и преодолеть все трудности и преграды, благодаря воле к свободе, патриотическому духу, и в том числе вере.

Многонациональный народ Казахстана смог гармонично связать традиции, обычаи и обряды с ключевыми ценностями ислама. У тюркских народов традиции, обычаи и обряды были основаны на хадисах и суннах, а законы на основах ислама, поэтому жившие в те далекие времена мудрейшие богословы, теологи, гуманисты мусульманского Ренессанса, начинали свое выступление с похвалы в адрес Аллаха, а герои защитники нашего Отечества не выходили на поединок с врагом без духовного благословения (бата), сегодняшнее поколение молодых казахстанцев следуя мудрым наставлениям своих далеких предков стремятся к построению светлого и радостного будущего, следуя заповедям ислама, который на протяжении тысячелетий обогащал культурные и духовные потребности тюркских народов. Выдающиеся средневековые мыслители Востока Абу Наср аль-Фараби, Ходжа Ахмет Ясави, Махмуд Кашгари, Мухамед Хайдар Дулати, Жусип Баласагун и другие смогли возродить и совершенствовать духовные и нравственные ценности местных коренных насельников Туркестанского края, обогатить их разум и мышление, мировоззрение и мировосприятие.

Библиографический список

1. С.Б.Камаладдини. Туркестанский старец и его мистический путь // В материалах Международной конференции «Суфизм в Иране и Центральной Азии. Алматы, 2006. С. 42.

2. З.З.Жандарбек. Х.А.Йасави и возрождение тюркской государственности // В материалах Международной конференции «Суфизм в Иране и Центральной Азии. Алматы, 2006. С. 176.

3. К.Сариева. Диалектика математических и философских понятий в произведении Х.А.Ясави // В материалах Международной конференции «Суфизм в Иране и Центральной Азии. Алматы, 2006. С. 218.

4. Р.Д.Стамова. Особенности религиозной ситуации и место исламского мистицизма (суфизма) в Кыргызстане // В материалах Международной конференции «Суфизм в Иране и Центральной Азии. Алматы, 2006. С. 234.

5. Н.Сорокин. Очерк путешествия по Средней Азии // Туркестанский сборник Том 331. СПб., 1883. С. 46.

УДК 37.091.33:821.512.122

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА НЕКОТОРЫХ АНТРОПОНИМОВ КАЗАХСКИХ ВОЛШЕБНЫХ СКАЗОК

Жолдыбай А.М.

Студент группы ТР-121

Керимбаева Д.

к.ф.н., старший преподаватель

Шымкентский университет, г.Шымкент

Концепт «мужчина» реализован в текстах казахских народных волшебных сказок и другими вербальными единицами, семантика которых помогает воссоздать во многом архаическую языковую картину мира казахских народных сказок. Так, например, герой одноименной казахской волшебной сказки носит имя **Ер Төстік**. **Төстік** – баранья грудинка (грудинная часть) является семиотически значимой в свадебном ритуале казахов и с ней связаны, видимо, древнейшие архаические солярные и зоолатрические воззрения. Н.Шаханова пишет: «Следует отметить, что это блюдо обладает чрезвычайно архаичными реминисценциями жарения: нижняя часть грудины отделяется от туши вместе со шкурой и жарится на вертеле. Очевидное выделение грудины объясняется, по-видимому, чрезвычайно архаичными представлениям о ней как о некоем жизненно важном витальном органе. Этим, видимо, объясняется ранняя сакрализация этой части туши» [1,95].

Сакральная значимость обжаривания грудинки на огне объясняется смысловыми параллелями в ракурсе понятий «төс» («төстік») – верхняя (небесная) часть туши –огонь-солнце. С.Кондыбай указывает, что төс является грудинной костью, к которому крепятся баранья ребра, и потому **төс** может быть представлен в виде Солнца, от которого расходятся лучи (ребра) [2,399]. Весьма примечателен сценарий зачатия будущего батыра **Ер Төстік**. Старуха Ерназара, открывая **түндік** (войлочный полог, закрывающей отверстие купола - шанырака), заметила лошадиную грудинку, висющую на **күлдіреуіш** (купольной рейке), которые вставлены в гнезда обруча делового отверстия (шанырака) и образует как бы лучи, расходящиеся в разные стороны по диаметру шанырака – солнца. Съев грудинку, жена Ерназара зачала и потом родила **Ер Төстіка**: «Ерназардың кемпірі түндікті ашқанда, шаңырақтың күлдіреу ішіне ілулі тұрған биенің төстігіне көзі түседі. Сол төстікті асып жеген соң жүкті болып, Ер Төстік туады».

С.Кондыбай обращает внимание на процитированную выше сюжетную деталь как далеко не случайную и задается вопрос – восьмилучевое солнце – это не төс ли? (купольные рейки (**күлдіреуіш**) по восемь расходятся по диаметру от шанырака! И

верхняя (небесная) часть юрты приходится на ту часть остовы юрты, на которой **күлдіреуіш** крепятся к шаныраку, и күлдіреуіш соотносятся с лучами Солнца) [2,398-399].

Возникает логическая параллель - **Ер Төстік** зачат от солнечной (небесной) части сакрального (небесного) животного – лошади – зачат от солнечного луча (**күлдіреуіш**) (төс висит на лучеподобной купольной рейке - **күлдіреуіш**), т.е. **Ер Төстік – сын Солнца**. Вспомним, что патриархальным божеством, пришедшим на смену лунному божеству – Луны был бог Солнца. Исходя из этой позиции, **Ер Төстік** можно причислить к ряду древнейших патриархальных героев – солнечных мергенов.

С.Кондыбай прямо указывает, что основа данного сказочного сюжета заложено во 2-1 тысячелетий до нашей эры, т.е. в бронзовый и железные века в эпоху формирования номадизма: «**Ер Төстік** – мифологиядағы күн текті қаһарман (солерный герой). Оның есімінің қойылуы («шаңыраққа ілінген төсті жегесін бойға біткен бала»; мұндағы шаңырақтағы төс – «аспандағы күн») оқиғасынан да осы сипат аңғарылады. Ер Төстік туралы ертегінің негізгі қаңқасы б.з.д. 2-1 мыңжылдықтарда, яғни қола және темір ғасырларының тұсында және дәстүрлі көшпеліліктің қалыптасу дәуірінде қалыптасқан. Бірақ, сол кезеңдердің өзінде де ертігілік эпосқа тым ежелгі замандардың «неолит-энеолит» мифтік материалдары пайдалынғанын аңғаруға болады» [3,577].

Семантическая информативность многих антропонимов казахских волшебных сказок, репрезентирующих в языковой форме один из важнейших культурных концептов – концепт «мужчина», позволяет вскрыто аккумулярованные в многослойные мифологические данные, которые транслируются в закодированном виде от поколения к поколению в течение тысячелетий.

Концепт «человек», как мы упоминали ранее, подразделяется на два видовых концепта: на концепт «мужчина» и на конец на концепт «женщина». Когнитивный анализ концепта «женщина» будет проведен несколько позднее, здесь же мы укажем, что предварительный анализ семантических оппозиций концептов «мужчина и женщина», продуцированных в текстах казахских волшебных сказок, показывает, что с концептом «мужчина» связаны положительные коннотации, реализуемые через понятия «герой-батыр», «охотник кормилец семьи и рода», «защитник»; «побетитель зла», «странствующий герой», «обладатель сказочной силы», «любящий сын» и т.д.

Ради справедливости надо заметить, что в текстах казахских волшебных сказок изредка, но встречаются реализации отрицательных коннотаций, связанных с концептом «мужчина». Такие вербальные реализации, например, наблюдаются в сказках о жадном Каруне (Карынбае) – персонаже из Корана.

С.А.Каскабасов пишет: «Карун в сказках выступает по имени Карынбай, но сохраняет все черты своего прототипа из Карынбая в одних сказках проглатывает земля, а в других его превращают в сурка. Имя Карынбая стало у казахов нарицательным и, подобно именам Шигайбай, Карабай, служит определением жадных людей [4,34].

Прозрачная внутренняя форма имени Карынбай (карын – живот, утроба) способствует возникновению ассоциаций, связанных с образом жадного, ненасытного бая.

Содержание концепта «мужчина» казахских народных волшебных сказок реализует целой системой когнитивных моделей – прототипическим и образными представлениями. Прототипические и образные представления в суггестивной форме аккумуляруются в ряде сказок в энциклопедической информативной семантике сказочных прецедентных имен. К таким фольклорным именам, аккумуляющим и репрезентирующим образные содержание концепта «мужчина», могут быть отнесены сказочные антропонимы **Атымтай Жомарт, Лұқпан, Сүлеймен, Қыдыр, Ескендір и др.**

В когнитивной (ментальной) пространстве казахского этноса, как и в менталитете многих тюркских этносов широко представлен образ **Қыдыра (Хызыра, Хизра)** покровителя странников и путешественников, чудесного странца, дарующего богатство и счастье людям, его повстречавшим. «Каждый человек видит Кыдыра три раза в своей жизни, но не узнает его. Он является или под видом нищего, или под видом странника и

т.п. Если бы узнать его в это время и попросить счастья, он осчастливит на всю жизнь, но редко кому это удается» [5,201].

Образ Кыдыра присутствует в казахских мифах, легендах, богатырском эпосе и в казахских волшебных сказках. Исследователи обычно относят Кыдыра к мусульманскому персонажу и распространение данного концепта в казахском фольклоре и в мифолого-религиозном сознании казахского и других тюркских этносов связывают с влиянием восточной арабо- персидской литературы.

Библиографический список

1. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998 – 184с.
2. Кондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1-ші кітап - Алматы. Дайк – Пресс, 2004. – 512 б.
3. Қондыбай Серікбол. Гиперборея: түс көрген заман шежіресі. – Алматы: «Үш қиян», 2003-592б.
4. Каскабасов С.А. Казахская волшебная сказка. Алма-Ата, 1972.
5. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М.: Наука. 1983

ӘОЖ 93/94

ҚҰЗЫРЕТТІ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жорабекова Г.А.

аға оқытушы, тренер

***«ӨРЛЕУ» БАҒО» АҚ «ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»***

Білім берудің ең негізгі, өзекті мәселесі – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жоғары мәдениетті қарым – қатынасқа түсе алатын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Сондықтан білім берудің мақсаты мен мазмұны қазіргі заман талабына сай анықталуы керек. Жас ерекшелігіне қарай балалардың құзыреттілігі өткен кезеңдегі психикалық деңгейіне, мәдени-тарихи, этникалық және әлуеметтік-экономикалық формалардың әсер ету дәрежесіне тікелей байланысты болады. Осылайша ересек топтағы балалардың психологиялық ерекшелігі коммуникативтік құзыреттілік қалыптастыру мүмкіндігімен анықталады. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты Б.Д. Эльконин өз еңбегінде былай көрсетеді:

- «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық қараушы ғана емес әрі мотивациялық әлуеметтік және мінез құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды) құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

- құзыреттілік – алған білім, білік тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

- құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы;

- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдересінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында қалыптасады.

Психология ғылымында «кәсіби маңызды сапа» немесе «іскерлік маңызды сапа» сонымен қатар белгілі үш таған: білім, білік, дағды ретінде де түсіндіреді. «Құзырет» - тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы.

Құзыреттілік білім шеңберінде өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің

алдында тұрған міндеттерінің бастысы – білім беру жүйесін жетілдіру, елдің интеллектуалдық потенциалын көтеру, қоғамдық өмірдің салаларында соның ішінде, білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектепті қазіргі кезеңдегі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты, экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолына түстік. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруі – мектеп қабырғасында берілетін білімнің, оқытушылардың кәсіптік білім деңгейлерінің сапасымен тікелей байланысты екенін көрсетті. Бұл еліміздің тағдыры және ұлтымыздың болашағы мұғалімнің қолында дегеніміз. Жалпы алғанда, оқу – оқушының өзіндік қызметі, қызметтің осы түрі арқылы оқушы білім алады, білік және дағдылар жүйесімен қаруланады. Оқу жас ұрпақтың бойына ес, зейін, қиял логикалық ойлау және тағы сол сияқты қасиеттерді тәрбиелейді, оқу – ойлау қабілеттерін жетілдіреді, жеке бастың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Оқытудың міндеті жас ұрпақтың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, оны өмірге баулу, өндірістегі еңбекке дайындау, қоғамға пайда келтіретіндей практикалық іс-әрекетке үйрету, сондай-ақ оның жан-жақты дамыған жеке бас тұлғасын дамыту болып табылады.

- Құзыреттілік – оқушылар дайындығы сапасының сан қырлы және құрылымдық сипатын анықтайтын толық мөлшерде стандартталынбайтын баға.

- Құзыреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

- Құзыреттілік – тұлға бойындағы белгілі бір пән бойынша алған нәтижелі білім, білік, дағдыларының нәтижесінде көрінеді.

- Құзырлылық – осы құзыреттілікті тұлғаның пән бойынша алған білімін өз қажеттілігіне сәйкес қолдана, пайдалана білуі.

Нәтижеге бағытталған білімді пәндік құзыреттілік тұрғысынан зерделесек, біз адамға тыңдау, түсіну, ойлау, пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді оқушылардың өмірлік қажеттілігіне айналдыруы тиіс. Құзыреттілік сала ерекшелігіне қарамастан барлық мамандар бойынан табылуы керек деп, қарастырылған, себебі құзыреттілік маман біліктілігінің негізінен құрайды.

Еліміздегі білім беру бағытының дамуы үшін құзыреттілік тәсілдің қажеттілігі "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасының" негізгі қағидаларында белгіленген. Құзыретті тұлға қалыптастыруда бүгінгі мектеп өмірі, рухани байлығы, мұғалімнің еңбегі, ізденісі, білім мен қабілеті, жаңашылдыққа көзқарасы, оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып оқу- ойлау қабілеттерін жетілдіруде тұлғаның шығармашылығын дамыту, теориялық ойлау қабілетін дамыту, логикалық-ғылыми тануға жеткізу арқылы іске асатыны сөзсіз. Заманауи білім беру мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру да ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын әлеуметтік және кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын заманға сай құзыретті тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім берудің негізгі міндеті - білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу деп көрсетілген. Әлемдегі 30 елдің қатарына кіру үшін құзыретті тұлға қалыптастыру басты парызымыз.

Библиографиялық тізім

1. Г.Л.Волкова «Повышения уровня компетенции пед.коллектива - основа результативности учебно - воспитательного процесса» Завуч 1999 №7
2. М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны құралы ретінде» Алматы 2002 ж

3. К.С. Құдайбергенова «Құзырлылық табиғаты - тұлғаның өздік дамуында» Алматы 2006ж
4. Қ.М. Нағымжанова «Инновациялы-креативті технологиялар» Өскемен 2005ж
5. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2008ж
6. «ҚР 2015 ж дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» 2002ж
7. «ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» Астана 2007
8. «ҚР Білім туралы заңы» 2007ж

ӘОЖ 159.9.0.072

САЙРАМ Өңіріндегі киелі жерлердің тарихы (Ибраһим ата, Қарашаш ана кесенелері)

Қалмаханбетов Е.С.

Студент

Жумабаева Р.Ә.

Жетекші

«Жол-көлік колледжі», Шымкент

«Түркістанда Түмен баб, Сайрамда бар сансыз баб, Отырарда отыз баб» демекші, Оңтүстік Қазақстан облысында киелі орындар көптеп кездеседі. Сайрам –сансыз баптар мекені деп бекер аталмайды.Себебі, бұл өлке киелі де, шежіресі мол аймақ. Тарихы тереңде жатқан Сайрам қаласында мәдени-тарихи орындар көптеп кездесетіні баршамызға мәлім. Қазы Байзави әулие, Сүзік ата, Ибраһим ата кесенесі, Қарашаш ана кесенесі, Қыдыр мешіт мұнарасы т.б. Сайрам қаласының аумағында тарихи мекендер мен қалашықтар, сонымен қатар архитектуралық және қала құрылысының ескерткіштері бар.Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан бұл көне қалада Ибраһим ата және Қарашаш ана кесенелері орналасқан.Бұл ескерткіштерді араламай, Түркістан саяхаты толық болмайды.

Ибраһим ата кесенесі- Орта ғасырларда ислам дінін насихаттау орталықтарының біріне айналған көне Сайрамда көптеген діни ғұламалар, ұстаздар пайда болған.Солардың бірі- атақты Қожа Ахмед Яссауидің әкесі Ибраһим ата діни көсем әрі осы өңірлерге танымал уағызшы болған.Ол жасаған ХІ ғасырда Сайрам ислам дінін тарату ошағы болған. Мұнда көптеген діни ұстаздар мен ғалымдар тұрды. Сонымен қатар ел арасында ол кісінің әулиелік, көріпкелдік кереметтері туралы аңыздар тараған. Ибраһим ата кесенесі – әйгілі уағызшы мазарына қойылған сәулет ескерткіші. Ақсу ауылы жолында Сайрам ауылының шетінде биік төбеде орналасқан. Алғашында кесене ХVІ – ХVІІ ғасырларда салынған, бірақ ол құлап қалғаннан кейін ХІХ ғасырда қайта салынды. 50-жылдары қатты жер сілкінісі кезінде кесене күмбезі құлағаннан кейін басқа қалыпта қайта жасалды. Ибраһим ата текті отбасынан шыққан, табысты жер өңдеуші болды. Халық арасында оның әулиелігі мен уағызшы қабілеті жайлы аңыздар тараған. Ибраһим ата мұқтаж адамдарға көмектесіп, тақуалық өмір сүрді және мыңдаған ізбасарларға ислам дінін уағыздады.

Сайрамда бүгінгі күнге дейін Ибраһим Ата мен оның зайыбы Айшаның мазарын құрмет тұтады. Ибраһим Ата – бізге жеткен аңызға қарағанда “төрт әділ халифтің” төртіншісі Әли Әбу Талибтің ұрпағы болып келетін Ысқақ бабтың 13-ші ұрпағы. Ибраһим Ата және оның баласы Қожа Ахмет Иасауи – қазақ жерінде исламды таратуда шешуші рөл атқарған.

Кесене бір камералы, шаршы түріндегі құрылыс. Ибраһим ата кесенесінің алаңы 7,2х7,2 м, ал ұзындығы — 8,25 м. Имарат бір орын-жайы бар екі деңгейлі болып келеді. Оңтүстік жағында кіреберіс, батыс жағында ағаш жақтаулы терезе орналасқан. Ішкі

қабырғалары әрленген, еден кірпішпен қапталып үстінен цемент араластырылған балшықпен сыланған. 50-жылдары күмбез құлағаннан кейін кесене төбесі ақ жапырақты қаңалтырмен қапталып, ортасына сүйір ұшты мұнара орнатылды. Кесененің солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс бөліктерінде терең емес сүйір ұшты текшелері бар порталдар бар. Ұзақ уақыт бойы жолдың шетіндегі төбеде тұрған кесене қатерлі жағдайда болды. 90-жылдары жолды 20 метрге ауыстыруға және кесене негізін топырақ қатпарымен бекітуге қаржы бөлінді.

Қарашаш ана кесенесі- Қарашаш ананың шын есімі Айша бибі сайрамдық атақты Мұса шейхтің қызы болған. Айша бибі өмір сүрген XI ғасырда өлкемізде ғылым мен өнердің, мәдениеттің дамыған кезі еді. Ұлы ғұлама Қожа Ахмедтің анасы өз дәуірінің көзі ашық, әдепті, білімді әйелдерінің бірі болды. Қарашаш ананы бүкіл түркі әлемі ардақ тұтады.

Қарашаш ананың қабірстандағы ол кісіге қатысты Ибрагим қожа, Сүлеймен қожа, Сәлім қожа және Дәуіт қожа сынды жандардың да қабірлері қойылған.

Қарашаш ана кесенесі – порталды-күмбезді құрылыс. Құрылыстың бұндай типі кейінгі ортағасыр дәуірінде Оңтүстік Қазақстан аумағында кең таралған. Бастапқыда XIII ғасырда салынып, кейіннен уақыт және табиғи жағдайлардың ықпалымен әлденеше рет қирап, қайтадан тұрғызылды. Қазіргі кесене XIX ғасырдың ортасында салынды. Ол 27 x 27 x 5 см мөлшерлі төртбұрышты күйдірілген кірпіштен қаланған. Сондай-ақ, құрылыс барысында ағаш пен саз қолданылды. Кесене сапалы материалдардан және ерекше ұқыптылықпен тұрғызылды. Екі ғасыр ширегінде ескерткіш бұзылған жоқ. Құрылыста қолданылған ағаш бөлшектер және ағаштан ойылған ою-өрнек те шірімеді. Кесененің өлшемі 6,3 x 6,3 метр. Ғимарат бұрыш қалқандарына негізделген барабанда тұрған күмбезбен аяқталады. Күмбез биіктігі 7,08 метр. 1996 жылы күмбезді жапырақты ақ қаңалтырмен қаптады. Оңтүстік және оңтүстік-батыс қасбеттері ұзын сүйірленген текшелері бар порталдармен безендірілген. Алдыңғы жазықтықтары терең емес сүйірленген және тікбұрышты текшелермен әшекейленген. Кесененің оңтүстік және батыс жақтарында кіреберіс есіктер бар.

Ішкі бөлігінде күмбез ұшы сыланған, кіреберіс үстіндегі жарық саңылауы ағаштан жасалған панжар торымен жабылған. Құм тығырындағы едендер кірпіштен қаланған. Кесененің орталық бөлігінде мрамор тақтайшаларымен қапталған Қарашаш ананың бейігі орналасқан.

Осы жұмыстар барысында ашылған археологиялық сипаттағы элементтер мен құрылымдарды Оңтүстік Қазақстан облысының туристік нысандарына қосуға мүмкіндік береді.

Библиографиялық тізім

1. Ғ.Байпақов, А.Нұржанов «Ұлы Жібек Жолы және ортағасырлық Қазақстан», Алматы, 1992ж.
2. Қазақстанның тарихи ескерткіштерінің жинағы, I том. Оңтүстік Қазақстан облысы, Алматы, 1994ж.
3. Р.Насыров «Оңтүстік Қазақстан» Алматы, 1990ж.
4. С.Хизами «Орта ғасырлар тарихы және өркениеті» Шымкент, 2001ж.
5. С.Жолдасов «Шежірелі Оңтүстік» (Көне заманнан бүгінге дейін) Алматы, 2002ж.
6. Ә.Нысанбаев «Қазақстан»: «Ұлттық энциклопедиясы», Алматы IV том. 1998ж.
7. Ислам Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2010ж.

АШАРШЫЛЫҚ ОҚИҒАСЫНЫҢ АҚИҚАТЫ

Ирисмедова Л. А.

студент ТР-121

Ғылыми жетекшісі: Исмаилов Е.О.

аға оқытушы

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Қазіргі кең байтақ ,аспаны ашық мемлекетіміздің үлкен тарихы жатыр. Тәуелсіздік алып Қазақстан Республикасы деп жарияланғанша недеген қиын, шыдауға тұрмайтын, жантүгершілік оқиғалар болған. Мақтан тұтатын тұлғаларымыздың ерліктері қазіргі күнге дейінгі қасиет етіп сақтап жүрген тарихи ескерткіштеріміздің недеген тарихы бар.

Ашаршылық кең байтақ жерімізде болып өткен қайғылы оқиға. Қазақстанда 31 мамырда “Қазақстанда Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу “күні аталып өтілсе, соңғы бірнеше жылда бұл да өткен ғасырлардың 30-шы жылдарындағы ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып келеді. Бұл күні мыңдаған қазақстандықтар еліміздің бірнеше қалаларында орнатылған ескерткіштерге гүл шоқтарын қояды. Көптеген жылдар бойы 31 мамыр оқиғасы шын мәнінде тарихтың символдық қимылы болды, бірақ қазір бәрі өзгере бастады, тіпті өткен оқиғаларға нақтыбаға берген Қазақстан билігі де бұл оқиғаны мұқият зерттеуді талап ете бастады. Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы ашаршылық сталиндік ұжымдастыру саясатының салдарынан болған жоқ. Бұл қазақ ұлтын жоюға және елді Ресейден қоныс аударушыларға қоныстандыруға мұны коммунистердің жасанды ашаршылықты ұйымдастыру қисыны дәлелдейді. Әрине колхоз жүйесін құрмай-ақ екінші феодалдық құқық (большевиктер) (БКП(Б)) ешқандай аштық пайда болмас еді. Егер ұжымдастыру жаппай ашаршылықтың себебі болса, онда КСРО-ның барлық аграрлық өңірлері осыдан зардап шегер еді. Шындығында мүлдем басқа көрініс бар [1].

Аштықтың қасіреті Украинада, Кубаньда, Батыс Сібірде, Поволжьеде, Оралда және Қазақстанда орын алды. Бірақ тек Ресейдің Орталық өңірлері мен Орта Азияда мұндай жағдай болмады. Бұл селективтілікте ашаршылық арқылы Сталиндік геноцидтер жүйесін түсінудің кілті жатыр. Украинада, Кубань, Донщина, Еділ аймағы және Батыс Сібір украиндар халықтың едәуір бөлігін құрайтын жерлер болды.

XX ғасырдың басында 70% халқымыздан айрылдық Кеңес Одағының ресми деректеріне сенгеннің өзінде 1930 жылдан 1933 жылға дейін 4 млн жуық қазақ ашаршылықтың құрбаны болып есептеледі. Нақты ашаршылықтың себептерін айтатын болсақ : Ұжымдастыру іске қосылды. Идеясы дұрыс болды, бірақ соны іске асыру бұл әділетсіздік болды. Жаңа фабрикалар, жаңа өндіру жерлерін ашпақ болды. Соны қазақ халқының малын алып қойып, соны ақшасына құрды.Қазақстан жерін үлкен бір сынақ жері ретінде көрді [1].

Сол жылдары Филипп Голощекин Қазақстан Компартиясының облыстық комитетінің бірінші хатшысы болды. Ф.И. Голощекин Қазақстанға келгеннен кейін республика басшылығындағы көрнекті адамдар мен қазақ зиялыларының өкілдерін репрессия мен құғынға ұшыратты. Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов сияқты мықты қарсыластарын Қазақстаннан қуып жіберген. Голощекин барлық істе өзіне жанама бағынатын адамдармен қоршап алды. Сондықтан Голощекин Қазақстанда зағип орындаушыларды жоғары лауазымдарға тағайындау дәстүрін енгізді. Сондай Қазақстан Мәскеуге ет жеткізіп отыратын болды. Олар етті Еуропа елдеріне сататын болды, түскен ақшаға зауыт, фабрикаларға керек жабдықтар сатып ала бастады. Ал Қазақстанда ашаршылық дамый берді. 30- шы жылдарда ең көп зардап шеккен Солтүстік Қазақстан облыстары болды.

Сталиндік дерективалар бойынша қазақтардан тек қана:бір көшпенді шаруашылықтан 400 бас ірі қара мал, жартылай көшпелі шаруашылықтан 300 бас және отырықшы шаруашылықтан 150 бас ірі қара мал алынды.

Дәстүрлі экономикалық өмір салты өлімге әкелді. Егер 1928 жылы Қазақстанда ірі қара малдың басы 6,5 миллионнан астам басты құраса, 1932 жылы - тек 965 мың басты құрады. 1928 жылы 18,5 миллионнан астам қойдың 1932 жылға қарай 1,38 миллионнан азы қалды. Жылқы саны 3,516 миллионнан (1928 ж.) 885 мыңға дейін (1941 ж.) азайды. Көшпелі мал шаруашылығы колхоз құрылысы енгізілгенге дейін Қазақстанның экономикалық өмірінің негізі болды. Қазақтардан тәркіленген малдың көп бөлігі жай ғана қырылды. Комунистер жануарларға ұстаудың минималды жағдайларын ұйымдастыра алмады.

Ашаршылықтың тағы бір себептері Совет өкіметі осы 15 мемлекет ішінен Қазақстан жерін көшпелі халық олардың мәдениеті жоқ, Алаш партиясын басшыларын алып тастасақ басы оқыған зиялыларын кетірсек “Совет адамын жаратамыз” деген ой болған. Басқа ұлт өкілдерін кіргіссек адамдары өз мәдениетін тұрмысын ұмытып кетіп совет адамы болады деп жоспарлаған. Қоныс аударудағы ең ауыр зілзала қазақтар арасын жайлаған аштық пен індет, ол 1932 жылдың басынын басталды да жазға қарай қатерлі көлемге жетті. Бұл жайында И.В.Сталин мен Л.И.Мирзоянға Т.Рысқұлов ашық хаттарында жазылған [2].

Тұтас бір халықтың толық жойылып кетпеуі үшін ол нақты шараларды ұсынған, дәлдеп айтқан. Сол кездегі республика халкомы төреғасы О.Исаев Сталинге хат жазған (1932 жыл тамыз) хатында қазақ халқының қайғылы жағдайы жайында хабарлаған. Басқа түскен ауыр жағдайда бетбұрыс жасауға дәрменсіз болып отырған Голощекинді Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінен түсіруді ұсынған. 1933 жылы тамыз айында Өлкелік партия комитетінің басшылығы көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының ұжымдастыруды ұйымдастыруды және оларды отырықшылыққа көшіруді жеделдету туралы жергілікті партия және кеңес ұйымдарына нұсқау берді.

Мұндай біле тұра берілген қастандық нұсқау ұжымдастыру саясатын өрескел бұрмалауға әкеліп соқты, оны байлар мен кулактар асқан ептілікпен пайдалана білді, қарапайым халықтың қорларындағы малын жаппай союға және қоныс аударуларына арандатты. Сталиндік басшылық халықтан өз қылмысын жасыру үшін бар кінәні жергілікті басшыларға артты [3].

Халықтың ахуалы нашарлай түсе берді. Алдымен кішкентай аулдарды біріктіріп, шөл далада колхоздар құрып, тұрып жатқан жерлерден кете берді кейін малында тартып ала бастады, адамдар аш қала бастады. Жақсы жер табу жолында адамдар көшпеліге мәжбүр болды. Бірақ қаншасы жолда қаза тапты. Қаншама адамдар өз отбасын асырап қалуға талпынды, өкінішке орай көбісі жақсы болмады. Ұжымдастыру жылдарында Украина мен Қазақстан ең көп зардап шекті. Сондай оқиғалар болып жатқанда өкімет үндемей жүре берген.

1932жылғы “Социал Қазақстан” газеталарында халық қиналып жатыр деп те жазылмаған, тек колхоздар мен совхоздарды мақтау айтылған. Бір жақтан қарасақ басында Сталинге жалған ақпарат беріліп жүрген. “Қазақ халқы әрең жағдай да қалса да, әліде мал көп, азық түлік жеткілікті” деп айтылған. Содан кейінде білседе мән берілмеген. Малың тартып алғандарға халық тыныш отырмады. Көптеген қарсылықтар, бас көтерулер болды, бірақ бәрі қайта қайта басылып, арты қаза табумен аяқталып отырылды. Бірнеше ру ғана атысып тартысып шет елге шығып кетті. Ол туралы ағылшын тарихшыларыда былай деп жазған: “Өзінің басты қор егі малынан, табыс көзінен айрылған қазақ қоғамы құлдырап кері кетті, жұмысқа тұрамын деп келген аш қазақтарды үкімет арнайы жасақ құрып аң құсатып аулағаны туралы деректер бар. Адамзат тарихында мұндай геноцид көрген халық жоқ.”

Бір бөлек нан табуға талпынған халықтың ахуалы күрт нашарлай берген. Қайда баруын білмеген халық үлкен қалаларға жол алған. Өтірік емес қаншама адам өзіне қол жұмсап қаза тапқандар да өте көп болған.

Қорыта келсек, қарақшылық ұжымдастыру нағыз ұлттық апатқа себеп болды. Әр түрлі есептеулер бойынша аштықтан 1 миллионнан 1,75 миллионға дейін қазақ қаза тапты. Тағы бір миллион адам Қытайға қоныс аударса, олардың 616мыңы елге қайта оралмаған. Статистикаға сүйенсек 1911 жылғы санақ бойынша 8,5 млн қазақ болған дейді, ал осы ашаршылық салдарынан 1939 жылғы санақ бойынша қазақтардың саны күрт азайған 2,4 млн қазақ қалған екен. Есепке салатын болсақ 70% халқымызды жоғалтқанбыз. 40млн бас малдан 5млн ғана қалған еді [4].

Егер соншама адамдан айырылмағанымызда қазіргі күні халқымыз 50 бомаса 60 миллионға жететін еді. Ал 60 миллион халқы бар мемлекет бұл өзінің ішкі нарығы бар, өз тауарын өзіне сата алатын, өзін өзі еріксіз қамти алатын мемлекет болатын едік. Халықтың көбі шет елге кеткені рас, бірақ оның тек 400мың астамы қайта Қазақстанға оралды. Халықтың тұрмысы да саны да тек соғыстан кейінгі жылдарда қалпына келе бастады.

Библиографиялық тізім

1. Рысбайұлы К Қазақстан Республикасының тарихы . А. 2016ж
2. «ZAM» ютубканалы “Ашаршылық” Алматы, 2014ж
3. Бартольд В.В. Сочинения. Т. II. ч. 2. –Москва: 1963. с.41.
4. "Ата жолы" журналы. 2016 жыл, мамыр №14

ӘОЖ 63,2(2)

«ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ ҒІЛМІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ҚАРА БУРА ӘУЛИЕНІҢ ҰЛТ ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ»

Исмайлов Е.О.

аға оқытушысы

Шымкент университеті



Ш.Уәлиханов, қазақтың ұлы ғалымы:

«Тама руының ұраны - Қарабура»

«Қарабура ...Әлденеше ғасыр бойы
ауыздан түспей келе жатқан есім.

Қиналғанда медет болар,

шамданғанда қайрат бітірер ұран.

Оның Қарабура атануы да,

Қожа Ахмет Яссауиды ақ жауып,

арулаған, демек тайпа ел емес,

күллі түркі дүниесі мойындарлық

Рухани пір саналуы да тегін емес»

Ә.Кекілбаев

Орталық Азияда ислам дінінің орнығуы мен таралуына елеулі ықпал еткен Қарабура әулиенің қазақ тарихында алар орны ерекше. Қазақтың ең даласында Қарахан мемлекетінің шаңырағын көтеріп, іргесін бекітіп, нығаюына Қарабура әулие белсенді атсалысқан. Әсіресе, сайын далада ислам дінін уағыздап, қалың елге асыл діннің қадір-

қасиетін ұқтыруда Қожа Ахмет Ясауи ілімін жаюда Қарабура әулиенің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Баба Түкті Шашты Әзіз, Ысқақ баб, Ұкаша ата әулиелер қатарында халық **Қарабураны** да пір тұтады. [1]

1159 жылы Қожа Ахмет Ясауи Ясы қаласына келген соң, өзінің бағытын осы аймақта одан әрі жалғастырады. Оның мектебіне көшпелі қыпшақ тайпаларының өкілдері келіп, мүрид атанып, сопылық жолға түсе бастайды. Ал оның серіктері мен ізбасарлары, шәкірттері Оңтүстік Қазақстандағы Сырдың төменгі ағысы бойындағы қалалар мен оған іргелес елді-мекендерде исламды уағыздау үшін жіберіледі. Қарабура әулие Оңтүстік Қазақстанның ең солтүстігіндегі ортағасырлық қала – Созаққа келеді. Созақ бұл кезде кең мағынадағы қыпшақтардың иелігіндегі қала болатын. Тама тайпаларының ірі бөлігі осы өңірде мекендегендіктен Қарабура әулиенің арқасында ислам дінін қабылдап, мұсылмандыққа өтеді. Мүмкін, Созақ пен оның өңірінде мекендеген тама тайпаларының көсемдері Қарабура әулиені өздері арнайы шақырған да шығар. Ол жағы бізге толық анық емес. Дегенмен де, Қарабура әулиенің өмірінің соңғы жылдары Созақ өңірінде өтеді [2].

Өңірдегі тайпалардың рухани өміріне үлкен өзгеріс енгізіп, исламға көздерін аштырған Қарабура әулие жергілікті тайпалар үшін өте сыйлы, дуалы, көріпкелдігі және бар, тұлғаға айналады.

Бүгінгі күні қазақ халқы қайтадан өз мемлекеттігін қалпына келтіріп, тәуелсіз ел болғанда Қазақ халқының рухани, мәдени тәуелсіздігі қажет. Сонда ғана Қазақ халқы өзінің өткеніне баға беріп, жеңісімен мақтанып, жеңілісінен сабақ алатын дәрежеге жетеді. Өкінішке орай, қазіргі күні еліміздегі қоғамдық ғылымдардың ешбірі – қазақ халқын ұйыстырған, халық етіп тарих сахнасына шығарған қандай күш, қандай құдірет деген сауалға жауап берген жоқ. Бұл сұраққа жауап берілмейінше қазақ халқының рухани, мәдени тәуелсіздігі қалыптаспайтынына зерттеушілердің көбінің сенгісі келмейді [3].

Йасауи жолы десе тек дін деп түсінеді.

Йасауи жолы тек ислам дінінің сопылық бағыты емес, сонымен бірге, түркінің рухани әлемінің ислам негіздерімен тұтастыра өрілген бүкіл болмысы екендігін сезіне алмай келеді. Түркілік дүниетаным, дін, мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, рулық, тайпалық жүйе мен жүздік құрылымдар, мемлекетті басқару жүйесі толығымен «Йасауи жолы» деп аталатын рухани арнаның құрамдас бөліктері екендігі, біздің тарапымыздан соңғы жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында толық анықталды. Сондықтан, **Йасауи жолына** тек дін деп қарау, жалпы дінді қоғамдық үдерістерден бөлек қарастыру тарих ғылымында көптеген мәселелер бетінің ашылмай қалуына себеп болып отырған фактор екендігін ұғынатын кез жетті [4].

Йасауи жолын тек дін деп қарамай мемлекетті басқару жүйесі екендігің, Ахмет Ясауи ілімін жалғастырушы Қарабура әулиенің ұстанымы арқылы жеткізуді жөн санадым.

Қарабура әулие бабамыз ел басқаруда Қожа Ахмет Ясауи ілімін ұстанып, өзіне де, өзгеге де төрт түрлі ұстамды ұстауды талап етіп қояды:

Біріншісі – әділет, әділеттілік;

Екіншісі – адалдық, тазалық;

Үшіншісі – білімділік, батырлық;

Төртіншісі – адамгершілік, имандылық.

Осы Қарабура әулие бабамыз ұстанған Төрт түрлі ұстанымға жеке- жеке тоқталар болсақ:

1. Әділдік-әділеттілік – Үкім басшының ақ жолда жаза баспас әділ болуы. Оған қарап бұқара халық та әділ болады, қоғамда әділеттілік қалыптасады

2. Адалдық-тазалық – Жүрегі адал, ділі таза, ақпейілді, кешірімшіл, кеңпейілді, саналы халқы мен би-сұлтандары көп мемлекет қана әрдайым бақытты-бақуатты.

3. Білімділік-батылдық – Ақ-қараны айыра білу, білгір-айлакер, ержүрек алғыр, ақылды батыр болу, дүниенің барлық құбылыстарына зер сала білу, қайсарлық таныту.

4. Адамгершілік-имандылық – Адам адамдық қасиетті сақтап, уақытша болатын аштық-тоқтыққа шыдап, байлық-мансапқа қызықпай, бос құмарға алданбай, Алланың бірлігіне шүбә келтірмей, мұсылмандықты бұлжытпай орындау [5].

Қара Бура әулие бабамыз халыққа «Әр күннің ағарып атқан таңымен бірге әлемге айнымай нұрын сепкен күн сияқты адам өз рухындағы әділдікті, асылдықты, тазалықты, білімділікті, батылдықты, адамгершілік пен имандылықты сақтай білсе, мемлекетке де, адамдарға да және оның ұрпағына да тек жақсылық болады» деп уағыздаған [6].

Қожа Ахмет Иассауи дүниеден озарда халқына жаназасын Қара Бура әулиеге шығартуды аманат етеді.

Яссауи халқы Қожа Ахмет Иассауидың денесін ешкімге ұстатпай, Қара-Бура әулиенің келуін күтеді. Әлсін-әлсін сыртқа шығып, жан-жаққа көз тастайды. Келе жатқан ешкім байқалмайды. Тұрған халық ішінен біреулер «Уақыт өтіп барады, мүрдені шығара берейік» деген сөздер айтқанмен, оған ғұламалар «Аманатты орындау – парыз» деп күтуге мәжбүр болады. Бір мезгілде күнбатыс жақтан сағымданып, буалдыр шаң көтеріледі. Халық сыртқа шығып, әлгі көріністі көз алмай қадағалайды. Қою шаң жақындай түседі. Шаң арасынан ешкім байқалмайды. Сол шаң елге жақын қалғанда тарамданып, бірте-бірте ашыла түседі. Бұл дүлдүлге мінген Қара-Бура әулиенің шаңы екен. Манадан бергі жерден көтеріліп, сағымданып көрінген шаң әулиенің астына мінген дүлдүлінің жер тарпыған жүрісі болып шығады.

Қарабура әулие астына мінген дүлдүлінен түскен бойда мүрде жанында ұзақ отырып, дұға бағыштап, бақилыққа аттанған Қожа Ахмет Ясауидің жаназасын шығарып, барлық жерлеу рәсімін өзі жасаған [7-8].

«Пайғамбардан артық қызмет етуге хақым жоқ» деп құлшылық жолына көшіп, хандық билікті тапсырып бірнеше жылын жер астындағы қылуette өткізген екен. Әулиенің діни-рухани өнегесі кейінгі уақытта да жалғасын тауып жатты. Осы жолды ұстанған діндарлар мен игі жақсылардың мүрдесін кесене маңына қою дәстүрге айналған.

XVIII ғасырдың бас кезінде Қара-Бура әулиенің кесенесіне Ясауи жолын жалғастырған Құрбан атаның жерленуі осындай діни-рухани сабақтастықты танытады.

Қара-Бура бабамыз талай тарыққан мен шипа іздегенге адамдарға пана болған.

Қазіргі күнде бүкіл қазақ рулары ішінде тек қана тама тайпасының Қарабура әулиенің өздерінің ұранына айналдыруына қарағанда сол, XII ғасырдың соңында Созақ өңірінде тама тайпалары мекендеген сияқты. Тірі кезінде-ақ өзінің әділдігімен, көріпкелдігімен болжағыштығымен, ғажайып іс-әрекеттерімен қалың елді таң қалдырған, ұйыта білген Қарабура бабамызды халық әулие деп атап кетеді. Бабамыздың рухының күштілігі сондай, ол кісінің дүниеден өткеніне шамамен 840 жылдай уақыт өтсе де, жергілікті Созақ өңірінің тұрғындары оны кеше ғана көрген әулиесі секілді тағзым етеді. Бабамыздың нақты қай жылы қайтыс болғаны белгісіз.

Қожа Ахмет Ясауидың жаназасын шығарғанына қарағанда, бабамыз 70-80 жыл жасаған деп есептесек, бабамыз шамамен 1174-1184 жылдары аралығында о дүниеге сапар шеккен деуге болады.[9-10]

Қарабура қайтыс болғаннан кейін жергілікті халық оны аса жоғары құрметтеп, арулап Созақ қаласында жерлеген.

Әулиенің жатқан жері жергілікті тұрғындар үшін тағзым етер жердің біріне айналып, әртүрлі ауруға, жан-дүниесі қиналысқа түскен адамдардың түнделетіп қонатын жеріне айналды Бүгінде Созақ ауылындағы әулие кесенесі мұсылман қауымының киелі қорымына айналды. .

Қалай десек те, Қара-Бура әулиенің рухы Қазақ еліміздің Тәуелсіздігі жолында еңбек етіп жатқандарға, экономикасының өрлеп, өсе түсуіне, елдің тыныштығының сақталуына септігі тие беретін болады.

Қарабура әулие бабамыздың көксеген мақсаты – Орта Азия халықтарының бірлігі, ынтымағы, халықтар арасындағы асыл қасиеттердің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетуі. Ал

біздің міндетіміз – осы аманатты жоғалтып алмай, адал орындау және кейінгілерге лайықты тапсыру [11-12].

Библиографиялық тізім

1. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. Т. 4: ислам философиясы / құраст. Ә. Нысанбаев, Д. Кенжетай; ауд. Д. Кенжетай және басқа. - Астана: Аударма, 2015. - 536 б. - (Мәдени мұра).
2. Қарамурзина, А. Қожа Ахмет Ясауи мұралары / А. Қарамурзина // Мәдени мұра. - 2018 - № 5. - 37-41 б.
3. Шайх Хұдайдад ибн Таш Мұхаммад Ал-Бұхари. Бустан ал-Муhibбин. –Түркістан: Йасауитану ҒЗО, 2016.
4. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т.1. – Москва: 1963. с. 258.
5. Бартольд В.В. Сочинения. Т.II. ч. 2. –Москва: 1963. с.41.
6. Муминов А.К. Новые направления в изучении истории братства йасавийа// Общественные науки Узбекистана, 2015г №10-12, с. 34.
7. Қазақ энциклопедиясы ,А.,2015ж
8. "Ата жолы" журналы. 2016 жыл, мамыр №14
9. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2016. ISBN 9965-34-515-5
10. Илья Жақанов, «Қарабура» жинағы. Алматы, Өлке баспасы, 1997 ж.
11. Мағжан Жұмабаев, шығармалар жинақ кітабы, Алматы, 2017ж, Жазушы баспасы
12. Жанат Бесбаев. «Сахабалар –қалқандар». 2016, Алматы.

УДК 12.89

ВЕЛИКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ

Каллибекова Г.

*Ассистент Каракалпакский Государственный
Университет им. Бердаха*

Шыныбекова С.

*Студент исторического факультета Каракалпакский Государственный
Университет им. Бердаха*

Великий Шелковый путь представлял собой сеть дорог и троп, проходивших через Китай, Индию, Аравийский полуостров, Центральную Азию и Европу в III – XV веках. На протяжении веков он являлся главной торговой артерией материка. Однако, Шелковый путь был не только торговым маршрутом, но даже в большей степени путем дипломатов, ученых, беженцев и паломников. Историю Шелкового пути можно разделить на три больших периода, практически совпадающие со временем царствования в Китае династий Хань (206 г. до н.э.- 202 г.), Тан (618 – 907 гг.) и Юань (1271-1368 гг.). Начало торговли между Китаем и Средней Азией было положено во время путешествия китайского дипломата Чжан Цзянь в 138—126 годов до н.э. в Бактрию, область, находящуюся на территории современных Узбекистана, Таджикистана и Афганистана. Однако, согласно археологическим находкам, торговля между данными регионами велась и раньше. Интенсивность контактов народов средиземноморья с Великим Шелковым путем не была высокой [13], поэтому данный период не лежит в сфере нашего исследования.

Система торговых трасс древности и средневековья, связывавшая страны Запада со странами Востока, известна под названием Великого шелкового пути. Проблеме его сложения и функционирования, характера перевозимых по нему в разные эпохи товаров

посвящена обширная литература. Накопленный исторической наукой материал позволил дифференцированно подойти к освещению роли отдельных региональных центров в осуществлении торговых контактов, выявить ассортимент товаров, пользовавшихся спросом, а так же конкретизировать некоторые проблемы, связанные с направлениями торговых коммуникаций. Менее изучен, на наш взгляд, вопрос о роли Великого шелкового пути в культурном взаимодействии народов Евразии. И практически неосвещенной является проблема его значения в установлении и функционировании структуры глобального взаимодействия в эпоху поздней древности и на протяжении всего средневековья.

Структуры, охватывавшей цивилизации, кочевые народы и племена от Европы до Китая, от Индостана до Урала и Сибири. Второй период принято называть «золотым веком» Великого Шелкового пути. В те времена он связывал страны средиземноморья, Византию, исламские государства, скандинавские страны, Русь, государства средней Азии, Китай. На Шелковом пути торговали пряностями, тканями, полудрагоценными и драгоценными камнями, изделиями из стекла, бумагой, металлами, кожей и шерстью, коврами, мехами и пушниной, а также рабами.

Среди наиболее значимых технических нововведений, происходящих из Китая и распространившихся на остальную часть материка по Великому Шелковому пути, были бумага, пришедшая в арабские страны в середине XIII века, и технология прядения шелка, позаимствованная Византией при правлении императора Юстиниана I в V веке. Валери Хансен отмечает [13, с.380], что с поток товаров из Китая не был настолько значителен, как принято думать, и обеспечивался, в основном, заработной платой солдат, стоявших гарнизоном на западных границах империи. Именно поэтому Таласская битва (751 г.) и восстание Ань Лушаня (756 г.) положили начало как закату династии Тан, так и закату торговли на Великом Шелковом пути. В тот же период терпит крушение и Согдиана, чьи купцы внесли значимый вклад в развитие торговли на территории Средней Азии.

Маршрут Шелкового пути не был чем-то застывшим, в течение столетий он менялся в зависимости от различных причин, наибольшую значимость приобретали те или иные его участки и ответвления, другие же, напротив отмирали, а города и торговые станции на них приходили в упадок. В VI-VII веках наиболее оживленным становится путь, который пролегал из Китая на запад, через Семиречье и Южный Казахстан. А особого расцвета Шелковый путь, проходивший по территории Средней Азии и Казахстана, достиг в VIII-XII веках.

Огромная территория до сих пор вспоминает неторопливые шаги верблюжьих караванов, веками передвигавшихся по этому отрезку. Эта часть пути представлена уникальным комплексом исторических памятников архитектуры, градостроительства и искусства.

На рубеже XIX—XX вв. господство над Персидским заливом давало правящим кругам Великобритании возможность предотвратить проникновение туда своих империалистических конкурентов, главным образом германских империалистов.

Англия осуществляла свое господство над странами Персидского залива путем установления над ними различных видов протектората. Эта форма колониального господства имеет ряд существенных особенностей, поскольку местные правители, правящая родоплеменная или феодальная верхушка, сохраняли значительную свободу действий во внутренней политике. Протекторат создавал для правящей верхушки стран Персидского залива известные маневренные возможности и в области внешних сношений. Это было особенно характерно на рубеже XIX—XX вв., когда в борьбу за этот район активно включились Франция, Германия и царская Россия, а правящие круги Турции стали добиваться признания своих суверенных прав на ряд территорий, в первую очередь на Кувейт.

Осуществление контроля над княжествами Персидского залива осложнялось для британских колонизаторов тем, что во избежание обострения противоречий с Турцией и в особенности с империалистическими державами они устанавливали над ними протекторат постепенно. Таким образом, до установления полного протектората у многочисленных шейхов и эмиров оставались дополнительные возможности для маневрирования и игры на межимпериалистических противоречиях. В ряде случаев договоры о протекторате,

заклученные Англией с правителями княжеств, длительное время были секретными. Этим пользовались как местные феодалы, так и правящие круги других империалистических держав, а также Турции для противодействия английской захватнической политике. Поэтому, несмотря на то что Великобритания уже к концу XIX в. была господствующей силой в Персидском заливе, этот район был центром дипломатических и политических интриг, играл немалую роль в международных отношениях начала XX в., в образовании Антанты и возникновении первой мировой войны [4].

Колониальная политика Великобритании в начале XX в. была равнодействующей многих сил и интересов, определялась сложным и быстро изменяющимся соотношением сил между отдельными группировками, заинтересованными в агрессивной политике, приобретении колониальных владений, в захвате выгодных концессий на Дальнем Востоке, в Южной Африке, в Средиземноморском бассейне и других районах. Начало XX в. ознаменовалось острой борьбой в правящем лагере английского империализма вокруг проблем, связанных с выходом из «блестящей изоляции» и поисками континентального союзника. На заседаниях британского кабинета, на сессиях парламента, на страницах прессы велись жаркие баталии о союзе «англосаксонских» народов против России и Франции или о сближении с Францией и Россией во имя создания единого фронта против главного соперника и конкурента — германского империализма. Немаловажную роль в этой борьбе играли политические и экономические интересы группировки, стремившейся к монопольному господству в западной части бассейна Индийского океана, к сохранению Персидского залива в качестве британского озера и к окружению «жемчужины британской короны» — Индии кольцом буферных государств для изоляции ее от внешнего мира и упрочения там английского владычества.

До настоящего времени история стран и народов западного побережья Персидского залива — Омана, Маската, Договорного Омана, Катара, Кувейта очень слабо изучена. Недостаточно исследована и история Саудовской Аравии в первое десятилетие XX в. Это использует буржуазная, в первую очередь английская, историография для приукрашивания истории английской экспансии, для изображения британских колонизаторов в качестве благодетелей народов этого района, ликвидировавших пиратство, работорговлю, междоусобные войны, защитивших их от покушений Турции, Германии и царской России. Поэтому научное исследование английской колониальной политики и международных отношений в Персидском заливе было бы неполным без критического разбора тенденциозных построений и схем, созданных английской историографией [5].

Библиографический список

1. Чернова А.Ф. Политика арабских монархий Персидского залива в отношении Ирана в 70-90 гг. XX века СПб., 2013.- 118 с.
2. Медведко Л.И. К востоку и западу от Суэца (закат колониализма и маневры неоколониализма на Арабском Востоке). - М.: Издательство политической литературы, 2000. - 368 с.
3. Засыпкин А.С. Безопасность в Персидском заливе // Международная жизнь. - №1 (январь) 2009. - М.: МИД РФ. Редакция журнала «Международная жизнь». - С. 3-11.
4. Страны персидского залива и стратегические...cyberleninka.ruГрнти>-persidskogo-zaliva-i
5. Географический справочник Персидского залива...ru.knowledgr.com>13201157...

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА ҰТЫРЛЫ (ҮТІРТӨБЕ)**Өмірхан М.М.***Студент***Бердикулова Л.К.***Жетекшісі**«Жол-көлік колледжі», Шымкент*

Еліміздегі орта ғасырлық қалалардың бірі – Мырзашөл өңіріндегі Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласы. Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданының орталығы Жетісай қаласынан 30 шақырым солтүстік-шығыста, «Үтірлі» ауылынан солтүстікте 11 шақырым қашықтықта, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 5 шақырым қашықтықта, Сырдарияға құятын Сорөзек саласының жағалауында орналасқан.

Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласын Қазақстан археологтары зерттемеген. Оның басты себебі Мырзашөл өңірі, оның үлкен бір бөлігі - Мақтарал ауданы 1963-1971 жылдары Өзбекстан Республикасына қараған. Сондықтан да бұл аймақ өткен ғасырдың 60 жылдары жүргізілген Шардара археологиялық экспедициясының зерттеу аясынан тыс қалған. Үтіртөбені алғаш зерттегендер Өзбекстан археологтары. Қала туралы алғашқы деректі 1971 жылы Ю.Ф.Буряков пен О.М.Ростовцев жазған. Ю.Ф.Буряков «Историческая топография Ташкентского оазиса» - деген монографиясында Чинакент (Шыназ) қаласынан 30 шақырым жерде Сырдарияның сол жағалауындағы «Ұтырлы» қаласын атап өтеді. Жазушы М.Жақып «Мырзашөлім-мырза елім» (Алматы, 1998) деген еңбегінде бұл қала жөнінде шағын түсініктеме береді.

Сонымен, Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласы туралы мағлұматтар Қазақстан археология ғылымы үшін тым мардымсыз, белгісіз болып отыр. Осы бір бай ортағасырлық қаланы және Мырзашөл өңірінің өзге де ескерткіштерін зерттеу барысында Қазақстан тарихына қатысты ортағасырлық елді мекендер мен қалалар жайлы жаңа деректер алуға болады. Сондықтан да бұл тарихи-мәдени аудандарда зерттеу жүргізу еліміздің археологиясындағы өзекті тақырып болып табылады.

Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласына 2004 жылы 5-20 тамыз аралығында Жетісай қаласындағы «Сырдария» университеті өз қаржысымен «тарих» мамандығының студенттерінен құралған археологиялық практика ұйымдастырып, қазба жұмыстарын жүргізді. Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласына жүргізілген осы алғашқы археологиялық зерттеудің өзі-ақ, бұл қаланың орта ғасырларда осы өңірдегі ірі экономикалық орталық болғанын көрсетеді және өңір тарихын байытып, одан біршама мағлұматтар береді.

Қаланың ежелгі аты белгісіз. Жазба деректерде кездеспейді. Жергілікті халық Ұтырлы қаласының атауын Үтірлі немесе Үтірлітөбе, Үтіртөбе деп те атайды. Үтірлі атануы «Ұтырлы» деген сөзден шығуы мүмкін. «Ұтырлы»-қазақ тілінде ұтымды, ұтқыр, қолайлы деген мағынаны білдіреді. Бұл қаланың тіршілікке жайлы, тоғыз жолдың торабында, қолайлы жерге орналасуынан шығуы мүмкін. Ал, Үтірлітөбе, Үтіртөбе атануына келсек, қазіргі кезде қаланың пішіні «үтір белгісіне» ұқсас болғандықтан жергілікті халық осылай атаған дейді.

Шынында да қаланың географиялық орналасуы қолайлы, жол торабында орналасқан. Қаладан солтүстік-шығысқа қарай жол Сырдан өтіп, Чинакентке (Шыназ), одан әрі Орта Азияның ірі орталығы - Шашқа (Ташкент) барған. Ал, Сырдың сол жағалауымен жоғары қарай өрлеген жол Хожентке жеткен. Сырмен төмен қарай жүрген тағы бір негізгі бағыт Сүткент қаласы арқылы өтіп, Оқсызға (Весидж) барған. Одан әрі жол жан - жаққа (Яссы-Сауран-Сығанақ, Испиджаб және Орталық Қазақстан бағыттары) тармақталады. Ал, қаладан оңтүстік, оңтүстік-батысқа қарай шыққан тағы бір бағыт Мырзаның шөлін басып өтіп Жызакқа, одан әрі Самарқан, Бұхараға жол тартқан.

Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласы нақты қай уақытта өмір сүрген және ол қай елге, тайпаға тиесілі деген мәселеге келсек, алғашқы археологиялық зерттеулер бұл қаланың VIII-XII ғасырларда, оғыздар дәуірінде өмір сүрген қала екенін көрсетеді. Әсілі, бұл оғыздардың қаласы болуы керек. Олай дейтін себебіміз, біріншіден, Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласының Сырдың орта ағысы бойындағы ондаған қалалармен өте ұқсастығы, олардың жобасы мен құрылыс технологиясы, тіпті табылған заттарына дейін ұқсастығы бұл қалаларды бір кезде бір халық салғандығын көрсетеді. Оғыз дәуірі кезінде Сырдың бойындағы қала мәдениеті даму сатысының жоғары деңгейінде болды. Махмұд Қашқари өзінің еңбегінде оларға сипаттама береді. Екіншіден, сол дәуірдегі тайпалар мен мемлекеттердің геосаяси орналасуы да біздің бұл ойымызды қуаттай түседі. «Мауереннахр шекарасының өн бойында, - деп хабарлайды Әл-Истархи, - соғыс шайқастары болып жатады. Хорезмнен Испиджаб төңірегіне дейін оғыз-түріктермен, Испиджабтан Ферғананың ең шалғай жерлеріне дейін қарлұқ-түріктермен шайқас болып тұрады». Бұдан біз Испиджабтың оғыздар мен қарлұқтар арасындағы шекара болғанын көреміз. Сонымен бірге Келес даласында «Оғыздар қонысы» (Дех и гузз) болған. Шаш аймағында оғыздар мен қарлұқтардың исламды қабылдаған тайпалары жиылып қоныстанған. Демек, Испиджаб пен Шаштың батыс аймақтары, оның ішінде Ұтырлы да оғыздардың жеріне кірген.

Үтіртөбе қаласының қазіргі жобасы шынында да үтірге ұқсап жатыр. Қаланың сыртқы көлемін су шайып кеткен. Сондықтан оның бұрынғы пішіні белгісіз. Қазіргі сақталған көлемі шығыстан батысқа қарай 388 метр, солтүстіктен оңтүстікке қарай 180 метрге созылып жатыр. Батыс жағынан ені 40 метрге дейін жіңішкеріп барып біткен.

Қаланың сыртын 10-30 метрге дейін су шайып, 1-2 метрге дейін жететін тік жар қабақ жасаған. Оңтүстік-шығыс жағын 1 метрге дейін су шайған. Бұл тұстан қаланың бекініс қамалы 1,5 метр биіктікке дейін жақсы байқалады. Қаланың басқа шеттеріндегі бекініс қамалдарын су шайып кеткен.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша өткен ғасырдың 60-жылдары салынған Шардара су қоймасының суының көтерілуінен қаланы су баса бастаған. Қазіргі кезде қала үстін қамыс пен жыңғыл басып кеткен. Су жылда қаланың мәдени қабатын 1-2 метрге дейін шайып, қаланың көлемі жылдан-жылға кішіреюде. Егер су осылай шая берсе, 10-15 жылдан кейін қала тегіс жойылады. Қала апаттық жағдайда. Қаланы су басқаннан соң қираған ба, жоқ әлде жау шапқыншылығынан соң қираған ба белгісіз. Оны келешектегі зерттеулер анықтайды.

Археологиялық қазба барысында көптеген бұйымдар: қыштан жасалған түрлі құмыралар, күбілер, дастархандар, түбек, қазан, қақтақтар, кеселер т.б. бөліктері, темірден жасалған найза ұшы, жебе ұшы, қылыш сынығы және көгілдір хрусталдан, көк тастан, қызыл түсті сердоликтен, қара пастадан, теңіз ұлу қабыршағынан, мөлдір тастан, сүйектен жасалған түрлі моншақтар, сондай-ақ, өркениеттіктің басты белгілерінің бірі - қыш ыдысқа жазылған жазу табылды. Бір қызығы, екі табак сынығынан табылған бұл екі жазу да төрт таңбалы алфавиттен тұрады және олар үш рет қайталанып басылған. Қазіргі кезеңде жазудың мәтіні анықталған жоқ. Ол қалыппен басып салынғандықтан әлі көптеп кездесуі мүмкін.

Қорыта келгенде, ортағасырлық Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласына жүргізілген археологиялық зерттеудің алғашқы нәтижелері біздің кең-байтақ Отанымыздың бір пұшпағы болып табылатын – Мырзашөлдің тарихы кешегі мақта шаруашылығына қаптысты орман-арықтардан ғана басталмайтынын, оның тарихы тым ертеден бастау алатынын және қалалық мәдениет гүлденіп дамыған өңір болғанын көрсетеді. Ғылыми ізденістер болашақ жас мамандар үшін тарихи жәдігерлерді өз қолымен ұстап, ғылымға деген қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға, өлкенің тарихымен тереңірек танысып, Отанға деген сүйіспеншіліктерінің арта түсуіне мол мүмкіндік берері сөзсіз.

Библиографиялық тізім

1. Ғ.Байпақов, А.Нұржанов «Ұлы Жібек Жолы және ортағасырлық Қазақстан», Алматы, 1992ж.
2. Қазақстанның тарихи ескерткіштерінің жинағы, I том. Оңтүстік Қазақстан облысы, Алматы, 1994ж.
3. Ә.Нысанбаев «Қазақстан»: «Ұлттық энциклопедиясы», Алматы IV том. 1998ж.
4. Ислам Энциклопедиялық анықтамалық, Алматы, 2010ж.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН СПОРТ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БАҒЫТТАРЫ

*Ақылбек Ж.Н.
магистр, аға оқытушы
Бекбердиев Б.
ДС-119 тобының студенті*

Бағдарламаның басты мақсаты – халықтың денсаулығын нығайту, демографиялық ахуалды жақсарту. Бағдарламаға өзегі болған басты мәселе Бүкіл Дүние жүзілік Денсаулық сақтау ұйымының ХХІ ғасырда баршаның саулығын сақтау үшін деген басты принципке үйлесіп жатыр.

Сондықтан, адам денсаулығына әсер ететін маңызды биологиялық, әлеуметтік факторға көңіл бөліп, қоғамды сауықтырудың тиімді жолдарын зерттеуді жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесін негіздеу мен жасау үшін екі факторлық педагогикалық тәжірибе жүргізілді (6 кесте). Тәжірибелік экспериментке Шымкент аграрлық колледжінің 9- сынып оқушылары қатысты.

1 кесте. Дене тәрбиесінде ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері мен дене жүктемелерінің көлемі тиімділігін анықтауға арналған екі факторлы педагогикалық эксперимент жоспары

А факторы (дене тәрбиесі тәсілдері)	В факторы (дене жүктемесінің көлемі)		
	аптасына 2 сабақ	аптасына 3 сабақ	аптасына 4 сабақ
Ат спорты	1 топ, Ат спортымен аптасына 2 рет шұғ.	2 топ, Ат спортымен аптасына 3 рет шұғ.	3 топ, Ат спортымен аптасына 4 рет шұғ.
Қазақша күрес	4 топ, Қазақша күреспен аптасына 2 рет шұғ	5 топ, Қазақша күреспен аптасына 3 рет шұғ	6 топ, Қазақша күреспен аптасына 4 рет шұғ
Дене шынықтырудың дәстүрлі бағдарламасы	7 топ, Дене шынықтыру бағдарламасы бойынша аптасына 2 рет шұғ	8 топ, Дене шынықтыру бағдарламасы бойынша аптасына 3 рет шұғ	9 топ, Дене шынықтыру бағдарламасы бойынша аптасына 4 рет шұғ

Бірінші А факторы 3 деңгейге (дене тәрбиесі тәсілдері) ие болды: 1 деңгей ат спортын қарастырса, 2 деңгей қазақша күресті, ал 3 деңгей пән бойынша оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес дене шынықтырудан дәстүрлі сабақтарды.

Екінші В факторы да (дене жүктемесінің көлемі) 3 деңгейге ие: бірінші деңгейде сабақ аптасына 2 рет өткізілсе, екінші деңгейде 3 рет, ал үшінші деңгейде аптасына 4 рет өткізілді.

Әрқайсысында 10 оқушы бар 9 эквивалентті топ құрылды. Топтардың тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін мектептің барлық оқушыларының ішінен қарапайым тәуелсіз таңдау әдісімен іріктелініп алынды.

Тәжірибелік эксперимент өткізу барысында тәжірибе нәтижелері бойынша валидтілікке әсер ететін барлық өзгерістер қатаң бақылауға алынды, сабаққа қатысу мәселесі қатаң тексерілді. Жүйелі түрде педагогикалық байқаулар өткізіліп тұрды.

Педагогикалық тәжірибе соңында салауатты өмір салтының қалыптасуын бағалау мен шұғылданушының 1 кг дене салмағына сай келетін ЖОҚ көрсеткіштері бойынша денсаулық деңгейін анықтау үшін шұғылданушыларды зерттеуден өткіздік.

Салауатты өмір салтының қалыптасу деңгейін зиянды әдеттерінің санына қарай бағаладық. Мұндай ақпаратқа оқушылар арасында жүргізілген анонимді сауалнама негізінде ие болдық. Сонымен қатар, қосымша мәліметтерді педагогикалық реттік байқаулар әдісімен алдық.

2 кесте - Жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған ұлттық спорт түрлері сабақтарының әсері туралы екі факторлы дисперстік талдаудың нәтижелері

Нұсқалық көздер	Еркіндік дәрежесі	Орташа шаршы	F	P
А факторы (дене тәрбиесі тәсілдері)	2	13,08	5,64	<0,01
В факторы (дене жүктемелерінің көлемі)	2	11,88	5,12	<0,01
А және В факторларының	4	6,70	2,89	<0,05
Топ ішінде	81	2,32		

Сонымен қатар, А факторы (дене тәрбиесі тәсілдерін таңдау) мен В факторының (дене жүктемесінің көлемі) сенімді өзара әсері анықталды. Ендеше, тек дене жүктемесінің көлемі аптасына 3-4 ретке артқан жағдайда ғана оқушылардың салауатты өмір салтының қалыптасуында анағұрлым тиімді нәтиже мен денсаулыққа деген жағымды әсері байқалады.

3 кесте. Ұлттық спорт түрлерімен шұғылданудың жастар денсаулығы деңгейіне әсер етуі жайлы екі факторлы дисперсті талдау нәтижелері

Нұсқалық көздер	Еркіндік дәрежесі	Орташа шаршы	F	P
Л факторы (дене тәрбиесі тәсілдері)	2	42,95	5,20	<0,01
В факторы (дене жүктемелерінің көлемі)	2	26,27	3,18	<0,05
А және В факторларының өзара әсері	4	24,28	2,94	<0,05
Топ ішінде	81	8,26		

Осылайша, екі факторлық педагогикалық тәжірибе ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану – ат спорты және қазақша күреспен – оқушылардың салауатты өмір салтының қалыптасуында анағұрлым тиімді нәтиже мен денсаулыққа деген жағымды әсері барлығын анықтауға мүмкіндік берді[2]. Білім беру мекемелерінде денсаулықты нығайту және қозғалыс белсенділігі мен салауатты өмір салтына деген жағымды көзқарас қалыптастыруға арналған оқу-тәрбие жұмысы жеткілікті дәрежеде тиімді жүргізіліп келе жатқан жоқ.

Бірінші А факторы (спорт түрі) екі деңгейден тұрды: бірінші деңгей – ат спорты түрлерін пайдалану арқылы сабақ өткізу; екінші деңгей – қазақша күреспен шұғылдану.

Екінші фактор (сабақ әдістемесі) – үш деңгейді қарастырды: бірінші деңгей – оқыту барысында гуманистік тәсілдерді қолдану; екінші деңгей -оқыту барысында директивалық тәсілдерді қолдану; үшінші деңгей – оқыту барысында ымырашылдық әдістерді қолдану. Әрқайсысы 12 оқушы жастардан тұратын эквивалентті алты топ жасақталды, сыналушылардың жасы 15 болды. Сыналушыларды іріктеу – осы мектептің барлық оқушылары ішінен кездейсоқ іріктеу әдісімен таңдап алынды.

4 кестеден көрініп тұрғандай, ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану барысында және оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мен олардың денсаулығына әсер

ететіндей айқын өзгешелік байқала қоймайды ($P>0,05$). Дегенмен, 95% дық сенімді ықтималдылық жағдайында салауатты өмір салтын қалыптастыру тиімділігі мен оқушылар денсаулығына әсерінде оқыту әдістерінің айқын өзгешелігі байқалады. Келесі көптеген орташаларды талдау барысы ең тиімді әдіс гуманистік, яғни оқытуға деген гуманистік көзқарас екенін көрсетті. Тиімділігі жағынан екінші көзқарас оқытудың директивалы көзқарас екендігін көрсетсе, ал ымырашыл көзқарастың тиімділігі ең аз екені белгілі болды.


4 кесте – Ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану барысында және оқушы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мен олардың денсаулығына (ЖОҚ/кг) түрлі оқыту әдістерінің әсері туралы екі факторлы дисперстік талдаудың нәтижелері

Нұсқалардың көздері	Еркіндік дәрежесі	Орташа шаршысы		F	P
А факторы (спорт түрі)	1	СӨС ЖОҚ/кг	3,259 6.212	2,432 2,915	>0,05 >0,05
В факторы (сабақ өткізу)	2	СӨС ЖОҚ/кг	6,192 10,376	4,621 4,869	<0,05 <0,05
А және В факторларының өзара әсері	2	сөс ЖОҚ/кг	2,176 3,329	1,624 1,562	>0,05 >0,05
Топтар ішінде	66	сөс ЖОҚ/кг	1,340 2,131		

Сабақтың мазмұны жайлы айтсақ, логика бойынша, сабақтың басынан бастап оқушыларды қызықтыра білу қажет, оларды спорт түрінің шығу тарихымен, ұлттық спорт түрлері бойынша өткізілген жарыстардың тарихымен, атақты спортшылардың өмір жолымен және жарыс ережелерімен қоса сабақ барысындағы қауіпсіздік ережелерінің сақталуына да ерекше мән берген дұрыс [3]. Оқыту әдістемесі дене жүктемелеріне бейімделуі үшін педагогикалық принциптер мен заңдылықтардың орындалуын қарастыруы тиіс, олардың орындалу көлемі мен жаттығу жүктемелерінің қарқынын бірте бірте арттырып отыру қажет.

Педагогикалық ұжымның, медицина қызметкерлерінің мақсатқа бағытталған жұмыстарының нәтижесінде көрсеткіштер жыл өткен сайын жақсара түсті және олар жоғары деңгейге дейін көтерілді. Сауықтыру шараларының (аэрофитонизациялау, офтальмотренинг, динамикалық үзілістер, дене шынықтыру шаралары, сіңір салмағын өсіру шаралары, витаминге бай және құрамында йоды бар рационалды тамақтану) кешенді жоспарын жүзеге асырудың арқасында денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға қол жеткізіді [4].

Эксперименттік жұмыс спорт секцияларында, үйірмелерде тұрақты шұғылданушы жастардың санын арттыруға ықпал етті. Айтылғандарды растайтын мәліметтер төменде келтіріледі. (1-сурет)



Сурет 1 -Спорт секциялары мен үйірмелеріне қатысу көрсеткіштері.

Библиографиялық тізім

1. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі Астана-2017
2. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері» Қорғанбаева З.С. Шымкент 2017. Оқу құралы
3. Спортшылардың және дене шынықтырумен шұғылданушылардың функционалды дайындығын басқарудың физиологиялық негіздері. Шыршықбаев С.А., Юсупалиева Б.Ж., Амал Б.Б. Оқу құралы Шымкент 2019
4. Тебенова К.С.Психофизиология.-2019.-Учебное пособие

ӘОЖ 796=512.122

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНІҢ БІЛІКТІ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ ТҮРҒЫДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ақылбек Ж.Н.

магистр, аға оқытушы

Қаржаубаева Ұ.Б.

ДС-421 тобының студенті

Адамды білімді ететін терең және жүйелі білім беру өмір ағымының ауыспалы кезеңдерінде сенімділік, бәсекеге қабілеттілік және өзінің ар-намыс сезімінің негіздерін салады. Педагог іс-әрекеті білім саласында кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мұғалім, педагог мамандығы зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үшін үлкен рөл атқарады.

«Дене шынықтыру» оқу пәні – бұл дене шынықтыру қызметі, оқушылардың дене және психикалық саулығын сақтау туралы білімдер жүйесі. Пәнді оқыту тұлғаны қалыптастыру, адамның танымдық белсенділігінің дамуына бағытталған. Оқу бағдарламасының мазмұны оқушы, қоғам мен жанұя сұраныстарын ескере, қазіргі педагогикалық ғылым жетістіктерін айқындайды.

Оқыту мақсаты:

- өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қараудың қажеттілігін және қимыл-қозғалыс негіздерін игеру арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру;
- физикалық және психикалық қасиеттерінің толық дамуын;

- салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене тәрбиесі құралдарын шығармашылық жолмен қолдану.

Оқыту міндеттері:

- денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дене) қасиеттерін дамыту;

- дамыту және сауықтыру бағытындағы дене жаттығулары, базалық спорт түрлерінің іс-қимыл әдістері мен техникасы арқылы қимылдық тәжірибені байыту, қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру;

- дене шынықтыру және спорт туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы және салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі туралы білімдерді игеру;

- өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қарау, денсаулықты сақтау мен нығайту қажеттілігін қалыптастырып тәрбиелеу;

- тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде ұжымдық әрекеттестік пен ынтымақтастықтың межелерін сақтау.

Мұғалім өз тәжірибесіне сүйеніп, балалармен нақты жағдайдағы жұмыс дағдысына байланысты ұсынылған бағдарламаның қай бөлімін болмасын өзінің материалдарымен толықтыруға (немесе түзетулер енгізуге) құқылы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылғаннан бері қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер оның барлық салаларымен қатар мұғалімдік кәсіби іс-әрекет деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және прогрессивті технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде. Елбасының 2010 жылғы жолдауындағы: «Жоғары білім саласы ең жоғары халықаралық талатарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО-лар әлемінің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек. 2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс» - деген сөзі дәлел болады. Осы бағытта жасалып жатқан іс-шаралардың бірі – Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етіп отырған 2010 жылы, еуропалық жоғары білім беру аймағына енуді көздейтін Болон процесіне қосылу туралы шешімнің қабылдануы да айрықша мәнді шара. Бұл оқиғаны білім беру жүйесінде көрініс алған елеулі тарихи оқиға десе болады.

Осы негізде, Т.А. Кухарева тұлғаны негізгі анықтайтын сипат белсенді позиция келесі жүйелерден тұрады деп көрсетеді: бағдарлар - субъект іс-әрекетінде жүзеге асады, әлеуметтік-психологиялық бейімделу тиімділігін анықтайды, барлық іс-әрекетте болады және әлеуметтік статус, кәсіби анықталу, тұлғалық сапа категорияларын қамтиды.

Әр студенттің дара ерекшелігі өмір бейнелерінің жаңа талаптарына әсер етпей қоймайды. Студенттің оқуға түсуі бейімделудің күрделі жүйесі басталғандығын білдіреді. Бұл жағдай кезінде біз студенттің бейімделуі деп тұлға мінездемелерінің негізгі параметрлері мен оқу процесінің жаңа жағдайлары арасындағы динамикалық тепе-теңдікті қарастырамыз. Сонымен қоса бейімделу бұл жерде нақты жағдайлар талаптарына белсенді икемделу және өз құндылықтары мен нормаларын ерікті іске асыру болып табылады.

Студенттің кәсіби қабілеттерін дамыту мақсатын зерттеу нәтижесінде ғалымдар интегративті-матрицалық модель қалыптастырды. Оның негізгі кезеңдері мен элементтері:

- бейімделу-диагностикалық - студенттердің жаңа оқу орнына бейімделушілігіне көмектесу, білімнің қалыптасқан деңгейін анықтау, дағды, білім, үйренуде жетіспеушіліктерді жетілдіру, білімге деген құндылықтар қатынасының профилін құру; жоспарлы-коррекциялық - студент іс-әрекет мақсатын анықтау, болашаққа деген дайындығын жобалау, жоғары оқу орнында оқу тапсырмалары мен мақсаттарын шешу, іс-әрекет жоспарын жобалау, тұлғалық даму жоспарын құру; ақпаратты іс-әрекеттік – студенттердің білімді меңгеру іс-әрекетімен тығыз байланысты, оқуға деген құндылықтардың құрылуы, оқу пәндерін меңгеруде керек құндылықтарды анықтау,

белгілі меңгерілген пән бойынша іс-әрекет жасай алу, құнды білімдер мен дағдыларды түсіне алу; шығармашылық - өзін-өзі жетілдіру компоненті, оқу барысында студенттердің өзін-өзі дамыту, көрсету, әр түрлі ғылыми мәселелерді шешуге қатысу мүмкіндіктеріне көмектеседі, шығармашылық сипаттағы өзіндік еңбек, мәселені шешу кезіндегі шығармашылық құндылықтарды сезіну; нәтижелі-бағалау – студенттердің алған білімдерінің болашақ іс-әрекеттегі құндылығының жалпы қорытындысы, оқу іс-әрекетін бағалай алуы. Бұл моделді іске асыру нәтижесінде студенттердің білімге деген құндылықтарының құрылуына, нақты мамандыққа деген көзқарасын өзгертуге өзі кепіл болады.

Төменде берілген кесте бойынша, оқу процесі оқушы назарын аудару үшін пайдаланады және дене жаттығулар техникасы педагогикалық ұстаныммен қозғалыстың орындалу тәсілдерімен барынша тиімді түсіндіріледі.

Кәсіби іс-әрекеттің бейімделу функцияларына тоқталып кететін болсақ, оларды төмендегіше қарастырамыз:

- диагностикалық - бейімделу процесін басқаратын субъектілердің, студенттің тұлғасын диагностикалық зерттеу;
- оқыту – болашақ кәсіби іс-әрекетіне және жоғары оқу орнындағы жағдайларға табысты көндіге алу және бұл процестің басқаратын оқытушы жұмысының әдіс-тәсілдерімен қамтамасыз етілуі;
- дамытушы – бейімделу процесін жүйелі басқаруды жүзеге асыратын педагогикалық ортаның және бейімделуші субъектінің шығармашылық дамуы. Бұл жердегі негізгі критерий - студент пен оқытушының дамуы;
- бағамдау – оқытушылардың жоғары оқу орнындағы іс-әрекеттің жалпы заңдылықтарын саналай алуы, студенттердің бейімделе алу мүмкіншіліктерін, әдіс-тәсілдерін, бейімделудің индивидуальды ерекшеліктерін саналауы;
- түзетуші – алғашқы және кешенді болжауларға сәйкес студенттердің жеке жақтарын түзету. Бейімделуші субъектілер бұл жұмысқа өздері белсенді, саналы қатысулары тиіс;
- ғылыми-әдістемелік - ғылыми-әдістемелік құрылым құру, осы сипатқа ие іс-шаралар өткізу.

Бейімделмеушіліктің салдары адамның әлеуметтік және тұлғалық байланыстарын бұзады, өз қылықтарының қорытындысын болжау мүмкіншіліктерін төмендетеді, өзін-өзі және жағдайды барабар бағалай алмайды. Сонымен, бейімделу кезінде бейімделмеушілік процесінің де орны бар.

Сонымен, кәсіби іс-әрекетке бейімделу процесінің табысты болуының негізгі жағдайларын көрсетейік:

Біріншіден, кәсіби іс-әрекетке бейімделу жоғары оқу орындарындағы жас маманды дайындау сапасымен, олардың тәжірибелік дағдыларды жинақтауларымен байланысты. Кәсіпке оқыту және тәрбиелеу кезеңінде кәсіпке бейімделу басталады. Бұл жерде кәсіби іскерліктер мен дағдылар қалыптасады, кәсіпке керек деген білімдермен қамтамасыз етіледі, еңбекке деген шығармашылық қатынас пайда болады, ұжымдық жұмыс дағдылары мен кәсіпке деген қызығушылық дамиды, яғни кәсіби іс-әрекеттің жағымды мотивациясы шындалады. Оқыту кезінде өндірістік және педагогикалық практикаларға үлкен көңіл бөлінеді.

Екіншіден, кәсіпке бейімделу кезінде кәсіпті таңдау мотиві де үлкен орын алады. Адамдардың нақты мінез-құлықтары мен әрекеттерінен нақты мотивті көруге болады, ол іс-әрекет процесі кезіндегі мақсатты көрсетеді. Мамандықты өз қызығушылығымен, құндылығына байланысты таңдаған кездегі кәсіпке бейімделу де табысты болады.

Үшіншіден, кәсіпке бейімделудің табысты болуы кәсіби іс-әрекеттің ұнамдылығымен, ұжымның психологиялық климатымен, қоғамдық белсенділік және индивидуальды ерекшеліктермен байланысты.

Төртіншіден, кәсіпке бейімделу кезінде еңбек іс-әрекетінің еңбек мазмұны, ұжымдағы өзара қатынас, жақсы жағдайлар және еңбекті ұйымдастыру секілді параметрлері әсер етеді. Сондықтан да айта кететін жайт, студенттердің оқу іс-әрекетінің табыстылығы, оған бейімделу көптеген факторларға байланысты. Оған танымдық іс-әрекетін реттеу функциясы, өмірлік жоспары мен қызығушылықтары, мотивтердің, құндылық бағдарлаудың басым болатын түрі, ұмтылыс деңгейі, өзіндік бағалауы, мінез-құлықтарын саналы басқара алуы т.б. көптеген факторлар үлкен ықпалын тигізеді.

Қорыта келгенде, кәсіби оқытушы педагог үшін ең маңыздысы оқушының (студенттің) іс-әрекеттерін, тұлғалық өзін-өзі ұйымдастыруын, басқара алуы және қоғамда болып жатқан жағдайды дұрыс түсіне біліп, сол бағытқа сәйкес қызмет ету. Кәсіби оқытушы маманның міндеті – оқушының (студентті) өз бетімен білім алуға бағыттау, тұлғалық қасиеттерін өз бетінше дамытуына жағдай жасап, көмек көрсету. Кәсіби оқытушы құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман.

Библиографиялық тізім

1. Дене шынықтыру және спорт педагогикасы Шымкент-2018 Атакаева А.Т., Құрымбаев Е.М., Қуанышов С.Ә. Оқулық
2. Дене шынықтыру және спорттың ғылыми-педагогикалық негіздері Оңалбек Ж.К., Алайдаров И.Қ., Садыкова Д.Б., Оқу құралы Шымкент 2019
3. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы қазіргі инновациялық технологиялар. Алшынбаев К.И., Азтаев А.А., Садыкова Д.Б. оқу құралы. Шымкент 2019
4. Мартыненко.И. Теория и методика спортивных игр. 2017. Уч. пособие

ӨОЖ 739.386

ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАҒАНДА ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЖАТТЫҒУ ТҮРЛЕРІН ДАМУ

Шалхарқызы А.

ДС-421 топ студенті

Серимбетов Ж.Ш.

магистр аға оқытушы

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Аннотация

Бұл мақалада жалпы білім беретін орта мектептердің дене тәрбиесі сабағының оқу үрдісіне енгізілген футбол негізгі дене сапаларын жетілдірудің кейбір мәселелері қарастырылады. Білім алушылардың футболдағы ойын жарыс қызметін сипаттап, сайысқа өзара жағымды атмосфераны қалыптастыру, жаттығулардың бойында рухани-еріктік қасиеттерін дамыту туралы жазылған.

Кілт сөздері: футбол, білім, тактика, оқушы, аяқ, доп, денсаулық, үйрету, қозғалыс.

Ойын жүргізу кезінде қозғалу тәсілдері әртүрлі жағдайда, түрлерде қолданылады. Мысалы, ойын үстінде футболшы қозғалу жылдамдығын ауыстырып отырады, ол жәй жүрістен бастап, ең үлкен жылдамдыққа дейінгі аралықты қамтуы тиіс. Сонымен қатар футболшының қозғалу тәсілдері секіруден, аялдамадан және айнарудан ауысып келіп отырады. Қозғалу тәсілдерінің түрлері доппен шебер ойнауға да байланысты. Қозғалу тәсілдерінің жинағын дұрыс пайдалана білсе, футболшы ойын жүргізу әдістерін де оның ішінде допқа ие болу үшін дұрыс орын таңдап алу және қарсылас команданың

ойыншысын дер кезінде табуды шебер түрде орындай алады. Жүгіру - қозғалу тәсілінің негізгі әдісі. Жүгіру арқылы ойыншы алаң үстінде әртүрлі қимылдар жасайды. Бұған допсыз және допты алып жүріп жүгіру де жатады.

Футбол ойынында жүгірудің мынадай тәсілдері қолданылады: жәй жүгіру, артымен, алға қарай жүгіру, аяқты қиыстырып және бір-біріне қосып жүгіру. Жәй жүгіруді - ойыншылар тік бағытпен қозғалған кезінде және қарсылас ойыншыдан босанып ойынды әрі қарай жүргізу пайдаланады. Жәй жүгіріс деп аталған себебі қозғалу жүйесі - фазасы ұшу және тірелуден тұрады, демек оның негізгі түрі жеңіл атлетиканың жүгіру түрінен өзгеше. Егер жақын қашықтыққа спринт жүгіретін спортшы адымының ұзындығы 2-2,5 м болса, ересек футболшылардың орта есеппен алғандағы адым ұзындығы 1,3-1,5 м дейін жақын қашықтыққа жүгіретін спортшы адымының қайталау тездігі секундына 4-4,5 болса, футболшылардың қайталау тездігі секундына 5,1-5,5 адым мөлшерінде.

Бұл тәсілді, көбінесе қорғаныс шебіндегі ойыншылар қолданады, олар допты тартып алу және қарсылас ойыншыларға ойнатпай дер кезінде иемдену үшін пайдаланады. Бұл жүгіру түрінің негізгі қимылдары екі аяққа түседі. Артқа қарай жүгірудің негізгі ерекшеліктері аяқ адамының ұзындығы қысқа, көп адымнан тұрады және ұшу мерзімі онша көп емес. Себебі, аяқты артқа қарай аударған кезде санның иілуі кедергі келтіреді.

Ойын шарты бойынша кейбір кезде артқа қарай жүгіру жылдамдығы үдеуі керек. Ескеретін бір жағдай жылдамдықты арттырып, артқа қарай жүгірген кезде ойыншы құлап қалуы мүмкін, себебі дене ауырлығы орталығының салмақталмағаны.

Аяқты қайшылап жүгіру - жүгіру бағытын өзгерту кезінде немесе оңға, солға қарай жұлқынып және айналып жүгірген кезде қолданылады. Бұл жүгірістің түрі өзіне арнайы тән қимылдардың бірі, сонымен қатар ойыншы жүгірістің басқа түрлерін қосымша пайдалануына болады. Ұшу мерзімі – бұл жүгірудің түрінде өте қысқа.

Бір жақ бүйірмен аяқты бір-біріне тигізіп жүгіру. Ойын жүргізу әдістерін дұрыс ұйымдастыру мысалы, ойыншы қарсыласын ойнатпау үшін бұл жүгіру тәсілі көбінесе бастапқы қимылдың бір бөлімі фаза ретінде қолданылады. Ойынның барысына және әртүрлі қозғалу тәсілдеріне байланысты. Бір жақ бүйірмен аяқты бір-біріне тигізіп жүгіру кезінде тізе аздап бүгілу керек. Бірінші адым аяқпен қозғалыс жаққа қозғалады. Күш негізінен қозғалыс жағына көбірек салынуы керек.

Секіру - ойыншылар пайдаланатын қозғалыс тәсілдерінің бірі, бұл тәсілді, көбінесе ойыншыны тоқтату және айналу үшін пайдаланады. Секіру, сонымен қатар доп тебудің, допты тоқтатудың түрлері аяқпен, кеудемен, баспен және алдап өту тәсілдерін орындаған кезде қолданылады. Ойын барысында секіру алға, біржаққа, жоғары және бірнеше қосымша бағыттағы қозғалыста қолданылады. Бірақ ойынның өзі, көбінесе алға немесе жоғары секірудің ең жоғары көрсеткіштерін талап етпейді. Оның жоғарғы көрсеткіштері: футболшының; өзіндік ерекшелігіне және икем-ділігіне байланысты. Секірудің түрлері итеру, ұшу және жерге түсу мерзімдерінен тұрады. Секірудің екі түрлі әдісі бар: бір аяқпен және екі аяқпен итерілу. Екі аяқпен итерілу. Секіру алға, жоғары, бір жаққа қарай қозғалыстардан тұрады. Оның негізгі ерекшелігі ойыншы бір аяқпен белсенді түрде аяқтың алға серпіліс жасап, денесінің ауырлық түсетін орталығын секірген жаққа аударуы керек. Секірудің биіктігі және бағыты ойынның жағдайына байланысты. Секіріп болғаннан кейін бір немесе екі аяқпен түседі. Жерге аяқтың табаны немесе ұшы тиген кезде қысқа серпіліс келесі орындалатын қимылдарды тез және жақсы орындауға көмектеседі. Одан басқа дененің ауырлығы түсетін орталығында да байланысты.

Допты жоғары секіріп баспен ұрған кезде әрине секіру биіктігі неғұрлым еңселі болуы керек.

Екі аяқты біріктіріп жоғары секіру және біржаққа, немесе аралас бағытта орындауға болады. Екі аяқпен итеріліп секірудің алдында ойыншы алдымен тізесін төмен қарай бүгіп, жоғары секірудің алдында қолдың және дененің көлемі мен жоғары қарай ұмтылып секіреді. Итеру, ұшу және жерге түсу кезеңдері бір орыннан секіргенге ұқсас.

Аялдау тәсілі ойын барысында өте көп қолданылады. Себебі, қозғалу бағытын өзгерту үшін және бір қимылдан басқа қимылға тез ауысу үшін алдымен аялдау, немесе тоқтату тәсілін пайдалану керек. Аялдаманың екі түрлі әдісі бар: секіріп және алға ұмтылып тоқтау.

Секіріп тоқтатудың негізгі әдісі-көп биіктемей секіріп, алға қарай ілгері аяққа күш түсіру, көбінесе екі аяқтап тоқтауды, секіруді пайдалануға болады.

Алға қарай ұмтылып аялдаудың тоқтау алдында кейінгі аяқты алға шығарып, өкшемен жерге түсіп, аяқтың ұшына қарай салмақты ауыстырып барып тоқтау. Тоқтағаннан кейін әр түрлі бағытпен қозғалуды жалғастыра беру керек. Сондықтан аялдаудың біткен қимылы келесі қозғалысты бастауға дайын болу.

Бұрылу арқылы футболшылар жылдамдықғы жоғалтпай жүгіру бағытын өзгертіп отырады. Бір орында бұрылғаннан кейін негізінен келесі қимылда бастауға дайын болуы керек. Сонымен қатар, бұрылу арқылы көптеген ойын тәсілдері, оның ішінде допты тебу, тоқтату, алып жүру және алдап өту тәсілдері орындалады.

Бұрылудың бірнеше түрлері бар: аяқты жылжытып бұрылу, секіріп және дене салмағы түскен аяқ арқылы бұрылу.

Алаңдағы ойыншының тәсілдері екі түрден тұрады: қозғалу және допқа ие болу.

Алаңдағы ойыншылар көптеген ойын әдістерін, олардың түрлерін және әртүрлі қозғалыс тәсілдерін пайдаланады. Оның ішінде допты тебу, тоқтату, алып жүру, алдап өту, допты тартып алу елеулі мәнге ие. Сонымен қатар, допқа ие болу тәсілдерінің бір түрі - допты қолмен ойынға қосу ойын тәртібі бойынша доп бір бүйірінен аланның сыртына шықса. Футболшы алаңда орындайтын міндетіне байланысты ойын тәсілдерін әртүрлі көлемде орындайды.

Допты тебу футбол ойынының негізгі тәсілі. Бұл тәсілдер ойын барысында аяқпен және баспен әртүрлі жағдайда орындалады. Ұру және тебу тәсілдерінің арнайы бағыты, оның негізгі міндеті доп ұшқан кезде ұшу бағыты және ұшу жылдамдығы ең жоғары жылдамдық сақталуға тиіс. Ұшу жылдамдығы тебулі бастапқы доппен тиістіру аяқ немесе бас жылдамағына және екі қоспаның қатынасына, сәйкестігіне де байланысты. Екі қоспанының бір-біріне байланыстылығы өзгермейді де, доптың ұшу жылдамдығын арттыру үшін тебу немесе ұру жылдамдығының түйінін көбейту керек.

Допты аяқпен тебу - табанның ішкі жағымен, сыртқы жағымен ортасымен және табанның сыртқы көтерілген жағымен тебу, табанның ұшымен ұшымен, өкшемен тебу. Қозғалыссыз жатқан допты, домалап келе жатқан немесе ұшып келе жатқан допты әртүрлі бағытта, бір орында қозғалыста секіріп, айналып және құлап тебуге болады.

Ұру және тебу тәсілдері көп болғанымен, оларды іріктеп жанжақты қорытынды жасағанда, негізгі бірнеше қозғалу кезеңдерден тұрғанын көресіз.

Бірінші кезең - дайындық кезеңі допқа ұмтылып жүгіру. Ұмтылып жүгіру үлкендігі, оның жылдамдығы футболшылардың дербес өзгешеліктеріне және ойын жүргізу мақсатына байланысты. Бірақ қай жағдай болса да допты тебу тәсілі алдын-ала белгілеген аяқпен орындалуы керек. Оны іс жүзінде орындау үшін ақырғы тірелетін аяқтың адым ұзындығын үлкейтіп немесе кішірейтіп барып орындайды. Ересек футболшылардың адымы орта есеппен алғанда 130-150 см.

Допқа ұмтылып жүгіру бастапқы тебу жылдамдығын ұлғайтута әсер етеді. Дайындалу кезеңі - тебетін аяқты сермеу және тіреу аяққа салмақ аудару. Жүгірудің ақырқы адымында кейінгі аяқпен итерілген кезде ең маңызды кіші кезең - тебетін аяқты сермеу орындалады.

Тебетін аяқты дұрыс сермеу үшін ақырғы адымдық, ұзынырақ болуы тиіс. Қалған адымдарға қарғанда 35-45-ке дейін орта есеппен 200-250 см. болады. Тіреу аяқ доптың он жағына, немесе сол жағына қарай қойылады.

Жұмыс кезеңі - допты тебу, ұру және аяқты ары қарай сермеп тоқтату. Тебу қимылы тіреу аяқты қойған уақыттан басталып, санның алға қарай бүглуі. Санмен балтырдың арасындағы үш бұрыш сақталады. Аяқтың табан мен сан қозғалысынан артта қалуынан

аяқтың барлық ауыр орталығы жамбасқа түседі. Тебудің алдында сан тоқтауы байқалады Чхандзе бойынша. Қимыл сандарының біртіндеп ауысуы үлкен массаға қарай сан кіші массалар табан мен жіліншілік жылдамдықты арттырады және допты тепкен кезде сан мен сирақтың алға тез арада жылжу допты тебуге әсер етеді.

Сонымен доптың ұшу бағытын көрсетеді.

Аяқталу кезеңі - бұрынғы алғашқы қалыпқа келу және келесі қимылға дайындық. Мұндай жүйелі қимылдау әр түрлі допты тебу және ұру тәсілдеріне байланысты. Жоғарыда айтылған тәсілдемелік нұсқауларды дұрыс пайдалана біліп, оны орындаса, сонда допты әр түрлі тәсілмен қатты күшпен орындауға көмектеседі. Бірақ ойын жүргізу әдістеріне байланысты ойын үстінде допты тебу кезеңдері аз уақыттың аралығында тербелмелілігін және бұлшық еттің жиырылуын талап етеді. Сонымен қатар допты тебу түрлері арнайы өзіндік ерекшеліктерден тұрады.

Библиографиялық тізім

1. Қуанышев С.Ә.Базалық спорт түрлерін оқытудың ілімі мен әдістемесі.-Шымкент.-2019. -Оқу құралы.174бет
2. Практиканың әдістемелік негіздері.-Шымкент.-2016
3. Алшынбаев К.И.Футбол ойынын оқыту әдістемесі.-Шымкент.-2009
4. Беков А.А.Футбол ойынын оқыту әдістемесі.-Шымкент.-2015.-Оқу әд.құрал
5. Алшынбаев К.И.,Шағын кешенді ауыл мектептерінде дене тәрбиесі сабағын жүргізу ерекшеліктері.-Шымкент.-2018Дәріс жинағы
6. Алшынбаев К.И.Футбол ойынын оқыту әдістемесі.-Шымкент.-2009.-Оқ әд.құрал
7. Серимбетов Ж.Футбол ойынының әдіс тәсілдері.-Шымкент.-2019.-Әдіст.нұсқау.
8. Батибаева С.Г.Физическая культура.-Алматы.-2014.-Метод.пособие

ӘОЖ739.386

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕНЕ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдраман Н.Е.

ДС-121 топ студенті

Серимбетов Ж.Ш.

*Жетекшісі магистр аға оқытушы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Аннотация:

Макалa жалпы мамандарды даярлау сапасына қойлатын талаптардың артуы, дене шынықтыру бойынша денсаулық жағдайы мен психологиялық дайындығы деңгейін, педагог кадрларды қамтамасыз ету сапасын талдаған

Кілт сөздері: жаттығу, студент, сабақ, бұлшықет, денсаулық, импульс, тамыр, жүрек, физика

Бүгінгі таңда жалпы білім беру орындарындағы дене тәрбиесінде жасөспірімдердің негізгі қимылдарын дамытудың маңызы ерекше.Негізгі қимылдар өз кезегінде нақты дене мүшелерінің бұлшық еттерін іске қосып қомай, барлық ағзадағы зат алмасуы, қан айналымын күшейтіп, бала психикасының дұрыс дамуына да ықпал етеді. Бала негізгі уақыттың тәрбие орындарында өткізгендіктен, мақсатты дене тәрбиесі барысында олар негізгі қимылдарды орындау әдістерімен де танысады.

Негізгі қимылдарды дамыту, қалыптастыру барысында, ең алдымен жоспарлы жаттығуларды, ойындарды еңбек тапсырмаларын таңдағанда, олар қызығатындай, бала денесінің дамуына тиімді ықпал жасап, бұлшық еттеріне әсер ететіндерін таңдаған жөн.

Баланың дене қимыл қозғалысын дұрыс қалыптастыруда қимылды ойындарды пайдалану орны ерекше. Ойын - балалардың өміріндегі ең кең дамыған дене тәрбиесіндегі қозғалыстар, футбол, волейбол, қол добы, ұлттық ойындар т.б. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың дене мәдениетінің негізгі тұтқасы болуы тиіс - деп жазды ғалымдарымыз.

Ойындар арқылы бала өзіне пайдалы қозғалыс әрекеттерін меңгереді және оған жаттығады.

Осы заманғы педагогикалық зерттеулер бойынша баланың ойыны алдымен, өзінің қатар-кұрбыларымен, ата – аналары және өзге адамдармен қарым – қатынас жасаудың қуатты құралы саналатын болса, екіншіден, ойын әрекеті баланың танымдық – психикалық үрдістерін қарқынды дамыту құралы болып табылады.

Балалардың негізгі қимылдарын дамытуда спорттық ойындардың да маңызы зор. Бала денсаулығын нығайту шараларының бірі – денесін шынықтыру.

Шынықтыру дененің сыртқы ортадан алатын зиянды әсерлерге деген дененің қарсылық күшін жетілдіріп, әртүрлі қолайсыз жағдайлардан денені қорғауға, дененің ептілігі мен икемділігін дамытуға бағытталған шаралар жүйесі болып табылады.

Шынықтыру шаралары әртүрлі дене ағзалары мен нерв жүйелерінің жұмыстарын жетілдіруге де бағытталады. Шынықтыру шаралары өзге де дене тәрбиесінің құралдарымен бірлікте дені сау, моральдық жағынан тұрақты, табанды, батыл, төзімді адамдарды тәрбиелеуге ықпал етеді.

Балалардың дене тәрбиесін мақсатты түрде жүзеге асыруда әрбір баланың жеке дара ерекшеліктеріне ескерген жөн.

Дене тәрбиесіне бағытталған шараларды алға апаруда ең алдымен бала денсаулығын нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп жетілуіне ықпал ету, организмнің жұмыс қабілетін арттыруға мән беру қажет.

Бала өмірдің жалғасы, балаға жан – жақты тәрбие беріп, өнер үйретіп, кәсіпке баулу – қоғам алдындағы міндет. «Баланы ойын өсіреді» деген халқымызға кең тараған қағидаға сүйенсек, қимылдарын дамыту маңызы да айқындала түседі. Балалардың ойын үстінде дүниетану мен қатар тәрбие алып, оның жақсы, ұнамды мінезі қалыптасып жеке дара ерекшеліктеріне айқындала бастайды. Ата - ана және басқа ересектер ойынның бала денесінің негізгі қимылдарының дамуындағы маңызын ескертіп, олардың қандай ойын ойнайтындарына зер салып, қажет жерінде араласып, ойынның мазмұны байтып жіберуіне де ие болады. Ойын барысында баланың ойын қуаты дамып, аяқ пен қол қимылының үйлесімділігін артып, ойлау күші, тапқырлығы арта түседі. Мектепалды балаларын дамытып, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс - әрекет осы ойын әрекеті болып табылады. Бұл кезеңде баланың бойында адамға тән барлық қасиеттердің негізі қаланатындықтан ойын мазмұны мен мақсатына да асқан жауапкершілікпен қараған жөн. Ойын ешқашанда дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, қайта уақыт өткен сайын жетіле түседі.

Дене тәрбиесі мен спорт сабақтарын жүргізу әдістемесінің бірнеше мәселелері:

Жаттықтыру сипатындағы дене тәрбиесі мен спорт сабақтарында дайындық бөлімінің тапсырмалары бой жазу кезінде орындалады.

Бой жазу – бұл дене тәрбиесі мен спорт сабақтарының негізгі міндеттерін шешу үшін ағзаны дайындауға бағытталған дене жаттығуларының жүйесі.

Бой жазу туралы сауалдар спорттың ілімдік-физиологтарын негізінен кейін қызықтыра бастады. Осы уақыттан бастап, спорт машықтануы мен оны қамтамасыз ету әдістемесіндегі орындалу заңдылықтары зерттеліп келеді (М.Я.Горкин, Ю.С.Гиппенрейтер, А.Н.Крестников, З.Я.Старорусская, И.А.Вардишвили, және басқалар). Бой жазуды жүргізу әдістемесінің басты мәселелері мыналар: а) бой жазуды бөлімдерге бөлу; ә) қолданылатын дене жаттығуларының сипаты мен мөлшері; б) қайталау мен

қимыл қарқынының саны; в) бой жазудың жеткіліктілігі; г) оқушылардың бой жазу аяқталғаннан негізгі жаттығулар басталғанға дейінгі мінез қалпы.

Егер сабақтың негізгі бөлімінде вегетативтік қызметті қоздыратын жаттығулардан бөлек бұлшықет қысымының жоғарғы қарқындылығы қажет болса, онда бой жазуға мүмкін жарақаттардың алдын алатын қимыл топтамаларын ендіреді. Бұл үшін бірнеше динамикалық күш жаттығуларын жасап, сосын жарақатқа көп ұшырайтын бұлшықет топтарына арналған статикалық сипаттағы жаттығуларды орындау пайдалы.

Бой жазудың арнайы бөлігінде негізінен сабақтың негізгі бөлімінің мазмұнын құрайтын дене жаттығуларының элементтерін пайдаланады.

Бой жазуды дұрыс жүргізген кезде пульс жиілігі 1-2 минуттан соң бастапқы шамаға қайта келеді. Бой жазудан кейін 8-10 минут бұлшықет топтарын уқалап, оларды негізгі жаттығуды орындауға белсене қатысуға лайықтау керек (қарқынды массаж жасау керек). Оның негізгі бөлігіндегі сабақты ұйымдастырудың ең маңызды мәселелерінің бірі-сипаты жағынан әр түрлі жаттығуларды орындау бірізділігін анықтау. Жалпы кеңестер мыналар:

1) дәлдігі бойынша күрделі жаттығуларды немесе жаңа қимылдарды сабақтың бірінші бөлімінде орындап, үйрену қажет; ағзаның вегетативті қызметіне үлкен талап қоятын жаттығуларды сабақтың екінші жартысында орындайды.

2) егер сабақтың басты міндеті спорт жаттығуларының тәсілін үйрену болса, онда негізгі бөлімнің соңына қарай күшті дамытуға арналған жаттығуларды орындаған дұрыс. Бұл жаттығулар тек оқушылардың дене дайындығын арттыруға ғана жәрдемдесіп қоймай, сондай-ақ қимыл мүмкіндіктерін келесі сабаққа қайта қалпына келтіруді де жақсартыды. Алайда, сабақтың ең соңында үйренген жаттығуды тағы қайталау керек, себебі сабақтың бірінші және соңғы бөлімдерінде орындалған (үйренген) жаттығулар орта бөлімдегіге қарағанда бұдан кейін жақсы жасалады;

3) егер сабақтың негізгі мақсаты күшті; шапшаңдық пен иілгіштікті дамыту болса, онда оның дамуына бой жазудан кейін, яғни оқушылар әлі шаршамаған уақытта орындау керек.

4) көп жағдайда шапшаңдықты дамытуға арналған жаттығулар төзімділікті дамытуға арналған жаттығулардың алдында болуы тиіс. Алайда, жоғары білікті спортшылар керісінше жасай алады, себебі олар шаршау кезінде де жоғары күш жұмсауға дайын болуы керек (әсіресе айналымдық спорт түлерінде);

5) егер сабақтың мақсаты-төзімділікті дамыту болса, онда бой жазудан соң бастапқыда анаэробтық қызметті (жылдамдық төзімділігі), сосын аэробтық (жалпы төзімділік) қызметті дамытуға арналған жаттығулар қолдану керек;

6) жекелеген спорт жаттығуларын машықтану сабақтарының негізгі бөлімдеріне бөлу спорт жарыстарының бағдарламасына байланысты болады. Осыған сәйкес үлгілерді құру үшін, жарысқа немесе соған өте жақын жағдайда белгіленген бірізділікті ұстану пайдалы.

Сабақ барысында жүктеменің ағзаға қатысы толқындалып өзгеріп отырады, яғни өте төменгісінен шектен тыс жоғарыға дейін көбейеді.

Дене тәрбиесі мен спорт сабақтарының оқушыларын ұйымдастыру құралы бұйрық деп аталады. Ол мынадай мүмкіндіктер береді: а) оқушыларды тұрғызу және орналастыру; ә) бастапқы қалыпта тұру; б) қимылды бастауға және аяқтауға бұйрық беру; в) оқушылардың қимылдары мен әрекеттерін басқару; жүктеменің ағзаға әсері мен орындалатын қимылдар сипатын реттеу; г) дененің жеке бөліктеріне, ағза қызметіне таңдап әсер ету; д) қажетті тәртіпті орнату.

Жаттығуды ұйымдастырып жүргізу үшін оқушыларды сабақ пәні, оқушылардың жынысы, жасы және дайындығына қарай (білігі мен спорт дәрежесі) бөлу қажет. Кейде бір немесе бірнеше сабақтар бойына нақты міндеттерді шешу үшін топтар құрылады (күрделі дене жаттығуларының жекелеген топшаларын меңгеру, өзара бақылауды ұйымдастыру, белгілі тактикалық қосындыларды үйрену үшін, т.б.). Тұлғалық спорт

түрлерінің машықтану сабақтарында топшада 5-6 кейде тіпті 2-3 адам болуы мүмкін. Тұрақты және уақытша топтарда да топбасшы тағайындау керек .

Бүкіл топпен немесе топшамен жекелеген дене жаттығулары сабақтарын жалпылама, яғни барлық оқушылар қимылды бір мезгілде бірлесіп жасайды.

Қимылдың тұлғалық жағынан дұрыс түрін, оқушылардың әрқайсының қимыл сапасын дамыту мен тәсілдік жетілдіру құралдарын табу үшін топтан бөлек жеке тұлғалық сабақтар өткізу қажет. Сабақтың бұл түріндегі оқытушы рөлін қимыл жоспарын жасауға, аталған жаттығуды орындауды бақылауға, оқушылардың әрекетін реттеуге құрылған.

Библиографиялық тізім

1. Қуанышев С.Ә.Базалық спорт түрлерін оқытудың ілімі мен әдістемесі.-Шымкент.-2019. -Оқу құралы.174бет
2. Практиканың әдістемелік негіздері.-Шымкент.-2016
3. Алшынбаев К.И.Футбол ойынын оқыту әдістемесі.-Шымкент.-2009
4. Беков А.А.Футбол ойынын оқыту әдістемесі.-Шымкент.-2015.-Оқу әд.құрал
5. Алшынбаев К.И.,Шағын кешенді ауыл мектептерінде дене тәрбиесі сабағын жүргізу ерекшеліктері.-Шымкент.-2018Дәріс жинағы
6. Алшынбаев К.И.Футбол ойыныноқыту әдістемесі.-Шымкент.-2009.-Оқ әд.құрал
7. Серимбетов Ж.Футбол ойынының әдіс тәсілдері.-Шымкент.-2019.-Әдіст.нұсқау.
8. Батибаева С.Г.Физическая культура.-Алматы.-2014.-Метод.пособие

ӘОЖ 370.182.62.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МӘДЕНИЕТІ

Серимбетов Ж.Ш.

Магистр, аға оқытушы

Темірхан Д.М.

Студент

Дене мәдениеті дене табиғатын тәрбиелеудің нәтижесі. Бұл адамдардың дене дамуын қалыптастырып оны пайдаланудағы материалдық және рухани байлық. «Дене шынықтыру мәдениеті» жекеден жалпыға сияқты, «мәдениет» деген түсінікке жататыны туралы талай айтылып жүр. Енді, оны басқа сөзбен айтқанда — дене шынықтыру адамзат мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Дене шынықтыру адамның өзінің денесін дамытып, өзгерту жолындағы қызмет және осы бағыттағы жұмыс тәртібі деп ұғынуға болады. Немесе оны былай да түсіндіруге болады: тиісті ұйымдардың тарапынан берілген тапсырма немесе жүктеме есебіндегі адамдардың берілген талаптарды орындауы. Мысалы, мемлекеттік бағдарламада көрсетілген «Дене шынықтыру» сабағына қатысуы. «Дене мәдениеті» түсінігін «Мәдениет» түсінігіне жалпы жатқызуға болады, себебі, дене мәдениеті мәдениеттің бір бөлігіне жатады. «Дене мәдениеті дегеніміз адам өз дене күшін, құрылысын, жаттығулар кешенін істеу арқылы өзгертуге арналған үдерісті айтуға болады. Бұл деген адамдардың дене қимылын жетілдіруге арналған материалдық, рухани байлықтың кешені болып табылады». Ал мектептегі дене мәдениеті дегеніміз — материалдық рухани бағыттың қосындысы ретінде мектепте қоғамның күшімен балалардың дене даярлығын ұштайтын пән ретінде болады.

Балалар дене даярлығының құндылығын тек мектеп мұғалімдері, жаттықтырушылар ғана емес, қоғам да өз күшін салу керек.

Дене мәдениеті педагогикалық тұрғыдан алып қарағанда, дене тәрбиесі дене мәдениетінің негізгі саласы болып табылатыны туралы жоғарыда айтылған. Педагогикада

адамның саяси әлеуметтік құқықты эстетикалық жағынан қоғамға лайықты болуына жауап беретін мүмкіндіктердің дамуына бағытталған мақсатты тәрбие деп атайды. Дене тәрбиесі – адамның физиологиялық жағынан дамуын қалыптастыратын педагогикалық жүйе. Мұнымен қоса, ол осы саладағы кәсіптік бағытты анықтайды, білім негізін құрайды. Әр түрлі деңгей мен түрлерде дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыдан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда маңызы зор екенін атап өткен дұрыс.

Балалар дене тәрбиесі жеткіншектің дене дамытуының педагогикалық жүйесі. Мектептегі дене тәрбиесі мектеп аясында ғана жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ал балалардың дене тәрбиесі мектепте және мектептен тыс та атқарыла береді. Осыған байланысты, дене шынықтыру мұғалімдерінің шығармашылық тұрғыдағы біліктілік деңгейі де аталмыш жұмыстарды орындауға өз септіктерін тигізеді. Балалар тәрбиесі мектеп ұжымы үшін жалпы міндет болғандықтан, басқа да тан мұғалімдері мектеп әкімшілігімен қоса жоспарланған іс-шараларды бір кісідей атқаруы — алға қойған мақсаттарға жетелейді және оның орындалуын қадағалайды.

Анатомиялық-физиологиялық тұрғыда дененің қаншалықты дамығандығын дене көлемін өлшеу арқылы (бойдың биіктігі мен салмағы, кеуденің көлемі, аяқ-қолдардың ұзындығы және т.б.) анықтауға болады, дене құрылысының сыртқы дамуын (кеуде жасушасының сыртқы қалпы түрі, бұлшық еттерінің реңі, май жиналуы, терінің біртегіс әдемілігі және т.б.), сыртқы белгілер арқылы жыныстық жетілуді, сонымен қатар, кейбір функционалды көрсеткіштерді өлшеу арқылы білуге болатынын көрсетеді. Мысалы, өкпедегі ауа сиымдылығының көлемі, кейбір жекеленген бұлшық еттер тобының күшін өлшеу арқылы, дененің даму дәрежесі анықталады.

Дене қимылын адамдармен сапалы пайдалану мүмкіндіктері, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру жағы мен материалдық ғылыми деңгейіне және бақылау, басқару органдарының жетілдірулігіне байланысты. Осылардың барлығының бірі-бірімен тығыз байланыстылығы арқылы ғана, осы бөлімдердің өзара байланыстылығы арқасында — бүтіндей дене тәрбиесі жүйесі шығады. Әр дене тәрбиесі жүйесі қандай болсын, қоғамда өзінше дамиды, сондықтан, сол қоғамның сөзін сөйлеп, тасы мен тымағын аспанға лақтырады демекші, әр қоғамның да өз дене тәрбиесі жүйелері болды. Мысалы, алғашқы қоғамдық дәуірдегі алға қойылған мақсат -күнделікті тамақ тауып, ыңғайлы өмір сүретін орын тауып, өз тұқымының амандығы немесе езі секілді, басқа да тайпаларды басып алып, өз құрамдарына қосу, ал құл иеленушілер дәуіріндегі мақсат одан басқапта — көбінесе, бөтен жерлерді басып алу, соған байланысты, өз жерлерін қорғау. Осылардың әсерінен, сол кездегі іылып, пәлсапашы, дәрігерлер сияқты, көзі ашық адамдардың адам ағзасы туралы қызметінің заңдылықтарын дұрыс білмегендіктен, дене қимылы жаттығуларының әсер еіу механизмінің ерекшеліктерін жеткізе алмайтын болған. Сонын себебінен, дене қимылы қозғалыстарын жасау, оның қажетті дене қасиеттерін дамытатынын ішкі түйсікпен түсінетін болғанын, феодалдық дәуірде сол кездегі дене тәрбиесі жүйесінің қалай дамығанын тарихтан білеміз. Жүйеде өзіне байланысты құрамдары бар, басқа жүйелерге қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар.

Өнер, мәдениет, ғылым, экономика, саясат ықпалымен дамып отырған дене тәрбиесі, да өз ықпалын тигізеді. Бір типтік қоғамдық құрылысы бар мемлекеттердің дене тәрбиесі мақсаттары мен міндеттері бірыңғай болуы мүмкін, ал керісінше, әртүрлі типтік қоғамдық құрылыстағы мемлекеттердің дене тәрбиесі жүйесінің мақсат-міндеттері де әртүрлі болуы мүмкін. Жүйенің өз функцияларын толыққанды орындауы қоғамдық-саяси жағдайларға да байланысты. Экономикасы жақсы дамыған елдердің дене тәрбиесі жүйелері де жан-жақты, жақсы дамыған, мысалы, АҚШ, Германия, Жапония, Англия т.б.

Ал енді дамып келе жатқан елдердің (Азия, Африка, Оңтүстік Америка т.б.) дене тәрбиесі жүйесі сол күйі нашар болуы, болмаса тек бір жақты дамыған болуы мүмкін. Оны әрбір төрт жыл сайын өтетін Олимпиадалық ойындарға қатысушы елдердің спортшыларының санына байланысты білуге болады. Себебі, қазіргі жағдайда аталмыш

ойындарға лицензия ұтып алу уақыт өткен сайын қиындап бара жатқанын ескеру қажет. Оның үстіне, олимпиадалық қозғалысқа қосылып жатқан елдер мен спорт түрлері көбеюде.

Біздің еліміз сол екі жақтың ортасында жақсы жағына қарай енді дамып келе жатыр. Себебі, мемлекетіміз қазір керекті спорт стадиондары, базалары, арнайы спорт ғимараттары, құрал-жабдықтары, жоғары білікті, жақсы дайындалған мамандары, халықтың ақылы қызметтерді енді телей алулары т.б. жағдайларға енді қол жеткізе бастады, әртүрлі деңгейдегі билік органдары дене шынықтыру мен спорттың дамуына жағдайлар мен ықпалдар жасай бастауы — мемлекетіміздің дамуы үшін дұрыс жолда келе жатқандығын айқындайды. Осыған байланысты, әр елдің дене тәрбиесі жүйесінің дамуы әрқилы екендігі, оған себеп — сол елдің дене шынықтыру мен спортқа деген көзқарасы мен саясатында екендігі әр елдерде болып жатқан күнделікті саяси, экономикалық, спорттық, мәдени жаңалықтардан білуге болатындығында. Онымен қоса, дене тәрбиесінің жүйесі қандай да болмасын елдің хал-ахуалын, әсіресе жаңадан дамып келе жатқан елдерде даму деңгейін көрсетеді.

Дене тәрбиесінің жалпы жүйесі өзімен бірге әлеуметтік ұйымды құрайтын, халықтың барын әлеуметтік топтарының жан-жақты дене шынығының жетілдіруіне бағытталады.

Ал, балалар дене тәрбиесінің жүйесі әлеуметтік ұйым ретінде барлық жастардағы балалардың жан-жақты дене қимылының жетілдіруіне бағытталған. Онда осы саладағы білім негізінің жүйесін құрай отырып, дене шынықтыру маманының өз бағытындағы теориясы мен әдістемесін жете меңгергендігі мен оның педагогикалық ойлау жүйесінің дамуының басты шарттылығында. Әртүрлі деңгейлер мен түрлерде дене шынықтыру, дене тәрбиесі мен спорт мәселелерін шығармашылық тұрғысынан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, мектеп дене тәрбиесіндегі кейбір теориялық және іс-тәжірибелік жаңалықтарға дене шынықтыру маманының сын көзбен қарауына, мектептегі денс шынықтыру, дене тәрбиесі және спорт мақсат-міндеттерін шешуде қосымша ететін пәндердің атқарар рөлін дұрыс бағалауға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда аталып отырған білімнің маңызы зор екендігін көрсетеді.

Балалардың дене тәрбиесі ескелең ұрпақтың дені сау, оның барлық дене мүшелерінің жақсы жетілуіне мүмкіндік туғызуды мақсат етіп, жан-жақты дайындығы жоғары, кез-келген жағдайлар мен қиыншылықтарда Отанын қорғай алатын қоғам мүшелерін дайындау міндеті тұрады. Мектепте дене тәрбиесі мақсатты бағыттағы педагогикалық жүйе ретінде сабақта, спорт үйірмелерінде т.б. дене шынықтыру мен спорттық іс-шараларда іске асырады. Оқушылардың дене тәрбиесі мектеп жасындағы балаларға мектепте және мектептен тыс балаларға білім беру мекемелерінде, балалар мен жасөспірімдер спорттық мектептерінде, аулалар мен шағын аудандардағы түрлі тәрбие ұйымдарында әр түрлі жұмыстар мен дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық іс-шаралардың алдын-ала, күнделікті және перспективалық (болашақтағы) жоспарлары түрінде ескеріп қамтылған.

Библиографиялық тізім

1. Төтенай.Б. Дене тәрбиесі.- А- 2017.
2. Физическая культура студента. А.К. Кульназаров, В.И. Лях.Учебник. Астана – 2016.
3. Физическая культура. Марчибаева У.С., Сидорова Р.В., Мендыбаева М.А. Учебник. Алматы - 2018
4. Спорттың ілімі мен әдістемесі. Мырзақұлов Қ., Байжанов Е., Садыкова Д.Б., Оқу құралы Шымкент - 2019
5. Дене шынықтыру және спорттағы ғылыми зерттеу әдістері. Байжанов Е., Алшынбаев К.И., Садыкова Д.Б. Оқу құралы. Шымкент 2018

БАЛАНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫННЫҢ ӘСЕРІ

Азтаев А.А.

Магистр, аға оқытушы

Адилхан А.Е.

Студент

Шымкент университети, Шымкент қ.

Физикалық даму - өзгеру процесі, сондай-ақ ағзаның морфологиялық және функционалдық қасиеттерінің жиынтығы. Физикалық дамуға бағытталған әсер етудің негізгі құралы - физикалық жаттығулар. Әлеуметтік қоғамда халықтың барлық топтарының жан - жақты физикалық дамуы, дене жетілуіне қол жеткізу - дене тәрбиесінің әлеуметтік мақсаты.

Бала қандай да бір рөлді ойнаған кезде, ол бөтен тұлғаға жалған болып қана қоймай, өзінің рөлін қабылдай отырып және оған кіре отырып, ол өзінің жеке тұлғасын кеңейтеді, байытады, тереңдетеді. Баланың жеке тұлғасына оның рөліне қатысты ойын тек қиял, ойлау, ерік - жігерді дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы баланың жеке тұлғасын дамыту үшін маңызы негізделеді.

Ойын тұлғаның дамуымен тығыз байланысты, және оның әсіресе қарқынды дамуы кезінде - балалық шақта - ол ерекше маңызға ие болады.

1. Ойын ережесін қиындату немесе жеңілдету.
2. Керек-жарақтарды үлкен немесе кіші мөлшерде пайдалану.
3. Қысқа үзілістерді енгізу, үздіксіз әрекет ететін ойындарда балалар үшін "демалыс үйлерін" ұйымдастыру және т. б.

Әрине, қозғалмалы ойындарды өткізу кезінде жетекшіге қазіргі уақытта әр қатысушының жеке мүмкіндіктері мен физикалық жағдайын ескеру қиын. Жетекшісі тез шаршау тудыратын шамадан тыс бұлшықет кернеулерін қатысушыларға ойынның басында ұсынуға болмайтынын есте сақтау керек. Қарқынды жаттығулар демалумен кезектеседі.

Қозғалмалы ойынның мөлшерін таңдаудағы маңызды фактор - бұл алдыңғы іс-әрекеттің сипаты және балалардың көңіл - күйі. Егер ойын үлкен физикалық немесе ақыл-ой күшінен кейін өткізілсе, үлкен кернеуді талап ететін тәсілдерді қоспағанда, аз қозғалатын ойынды ұсыну керек.

Ойыншылардың эмоционалдық жағдайының артуымен жүктеме де өседі. Ойынмен әуестеніп, балалар бір - бірінен асып кетуге ниет білдіріп, өз мүмкіндіктерін есептемейді және шаршайды. Олар шаршауды сезбеуі мүмкін. Сондықтан басшы олардың көңіл-күйіне сенбеуі тиіс. Шұғылданушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындығы мен денсаулық жағдайын ескеру қажет. Кейде ойыншылардың демалуға деген қажеттілігін сезінбеуіне қарамастан, ойынды тоқтату орынды. Барлық ойыншылардың бірдей жүктеме алуы керек. Сондықтан жүргізушінің ұзақ уақыт бойы демалусыз жүруіне жол бермеуге болмайды. Жүргізуші уақытты "секіруге" мүмкін болмаған жағдайда да ауыстыру ұсынылады. Ойыннан жеңілгендерді (егер бұл ойын ережелері талап етілсе) өте қысқа уақытта жоюға болады, ал ең дұрысы оларға айып ұпайларын жазу.

Дене бітімі әлсіз балаларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Оларға жеке доза қажет: қысқартылған қашықтық, жеңілдетілген тапсырмалар, ойында болу уақыты аз.

Егер ойын ашық ауада өткізілсе, ауа райы жағдайына назар аудару керек. Ағзаға физиологиялық әсер ету ауадағы сабақ кезінде артады. Ашық ауада қысқы ойындарда шұғылданушылар үзіліссіз, қарқынды қимылдарды орындауы тиіс. Ойыншыларға булану, содан кейін тез суыту үшін үлкен қысқа мерзімді жүктеме беруге болмайды. Ауадағы қысқы ойындар қысқа мерзімді болуы керек. Егер қатысушылар оңай киінсе, ойынды тез

қарқынмен жүргізу керек, егер олар жылы костюмдерде болса, - қарқындылығы аз болуы керек.

Осылайша, қозғалмалы ойындар тек физикалық дамуға ғана емес, баланың қиялын, ойлау қабілетін, ерік-жігері мен тұлғасын дамыта отырып, ақыл-ойға да әсер етеді, бірақ қозғалмалы ойын жалпы сабақ жүктемесінің көлемі мен қарқындылығына оңтайлы сәйкес болуы тиіс екенін ұмытуға болмайды.

Библиографиялық тізім

1. Атакаева А.Т., Исаева А.Н., Құлтаев С.Т. Қимылды ойындар. -Шымкент. -2018. Оқу құралы. -73 бет
2. Алшынбаев К.И. Қол добы және қозғалыс ойындарын оқытудың әдістемелік негіздері. -Шымкент, -2008. -76 б. Оқу әдістемелік құралы
3. Жылжымалы және эстафета ойындар - салауатты өмір негізі. 2017. Оқу-әдістемелік құралы.

ӘОЖ 796.012.61

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КҮШІН ДАМУДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Азтаев А.А.

Магистр, аға оқытушы

Айтмағанбет А.Р.

Студент

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Мектеп жасында баланың өсуі мен дамуына әсер ететін спорттық жаттығу басталады. 20-25 жылға дейін созылатын ағзаның өсуі мен дамуы біркелкі емес, 14-16 жылдан бастап қарқынның баяулауы байқалады.

Қыздардың салмағы мен өсуінің артуы 14-15 жылдан бастап анық баяулайды. Ұлдарда ұқсас жылжулар кейінірек байқалады. Дене бөліктерінің дамуы арасындағы пропорциялар өзгереді.

Жыныстық жетілу процесі қарқынды өтетін жасөспірімдер бойдың едәуір ұлғаюымен және дененің көлденең көлемінің аз өсуімен сипатталады. Бұл кезеңде кеуде қуысының шеңбері мен жарты өсу (Эрисман көрсеткіші) арасындағы айырмашылық теріс ("физиологиялық әлсіздік" кезеңі) шама болып табылады. Одан әрі, жыныстық жетілуді аяқтау барысында дененің кеңдігі күшейтіледі, қаңқа бөліктерінің қабығы аяқталады. Қаңқа бұлшықетінің салмағы мен көлденең қимасы артады.

Біртіндеп тыныс алу және қан айналымы жүйесі дамиды. Қазіргі жастар үшін акселерация, физикалық даму деп аталатын типтік үдеуді ескеру қажет. Өмір сүру және тәрбиелеу жағдайларының жақсаруы салдарынан, сондай-ақ қазіргі заманғы өркениеттің көптеген факторларының әрекеті нәтижесінде ағзаның өсуі мен дамуы өткен онжылдықтарға қарағанда Қазір жылдам болып келеді. Балалар мен жасөспірімдер өткен онжылдықтарға қарағанда орта есеппен 1-2 жылға жылдам дамиды. Физикалық дамудың ең айқын акселерациясы 10-12 жылдан басталады, әсіресе ол 16— 18 жаста, яғни. жыныстық жетілудің басталуы мен дамуына байланысты, қазіргі өмірдің жағдайы мен тәрбие жүйесі (оның ішінде дене бітімі) балаларға ерекше күшпен әсер еткенде. Бұл ретте жыныстық жетілудің өзі өседі. Жасөспірімдердің қан құрамы спорт жүктемелерінің әсерінен айтарлықтай өзгереді. Эритроциттер санының артуы қан бөлігінің қан депосынан шығуына байланысты болады. Шамадан тыс жүктеме кезінде эритроциттердің ыдырауы (эритроцитоз) байқалуы мүмкін. Қандағы лейкоциттер (лейкоцитоз) санының артуы

әдетте спорттық жаттығуларда байқалады. Шамадан тыс жүктеме жағдайында лейкоцитоз, яғни лейкоциттер бөлігінің еруі және олардың санының азаюы пайда болады.

Жаттығу мектеп жасындағы балаларда ішкі органдардың тұрақты прогрессивті құрылымдық өзгерістеріне әкеледі. Бұл ең алдымен жүрекке жатады, өйткені бұл маңызды органға спорттық қызмет әсіресе жоғары талаптар қояды. Жаттығу нәтижесінде жүрек мөлшері артады

Балалардың спорттық қызметі вегетативтік жүйелер функцияларының жоғары деңгейін талап етеді. Бұл деңгей қандай да бір физикалық жаттығуларды тудырған сайын жоғары.

Балалардағы энергияның ұлғайтылған шығыны балалардың дене бетінің оның салмағымен салыстырғанда салыстырмалы түрде үлкендігіне байланысты.

Ересектермен салыстырғанда, бірдей жұмыс кезінде жасөспірімдерде зат алмасу артады. Бұл дене салмағы мен бетінің арақатынасымен ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдердің жүйке жүйесінің жоғары қоздырғыштығымен түсіндіріледі.

Өсіп келе жатқан түтік тәрізді сүйектерде эпифизарлы шеміршектерде және омыртқа аралық дискілерде 14-16 жылдарға қарай қабыну аймақтары пайда болады, бұл әдетте шамамен 25 жылға қарай өсудің тоқтауына әкеледі. Омыртқа Контурлы кеуде бөлігінде артқа қарай (кифозбен) және мойын мен бел бөліктерінде Алға бүгілген (лордозбен) 7 жылдық жасқа қарай қалыптасады. Алайда, бұл контурлар үлкен мектеп жасына дейін (16 жасқа дейін) тұрақсыз болады. Сондықтан 15-16 жасқа дейін оқушылардың жиектерін жақсартуға белсенді әсер етуі мүмкін.

Балаларда бұлшық ет пен байлам-буын аппаратының жоғары икемділігі байқалады. Бұлшық ет жүйесінің өсуі мен дамуына, бұлшық еттің көлденең қимасының ұлғаюына қарай олардың күші мен күш-жігердің шоғырлануына қабілеттілігі артады. Жаттығу бұлшық ет күшінің топографиясына және оның абсолюттік өсуіне айқын әсер етеді. Сол немесе басқа бұлшық ет топтарының күшін дамытуға спорттық мамандану, сондай-ақ (және ең бастысы) спорттық жаттықтыру әдістемесі айтарлықтай әсер етеді.

Оң және сол қолдың қызметін дамыту ерекше назар аударуды талап етеді.

Белгілі болғандай, балалардың ең көп санының оң қолы сол жақпен салыстырғанда жақсы дамыған, бұл әдетте көпғасырлық дамумен, сондай — ақ кейбір анатомиялық алғышарттармен түсіндіріледі: ішкі ағзалардың асимметриялық орналасуы-оң жақ бауыр, сол жақ жүрек және т. б.

Әділдікті дамытудағы тұқым қуалаушылықтың маңызды мәні леворукстіктің айқын беталысымен туған балалардың болуымен жеңіл дәлелденеді. Сонымен қатар, жаттықтырушы-педагогтың назары әрдайым оң және сол қолдың функцияларын жан-жақты қалыптастыру үшін спорттық жаттығу процесіне ықпал етуге мүмкіндік береді. 2-3 жасқа дейінгі кішкентай балалардың көпшілігі әдетте оң және сол қолдарын бірдей иеленеді, содан кейін олар бірте-бірте оң қолды артық пайдалануға ауысады.

Қол функциясының дамуына физикалық жаттығулар (әсіресе ауырлықпен жаттығулар) үлкен әсер етеді.

Спорттық жаттығу барысында функциялардың жүйке реттелуі жетілдіріледі. Оқушылардың бұлшықет сезімінің жедел дамуына лайық, әсіресе 13-14 жасқа дейін, осы уақытқа дейін кеңістікте бағдарлану қабілеті жоғары кемелдікке жетеді, қозғалыс қарқынының сезімі, қашықтықты сезіну, тірек ауданының өзгеруі кезінде бұлшық ет сезімдерін талдау қабілеті шиеленіседі.

Қозғалыс қызметі кезінде күш пен төзімділік 20 жасқа дейін және одан кейін жақсарады. Балалар жасындағы жүйке жүйесінің жоғары икемділігі қозғалыс дағдыларын жақсы және тез меңгеруге көмектеседі, кейде өте қиын. Көптеген балалар мен жасөспірімдер жоғары спорт жетістіктеріне тез қол жеткізеді. Сонымен қатар, балаларда орталық жүйке жүйесінде қозудың иррадиациясы (таралуы) оңай пайда болады, сондықтан қозғалыстарға оқыту кезінде тыныш жағдай жасау керек.

Мектеп жасындағы балаларда күрделі Үйлестірілген қимылдарды табысты игеру үшін барлық қажетті биологиялық алғышарттар бар. Жоғарғы және төменгі аяқ-қолдың әртүрлі сегменттерімен қозғалысты синхрондау қабілетін зерттеу ересек адамдарға (Блохин, Гандельсман, 1969) кем түспейтін мектеп жасындағы балалардың түрлі қимылдарының үйлесімділігінің жоғары мүмкіндіктерін көрсетті. Сонымен оқушылардың конькимен мәнерлеп сырғанау, спорттық гимнастика, суға секіру және т. б. сияқты спорт түрлерінен жоғары спорттық жетістіктері түсіндіріледі.

Жұмыстың бастапқы кезеңін зерттеу кезінде балаларда жұмыс істеу, яғни демалудан ең жоғары қызметке өту ересектерден жылдамырақ болып шықты. Шаршау процесі ерекше өтеді, ол ең алдымен орталық жүйке жүйесіндегі өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Шаршаудың субъективті көрінісі-балалардағы шаршау оң эмоционалдық фонда айқын көрінеді. Егер балалардың жас ерекшеліктерін ескерсе және қысқа мерзімді жүктемені барынша үлкен демалыс қуатымен қолданса, онда балалардың жұмыс қабілетін ұзақ уақыт ұстап тұруға болады.

Монотонды қозғалыс тез шаршайды. Алайда, балалар денесіне жоғары талаптар қоятын үлкен қарқындылық пен ұзақтық дене жүктемелерін орындаған жағдайларда қауіпті ескеру қажет. Оң эмоциялардың әсерінен балалардың организм функцияларының сыни жылжуы кезінде жұмысқа қабілеттілігі одан да жоғары болуы мүмкін, ал шаршау сезімі аз байқалынады. Бұл ретте, невроз ретінде жүйке процестерінің тепе-теңдігін бұзу деп қарастыруға болады, спортпен ұтымсыз шұғылдануға байланысты невроз (Крестовниктер, 1951). Жүктемелердің дозалануына ерекше назар жыныстық жетілу кезеңінің бастапқы фазасында, әсіресе балалардың орталық нерв жүйесінің (Туминский және т.б., 1959; Смирнов, 1959; Кольцов, 1969 және т. б.) қоздырғыштығы мен реактивтілігі жоғары болғанда бөлу керек. Бұл кезеңде старт алдындағы реакциялар эмоционалды қанық жаттығуларға көбірек көрінеді. Эмоциялық аядан тыс, бұлшықет жұмысына байланысты шартты тітіркендіргіштер жасөспірімдерде ересектерден аз жылжу тудыруы мүмкін.

Жыныстық жетілудің бастапқы кезеңінде ішкі секреция бездерінің, әсіресе жыныс бездерінің жоғары функциясы байқалады және екінші жыныс белгілері пайда болады. Бұл уақытта физикалық даму қарқыны айтарлықтай тездеуі мүмкін, дене ұзындығы мен ені, дене ұзындығы мен денесінің ұзындығы және т. б. қатынасында уақытша сәйкессіздік пайда болады.

Жасөспірімдердің рекордты жетістіктерге деген субъективті ұмтылысы әлі тұрақтандырылмаған физикалық даму кезінде асқын кернеу қаупі бар. Әсіресе, ішкі секрецияның әр түрлі бездерінің жұмысы арасында қалыптасқан теңгерімде бұл қауіп үлкен. Мысалы, қалқанша безінің қызметінің аздаған күшеюі (гипертиреоз) балалардың үлкен физикалық жүктемелерді көтеру қабілетіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Дегенмен, дозаланған ауырлықты қолдана отырып, күштік дайындық байламдар мен буындарды нығайтады, төзімділікті, ептілікті қалыптастыруға көмектеседі, ерік-жігер, өзіне сенімділік тәрбиелейді, ағзаның жұмыс қабілетін арттырады.

Көптеген авторлардың зерттеулері көрсеткендей, күштік даярлықта (мысалы, ауыр көтеру кезінде) қозғалыс дағдыларын алу үшін ең қолайлы уақыт жасөспірімдер мен жасөспірімдер жасы болып табылады.

Динамикалық сипаттағы дозаланған күш жүктемелері жасөспірімдер омыртқасының дамуы мен саралануына кері әсер етпейді. Жас шамасындағы ауыр салмақты жаттығулар шамадан тыс жүктемесіз тек патологиялық өзгерістер тудырмайды, ал дозаланған ауырлықты қолдану арқылы күштік дайындық байламдар мен буындарды нығайтады, төзімділікті, ептілікті қалыптастыруға көмектеседі, ерік, өзіне сенімділік тәрбиелейді, ағзаның жұмыс қабілетін арттырады.

Библиографиялық тізім

1. Сикымбаев Қ. Жеңіл атлеттерді дайындаудағы арнайы жаттығулар жүйесі, 2014. Оқу құралы.
2. Оңалбек Ж.К. Ауыр атлетика. - Шымкент. - 2015. Оқу құралы.
3. Дене дайындығының негіздері. Ордабаев Н.О., Қуанышов С.А., Атакаева А.Т. Шымкент 2019.
4. Еланцев А. Физиологические основы физического воспитания и видов спорта. 2017. Учебное пособие

ӘОЖ 57-21

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Алайдаров И.Қ.

Аға оқытушы

Али А.С.

Студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Қазақ халқының ұлттық ойындары алуан түрлі, сан қырлы, мазмұнға бай, адам баласының сәбилік шағынан бастап, бүкіл өмірін тұтас қамтуға негізделіп жасалған. Бұл мемлекеттік тәрбие беру мекемелері мен халық жасаған, барлық мәдени іс-әрекеттерді өз бойына жинақтап, халыққа білім және тәрбие беру мәселесін шешудің құралы қызметін атқарады. Өйткені ұлттық ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне орайластырып жасалған. Баланың сәби шағынан бастап ер жетіп, азамат санатына қосылғанға дейінгі өмірін қамтып қана қоймайды, адамның бүкіл өмір бойғы жан серігіне айналады. Атап айтқанда, дүниеге жаңа келген нәрестеден бастап, ер жеткенге дейін ойын арқылы тәрбие алады. Жігіттік шағында байсалды ұлттық ойындарына қатынасып, жарыс аренасына шығады. Одан кейінгі жігіт ағасы жасында, ойынды ұйымдастырушының рөлін атқарады. Келесі кезеңде сол халық дәстүріне өз ұрпағын тәрбиелеуші, баулушы, ақылшы-кеңесші ретінде де, сондай-ақ көрермен ретінде де қатынасады. Қай халықтың болмасын ұлттық ойындарына тән негізгі ортақ қасиет - дидактикалық негізі, көздейтін мақсаты жас ұрпақты өз ортасының салт-санасы, әдет-ғұрпы мен дәстүріне сай, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты білім беріп тәрбиелеу. Олай болса, әр ұлттық ойындардың бойында педагогикалық әлеуметтік негіз бар.

Ұлттық ойындардың әрқайсысына тән қасиет, көздейтін негізгі мақсат - адамға әсер ету, оған қоршаған орта туралы мағлұмат беріп, дүниетаным көзқарасын өсіріп қалыптастыру. Әр ұлттық ойынының бойында адамды білімге, білуге, үйренуге, өмірді танып білуге деген ынтаны оятатын, ұжымға деген ынтымақ, жолдасқа деген ілтипат, сыйластық, тіл табысу, басқалармен санаса білу т.б. өмірге аса қажетті адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру секілді дидактикалық негіз, тұтас педагогикалық үрдіс, іргелі идея бар.

Осы күнге дейін біреулер ойын десе, күлкіні, жеңіл-желпі көңіл көтеруді көз алдына елестетеді. Дәл осылай ойлағанның өзінде де ойын өз дегеніне жетіп, әлеуметтік-педагогикалық бір мақсатты көздеп, тәрбие құралы қызметін атқаратыны анық.

Кеңес одағы құлап, тоталитарлық құрылыстың ыдырауына байланысты, еліміздің еркіндік алуы, ел өмірінің барлық саласына айтарлықтай жаңалықтар әкелді. Ендігі жерде өткен өміріміз бен өнерімізге жаңаша қарап, ұрпақ тәрбиесін халқымыздың ежелгі арманы болып келген, өз халқының мүддесіне сай қайта құруға мүмкіншілік туды. Бүгінде оқу орындарының алдында тұрған негізгі мақсат - заманымызға сай ұлттық мүддені

көздейтін, отанын сүйе білетін, қазақстандық патриотизмді жастар бойына сіңіріп, оны өмірдің өзі талап етіп отырғандай етіп күн тәртібіне қою. Яки, ойынды оқу-тәрбие жұмысының негізгі идеялық арқауына айналдыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындаудағы әлеуметтік-педагогикалық идеяларды іс жүзіне асыруда негізгі көмекші болатын ұлттық ойындар екендігі дау туғыза қоймас.

Алайда, көптеген авторлар өз зерттеулерінде, ойынды халық педагогикасының бір саласы ретінде ала отырып, оны тек тәрбие құралы ретінде ғана қарастыруды өздерінің басты міндеттері ретінде көрсететіндіктерін айта отыруды жөн көрдік. Ұлттық ойындарды, жалпы ойын атаулыны, тек тәрбие құралы ретінде бөліп алып қарау, біржақтылыққа апарып соғатынын ескерген жөн деп білеміз.

Бұл ойын туралы пікірдің дұрыс қалыптаспағандығын көрсетеді. Сонымен бірге, әр ұлттың өзіне тән даму барысындағы қалыптасу ерекшелігін ескермеуден, олардың әлеуметтік-экономикалық, тарихи-жарнамалық орындарын жете тексермегендіктен туған жаңсақтық деп білеміз.

Ғылыми жүйе ағымында бірінші рет дене шынықтырудың халықтық тәсілі - қазақтың ұлттық қозғалмалы ойындарын М.Гуннердің еңбегіннен кездестірдік, ол қазақтың ұлттық қозғалмалы ойындарын мынандай белгілер бойынша жіктеді: жалпы сипаттағы ойындар; қарсыласу және күрес элементтері бар ойындар; ашық алаңдағы ойындар; қыс кезіндегі ойындар; демалыс ойындары; ат-спорт ойындары; аттракцион ойындары. Мұндай ұсынысты автор ұлттық қозғалмалы ойындарының жалпы ережесі негізінде ұсынады.

Біздің пікірімізше, ұлттық ойындар – кешендік тәрбиенің, тұтас педагогикалық үрдістің таптырмайтын құралы. Осы идеяларды басшылыққа ала отырып, біз зерттеулерімізді ұлттық ойындарын ана тілі, математика сабақтарының барысында дидактикалық материал ретінде пайдалануды ұсындық. Оны нақты материалдармен бекіттік. Атап айтқанда, ұлттық ойындары қазақ тілі, математика пәндерінде және кластан тыс тәрбие жұмыстарында: сабақ аралық үзілістерде, ертеңгіліктер мен кештерде және ұзартылған күн топтарында пайдаланудың нақты жолдарын көрсеткенбіз.

Мұны айтуымыздың себебі: біздің осы жұмыстарымыздың байыбына бармаған зерттеушілер, өз ойларына өздері иланып, ұлттық ойындарды тек дене шынықтыру сабақтарында пайдалану туралы ғана сөз етіп келеді. Қарапайым көзбен қарағанда, ойын деген атынан көрініп тұрғандай, ол дене шынықтыру пәніне көбірек жанасатыны белгілі. Алайда ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған. Олай болса, барлық ұлттардың ойындарын бір үлгіге салып пішуге болмайды. Оның өмірге келуі әр халықтың өзіндік әлеуметтік-экономикалық ерекшелігіне, түсінігіне, материалдық мүмкіншілігі мен наным-сеніміне байланысты.

Ұлттық ойындар - адамның дене, ақыл-ой, адамгершілік қасиеттерінің шыңдалып өсуіне жан-жақты әсер ететін әмбебап құрал. Ол өзін-өзі тәрбиелеп, өзіне өзі білім берудің бүгінгі біртұтас педагогикалық талаптарға сай келетін дидактикалық негіздегі педагогикалық-әлеуметтік ахуалын байыта түсетін оқу-тәрбие құралы.

Ұлттық ойындардың бойында тұтас педагогикалық үрдістің негіздері бар. Тұтас педагогикалық үрдістің құрамына - оқу, оқыту, білім беру, тәрбие, дамыта оқытып, дамыта тәрбиелеу үрдісінің табиғи бірлігі жатады. Ал ұлттық ойындардың бойына ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене тәрбиесінің негіздері сіңген. Сондықтан ұлттық ойындардың әлеуметтік-педагогикалық негіздерін сөз еткенде оның дидактикалық негіздері туралы сөз айтпай өтуге болмайды. Дидактика - оқу теориясы ретінде “нені оқыту керек”, “қалай оқыту керек” деген сұрақтарға дәйекті жауап беруді іздейді. Оқу - оқушының іс-әрекеті болса, оқыту екі жақты үрдіс. Оқыту үрдісі оқушы мен оқытушының бірлескен әрекетінен тұратын күрделі процесс. Оқушы білім алуға, оның қажеттігіне түсінбейінше оқытушы өз міндетін дәйекті түрде атқаруы қиын. Олай болса, оқытушы ең алдымен оқудың түрткісін оқушының анық түсініп білуіне жол ашуы керек. Ал түрткі белгілі бір әрекеттің мақсаттылығы, соған итермелейтін, бағыттайтын қозғаушы

күш. Оқудағы оқушы мақсаты - білу, құбылыс пен уақиғаның сырын білуге ұмтылу. Сондықтан оқыту - оқушы мен оқытушының іс-әрекеті болғанымен, көп жағдайда абстракциялық рөл атқарады. Егер оқушы оқу мотивін анық, айқын түсінген болса, оқушы мен оқытушының бірлескен іс-әрекеті оң нәтижесін береді.

Библиографиялық тізім

1. Қ.Рысбекұлы «Қазақ балуандары» Астана Ер Даулет, 2006ж, 76 бет
2. Ж.Ысқақов, Ж.Қабланов «Спорт әлемінің тарихы мен түсіндірме сөздігі» Шымкент: 1999 ж 66 бет
3. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. -М., 1991.-336
4. Г.С.Туманян «Спортивная борьба» пед.ред. Мәскеу, 1995 152стр
5. Мананков Н.Е., Колкутин А.М. Физическое воспитание студентов. -Усть-Каменогорск: ВКГУ, 2002. — 280 с.
6. Матвеев Л.П. Основы спортивной тренировки. -М.: ФиС, 1977. 140стр

ОӘК 357-1

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ДӘРІПТЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ МЕН МАҢЫЗЫ

Алайдаров И.Қ.

Аға оқытушы

Амангелді К.М.

Студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Әр халықтың өз ұрпағын өмірге әзірлеуде, баулып тәрбиелеуде өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Ол ерекшеліктері ең алдымен сол халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасы тұрмысы мен дәстүрлеріне байланысты қалыптасады. Сондықтан осы ұғымды өз бойына жинаған барлық тәрбие құралдарын біз бүгінде халық педогогикасы деп атаймыз. Халық педогогикасының бір саласы-ұлт ойындары. Қазақ халқының ұлт ойындарының өзіне тән бір ерекшелігі сол ол тек көңіл аулап, қызық құйып, уақыт өткізу үшін емес, белгілі бір білімділік тәрбиелік мақсат көздейтінінде. Қазақ халқының ұлт ойындары негізінен үш саладан тұрады. 1) Ойын- сауық ойындары. 2) Оймен келетін ойындар. 3) Дене шынықтыру спорт ойындары. Сондай-ақ халық ойындары оқушылардың денелерін шыңдап оларды икемділікке, төзімділік пен шапшаңдыққа, тапқырлық пен алғырлыққа, дәлдік пен ептілікке баулайтынын айтады. Дене шынықтыру сабағы жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеудің белсенді құралы ретінде мектепте берілетін барлық білім негіздерімен астасып, жалпыға бірдей орта білім беру идеяларын іске асырып соның нәтижесінде қоғамдық пайдалы еңбекке араласуы мен отан қорғау ісіндегі жүйелі тәрбиенің негізін құрайды.

Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарын пайдалануда мен күнбе-күнгі сабаққа әзірлену кезінде белгілеп, сабақ жоспарында көрсетемін. Ойындарды негізінен сабақтың басында да, ортасында да, соңында да пайдалануға болады. Осыған орай оқушылардың дене шынықтыруымен ынта жігерлерін арттырудың тамаша құралдарының бірі өз ұғымдарына түсінікті қимыл ойындары болып келеді. Алғашқы бірнеше сабақ бойы ойыннан негізгі материалға, одан қайта ойынға, одан қайта негізгі материалға өтемін. Сабақтың аяғын ойынмен аяқтаймын. Мысалы: (қолдың, аяқтың, екуденің негізгі қалыптары мен қозғалыстар) тақырыбына байланысты жаттығулар өткен кезде «Мысық пен тышқан» ойынын пайдалануға болады. Бұл ойын балалардың тыныс мүшелері мен бұлшық еттерінің жетілуіне, жүгіруге үйретеді. Олардың жеңіске деген ерік, қайраттарын

шыңдауға батылдыққа, тапқырлыққа баулиды. «Жүгіру және жүру» тақырыбын өткенде «Құтқару» ойынын ойнатамыз. Алғашқы сабақтарды програмаға сай өткізіп, оқушылар программаны дағдылы меңгергеннен кейін оны қалыптастыру, бекіту мақсатында «Құтқару» ойынын ойнатамын. Ойын жүйріктікке, тапқырлыққа негізделген. «Сапка тұру және қайта – өзгерту» тақырыбында «Қасқыр қақпан» ойынын ойнатамын бұл ойынды сабақтың бірінші жартысында пайдалануға болады. Осы ойын оқушыларға сап құрып тұруды үйретеді, математикада үйренген сандарын тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады. Шапшаң жүгіру, икемділікпен, айлакерлікке, шешімділікке, мөлшерлей білуге үйретеді. Осы сияқты «Жүру және жүгіру» тақырыбында «Жаяу жарыс», «Секіру» тақырыбын өткенде «Сыңар аяқ», «Лақтыру» тақырыбында кім алысқа лақтырады ойындарын ойнатамын. Бұл ойындардың мақсаты оқушылардың барлық денелерін қозғалысқа келтіруді қамтамасыз етеді. Коллектив болып бірлесудің нәтижесінде жеңіске жетуге деген ерік қайратын шыңдау, олардың өз коллективі алдындағы жауапкершілігін арттыру және төзімділікке тәрбиелеу болып табылады. Ал «Секіру» тақырыбында халқымыздың ежелгі ойындарының бірі «Қарғымақ» ойынын ойнатамын, аталған тақырыптың алғашқы сабақтарында оқушылар секіру жаттығуларын меңгеріп біраз тәжірибе жинағаннан кейін ойналады, ойын көбінесе сабақтың екінші жартысында пайдаланылады. Осы сияқты «Гимнастикасы» тақырыбында «Үлек» пен «Тайлақ» ойының ойнатамын. Бұл ойын байырғы халықтың ойыны, ойын өте қарапайым, мұнда оқушылардың гимнастикалық жаттығуларға лайық барлық түрі бар. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин халық ойындарын балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық адамгершілік ой талабының өсуінде оның атқаратын қызметін жоғары бағалады. Қазақтың ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалғалмалы біліктілік, дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларынан қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады. Бұндай жағдай Қазақстан Республикасының оқушыларының көпшілігінде ұлттық спортпен, ұлттық ойындармен, дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға деген мұқтаждықтың, осы саладағы өз бетінше жүргізілетін сабақтардың ғылыми негізделген әдістемесінің жоқтығын, сонымен қатар көптеген жалпыға міндетті білім беру мекемелерінде, мектептерде (әсіресе, ауыл мектептерінде) оқудың материалдық базасының нашарлығынан, оқушылардың оқитын орындары да қашықта болғандықтан, мектептен тыс сабақтар мүлдем жүргізілмейді. Осы жоғарыда айтқан мәселелердің бәрі аталған тақырыптың әлі де болса жан-жақты толық зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді. Ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөлуге болады. Қажетті ойындарды өтілетін сабақ не жаттығудың алдында тұрған педагогикалық міндеттеріне байланысты тандап алу қажет. Дене тәрбиесі сабағында және жаттықтыру кезінде қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық ойындарын қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Ұлттық және эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыра отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, батылдыққа және салауатты өмірге тәрбиелеу. Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол. Жалпы ойындарды жүйелі түрде пайдалану, қиыншылықтарды жеңуге, еңбексүйгіш субъект ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

Библиографиялық тізім

1. Есіркепов Ж.М., Махатаев Т.С. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні // Халықаралық конференция материалдары. – Павлодар, 2010. Том I.- 39-41б.
2. Есіркепов Ж.М., Егізбаев Ж.Ә. Дене тәрбиесі мен эстетикалық тәрбиенің сабақтастығы // Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Тараз, 2005.
3. Бастауыш мектеп – Салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні, №1,2002ж.
4. Бастауыш мектеп – Тәрбиенің қайнар көзі халық педагогикасы № 3, 2000 ж.
5. Бастауыш мектеп – Ұлттық өсиеттер мен даналық сөздер №8-9, 1999 ж.
6. Болашақ – Мұхаммет Пайғамбардың тәрбие жайлы хадистері №20,2001 ж.

ӘОЖ 796.6

БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ

Алишынбаев К.И.

п.ғ.к., аға оқытушы

Алтынбек Б.Ж.

ДС-121 тобының студенті

Шымкент университеті, Шымкент қаласы.

Оқушыларға арналған дене тәрбиесінің бағдарламасында көсетілген басты міндеттерге сүйеніп, дене тәрбиесінің кейбір мәселелерін қарастырайық. Оқушылар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. Жақсы денсаулық адамның еңбек және қоғамның маңызды кепілі.

Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Барлық оқушылардың сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін мектепте, кәсіптік-техникалық училищеде, барлық оқу-тәрбие мекемелерінде жабдықтармен және құралдармен жақсы жарықталған спорт залдары мен алаңдары болуы тиіс. Оқушыларға дене тәрбиесін беру үшін спорт ұйымдары мен клубтардың, кәсіпорындар мен мекемелердің базасы кеңінен пайдаланылуы. Өмірге қажетті дағды және іскерлік табиғи қозғалыстың барысында қалыптасады. Табиғи қозғалыстың түрлері: жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика, снарядта жаттығу т.б. Жас адамның денесі түрлі жаттығулар көмегі мен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік, сияқты адам қабілеттерін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді. Мысалы, жылдамдық ең қысқа мерзімде қимылды орындау қабілеті, ал ептілік адамның тез игеру және жағдайдың өзгеруіне нақты шешім қабылдау қабілеті. Дене тәрбиесі саласында ырғақ жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Сабақтар мен сыныптан тыс дене тәрбиесі жұмыстарында күн ырғағы, дене жаттықтыру, организмді шынықтыру, тамақтану гигиенасы, ұйқы т.б. жөнінде оқушылар нақты білім алуы тиіс.

Дене тәрбиесі ең басты күн ырғағын, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтары дұрыс ұйымдастыруды талап етеді.

Негізгі ырғақтар қатарына әр түрлі іс-әрекеттері түрлерінің ұзақтығы және олардың кездесуі, белсенді демалыс, тамақтануды реттеу, ұйқының ұзақтық мерзімі жатады. Ырғақтық кезеңнің сақтау, организмде белгілі ритмнің және шартты рефлексдер тізбегінің пайда болуын қамтамасыз етеді. Бұл жағдай денсаулығына және олардың жалпы жұмыс қабілетіне қолайлы ықпал жасайды.

Оқу, еңбек және демалыс ырғағы гигиеналық талаптар негізінде оқушылардың әрбір жастық топтары еске алынып жасалады.

Мектепте дене тәрбиесін мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. Олардың істейтін жұмыстарының мазмұнына кіретін негізгі мәселелер:

1. Шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.

2. Мектеп ғимаратына, жұмыс жабдықтарына, спорт өткізілетін орындарға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру.

3. Оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту дене сауықтыру жұмыстарын тиімді өткізуді қажет етеді.

Дене тәрбиесін мектепте және мектептен тыс оқу орындарында, спорттық базаларда іске асыру үшін төмендегі міндеттерде еске алған жөн:

1. Оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу.

2. Шәкірттердің нығайту, жұмыс қабілетін көтеру.

3. Спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту.

4. Негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.

Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына дене шынықтыру сабақтары, сыныптан және мектептен тыс жаппай спорт жұмыстары жатады.

Сабақ – дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Дене шынықтыру сабақтары мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Онда жаттығулардың тізімдері, түрлері, сонымен бірге сабақта теориялық білімді меңгерудің мазмұны берілген. Дене тәрбиесі сабақтарында оқушылардың қозғалу белсенділігін ақыл-ой іс-әрекетіне сәйкес жүзеге асырудың негізгі педагогикалық талаптары қарастырылған. Сабақтың нәтижелі болуы түрлі жаттығуларды дұрыс іріктеп ала білуге, олардың кездесіп өтуін және гигиеналық жағдайды сақтауға байланысты. Дене тәрбиесі сабақтары тұтас педагогикалық принциптері мен заңдылықтарының талаптарына сәйкес құрылады.

Сыныптан тыс жаппай спорт жұмыстарында шәкірттер сабақта алған теориялық білімдерін жалғастырады және толықтырады. Сыныптан тыс жұмыстардың барысында оқушылардың жалпы дене спорттық дайындығын жақсарту спортқа ықпалын дамыту, өз бетімен түрлі дене жаттығуларымен айналысу міндеттері шешіледі.

Мектеп ұжымында спорт секциялары жұмыс істейді, спорттың түрлерін жаппай жарыстар өткізіледі, қоғамдық нұсқаушылар мен төрешілер дайындауда жоспарлы түрде жұмыс ұйымдастырылады, оқушылар спорт жұмысының көптеген түрлеріне қатысады. Мысалы, жеңіл атлетика, гимнастика, жүзу, шаңғы осы сияқты спорт ойындарының басқа түрлері де пайдаланылады.

Мектептен тыс жаппай спорт жұмыстары оқушылардың тұрғын жерлерінде, балалар және жасөспірімдердің спорт мектептерінде, балалардың туристік станцияларында, мәдениет парктарында балалар секторында, спорттық базаларда, ерікті спорт қоғамдарында, қала және қаладан тыс лагерьлерде өткізіледі. Барлық мектептен тыс мекемелер оқушылардың тандап алған спорт түрлерінен өзінің іскерлігін, дағдысын жетілдіруге мүмкіндік туғызады.

Спорттың кей бір түрлеріне қызығушылығын, бейімділігін, қабілетін көрсете білген оқушыларға балалар және жасөспірімдердің спорт мектебіне жолдама берілуі мүмкін. Ал спорт мектебін бітіргеннен кейін олардың физкультура институттарына түсуге аярау керек.

Дене тәрбиесінің мазмұны, міндеттері және формалары әрбір мектептің өз жағдайына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарының жүйесін жасауды қажет етеді.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады.

Библиографиялық тізім

1. Спорт ойындары. Лекция жинағы. 2020ж. Қуанышов С.Ә.
2. Алшынбаев К.И. Садыкова Д.Б.
3. Мектеп бағдарламасындағы спорт ойындары. Лекция жинағы. 2020ж.
4. Жеңіл атлетика. Лекция жинағы. 2020ж. Алайдаров И.Қ.Тулеев С.Қ.
5. Балалар және жасөспірімдер спортының негізі. Лекция жинағы. 2020ж
6. Қимылды ойындар. Дәріс жинағы. 2020ж

ӘОЖ 796-08

ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аманкулов Б.

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы,

аға оқытушы

Амангелді Қ.Ә.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

Дене шынықтыру мұғалімінің әкімшіліктік-шаруашылық қызметі сан түрлі. Олар дене шынықтыру үдерісін материалдық қамтамасыздандыруға бағытталған. Бұл спорттық қажетті құралдар-жабдықтар алуға, ремонт жасауға, мектептік спорттық алаңдарды қалыпта ұстауға, туристік саяхаттар ұйымдастыруға және т.б мен қамтамасыз ету. Дене шынықтыру мұғалімінің іс-әрекет түрлері суретте көрсетілген.

Жобалаушылық қызметінде оқушылар дене шынықтыру бойынша іс-шараларды жоспарлау, оқу тереңдігі мен нақты нәтижелер көрсетулері тиіс. Бұнда оқушылардың даму ырғағын бақылауды жүзеге асыра отырып, жұмыс жоспарына енгізуі қажет. Негізгі рөл сабақтарды жобалауға беріледі.(жоспар). Бұл сабақтың міндеттеріне сәйкес оқу материалдарына таңдау жасауда оқушылардың жас ерекшеліктерін, топтың спецификасын, жыныстық және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Бұның барлығы сабақтың өткізілу жоспарында бейнеленеді. Сонымен қоса сабақтың өткізілу жоспарында жүйе, оның мазмұны және мұғалімнің іс-әрекетінің реті жайлы ақпараттар мен қоса оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігін арттыратын әрекеттер жазылады. Басқарушылық-ұйымдастырушылық қызметі оқушылардың спорттық секциялардағы сабақтар, спорттық жарыстар және барлық спорттық іс-әрекеттерді басқару, сабақтарды ұйымдастырудан тұрады.

Басқа пәндердің мұғалімдері мен салыстырып қарағанда дене шынықтыру мұғалімі спецификалық жағдайларда жұмыс жасайды. Дене шынықтыру психологиясында оларды үш топқа бөледі: психологиялық қысым жағдайындағылар, физикалық ауыртпашылықтар және сыртқы орта факторларына байланысты жағдайлар.

Психологиялық қысым жағдайы:

Сабақтағылардың айғайынан болған шу (әсіресе кіші сынып оқушыларының сабағында), олар үзік-үзік және тоны өте жоғары болуы мен ерекшеленіп, мұғалімнің психологиялық шаршауына әкеліп соғады; бір жас ерекшелігі тобынан екінші топқа ауысу қажет; сөйлеу аппараты мен дауыс байланыстарына ауыртпашылық түсіреді; оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік, өйткені дене шынықтыру жаттығуларында жарақат алып қалу мүмкіндігі өте жоғары.

Физиологиялық ауыртпашылық жағдайы:

Дене шынықтыру жаттығуларын көрсету қажет; оқушылар мен бірлескен іс-әрекеттерді жүзеге асыру (әсіресе саяхаттарға шығу кезінде); дене шынықтыру жаттығуларын жасаушы оқушыларды сақтандыру қажет.

Сыртқы орта факторлары мен байланыстыфакторлар:

Ашық ауада өткізілген сабақтардың климаттық және ауа райы жағдайлары; спорт залдар мен спорт сыныптарының санитарлық гигиеналық жағдайы.

Дене шынықтыру мұғалімінің іс-әрекеті үнемі педогогикалық міндеттерді шешу мен байланысты.

Педогогикалық міндеттерді шешу бірнеше кезеңдерден өтеді: педогогикалық ситуацияларға талдау жасау, мұғалімнің алдында тұрған міндеттердің шешілу әдістерінің мүмкіндіктері жайлы болжам жасау, ұсынылған әдістердің бағалануы және нақты жағдайларда олардың қажеттерін таңдап алу, қабылданған шешімді жүзеге асыру және оның өтуі жайында ақпараттар жинастыру, ал қажет кезінде және түзету кезінде нәтижелері алынғанан кейін жетістіктердің ретроспективті нәтижелерін жоспар мен сәйкестендіру.

Дене шынықтыру мұғалімінің сабақ үстінде педогоикалық міндеттерді сәтті шешуіне, өз бетімен сабақта психологиялық талдау жасау жүйесін қолдану ұсынылады. Бұл жүйе жалпы педогоикалық және психологиялық дамыту, тәрбиелеу және оқыту принциптеріне сәйкес және бұл үш бағытқа бөлінеді:

1. Тәрбиелік: оқушының тұлғалық жетілуі, дүние танымы мен адамгершілік қалыптасуы.

2. Әдістемелік: сабақты талдау (мақсаттарын анықтау оқушының дайындық деңгейіне сәйкес мазмұны мен ұйымдастыру, олардың ақыл ойын дамыту жас ерекшелік және жеке дара ерекшеліктерін ескеру).

3. Сабаққа жаңа көз қарастар енгізу, топта екі арнаның бірлескен іс әрекетін ұйымдастыру: оқушы және мұғалім бұл сабақ оның ойлау іс әрекетіне, қарым қатынас қабілетіне, жеке дара және психологиялық қасиеттеріне не береді.

Сабақ – мұғалімнің өзіндік педогоикалық біліктілігін, жеке сапасын, қарым-қатынас қабілетін, сөздік ойлау әрекетін, өзіндік санасын жетілдіруге құрал болып табылады.

Сабақтың психологиялық талдауының өзіндік кезеңдері бар, олар мұғалімнің сабақ өткізу кезіндегі іс әрекет формаларына сәйкес: сабаққа дайындалу, сабақты өткізу, аналитикалық талдау жүргізу және мұғалім өзі өткізген сабақты бағалауы.



Библиографиялық тізім

1. Б.А. Ашмарин. Теория и методика физического воспитания. - М.: Физкультура и спорт, 2012.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост.
3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 2017.
4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 2018.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 2005.

ӘОЖ 796-015

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНА БАУЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

Аманкулов Б.
ҚР еңбек сіңірген жасатықтырушысы
Арынтай Д.М.
студент
Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Аңдатпа:

Көрсетілген жас шектеулері белгілі бір деңгейде алынған, негізгі көрсеткіш - спорттық шеберліктің деңгейі. Сондықтан неғұрлым дайындықтары жоғары спортшылар, бекітілген талаптарды орындаған жағдайда, ерте жас шақтарында келесі кезеңдерге өткізіле береді.

Алтыншы кезең - спорттық ұзақ жасау, бұл кезеңде спортшы спортпен айналысуды жалғастырады және бұқаралық спортсаласында жарыстарға қатыса береді. Бұл жерде жас шағына шектеу қойылмайды.

Түйін сөздер: спорттық мамандану, жасөспірімдер, жаттығу жүктемелері, спорттық көрсеткіш, спорттық дайындық

Спортшыларды дайындау спортпен арнайы дайындалудан бастап жоғарғы жетістіктер спортына ауысқанға дейінгі (5-10 жыл спорттың әр түрінде) кезеңдерді қамтиды. Спортшы спорттың түріне қарай жоғарғы жетістіктер спортында 4 жылдан 10 жылға дейін айналысады. Спорттық дайындықтың көпжылдық кезеңі бір жағынан айналысушының жас ерекшелігіне, екінші жағынан - спорт түрінің ерекшеліктеріне байланысты, бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Мысал ретінде спорттық ойындардағы көпжылдық дайындықтың кезеңдерін келтіруге болады.

Бірінші кезең мыналарды қарастырады: спортқа деген қызығушылықты тәрбиелеу, балаларды спорттық ойындарға тарту, техника мен тактикаға бастапқы үйрету, ойын ережелеріне үйрету, ойын ерекшеліктерін есепке ала отырып жалпы дене қасиеттерін тәрбиелеу, жекелей және ұжыммен жарысқа түсе алу қасиетін қалыптастыру (мини-баскетбол, мини-волейбол т.б.) 11 жасқа дейін [1].

Екінші кезең базалықтехничко-тактикалық және дене дайындығына арналған. Осы кезде ойындық функцияларға мамандауға негізделмеген, техника мен тактиканың негіздері, спорттық ойындарда қолданылатын жарыстық қасиеттер қалыптасады 12-14 жасқа дейін.

Үшінші кезең арнайы дайындыққа бағытталған: технико-тактикалық , дене дайындығы, ойындық дайындық, жарыстық дайындық, ойындық функциялар бойынша мамандану элементтері кіргізіледі 15-17 жасқа дейін.

Төртінші кезең технико-тактикалық шеберлікті жетілдіруге, ойындық функциялар бойынша мамандануға, жоғарғы разрядты командалардың талаптарына бейімделуге арналған 18-21 жасқа дейін [2].

Бесінші кезең - жоғарғы жетістіктер спортты деңгейінде, биік спорттық нәтижелер көрсету кезеңі 21-30 жас.

Кезеңдердің негізгі бағытына сәйкес оның бағыттары анықталады, амалдарды, әдістерді, машықтану мен жарыстық режимдерді және т.б. таңдап алу жүргізіледі.

Дайындық кезеңі жылдық циклде 4-5 айға, жарты жылдық циклде 2-3 айға созылады. Бұл кезеңнің міндеті организмнің мүмкіншілігін жоғары деңгейде жеткізу. Дайындық кезеңі 2 бөлімге бөлінеді.

1. Жалпы дайындық бөлімінде спортшы организмнің жалпы функциялық мүмкіндіктерінің деңгейін көтеру, көзғалыс қасиеті мен көзғалыс шеберлігін, дағдысын жетілдіру мәселелері шешіледі. Жалпы дайындық бөлімі екі түрлі тарту және негіздеу деген орта циклдерден тұрады.

Тарту циклінің мақсаты - жүктеме қарқындылығы мен көлемін жайлап өсіру. Негіздеу немесе базалық, циклінің мақсаты негізгі жаттықтыру жүктемесінің көлемін орындау.

2. Арнайы дайындық бөлімінің міндеті-спортшының айналысқан спорт түріне керек дене қуаты қасиеттерін, тәсілін, айла-әдісін дамыту.

Бұл бөлімде арнайы дайындыққа 60-70 процент уақыт бөлінеді. Жарыс жаттығуларына ұқсас жаттығулар, бақылау, тексеру, жаттықтыру амалдары қолданылады. Бұл бөлім тексеру, дайындау, шындау циклдерінен тұрады. Тексеру, дайындау циклінде жаттықтыру жұмыстары бақылау жарыстарына қатысуымен араласа жүргізіледі. Шындау

циклінде тексеру жарыстарынан кейін анықталған тәсіл, тактика кемшіліктерін жою, айла-әдістерін шыңдау жаттығулары жүргізіледі [3].

Күш тусіру қарқындылықты арттыру, жаттықтыру көлемін азайту түрінде қолданылады.

Жарыстық кезең. Бұл кезде спортшы өзінің, негізгі жарыстарына қатысады. Бұл кезеңнің басты міндеті — алдыңғы кезеңде жақсы жаттыққан спортшы организмнің жарысқа дейінгі күнің ұзақ уақытқа сақтау. Жарысқа қатысу жиілігі спорт түріне, спортшы дәрежесіне байланысты.

Жарыс алдындағы циклде спорттық бабына кіру және алдағы жарысқа дайындалу жаттығулары жүргізіледі. Жарыс циклдері негізгі жарысқа қатысу кезінде өтеді де бірнеше кіші циклдерге бөлінеді (микроциклдер). Олар: жақындатылған, жарысқа қатысу және қалпына келу циклдері. Қалпына келу көтермелеу циклі кезінде сипаты бір-біріне ұқсас жаттықтыру процестерінен спортшыларды жалықтырмау үшін басқа жаттығуларды пайдаланады. Сол жаттығулар көмегімен организмнің қалпына келуін тездетеді [4].

Өтпелі кезең. Бұл кезеңнің міндеті — жаттықтыру мен жарыстардан алған әсерін жоғалтпау, организмді қинамай уақытында босаңсытып қалпына келтіру. Бұл кезеңде арнайы дайындық жаттығулары азайтылып, жалпы дайындық жаттығулары көбейеді (спорт ойындары, табиғат аясында жүгіру т.б.). Көбінесе организмді тез қалпына келтіретін, спортшы ұнататын жаттығуларды пайдаланған тиімді. Өтпелі кезең 2-3 орта циклдерінен тұрады. Қалпына келтіру-көтермелеуші және қалпына келтіру — дайындық циклдерінен біртіндеп, келесі үлкен жаттықтыру циклінің дайындық кезеңінің тарту мезоцикліне ауысады. Кейбір кездерде өтпелі кезеңнің орнына қысқа жеңілдету фазалары кіргізіледі "Қосақталған макроцикл" деп аталады да, жарыс кезеңінен кейін екінші дайындық, онан кейін екінші жарыс кезеңі, сонаң соң ғана өтпелі кезең кіргізіледі. Осындай жаттықтыру процестері күш жылдамдығын керек ететін спорт түрлерінде қолданылады. Мысады: ядро лақтыру, биіктікке секіру, ауыр атлетика, спорт ойындары т.б. Ал циклдік сипатындағы спорт түрлерінде (марафондық жүгіріс, шаңғы спорты т.б.) көбінесе жылдық жаттықтыру циклдері қолданылады. Жаттықтыру макроциклдерінің жалпы ұзақтығы бірдей болса да жеке кезеңдерінің ұзақтығы спорт түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы: көпсайыс түрлеріне дайындық кезеңі, ал спорт ойындарында (футбол, хоккей) жарыс кезеңі ұзақ болады [5].

Іріктеуге осы контингентпен жұмыс жасайтын жаттықтырушылар және осы аймақтың жетекші мамандарынан құралған сарапшылар тобы қатысады.

Іріктеп алудың нақты әдістемесінің мазмұны спорт түрінің спецификасымен анықталады. Ол жоғарғы болжамдық маңызы бар педагогикалық, медико-биологиялық және психикалық көрсеткіштер жүйесіне негізделген (техника-тактикалық іс-әрекеттердің негізінде жатқан, дене қасиеттерінің деңгейі, морфологиялық көрсеткіштері, ағзаның функционалдық ерекшеліктері, жоғарғы нерв қызметінің қасиеттері т.б.). Бастапқы деңгей және жастың ұлғайу мен спорттық машықтанудың ықпалыарқасында болған көрсеткіштердің өзгеруі, осы екі көрсеткіштің қатынасы спорттық жетістіктермен салыстырылып, есепке алынады. Спорттық іріктеудің сапасы спорттық резервтерді көптеген жылдар бойы дайындаудың маңызды талабы болып табылады. Көпжылдық дайындық барысында іріктеу әдісінің кешені кеңейеді, іріктеудің өзі анағұрлым тереңдетіле береді, нәтижесінде іріктелінушілердің саны артады.

Библиографиялық тізім

1. Б.А. Ашмарин. Теория и методика физического воспитания. - М.: Физкультура и спорт, 1982.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост.
3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 1987.
4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 1978.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 1985.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДАҒЫ
ОЙЫНДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕГІ
ТЕХНИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ОРЫНДАУ ТИІМДІЛІГІНІҢ ІЛІМДІК ЖӘНЕ
ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Артықбаев М.

п.ғ.к., доцент

Асан И.Т.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Спорттық ойындардағы ойын қызметіне тән қозғалыстармен тәсілдердің көп түрлілігімен күрделілігі объективті әдістерінің болу қажеттілігін алдын-ала анықтайды, олардың көмегімен ойын тәсілдерінің орындалуына сандық баға беруге болады.

Қазіргі уақытта мұндай өлшеу белгілі қиындықтармен байланысты. Өйткені, спорттық қызметте қолданылып жүрген қимылдардың тиімділігін бағалаудың қолда бар әдістері, т.б. спорттық ойындарда барлық уақытта қолданыла бермейді. Мұндай жағдайдың себебі, біріншіден өзара түйсетін техникалық тәсілдерді әртүрлі сипатта орындаудағы қозғаушы координациялар құрылымының күрделілігі. Екіншіден спорттық ойындардағы (баскетбол, футбол, волейбол және т.б.) тұрақты өзгеріп тұратын қызмет жағдайлары.

Белгілі болғандай, баскетбол, басқа да спорт ойындары сияқты, спорттық ацикликалық түріне жатады. Ацикликалық қимылдардың тиімділігін бағалаудың көптеген әдістері бар. Алайда олардың барлығы бірдей баскетболшылардың қимылдық (қозғаушы) қызметіне тиімді ауыстырыла бермейді.

Қимылдар мен тәсілдер тиімділігін бағалаудың жалпы әдістері төмендегі көрсеткіштерді ескереді: қозғалыс уақытында таратудағы кинематикалық звеноның тұрақтылығы мен жылдамдығын, қателіктердің саны мен сапасын, қозғалыстағы ептілікті құру жылдамдығын, қозғалыс әрекеттері дәлдігі мен келісімділігін, дене сапаны қозғалыста қолдану дәрежесін, қозғалыстың соңғы симметриясының деңгейі және басқада параметрлер. К.И.Адамбеков қозғалыстардың тиімділігін зерттеуде моторлық тестер әдістерін қолдануды тиімді деп санайды. М.С.Хлыстов бұлшық ет қызметінің тиімділік деңгейін әртүрлі жылдамдықтағы қол мен аяқтың қарапайым қимыл жасау сапасы бойынша бағалайды. Мектеп жасындағы балалардың қозғалыс тиімділігін бағалауда С.И.Қасымбекова қозғалыс күрделілігінің дәрежесін үйренуге кеткен уақытқа байланысты екендігін өз еңбегінде атап көрсетеді [1].

Қозғалыс тиімділігін бағалауда аталған барлық авторлар, әдетте, уақыт көрсеткіштері мен (барлық қимыл дағдыларын дәл орындау жағдайында) тәсілдерді орындау кезінде жіберген қателіктердің сандарын қолданады.

Баскетбол техникасында тиімділік деңгейін бағалаудың әдісі, біздің ойымызша, Г.Р.Амренова ұсынған әдіс болып табылады, онда қозғалыс тиімділігінің басты көрсеткіші деп дәлдік пен уақытты санайды.

Г.Р.Амренова қозғалыс тиімділігінің үш деңгейін ажырату мүмкін деп есептейді. Бірінші деңгейде жылдамдық көрсеткішін емес, кеңістіктік дәлдікті басқаруға моторлық қабілетті қарастырады. Бұл сипаттаманы моторлық тестердің тапсырмалармен, бақылау жаттығуларының көмегімен жеткілікті түрде дәл өлшеуге болады.

Белгілі бір уақыт аралығында қозғалыстарды орындау дәлдігін қозғалыс тиімділігінің екінші деңгейі сипаттайды. Спортшы жаттығуды ең аз уақытта қатесіз орындағанда немесе белгілі бір уақыт аралығында кеңістіктік қателіктер санын аз көлемде жасаған сәт тиімділіктің ең үздік көрсеткіші [2].

Қозғалыс тиімділігінің үшінші деңгейі қозғалыстық міндеттерді шапшаң әрі дәл орындаумен, моторлы әрекеттерді мақсатты түрде қайта құру міндеттеріне сәйкес, жылдам өзгеретін әдеттегіден тыс жағдайларға спортшының бейімделу ептілігімен аяқталады. Бәрінен бұрын бұл деңгей баскетболдағы ойын қызметінің тиімділігін бағалау үшін қолданылуы мүмкін.

Қимылдар мен тәсілдердің тиімділік деңгейін анықтау арнайы тіркелетін әдістемелерді талап етеді, олар жинақталған жалпылама түрде өзгеріп отыратын жағдайлар уақытындағы дәлдікті, шығатын күштің көлемі мен ұзақтығын, бір қозғалыстан екіншісіне өту қабілетін, сондай-ақ оларды талдауды көрсетеді.

Қазіргі кезде қозғалыс әдістерінің тиімділігін бағалау мүмкін болмай отыр. Бұл айғақты Б.К.Қаражанов [3] өз зерттеулерінде атап көрсетеді, ал біз 60-тан астам еңбекті талдап, адам қимыл-қозғалысы тиімділігінің 50 анықтамасын кездестірдік. Қозғалыс қабілетінің әр түрлі деңгейде пайда болумен ерекшеленетін мұндай көптірлілігі осыған сәйкес келетін өлшемдік әдістердің көптеген санын талап етеді.

Алайда спорттық жаттығулардың құралдары мен әдістері шеңберінің тұрақты кеңеюі мынадай айғақты сезінуге әкеліп соғады: көптеген әртүрлі жаттығулардың спортшы ағзасына әсері мен олардың жоғары спорттағы жетістікке спорттың сол немесе басқа түрінде жету дәрежесі тең бола бермейді.

Бұл бағыттағы зерттеулердің бүтін қатары дене сапасын тәрбиелеу әдістерін жетілдіру бойынша спорт жетістіктерінің негізгі ретіндегі жинақтарды топтауды жүргізуге (осы уақытқа дейінгі жалғасып келе жатқан) түрткі болды [4]. Бұл еңбектердің әдістемелік негізгі дене сапасын тәрбиелеудің көптеген құралдары мен әдістерінің әртүрлі үйлесімділікте қолдануда болып отыр. Қарастырылатын әдістердің тиімділігі дене қасиеттерінің дамуындағы сенімділігі мен жарыстық жаттығулардағы спорттық нәтижелерді жақсарту дәрежесі бойынша бағаланды.

Спорттық қимыл-қозғалыс тиімділігін өлшеудің өмір сүріп отырған әдістерімен алдын-ала танысу қорытындысын шығара отырып, тәсілдердің тиімділік деңгейін бағалау, қозғаушы шараларды қолданудың жылдамдығы, дәлдігі мен дәрежесінің көрсеткіштері бойынша жүргізілетінін мойындау керек.

Берілген зерттеулердің сипаты тиімділік көрсеткіштерін терең талдауды жүргізу қажеттілігі студент баскетболшыларды ұқсас әдіс-темелік тәсілдерін зерттеуге тарту мақсатымен шарттастырады. Бұл топтамалар материалдары берілген тараудың келесі бөлімдерінде жан-жақты қарастырылған.

Барлық техникалық арсеналды қиналатын матчтарда тиімді қолдану үшін жоғары дәрежедегі дене дайындығы қажет, оның деңгейі тіпті біздің басты баскетболшыларымыздың өзінде жеткілікті деңгейде емес, сондықтан олар шетелдік баскетболшылардан тиімсіз ерекшеленеді. Осыны дұрыс түсіне отырып, авторлардың көпшілігі, ересектердегі сияқты, студент баскетболшылардың жаттығудағы дене дайындығы ерекше мәнге ие болады, деп санайды.

Әртүрлі жастағы жас баскетболшылардың дене сапасының даму деңгейін қарастыра отырып, авторлар негізінен, олардың бір-біріне тәуелді еместігін талдайды. Сонымен В.П.Филин спорттық мамандануды бастапқы кезеңінде секірулік дамудың деңгейі мен секіруге шыдамдылықты зерттей отырып, ойын жағдайындағы шыдамдылықтың қарқынды өсуі балалық және жеткіншектік жаста деп көрсетеді. Секірмелік әсіресе 13-тен 18 жасқа дейін көтеріледі, ал бастапқы кезеңдегі жылдамдық күштілік қабілеттерін соққылық, интервалдық және жарыстық әдістер көмегімен дамытқан жақсы.

Арнайы шыдамдылық деңгейін арттыру үшін машықтану үрдісінде айналмалы жаттығуды кеңінен қолдануға кеңес беріледі. Л.П.Матвеев дене дайындықты, техникалық әдістік әрекеттердің нәтижелілігін, жылдамдықты арттыруды, жылдамдыққа төзімділік пен қорғаныстағы ойындардың тиімділігін жақсарту үшін олардың артықшылығын көрсетеді.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы - 2005. – № 3 – 16 б.
2. Қазақстан Республикасы президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана, 2015. – Б. 1-2.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Алматы: Литера, 2010. – Б. 94-96.
4. Доскараев Б.М. Физическое воспитание на территории Казахстана с древнейших времен до возникновения государств раннефеодального типа. – Алматы: Ғылым, 2013. – 193 с.

ӘОЖ 796-032

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ПЕДАГОГИКАСЫ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Артықбаев М.

п.ғ.к., доцент

Әбдуайт Н.Д.

Студент

Шымкент университеті,

Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

Білім беру технологияларының жіктелуінде «денсаулық сақтау технологиялары» деген ұғым жоқ. Себебі, ол нақты бір технология түрінде болмайды. Десек те, «денсаулық сақтау технологиясы» ұғымы білім беру мекемесінің оқушы денсаулығын қалыптастыру, сақтау және нығайту бағытындағы барлық жұмыстарын біріктіреді.

Қазақстан Республикасының бүгінгі күнгі білім беру тұжырымдамасы мен білім беру жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарындағы оқыту үрдісінің педагогикалық технологиялары ретінде және денсаулықты сақтауды ұйымдастырудағы жаңалық ретінде оқу - тәрбие үрдісіне денсаулық сақтау технологиялары енгізілуде. Оқыту мазмұнына жаңалық ендіру оқу үрдісіне қатысушылардан үлкен күш пен еңбекті талап ететін үрдіс. Ол өз кезегінде физиологиялық шаршау мен психоэмоциялық артық жүктеме түріндегі ағзаның функционалдық ахуалының әр түрлі ауытқуларын тудырады. Сол себепті де оқушыларда созылмалы аурулар, психиканың бұзылуы және стресстік жағдайлар көп болады. Сондықтан болар арнайы мамандандырылған мектептерде жалпы білім беретін мектептерге қарағанда оқушылар көп ауырады [1].

Педагогика ғылымына «технология» ұғымы ХХ ғасырдың 60-жылдарында ене бастады. Қазіргі уақытта «технология» ұғымына бастапқы затты түрлендіріп күтілген параметрлерді алу үшін қажетті әдістердің жиынтығы деп түсінік береді. Денсаулық сақтау технологияларында күтілетін параметрге адамның (бала, жасөспірім, ересек адам) физикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайының сәтті болуы жатады. Ал педагогикалық технологиялар күтілген параметрлерге жетуді жеңілдететін біршама талаптарға жауап береді. Технологиялардың негізгі ерекшелігі соңғы нәтижені алдын - ала болжай алады.

С.Тілеуованың пікірінше технологияда мақсат негізгі компонент ретінде қаралады және оған жету деңгейін анықтай алады. Технология алға қойылған мақсатқа жетудің барабар құралдарын қолдана отырып, оқу - тәрбие үрдісінің құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Барабарлық (адекваттық) дегенді педагогикалық технологиялардың оқушылардың жас ерекшелігіне, олардың физикалық, психоэмоциялық жай - күйіне

сәйкес келуі деп түсіну керек. Сонымен бірге қалыптасқан педагогикалық жағдайға педагогикалық технология қолданатын денсаулық сақтау тәсілдерінің сәйкес келуі.

Соңғы кезде дәстүрлі сыныптық-сабақ жүйесінде оқу үрдісін ұйымдастырудың кейбір жақтарының кемшілігі тұстары ашылуда. Сол себепті де оқытудың тиімділігін арттыратын қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды іздеп табу аса маңызды міндеттердің бірі [2].

Технология дегеніміз - білім беру үрдісіне қажетті әдіс - тәсілдер жүйесі және техникалық және адами ресурстарды пайдалана отырып оқытуды жетілдіре отырып білімді меңгерту.

Бүгінгі мектептің мақсаты - оқушыны өмірге дайындау. Оқушының мектепте алған білімі - оның болашақ өміріне қажетті, қолданылатын білім болуы қажет. Бұл мақсатқа оқушы мен мұғалім денсаулығын көздейтін оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін жинақтаған денсаулық сақтау педагогикасы арқылы жете алады. Мұғалім педагогиканың соңғы жаңалықтарын біле отырып, оқушы, ата - ана, медицина қызметкерлері мен өз әріптестерімен бірлесе отырып, өз жұмысын бүкіл педагогикалық үрдістің қатысушылары денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағыттап жоспарлайды [3].

Денсаулық технологиясы деген бірегей технология жол. Ол тек білім беру үрдісінің міндеттерінің бірі ретінде көрінуі мүмкін. Ол оқу үрдісінің медицина-гигиеналық бағыты (педагог - медицина қызметкері - оқушының тығыз байланысы жүзеге асатын), дене шынықтыру - сауықтыру бағыты (дене шынықтыру сабақтарына ерекше назар аударатын), экологиялық (табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас жасау) және тағы басқа да болуы мүмкін. Тек оқытуды кешенді түрде қарастырғанда ғана оқушы денсаулығын қалыптастыру мен нығайту міндеттері шешілуі мүмкін.

Денсаулық сақтау технологиялары көптеген педагогтарға белгілі психологиялық - педагогикалық әдіс - тәсілдер, технологияларды, мәселені шешу жолдарын жинақтайды және соған қоса мұғалімнің өзін-өзі үнемі жетілдіруге ұмтылысы қажет [4].

Сауықтыру педагогикасының негізгі артықшылықтары мынада:

- дені сау бала - практика жүзінде жетуге болатын бала дамуы;
- сауықтыру дегеніміз емдеу - профилактикалық шаралардың жиынтығы емес, баланың психофизиологиялық мүмкіндігін дамыту формасы;
- жеке-дара саралап оқыту дегеніміз - оқушыны сауықтыра дамыту жұмыстарының негізгі құралы.

Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты - оқушының мектепте жүрген кезінде денсаулығын сақтау, оның денсаулығын сақтау туралы білім, білігі мен дағдыларын қалыптастыру, алған білімдерін қолдана білуге үйрету. Барлық денсаулық сақтау технологияларының негізгі ерекшеліктері - оқушылар денсаулығын үнемі экспресс - диагностикадан өткізіп, бақылап отыру және ағзаның қалыпты дамуын бақылап, оқушы денсаулығы туралы қажетті қорытындылар (оқу жылының басы мен аяғында) жасап отырады.

Кез-келген білім мекемелерінің негізгі қызметі денсаулық сақтау технологиялары негізінде оқушыны салауатты өмір сүруге дайындау [5].

Сонымен денсаулық сақтау технологияларын ендірудегі мақсат - денсаулық сақтау жөніндегі мұғалімнің білімін жетілдіру, оқушының дене шынықтыру жағдайлары мен салауатты өмір сүру салтының денсаулық сақтауды ұйымдастыру - сауықтыру әдістемесін жетілдіру.

Библиографиялық тізім

1. Б.А. Ашмарин. Теория и методика физического воспитания. - М.: Физкультура и спорт, 2012.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост.
3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 2017.
4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 2018.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 2005.

СТУДЕНТТЕРДІҢ БАСКЕТБОЛДА ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ МЕН ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Атакаева А.Т.

п.ғ.м., аға оқытушы

Уалхан Ш.Ж.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Дене дайындығы – спортшының ағзалық қызмет мүмкіндіктерін арттыру жолдары. Спорттық машықтану ілімі мен тәжірибесінде дене дайындығын жан-жақты шыңдау, дененің қимыл қабілеттерін тәрбиелеумен анықталады.

Дененің қимыл қабілеттері деп – адамның қимыл мүмкіндіктерінің әртүрлі қырларын айтамыз. Дененің қимыл қабілеттері дене тәрбиесі, спорт ілімі мен әдістемесі ғылымында дене қасиеттері деп анықталады. Олар: күштілік, жылдамдық, төзімділік, ептілік және иілгіштік. Спортшының дене қасиеттерін дамыту ойын тәсілін жетілдіруге тура әсер етеді.

Дене дайындығы мақсаты – ағзаның қимыл мүмкіндіктері мен дене қасиеттерін жан-жақты дамытып, денсаулықты жақсарту мен нығайту.

Дене дайындығы міндеттері – дене тәрбиесінің негізгі міндеттерінен (білім, тәрбие, сауықтыру) туындап, спорт түрінің ерекшеліктеріне сай анықталады. Баскетбол спорт түрінде дене дайындығының мына міндеттері шешілуге бағытталған:

1) Жаттығушы ағзасының мүшелері мен жүйелерін баскетбол талаптарына сай нығайту.

2) Әдістік-тәсілдік дайындықты ойын ережелеріне сай үйлестіру.

3) Әдістік – тәсілдік дайындық қорын меңгерту.

4) Жарыс жүктемесінде психологиялық толқуларды жеңу жолдарын анықтау.

Баскетболшылар дене дайындығы жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді.

Жалпы және арнайы дайындықтың бірлігі. Спорттық мамандану спортшының жан-жақты дамуын жоққа шығармайды. Онда таңдаған спорт түрінде барынша елеулі алға басушылық спортшының дене және рухани қабілеттерінің жан-жақты дамуы ағзаның қызметтік мүмкіндіктерінің жалпы көтерілуі негізінде ғана мүмкін болады.

Спорттық жетілдірудің объективті заңдылықтары спорттық жаттығу терең мамандану жүйесі бола тұрып, бір мезгілде спортшы жан-жақты дамыту құралы да болады. Осыған сәйкес спорттық жаттығуда жалпы және арнайы дайындық үзіліссіз үйлеседі. Спортшының жалпы және арнайы дайындық бірлігі бұлардың екеуін де спорттық нәтижеге және дене тәрбиесінің құралы ретінде соңғы мақсатқа пайдалануға зиян келтірмеу үшін жаттығудан алып тастауға болмайды. Жалпы және арнайы дайындықтың бірлігі олардың мазмұндарының өзара тәуелділігімен қортындыланады: жалпы дене дайындығының мазмұны таңдаған спорт түрінің ерекшеліктері есепке алынып анықталады, ал арнайы дайындықтың мазмұны жалпы дайындықтың жасаған алғы шарттарына тәуелді.

Жалпы дене дайындығы – баскетболшы ағзасын шыңдауға және дамытуға бағытталған: барлық мүшелер мен жүйелердің қызметтік мүмкіндіктерін дамыту, қозғаушы бұлшықеттерді дамыту, дене қасиеттерін талап деңгейіне көтеру.

Бұл міндеттерді шешу үшін әртүрлі дене дамыту жаттығулары қолданылады.

Күш жаттығулары буындардың қозғалғыштығын арттыруға және босаңсытуға арналған жаттығулармен сәйкестенуі керек. Күшті жетілдіру мен тәрбиелеудің негізгі әдістері: шектен тыс салмақты «бастартқанға дейін» қайталап, барынша күш салып көтеру, айналымдық жаттықтыру әдісі, көмекші әсерлер әдісі, интервалдық, жарыстық

әдіс. Сонымен жалпы орта мектеп оқушыларының баскетболдан жалпы дене дайындығын жетілдіруді ұйымдастырудың бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды.

1. Жалпы орта мектептердегі білім берудің көп нұсқалы құрылымы және жалпы орта мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жалпы орта мектептерді қазіргі заманның талаптарына сай басқару мәселелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Мектеп оқушыларының шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына, оларға білім беруде заманауи жүйені енгізу жағдайларында хабардарлығының бейімделуі жалпы орта мектептерде оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігін көрсету.

2. Жалпы орта мектептерде оқушылардың дене тәрбиесін қалыптастыру үшін мынадай іс-әрекеттер атқарылады:

- денсаулықты нығайту, қалыпты денені шынықтыруды дамыту;
- өмірлік мәнді қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру;
- қозғалыс қабілеттерін дамыту және үйлестіру;
- дене мәдениеті және спорт саласында қажетті білімдерді игеру;
- денені шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануға қажетті қабілетті үйрету, тәрбиелеу, денсаулықты нығайту, жұмыс қабілеттерін арттыру;
- адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу, психикалық үдерістер мен жеке тұлғаның қасиеттерін дамыту.

3. Оқушылардың дене қасиеттерін дұрыс дайындау, олардың жарасымды дамуын қамтамасыз ететінін және олардың спорттық әдіс-тәсілдерді меңгеріп, жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретінін көрсетті. Сонымен қатар дене тәрбиесі мен спортпен жүйелі түрде шұғылдану барысы оқушылардың үлгеріміне, тәртібі мен ұйымдастырушылығына жағымды әсер ете отырып, өмірлік іс-әрекеттерінің тиімді тәртібін қатаң сақтауға үйретеді.

4. Оқу-тәрбие ісінің мәні оқыту және тәрбие міндеттерінің құралдары мен әдістерінің табиғи байланысынан және ұйымдастырудың бірыңғай түрлерінің көлемінен көрінеді. Мұндай біріктіру тұтастығы, үйренушілердің бір-біріне қарым-қатынасының жақсаруын және оқушылардың жеке басын қалыптастыруда тәрбиелік әсерді қамтиды.

Библиографиялық тізім

1. Касымбекова С.И. Использование средств физической культуры в формировании здорового образа жизни школьников (сборник статей) Алматы: Международная научно-практическая конференция “Проблемы оздоровления человека и общества” 1998, с. 22

2. Оңалбеков Ж.К. «Болашақ мұғалімдерді дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» п.ғ.д. ғылыми дисс авторефераты. Түркістан – 2007

3. Қарақов А. Студенттердің дене тәрбиесінде күрестің ұлттық түрлерін пайдалану. Дисс... п.ғ.к.: – Алматы, 1999.- 151 б

4. Мухамеджанов Б.Қ. Болашақ дене мәдениеті мамандарын кәсіби дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. П.ғ.д. автореф. Түркістан, 2008

5. Антропов М.В. Оқушылардың жұмыс қабілеті және олардың оқу мен еңбек үдерісі кезіндегі қозғалмалылығы. м.ғ.д. дисс. авторефераты, М., 1964

ӘОЖ 796-032

ТАҢДАМАЛЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІНДЕГІ СПОРТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР СИПАТТАМАСЫ

Атакаева А.Т.

п.ғ.м., аға оқытушы

Мамедәлі А.Е.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Спорттық жарыс пәні спорттың бөлек түрі болып табылады. Олардың әрқайсысы іс-әрекеттің ерекше құрамымен, спорттық күрес пен жарыс ережелеріне ену әдістерімен сипатталады. Спорттың көптеген түрлері әртүрлі ерекшеліктеріне қарай топтастырылады. Олардың қазіргі күнде 7 нұсқасы бар (1 сурет)

Белгілері	Спорт түрлері
Жарыс пәні	Дене-күш сапасының пайда болу шегіне, жылжымалы құралдармен басқара білу біліктілігі, қарудан нысанаға дәл тигізу, моделді-конструктивтік іс-әрекет пен қарсылаты абстрактілі-логикамен ұтуға байланысты спорт түрлері
Жеңімпазды анықтау	Құралдар арқылы бағаланатын жаттығулар қатарына жататын, өлшегіш құралдар арқылы, көз мөлшерімен бағалайтын, спорт түрлері
Қозғалыс құрылымы	Қайталанатын және қайталанбайтын (циклді, ациклді), аралас спорт түрлері
Қозғалыс күрделілігі	Қарапайым (Относительно) және күрделі-координированные спорт түрлері
Шұғылданушылар жынысы	Әйелдер мен ерлерге арналған спорт түрлері
Сабақ мүмкіндігі	Жазғы және қысқы спорт түрлері
Олимпиадалық ойындарға қатынасы	Олимпиадалық (жазғы және қысқы) және олимпиадалық емес спорт түрлері

1-сурет. Спорт түрлерінің топтастырылуы

1. Жарыс пәнінің ерекшелігін есепке ала отырып, оларды 5 топқа бөлуге болады:

- адамның дене сапасының пайда болу шегін сипаттайтын спорт түрлері. Оларға спорттың бокс, күрес, жеңіл атлетика, ауыр атлетика және т.б. сияқты түрлері жатады;
- операциялық негізі техникалық құралдар арқылы басқарылатын спорт түрлері. Оларға авто, мото, велоспорт және т.б. жатады;
- қозғалыс белсенділігі қатаң шеттетілген жағдайға бейімделген арнайы нысанаға дәл тигізуге бағытталған спорттық қарулар қолданылатын спорт түрлері. Оларға садақпен ату, оқпен ату, лақтырылған нысананы ату (стендовая) және т.б.;
- спортшының модельді-конструкторлық іс-әрекетіне бейімделген (салыстырымалы) спорт түрі. Оларға авиа-судомодельді спорт түрі және т.б. жатады;
- жарыстың негізгі мазмұны қарсыласының абстрактылы-логикалық ұту сипатымен анықталатын спорт түрі. Оларға шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ (тоғыз коргоол) және т.б.

Бұл топтастырудың ерекшелігі дамудың туыстас заңдылығы бар, спорт түрлерінің негізгі топтарының белгісіне сәйкес келетін, бүкіл негізіне спортшының жарыс әрекетінің ерекшеліктерінің салынумен айқындалады. Бұл міндет спорттық жаттығудың бірыңғай әдістемесі және теориясымен жұмыс істеуге мүмкіндік жасайды.

2. Жеңімпаздарды анықтау ерекшелігіне есептелген спорт түрлері 3 топқа бөлінеді:

- спортшыларды демонстрациялау нәтижесі құралдар арқылы өлшенетін спорт түрлері. Оларға жеңіл атлетика, жүзу, шаңғы спорты және т.б. жатады;
- спортшыларды демонстрациялау нәтижесі көз мөлшері арқылы өлшенетін спорт түрлері. Оларға спорттық ойын түрлері, жекпе-жек спорт түрлері - бокс, күрес және т.б. жатады;
- әрқайсысы өлшегіш құралдар арқылы өлшенетін спорттық жаттығулардан тұратын спорт түрлері. Оларға көп түрлі спорттық сайыстың барлық түрлері жатады.

Бұл топтастырудың өте жақсы белгісі спорттық жарыстарды ұйымдастыру тәжірибесі мен теориясын жетілдіруге және спорт түрлерінің жақын топтарының қазылық ерекшеліктерін жинақтап қорытуға мүмкіндік береді.

3. Қозғалыс құрылымының ерекшеліктеріне есептелген спорт түрлері 3 топқа бөлінеді:

- қайталанатын (циклдық) спорт түрі. Оларға жеңіл атлетиканың жүгіру түрі, жүзу, велоспорт және т.б.

- қайталанбайтын (ациклдық) спорт түрлері. Оларға күрес, ауыр атлетика, жеңіл атлетиканың секіру түрі және т.б.

- аралас спорт түрлері. Оларға спорттық ойындар жатады.

Бұл топтастырудың айрықша белгісі – оның спорттық қозғалыс техникасына тереңнен биомеханикалық талдау жасап, жарыс әрекеттерінің белгілі заңдылықтарын белгілеуі және осының негізінде спорттық күрестің негізгі тактикаларын жасауға мүмкіндік беруі.

4. Қозғалыс әрекетінің күрделілігіне есептелген спорт түрлері 2 топқа бөлінеді:

- ең қарапайым спорт түрлері. Оларға туризм, жеңіл атлетиканың жүгіру түрі және т.б.

- күрделі-координациялық спорт түрлері. Оларға туризм, жеңіл атлетиканың секіру түрі, спорттық ойындар, спорттық гимнастика және т.б.

Бұл топтастырудың ерекшелігі белгілі даму заңдылықтары мен арнайы дене-күш дайындығының негізін құрайтын спортшының дене-күш сапасын, сондай-ақ жарыс әрекеттерінің негізін құрайтын қозғалыс білігі мен дағдыларын анықтауға мүмкіндік беруі болып табылады. Осының негізінде жоғары білікті спортшының дайындығына кететін оқу-жаттықтыру уақытының көлемі анықталады.

5. Шұғылданушылардың жынысына байланысты спорт түрлері 2 топқа бөлінеді:

- ерлерге арналған спорт түрлері (спорттың ең көп түрі)

- әйелдерге арналған спорт түрлері (тек қана әйелдерге) топтастырудың ең жақсы ерекшелігі сонда, ол әйелдер мен ерлердің сол және басқа да спорт түрлерімен айналысуларын жинақтап қорытуға мүмкіндік жасайды.

6. Сабақ мүмкіндігіне қарай спорт түрлері 2 топқа бөлінеді:

- жазғы спорт түрлері. Бұған 70-ке жуық спорт түрлері кіреді;

- қысқы спорт түрлері. Спорттың бұл түріне 10-нан аса: шайбалы хоккей, допты хоккей, шаңғы спорты, биатлон және т.б. спорт түрі жатады.

Бұл топтастырудың айрықша ерекшелігі сонда, ол спорт түрлерінің маусымның климаттық жағдайына байланысты сабақ ерекшеліктерін ажыратуға және жинақтап қорытуға мүмкіндік беруімен сипатталады.

7. Олимпиадалық ойындар бағдарламасына байланысты спорт түрлері 3 топқа бөлінеді:

- Жаздық Олимпиадалық ойындар бағдарламасына кіретін спорт түрлері. Оларға спорттың 30 түрі жатады;

- Қыстық Олимпиадалық ойындар бағдарламасына кіретін спорт түрлері. Оларға спорттың 12 түрі жатады;

- Олимпиадалық емес спорт түрлері. Оларға ұлттық спорт түрлері бар спорттың 30 шақты түрі жатады.

Бұл топтастыру сол және басқа да елдердегі олимпиадалық қозғалыстардың масштабы жайлы анық түсінік береді, елдің белгіленген өркендеу деңгейі олимпиадалық спорттың даму деңгейімен анықталады, оның әрбір азаматының олимпизм мен олимпиадалық қозғалыстардың ізгілікті құндылығының, қағидалары мен дәстүрінің жолын қууымен ерекшеленеді.

Библиографиялық тізім

1. Теория спорта. Учебное пособие под ред. В.И. Платонова. Киев: «Вища школа», 1987. -С. 40-41.
2. Единая спортивная классификация Кыргызской Республики на 2001-2004гг. Бишкек, 2001.
3. Педагогические основы физического воспитания. Тер-Ованесян И. М.Фис. 1998 г.

ӘОЖ 796-08

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖАТТЫҒУЛАР ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Байжанов Е.

*ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы
аға оқытушы*

Байзаков М.А.
студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Спорттық жаттығу өзіне даярлықтың негізгі бөлімдерін немесе салыстырмалы түрде дербес қырларын: техникалық, дене қасиеттері, тактикалық, психологиялық, теориялық және интегралдық қырларын қосады .

Осындай құрылым спорттық шеберліктің құрамдас бөліктері туралы түсінікті ретке келтіреді, оларды жетілдіру тәсілдері мен әдістерін, спорттық жетілдірілу процесін басқару мен бақылау жүйесін бір жүйеге келтіруге мүмкіндік береді.

Бұл ретте даярлықтың қырларының әрқайсысының оның басқа қырларының жетілгендік дәрежесіне байланысты болатындығын, олармен анықталатындығы және, өз кезегінде, олардың деңгейін анықтайтындығын ескерген жөн болады [1].

Волейболдағы жекелеген қимыл-қозғалыс қабілеттерінің, қасиеттерінің көрініс табуы айтарлықтай алуан түрлі, сондықтан олардың әрқайсысын дамыту мен тиімді жетілдіру тиісті ғылыми негіздеуді талап етеді. Басқа да спорттық ойындардағы секілді, волейбол ойнау барысында қарсыластардың күтпеген әрекеттеріне жылдам жауап қайтару, ойынның жекелеген техникалық тәсілдерін орындаған кезде жоғары жылдамдық қасиеттерін көрсету, бағыт-бағдар алу жылдамдығы, уақыттың қатаң тапшылығы жағдайларында орын ауыстырулардың, шабуылдаушы және қорғанушы әрекеттердің қажеттілігі, командадағы серіктерімен күрделі өзара әрекеттесу мәселелері үнемі туындап отырады. Онымен қоймай, волейболдағы жарыс ережелерінің соңғы өзгерістері ойынның анағұрлым қарқынды болуын қарастырады. Бұл, ақыр соңында, арнайы дене қабілеттерін даярлау процесін күрделендіре түседі және даярлаудың спортшыға профильдік дене қасиеттерін дамытудың айтарлықтай жоғары көрсеткіштеріне ие болуға және олардың жүзеге асырылуын ойын техникасымен әрі өзара байланыста қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әдістемесін жасап шығару қажеттігін тудырады [2].

Волейболшылардың арнайы дене қабілеттерінің даярлығының қырларын зерттеуге айтарлықтай көп жұмыстар арналған , алайда осы саладағы ғылыми зерттеулер негізінен алғанда волейболдағы спорттық жетістіктерге әртүрлі шамада әсер ететін даярлықтың немесе қимыл-қозғалыс қабілеттерінің жекелеген қырларын зерттеуге бағытталған. Мысалы, бірқатар авторлар жылдамдық көрсеткіштерін зерттеген,жұмыстарда волейболшылардың күш қабілеттері туралы мәліметтер келтірілген, сонымен қатар секіргіштіктің, төзімділіктің әр түрлерінің, координациялық қабілеттердің көрсеткіштері

де зерттелді. Іріктеп алу, жаттығу әдістемесі мәселелеріне және басқа да аспектерге белгілі бір көңіл аударылды [3].

Алайда қолда бар мәліметтерді бір жүйеге келтіру және пайдалану, олардың фрагменттігіне орай, мүмкін болмай отыр. Онымен қоймай, орындалған зерттеулердің көпшілігі өткен жүзжылдықтың 70-80-ші жылдарына жатады және біліктілігі жоғары ересек спортшылардың контингентін тарта отырып жүргізілген.

Әдістемелік материалдар мен практикалық тәжірибені талдау көрсетіп отырғанындай, жас волейбошылардың дене қабілеттерін даярлау негізінен алғанда, кей кездері жарыс әрекетінің спецификасын ескермей және дене қабілеттерін дамытудағы жаттығудың әдістері мен тәсілдерін ұтымды пайдаланбай, сауықтыру және жалпы білім беру міндеттерін шешуге тірек артады.

Спорттық жаттықтырудың аса маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын дене қабілеті даярлығы қимыл-қозғалыс қабілеттерін – күшті, жылдамдықты, төзімділікті, икемділікті, координациялық қабілеттерді дамытуға бағытталған. Спортшылардың дене қабілеті даярлығы жалпы және арнайы болып бөлінеді. Кейбір мамандар сонымен қатар қосалқы даярлықты бөліп көрсетуді ұсынады [4].

Жалпы дене қабілеті даярлығының ұтымды ұйымдастырылған процесі алуан түрлі қимыл-қозғалыс қабілеттерінің жан-жақты және бір мезгілде пропорционалды дамуына бағытталған. Дене қабілеті даярлығының жоғарғы көрсеткіштері дене қабілеттерін дамыту, спортшылардың даярлығының өзге қырларын – техникалық, тактикалық, психологиялық даярлықты жетілдірумен тиімді жұмыс істеу үшін функционалдық іргетас болып қызмет атқарады.

Жалпы дене қабілеті даярлығының нәтижесінде спортшы иемденген функционалдық потенциал спорттың қандай да болсын түрінде табысты жетілу үшін қажетті алғышарт қана болып табылады, бірақ өздігінен өзі, мақсатты бағытталған арнайы дене қабілеті даярлығынсыз жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ете алмайды.

Қосалқы дене қабілеті даярлығы жалпы дене қабілеті даярлығының негізінде құрылады және спортшының арнайы қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстың үлкен көлемін тиімді орындау үшін қажетті арнайы негіз жасап береді. Осындай даярлық әртүрлі ағзалар мен организм жүйелерінің функционалдық мүмкіндіктерінің артуына ықпал етеді. Бұл кезде жүйке-бұлшық ет координациясы жақсарады, спортшылардың үлкен күш түсулерді бастан өткеруге және олардан кейін тиімді түрде қалпына келу қабілеттері жетілдіріле түседі.

Арнайы дене қабілеті даярлығы қатаң түрде нақтылы спорт түрінің спецификасы, болады деп күтілетін жарыс әрекетінің ерекшеліктері қоятын талаптарға сәйкес, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамытуға бағытталған. Спортшылардың арнайы дене қабілеті даярлығы процесін ұйымдастырған кезде осындай спецификалы талаптарды үнемі назарда ұстап отыру қажет. Жекелей алатын болсақ, жарыс әрекетінде негізгі күш түсуге ұшырайтын бұлшық еттер топтары мен олардың антагонистері басым әсер етуге ұшырап отыруға тиіс [5].

Алайда бұл істе тек қана тиісті бұлшық ет топтарына әсер етумен шектеліп қалуға болмайды. Дене қабілеттерін дамытқан кезде өздерінің динамикалық және кинематикалық сипаттамалары бойынша белгілі бір дәрежеде жарыс әрекетінің негізгі элементтеріне сәйкес келетін жаттығуларды іріктеп алу қажет.

Библиографиялық тізім

1. Б.А. Ашмарин. Теория и методика физического воспитания. - М.: Физкультура и спорт, 2012.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост.
3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 2017.
4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 2018.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 2005.

ЖАС ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІН СИПАТТАУ

Байжанов Е.

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы,

аға оқытушы

Бейсенбек Е.Н.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Жоғарыда волейболшылардың техникалық әрекеттерді орындауының табыстылығының тұтас қимыл әрекеттерінде де, фазалар мен элементтерде де көрініс табатын белгілі біл дене қасиеттерімен қамтамасыз етілетіндігі көрсетілген болатын. Алайда жас волейболшылардың даярлығын басқару үшін шұғылданушылардың дене қасиеттерінің даярлығының нақтылы деңгейі қандай екендігі туралы ақпаратқа ие болу керек.

Жас волейболшылардың дене қасиеттерінің даярлығы мәселелері бойынша әдеби көздерді ретроспективалы талдау және педагогикалық бақылау нәтижелері негізінде жас волейболшылардың жарыс әрекетінде техникалық тәсілдерді орындау үшін қажетті болатын, ойынның негізгі техникалық тәсілдері мен дене қасиеттерінің тізімі анықталды. Бірқатар мамандардың пікірі бойынша, жас волейболшылардың негізгі техникалық тәсілдерді орындауы келесі дене қасиеттерімен қамтамасыз етіледі:

- допты ойынға берулер: дайындық фазасында – ептілік пен иілгіштік; негізгі фазада – иық белдеуінің, дененің, қолдың бұлшық еттері; бірлі-жарым қимылдың жылдамдығы;

- допты серігіне берулер: дайындық фазасында – орын ауыстырулардың жылдамдығы, аяқтың бұлшық еттерінің күші, ептілік; негізгі фазада – аяқтардың, қолдардың, білезіктердің бұлшық еттерінің күші, ептілік;

- шабуылдаушы соққылар: дайындық фазасында – орын ауыстырулардың жылдамдығы, аяқтардың, дененің бұлшық еттерінің күші, ептілік, иілгіштік; негізгі фазада – иық белдеуінің, қолдың, қарынның бұлшық еттерінің күші, қолдың бірлі-жарым қимылының жылдамдығы, ептілік; қорытынды фазада – жерге түскен және амортизацияланған кездегі жұмыстың режимінде көрініс табатын аяқтардың бұлшық еттерінің күші;

- допты қабылдап алулар: дайындық фазасында: орын ауыстырулардағы жылдамдық, аяқтың бұлшық еттерінің күші, ептілік; негізгі фазада – аяқтың, иық белдігінің, қолдың бұлшық еттерінің күші, ептілік;

- блок: дайындық фазасында – орын ауыстырудағы жылдамдық, аяқтардың бұлшық еттерінің күші, секіргіштік; негізгі фазада – иық белдігінің, қолдардың, қол буындарының бұлшық еттерінің күші, ептілік; қорытынды фазада - жерге түскен және амортизацияланған кездегі жұмыстың режимінде көрініс табатын аяқтардың бұлшық еттерінің күші.

Көрсетілген мәліметтерді талдай отырып, жас волейболшыларға техникалық тәсілдерді орындаған кезде келесі дене қасиеттері қажет деп қорытындылауымызға болады:

- ептілік – допты ойынға берген, допты басқа ойыншыға берген, шабуылдаушы соққыларды, допты қабылдап алуды және блокты орындаған кезде, яғни бұл дене қасиеті ойынның барлық тәсілдерін орындау үшін қажет;

- жылдамдық – доп берулерді, шабуылдаушы соққыларды, допты қабылдауды және блокты орындаған кезде (ойыншы орын ауыстыра отырып жүзеге асырады), шабуылдаушы соққыда соққы жасау қимылын орындаған кезде (бірлі қимылдың жылдамдығында жүзеге асырылады);

- жекелеген бұлшық ет топтарының күші – барлық техникалық тәсілдерді орындаған кезде, бұл ретте аяқтардың, иық белдеуінің, қолдар мен қол буындарының бұлшық еттерінің күші маңызға ие болады;

- секіргіштік – секіріп барып доп берулерді, шабуылдаушы соққыларды, блокты орындаған кезде;

- иілгіштік – доп берулерді, шабуылдаушы соққыларды орындаған кезде.

Техникалық тәсілдер фазаларында дене қасиеттері былайша көрініс табады:

- дайындық фазаларында: ептілік, орын ауыстыруларда жүзеге асырылатын жылдамдық, жекелеген бұлшық ет топтарының күші, секіргіштік, иілгіштік;

- негізгі (жұмыс) фазаларында – жекелеген бұлшық ет топтарының күші, бірлі қимылда жүзеге асырылатын жылдамдық, ептілік;

- қорытынды фазаларда – аяқтардың бұлшық еттерінің күші.

Волейболда техникалық тәсілдерді орындаудың жүргізілген талдауының негізінде ойында техникалық тәсілдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ететін волейболшының негізгі дене қасиеттері ептілік; жекелеген бұлшық ет топтарының күші; орын ауыстыруларда және бірлі қимылда жүзеге асырылатын жылдамдық; секіргіштік және иілгіштік болып табылатындығы анықталды.

Бұл ретте бірқатар авторлар жоғарғы спорттық нәтижелерге жетудің қимыл техникасын меңгерусіз мүмкін еместігін атап көрсетеді. Осыған байланысты, авторлардың атап көрсетуінше, спортшылардың жеткілікті дене қасиеттерінің даярлығы аясында техникалық шеберлікті арттыру мәселесі, әсіресе спорттың техникалық тұрғыдан қиын түрлерінде өзекті болған және болып қалуда да.

Келтірілген мәліметтер техникалық даярлық пен дене қасиеттері даярлығының органикалық өзара байланысы спорттық жетілудің негізгі принципі болып табылады және дене қасиеттерін мақсатты тәрбиелеу бір мезгілде спорттық техниканың жетілуіне ықпал етуден тұрады деп болжауға негіз береді. Спортшылардың спорттық шеберлігін арттыруға осылайша қарау ең ұтымды болып табылады және В.М.Дьячковский жасап шығарған және ғылыми негіздеген, үйлесімді әсер ету әдісінің принципті негізін құрайды.

Үйлесімді әсер ету әдісінің тиімділігін арнайы дене қасиеттерін даярлау тәсілдері негізгі қимылдармен тек сыртқы ұқсастыққа ғана ие болмай, жаттығу жаттықтыруларындағы бұлшық еттердің күш салу режимі жас волейболшылардың қимылдау техникасының негізгі фазаларындағы бұлшық еттер жұмысының режиміне толығымен сәйкес келген жағдайда ғана көзбен көруімізге болатындығы еш күмән тудырмайды.

Осы мәселенің шешімі, оның ішінде жаттығу жаттығуларын дұрыс таңдау, оларды орындау әдістемесін анықтау және т.б. көбіне көп спорттық техниканы терең білуге ғана емес, негізгі дене қасиеттерін және олардың әрбір нақты жағдайда көрініс табу сипатын, сонымен қатар олардың даму әдістемесін дәл анықтай білуге байланысты болып келеді.

Спорттық техниканы спортшының дене қасиеттерінің даму деңгейімен байланыста қарастыра отырып, техникалық әрекеттерді спорттық әрекеттің қиын жағдайларында, оның ішінде волейболда меңгеру және толықанды қолдану дене қасиеттерінің дамуының тиісті деңгейінсіз мүмкін болмайтындығын атай кетуіміз керек, бұл ретте тіптен техниканы мүлтіксіз меңгеру дене қасиеттерінің даярлығындағы кемшіліктерді өтей алмайды. Бұл биомеханикалық мақсатқа лайықты қимыл дағдысының тек қана үйренуші дене қасиеттері дамуының белгілі бір деңгейіне ие болған жағдайда ғана қалыптаса және жетілдіріле алады. Жоғары дамыған дене қасиеттері қазіргі техника үшін қажетті «құрылыс материалы» болуға тиіс, бұл техника өз кезегінде спортшының қимылдау потенциалын жүзеге асыру үшін ең жақсы жағдайлар жасауға тиіс. Сондықтан дене қасиеттерін даярлауды ойын техникасының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыру қажет.

Библиографиялық тізім

1. Б.А. Ашмарин. Теория и методика физического воспитания. - М.: Физкультура и спорт, 1982.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост.
3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 1987.
4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 1978.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 1985.

ӘОЖ 796.08

ЖАС ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Беков А.А.

магистр, аға оқытушы

Бекмұрат А.Е.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы. Қазақстан

Қай уақытта да адамдардың арасында спорт өте кең тараған өнер, өз өмірінде күш пен шапшаңдылық, шыдамдылық пен ептілік жағынан сынға түспеген адамдар жоқ шығар. Көптеген балалар мен жасөспірімдер чемпион болу үшін міндетті түрде өте дарынды болу керек деп ойлап жатады. Ал сол дарын дегеннің өзін үнемі дамытып ұштап отыру керектігі жайлы айта бермейміз. Спортта жеңімпаз атану өте ауыр да, өте қиын жол. Осы жолда жалықпай жаттыққан, тамшылатып тер төккендер, шыдам мен жігер танытқандар ғана жеңіс тұғырына көтеріле алады.

Балалар мен ересектер арасында ең көп тараған спорт түрлерінің бірі ең қызықтысы да футбол ойнау. Кез келген баладан сұрай қалсаң футбол жұлдыздарының есімдерін жатқа айтып береді. Аты аңызға айналған Пелеге немесе Марадонна, Роналдоға кімнің ұқсағысы келмейді дейсің? Футбол – кез келген баланың мәңгілік махаббаты. Футбол - спорттық ойын түрі, ағылшын тілінің foot - аяқ, ball - доп деген сөздерінен шыққан. Футбол - әлемге аса танымал ойындардың бірі. Футбол ойыны сұрапыл әрі адамның жүрек қылын тербететін дене шынықтыру ойыны болғандықтан, ол «дүниедегі маңдай алды дене тәрбие», «дене тәрбиенің патшасы» деп, бүкіл дүние халқының қастерлеуіне бөленеді. Жалпы спорттық ойындардың барлығы дерлік шапшаңдылықты, ептілікті, төзімділікті, жылдамдықты қажет етеді. Спортшылар мен жанкүйерлерді футболдың қарапайымдылығы мен тартымдылығы, ойыншылардың шеберлігі мен қиыннан қиыстырып жол таба білуі өзіне ерекше тартады.

Футбол ойынында жарыс майданы кең, жарыс уақыты ұзақ, қатынасатын адам көп әрі сайысуы қат-қабат, допқа таласуы қиян-кескі, еліктіргіштігі күшті, әр ойыншыда драммалық қасиет болады. Жақсы ойналған бір майдан футбол жарысының теледидар көрермендерінің өзі 10 миллионға жетеді. Футбол ойыны адамдарды дене жақтан жан-жақтылы шынықтырып, жылдамдық, күш, төзімділік, шапшаңдылық, икемділік, ептілік жақтарынан да, қайсар, зерек, қағылез, мойымас қасиетпен жұдырықтай жұмылып селбесетін коллективизімдік рухты жетілдіру жағынан да зор маңызға ие.

Ұйымдастыру негізі – таңдаулы бағыттағы жаттығулар кешенінің бірінен келесісіне күнделікті өту болады. Жаттығу кешендерін орындағанда оқушылар әрбір жаттықтыру сабақтарында айналымнан айналымға өткендей болады.

Жаттығу кешенінің мазмұнына затпен, гимнастикалық жабдықтарда, жұптасып, тренажерда, сондай-ақ қалыптан тыс құралдарда орындалатын жаттығулар ендірілуі мүмкін.

Мұндай ұйымдастыру түрінде топтың біркелкілігін сақтап, 3-4 адамнан топтарға бөлген дұрыс. Бұл жағдайда бөлімді топтарға бөлу дене дайындығының, дене дамуының, жүйке жүйесінің типтік ерешеліктерінің көрсеткіштері бойынша атқарылуы мүмкін.

Сонымен, тереңдетілген спорттық мамандану сатысындағы оқу-жаттықтыру барысын құрудың негізгі принципі болып табылатын жаттықтыру жүктемесін дараландыру мен оның таңдаулы бағыты осылай жүзеге асырылады.

Кешендерді құруда жасөспірімдердің дайындығы ескеріледі, ол біршама дәрежеде дене жүктемесінің жалпы көлемінде анықтайды. Әрбір бекеттердегі жаттығу кешендері бір жаттықтыру сабағында орындалады.

Футбол ойыны арқылы спорттың басқа түрлерінің өкілдеріне жалпы денелерінің шынығуына, дене қозғалысының дұрыс артуына және ұйымшылдық пен достық сияқты ерекше қасиеттерін тәрбиелеуге үлкен маңызы зор. Ойын барысында шығармашылық, жылдам және тез кездескен кез келген қиындықты шешу керек. Футболшылар әр түрлі тактикалық және техникалық қимылдар жасағанда, өзінің көз қарсыластарын күтпеген жерде және ойын жағдайын өзгертетін болуы қажет.

Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді теориялық зерттеу, мамандардың тәжірибесін жинақтау. Жаттығу мен ойын бір-бірімен тығыз байланысты. Жаттығу кезінде шеберлік шындалады, ойын әдістері меңгеріледі. Жақсы футболшы болам деген әр жас футболшы күн сайын 3-4 сағаттай жаттығуы тиіс. Футболшы өзін жан-жақты дайындауы керек. Ол үшін спорттың көптеген түрлерімен әсіресе жүгірумен айналысқан жөн. Жүгіргенде шапшаң жүгіру керек. Ойын үстінде шапшаң футболшы қарсыласына басымдылық көрсетеді. 5-10 км. кросс жүгірген кезде ара-арасында 30-50 м-ді шапшаң жүгіріп өтіп дағдыланған дұрыс. Шапшаңдылыққа қоса футболшыға жылдамдылық та қажет. 2 таимды (90 мин) толық ойнаған кезде футболшы 17-20 км жүгіреді. Бұл кезеңде жылдамдық – күш қабілетінің даму ырғағы төмендеп, жылдамдық қабілетінің өсу ырғағының артуы байқалады. Дегенмен, мұнда бүкіл төменгі сынып жасындағы акселерат ұлдарда өсу ырғағы 10,5 %-ды құрағанымен (қыздарда 13,3%), 9 – 10 жаста оны тәрбиелеу үшін қолайлы жағдай туындайды. Тек 8 – 9 жаста ғана бұл ырғақ төмендеп, 4,4 % - ды құрайды. Бұл жастағы қыздарда өсу ырғағы артады, демек, жылдамдық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін жүйеге жүктеме көлемін арттыру жоспарланады, себебі бұл кезеңде жылдамдық – күшті арттыру есебінен жылдамдық қабілетінің өсу ырғағы азаяды. Бұл мәліметтер жылдамдық қабілетін тәрбиелеуге бағытталған көптеген құралдарды акселерат – ұлдар үшін 9 – 11 жаста, ал қыздар үшін 8 – 9 жаста ұсынуға мүмкіндік береді.

Соның арқасында қақпаның алдында қауіпті жағдай жасайды. Қазіргі футболда ойыншылардың техникасы бірнеше сатыға көтерілді. Жеңіске ұшырай беретін командалар жиі кездеседі, ол техниканың және тактикалық ой сананың жетіспеуінен болады.

Футбол – атлетикалық ойын, жылдамдылықты, ептілікті, төзімділікті, шыдамдылықты, күшті және секіргіштікті дамытады. Ойында футболшы жұмыстың ең жоғары жүктемесін орындайды, адамның функциялық жоғары деңгейдегі мүмкіншілік қабілетін, адамгершілік - жігерлі сапаларын тәрбиелейді. Футбол ойынының техникасын меңгеру және дағдылану оны жарыстарда жаттығуларда қолдана білуі өте маңызды. Оны меңгеру, дағдылану, игеру әрбір жас футболшының дене қуаты дайындығына, жас ерекшеліктері мен морфо-функциялық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болатындығын әр кез естен шығармағанымыз дұрыс.

Библиографиялық тізім

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, - 01.10. 1997ж

3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 2017.
4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 2018.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 2005.

БАЛАЛАРДЫ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНА БАУЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

Оңалбек Ж.К.
п.э.к., профессор
Туралиев М.Е.
студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

«Спортшыларды даярлау» түсінігі тек жоғарғы жетістіктер спорты мен спорттық резервтерді даярлауға ғана тән. Бұл спортшылардың жарыстық сайыстар барысында бар мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені. «Спорттық ғұмырдың» барлық кезеңдеріне (әдетте, 10-20 жыл) жарыстарға қатысу мен оларға дайындықтың көптеген кезектілігі тән.

Спорттық мамандану, жасөспірімдер, жаттығу жүктемелері, спорттық көрсеткіш, спорттық дайындық

Спортшыларды дайындау спортпен арнайы дайындалудан бастап жоғарғы жетістіктер спортына ауысқанға дейінгі (5-10 жыл спорттын әр түрінде) кезеңдерді қамтиды. Спортшы спорттың түріне қарай жоғарғы жетістіктер спортында 4 жылдан 10 жылға дейін айналысады. Спорттық дайындықтың көпжылдық кезеңі бір жағынан айналысушының жас ерекшелігіне, екінші жағынан - спорт түрінің ерекшеліктеріне байланысты, бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Мысал ретінде спорттық ойындардағы көпжылдық дайындықтың кезеңдерін келтіруге болады.

Бірінші кезең мыналарды қарастырады: спортқа деген қызығушылықты тәрбиелеу, балаларды спорттық ойындарға тарту, техника мен тактикаға бастапқы үйрету, ойын ережелеріне үйрету, ойын ерекшеліктерін есепке ала отырып жалпы дене қасиеттерін тәрбиелеу, жекелей және ұжыммен жарысқа түсе алу қасиетін қалыптастыру (мини-баскетбол, мини-волейбол т.б.) 11 жасқа дейін[46].

Екінші кезең базалықтехничко-тактикалық және дене дайындығына арналған. Осы кезде ойындық функцияларға мамандауға негізделмеген, техника мен тактиканың негіздері, спорттық ойындарда қолданылатын жарыстық қасиеттер қалыптасады 12-14 жасқа дейін.

Үшінші кезең арнайы дайындыққа бағытталған: технико-тактикалық , дене дайындығы, ойындық дайындық, жарыстық дайындық, ойындық функциялар бойынша мамандану элементтері кіргізіледі 15-17 жасқа дейін.

Төртінші кезең технико-тактикалық шеберлікті жетілдіруге, ойындық функциялар бойынша мамандануға, жоғарғы разрядты командалардың талаптарына бейімделуге арналған 18-21 жасқа дейін.

Бесінші кезең - жоғарғы жетістіктер спортты деңгейінде, биік спорттық нәтижелер көрсету кезеңі 21-30 жас.

Көрсетілген жас шектеулері белгілі бір деңгейде алынған, негізгі көрсеткіш - спорттық шеберліктің деңгейі. Сондықтан неғұрлым дайындықтары жоғары спортшылар, бекітілген талаптарды орындаған жағдайда, ерте жас шақтарында келесі кезеңдерге өткізіле береді.

Алтыншы кезең - спорттық ұзақ жасау, бұл кезеңде спортшы спортпен айналысуды жалғастырады және бұқаралық спортсаласында жарыстарға қатыса береді. Бұл жерде жас шағына шектеу қойылмайды.

Кезеңдердің негізгі бағытына сәйкес оның бағыттары анықталады, амалдарды, әдістерді, машықтану мен жарыстық режимдерді және т.б. таңдап алу жүргізіледі.

Жасөспірімдер мен бой жеткендердің машықтану әдістемесі оларға қойылған міндеттерді, айналысушылардың дайындық деңгейін, жас ерекшеліктерін, жынысын, спорт түрін ескере отырып қолданылады.

Ауыспалы әдіс машықтанудағы атқарылатын жұмыс тығыздығынын ауысуымен мінезделеді. Әр-түрлі тығыздықтағы жүктемелерді, уақытын қатаң шектемей қолдану, дайындықтары төмен айналысушылардың организміндегі қалпына келу үдерісіне қол айлы жағдай туғызады, арнайы төзімділігін дамытуға ықпал етеді. Ереже бойынша ауыспалы әдіс машықтанудың дайындық кезеңінде қолданылады.

Интервалдық әдіс машықтанудағы тынығу регламентінің «қатан» шектелуімен ерекшелінеді. Тынығу интервалының ұзақтығы «толық» қалпына келуге бөлінетін уақытқа карағанда азырақ беріледі. Сондықтан әр келесі жұмысты қайталау «қалпына толық келмеу» жағдайында басталады. Бұл әдіс арнайы тезімділікті дамыту үшін пайдаланылады. Жүктемелерді беру есебі келесі амалдармен жасалады: дайындық кезеңінің басындағы жеке машықтану жоспарын құру кезінде алда тұрған жарыстық маусымның спорттық жетістіктері болжанады. Мысалы, 16 жастағы желаяқ 1500 мқашықтыққа жүгіруде - 4 мин 46 с. уақытпен III-ші спорттық разрядқа ие. Жаттықтырушы оған II-ші разрядты - 4 мин 15 с. орындатуды жоспарлайды. Кезегінше, әр 100 метрді жас желаяқ 17 секундта жүгіріп өтуі керек. Яғни, дайындық кезеңінің басынан, ай сайын машықтану қашықтықтарын жүгіріп өту уақытының керсеткіштерін біртіндеп азайтуға есеп жасалады. Мысалы, 400 метр қашықтықты жүгіріп өту уақыты әр айда 1 секундқа азайып отырады : 77 с, 76 с және т.б. 400 метрді қашықтықты жылдам жүгіріп өтудің қайталану саны: 16 жастағыларға 6-8 рет, 18 жастағыларға 10-12 рет болуы керек. Интервалдық әдіс жас спортшылардың организмдерінің жарыстық жаттығуларға бірте-бірте дағдылануына көмектеседі. Интервалдық әдіс дайындық және жарыстық кезендерде қолданылады.

Біркелкілік (равномерный) әдіс берілген бір тапсырмадағы жұмыстың тығыздығын ауыстырмай орындалуымен мінезделеді. Бұл әдіс бір жылдық циклдың кез-келген кезеңінде, ереже бойынша, циклдық спорт түрлерінде жалпы төзімділікті тәрбиелеу үшін қолданылады. Мысалы, орта және ұзақ қашықтықтарға жүгіретін спортшылардың дайындық кезеңінде 60-90 минутбойы бірқалыпты жылдамдықта жүгіру, олардың аэробтық мүмкіндіктерін дамыту үшін, ал 3 километрден 10 километрге дейінгі қашықтықты жүгіріп өту - жарыстық кезеңге қажет төзімділікті керекті деңгейде ұстап тұру үшін қолданылады. Белсенді демалыс мақсатында машықтанудың біркелкілік әдісі кез-келген спорт түрінде, өтпелі кезеңде немесе дайындық және жарыстық кезендердің ауыр жаттығу сабақтарының арасында қолданылады. Бұл әдістің амалдары ретінде кросстық жүгірістер, шаңғымен жүру, жүзу т.б. болуы мүмкін. Бір жылдық циклда сабақтан-сабаққа жұмыс тығыздығының өзгеруі интервалдық әдіспен бірдей есептеледі.

Іріктеп алудың нақты әдістемесінің мазмұны спорт түрінің спецификасымен анықталады. Ол жоғарғы болжамдық маңызы бар педагогикалық, медико-биологиялық және психикалық көрсеткіштер жүйесіне негізделген (техничко-тактикалық іс-әрекеттердің негізінде жатқан, дене қасиеттерінің деңгейі, морфологиялық көрсеткіштері, ағзаның функционалдық ерекшеліктері, жоғарғы нерв қызметінің қасиеттері т.б.). Бастапқы деңгей және жастың ұлғайу мен спорттық машықтанудың ықпалыарқасында болған көрсеткіштердің өзгеруі, осы екі көрсеткіштің қатынасы спорттық жетістіктермен салыстырылып, есепке алынады. Спорттық іріктеудің сапасы спорттық резервтерді көптеген жылдар бойы дайындаудың маңызды талабы болып табылады.

Библиографиялық тізім

1. Б.А. Ашмарин. Теория и методика физического воспитания. - М.: Физкультура и спорт, 1982.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост.
3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 1987.

4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 1978.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 1985.

ОӘЖ 754-6

ЖАС СПОРТШЫЛАРМЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ордабаев Н.О

п.ғ.д., профессор

Турсынмаханбетұлы А.

Бейсенбиев Е.А.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Тәрбиелеу процесі түрлі құралдармен атқарылады, олар адамгершілік ағарту адамгершілік тәрбие жинақтауды ұйымдастыру және адамгершілік ынталандыру болып табылады.

Жас спортшы үшін мұғалімнің, жаттықтырушының беделі бірінші орында тұрады. Бастауыш сынып оқушысы үшін жаттықтырушының сөзі әке – шешесі де тіпті әжесі де өзгерте алмайтын заң. Бұл кезеңде оқушыларда үлкен қоғамдық белсенділік пайда болады, олар өзі немесе отбасы үшін емес, ұжым үшін көп нәрсе жасай алады. Қатарларымен қарым – қатынаста кең пейілділік, талқылау барысында тік мінезділік, көмекке әзірлік байқалады, көңіл – күйі әдетте қуанышты болады, оқыту психиканы дамытудың негізгі факторы болып табылады

Жекелеген психикалық процестерді дамыту жас спортшыны оқытудың бүкіл бастапқы сатысы бойында жүргізіледі. Педагогикалық ықпал үшін оқыту және тәрбиенің бірінші жылында жеткіліксіз үйлесім біршама албырттық және бағыттың айқын болмауы тән.

Жаңадан бастаушы спортшылар өздері үшін маңызы бар, олардың көңіл – күй мазасыздануларына байланысты нысандарды және көзге тез шалынатын түсінікті және ыңғайлы белгілерді тез қабылдайды. Осыған байланысты ұғымдарды нақты анықтап, талаптарды қолайлы қалыптастырып, қойылған міндетті жаттықтырушы үшін де маңызды болатындай ету қажет.

Осы кезеңде жас спортшылардың есінде сақталатындай үлкен жаттығулар кешені ендіріледі.

Бұл жаста механикалық есте ұстау қабілеті дамиды деп есептеледі. Балалар әңгімелегенге қарағанда көрсетілген жаттығуларды тез есте ұстайды. Көптеген жаттықтырушылар бұл сатыда көрнекі құралдар мен бейнелеп көрсетуге ден қояды. Алайда жаттығуды үйренуге тапсырма берместен бұрын оны көрсетумен қатар оның қандай принципке құрылғанын аталған бірізділік неліктен таңдалып алынғанын, т.б. есте ұстау қажет. Бұл жастағылардың адамгершілік ережелері мен дене жаттығуларын мағынасыз есте ұстауы тиімді емес. Материалды ойға түйгенде ол жақсы сақталып, тез жаңғырады.

Балалардың зейіні таңдау сипатында болады және олар үшін өте маңыздысына қарай бағытталады. Олардың зейінін бір нысанда ұстап тұру өте қиын. Тәжірибелі жаттықтырушы тәрбиеленушілерінің зейіні қашан төмендейтінін біледі, сол кезде ол оқушылардың зейінін басқа нысанға аударады. Осы мақсатта оң көңіл – күй тудыру және оны күшейтуге бағытталған жаттығулардың кең шеңбері пайдаланылады.

Бұл жастағы балалардың зейін көлемі үлкен емес. Бұл табиғи нәрсе, жас спортшы екі мектептің яғни білім беру мен спорттық бағдарламалар бойынша оқиды. Көптеген жаңа және қиын ақпараттарды қабылдап соған зейін аударуға тура келеді. Оқушы біртіндеп зейінін қажетті және сырты тартымды заттарға аударып, соны тұрақты сақтауға үйренеді. Зейінді тудырып, оны қалыптастыру және оны бағыттай білу – алғашқы оқу жылы мен жас спортшы тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Оқытудың алғашқы сатысында ойлауды дамыту процесі нақты бақыланады. Ойлау негізінен нақты болып қалғанмен танымдық нысандар саны мен олардың арасындағы қарым – қатынас біршама ұлғаяды. Сондай – ақ салыстыру процесі дамытылады. Балалардың заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттері туралы талқылау негізінде негізінен көрнекілік бейнелеу мен сипаттау жатыр.

Мұнда ойлауды дамытудың екі сатысы байқалады. Біріншісі – алғашқы оқыту сатысында барлық материалдарды талдау көрнекілік - әрекетті жоспарда жүргізілген жағдайда, яғни жас спортшылар бұл жағдайда ақиқат заттарға немесе олардың тікелей баламасына сүйенеді. Екінші сатысы – абстрактілеу мен жалпылау қабілеттерін игеруде байқалады, дене жаттығуларымен екі – үш жыл жүйелі айналысқан соң басталады. Бұл процесс, әрине, жеке ерекшеліктерге ие, яғни біреуінде мидың аталған қызметі тез дамыса, келесісінде – баяу дамиды.

Жасөспірімдердегі танымдық қызығушылықтары сан түрлі болып келеді. Мысалы, заманауи әуеннен классикалық әуендерге дейін спортпен шұғылданудан өлең жазуға дейін, т.б. Бұл әрине, жоғары дәрежелі спортшыны қалыптастыру үшін де, жеке тұлғаны жан – жақты дамыту үшін де қолайлы жағдайлар тудырады. Жасөспірім қоршаған өмірді түсіну үшін көп біліп, өз білімін дербес толықтыру қажет екенін біледі. Оқыту барысында ол ойға тоқудың пайдасы көп екенін түсінеді, бірақ оқу әрекетінде әлі де механикалық есте сақтау жиі қолданылады.

Бұл жаста есті ұсақ – түйек дәйектермен артық жүктемелеудің қажеті жоқ, себебі олар жасөспірімнің зейіні үшін негізгі ақпараттарды сіңіруге кедергі келтіреді, ал ес жыныстық жетілудің алғашқы кезеңінде біршама төмендейді. Жасөспірім бір әрекет түрінен екінші түрге тез өтеді, бұл көптүрлілік оған өте ұнайды, бірақ алғашқы даярлық сатысындағы жас спортшылардағыдай жиі болғанын қаламайды. Бұдан кейін жасөспірім жұмыстың бір түріне терең ден қойып айналысып қалғанының барлығын ұмыт қалдырады. Спортшы жасөспірімнің зейіні оқу-жаттықтыру сабақтары уақытында дене жаттығуларын оқытқанда бір шама жақсарады.

Оқыту барысында ойлау белсенді дамиды. Жасөспірім ғылыми ұғымдарды меңгеріп, оларды қорытып, көптеген жалпы талқылауларды айтады. Оның ойы абстрактылы сипатта болады. Бұл кезде спорт жөнінен теориялық білімнің күрделі курсына оның шамасы жетеді, ол жалпы білім беретін мектептерде меңгеріп, спорттық жаттықтыру барысында алған білімін қорыта алады.

Жоғары дәрежеде елестету жас спортшыға ойша олимпиада чемпионына, ұшқышқа, т.б. айналуына мүмкіндік береді. Бұндай арманшылдық мәні жағынан болашақ жұмысына дайындық болады, ал жаттықтырушының спорт қаһармандары туралы айтқан әңгімелері жасөспірімді өз арманын шындыққа айналдыруға болатынына көз жеткізеді.

Жасөспірімдердегі қуаныш сезімі қойған мақсатына жеткен кезде жиі көрінеді, ол қатты қуанғанымен, төменгі сынып оқушыларында көрінетін қызу көріністен ерекшеленеді.

Жасөспірімдер өз сезімін, әсіресе ашуланғанда қызу көрсетеді. Қоршаған ортаға жасалған әрекеттер мен айтылған сөздерге өте сезімтал келеді, ол тұлғаның оң қасиеттерінің қалыптасуы мен адамгершілік тәрбиені күшейтуге жақсы жағдай тудырады.

Дене жүктемелерін орындауда, қиын және күрделі жаттығуларды орындағанда жасөспірім ерік жігерін барынша көрсетеді. Алайда, бұл жастағы жігерді тәрбиелеу мен оны қалыптастыру оқушылар немен айналысуы, қандай мақсатта айналысуы қажет болған

жағдайда өте тиімді болады. Мақсат жоғары болған сайын, жасөспірімге оның қоғамдық мәні анық болып, оның спорттық әрекетін ұйымдастыру жеңіл болады.

Бұл жастағы әлеуметтік белсенділік ересектер әлеміндегі қарым-қатынаста кездесетін нормаларды құндылықтар мен қасиеттерді меңгеруде тез қабылдаудан көрінеді.

Спорттық жетістіктер жасөспірімнің өзіне жаттықтырушысы оқу-жаттықтыру сабақтары барысында қойған күрделі міндеттерді шешіп, жоғары нәтижелер көрсете алатынын білдіреді. Алайда, тұлға әлі толық қалыптаспаған. Жасөспірім спортта қаншалықты жетістіктерге жеткенімен, өз әлемі, өзінің ақиқат өмірге деген қызығушылығы бар жасөспірім болып қалады, ал спорт жұлдызы болған жасөспірімдерге парасатты жаны ауыратын мәдениетті оқытушы – жаттықтырушы өте қажет. Жасөспірімдік жас барлығында бірдей уақытта аяқталмайды, бұнда жеке тұлғалық ерекшеліктер көп байқалады. Осы жас кезеңі аяқталған соң жеке тұлғаның одан ары қалыптасуы өзгешерек болады, ол жастық шақ деп аталады.

Бұл кезеңде спорттық табыстар аймағына жетуде біршама жыныстық айырмашылықтар байқалады. Қыздар үшін ол 12-14 жаста (жүзу, спорттық және көркем гимнастика, конькимен мәнерлеп сырғанау), ал ұлдар үшін – 14-15 жас-жүзу 13-16 жас-конькимен мәнерлеп сырғанау түрлерінде, басталуымен ерекшеленеді. Бұл үйлесімділік қабілетінің жоғары деңгейін талап ететін спорт түрлері үйлесімділікпен дене қабілеттері қатар қажет болатын спорт түрлерінде бозбалалық жаста нәтиже көп жоғары болады.

Жастық шақ – тұлғаның биологиялық есеюі мен қалыптасуының аяқтаушы сатысы К.Ушинский жастық шақты жандыратын алауда адамның мінез – құлқы шыңдалып шығады, сондықтан бұл алауды өшірмей, одан қорықпай, оған қоғам үшін қауіпті деп қарамай, оның еркін жануына кедергі келтірмеу керек, ал бұл жастағы адамның жанына құйылатын материалдың сатысы жақсы болуын қадағалау қажет деп жазды.

Бұл жаста тұлғаның өз - өзіне қоятын талабы күшейеді. Қоғамның талаптары мен өзіне талап қоя отырып, жастар өзінің ар-ұятына жүгінеді, өзін өз қателігі үшін сынға алып орындалған парызынан мақтаныш сезінеді.

Жастық шақ қажеттіліктері мазмұны жағынан әртүрлі, ол жігітті немесе қызды тәрбиелейтін отбасының тұрмысына байланысты болады. Осы жерде көптеген жас спортшылар көпжылдық спорттық даярлықтан өткен соң, адамның мәдениеті қарым-қатынасы және киіміндегі қажеттіліктердің тек еңбекпен ғана анықталып, қамтамасыз етілетінін білгенін айта кету керек. Бұл жаста тұлғаның біршама күш салуын талап ететін дене жүктемелері арқылы ғана қол жеткізетін дене және спорттық жетілдірудің қажеттілігі үлкен.

Бұл жаста спортшылардың қызығушылықтары – олардың пікірлері мен еліктейтін тұлғаларына қарай түзету жүргізген дұрыс. Оларда қаланың, облыстық еліміздің қоғамдық – саяси өміріне қызығушылығы артады. Жастық шақта есте сақтаудың барлық түрлері дамиды, ол ендігі айқын сипат алған спорттық қабілеттерді жетілдіру үшін қажетті түрлі құралдар мен әдістерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Библиографиялық тізім

1. Аяшев А.О. Болашақ мұғалімнің тәрбие жұмысына кәсіби даярлығын дене тәрбиесінің құралдары арқылы қалыптастыру. п.ғ.д. дисс. авторефераты, М., 1993, 55 б.
2. Кузнецов З.И. Мектеп жасындағы балалардың негізгі дене қасиеттерін дамыту // ғылыми конференциясының жинақтары, Поланга, 1966 ж.
3. Сапарбаев М.Б. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасы. п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, 1993, 318 б.
4. Гейнца К.А. Қазақстандағы жалпы білім берегін мектептердегі 1-9 сынын оқушыларының нұсқалық, бөлімдерін жете зерттеу. п.ғ.к. дңсс. авторефераты. М., 1995, 22 б.

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖАТТЫҒУЛАР ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ордабаев Н.О.

п.ғ.д., профессор

Абдурахим Д.М.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Спорт және қимыл ойындары – дене тәрбиесінің сезімталдыққа негізделген тәсілі, олар денсаулықты сақтауға және нығайтуға өте тиімді, сірә, спорт ойындарының ең қолайлы, кең тараған түрі волейбол болса керек. Волейбол еңбекші бұқараны дене шынықтыру және спортпен тиянақты айналысуға, белсенді демалуға, Президенттік сынақ тапсыруға тартудың күшті жолдарының бірі. Енді осы ойынның адам организміне әсері туралы қысқаша тоқталайық.

Ойын тактикасының қарапайымдылығы және доп үшін тікелей тартыстың жоқтығы волейболмен көпшіліктің жаппай айналысуына жол ашады. Ал волейболшылардың организміне түсетін салмақ мөлшері орташа деңгейде. Денеге аса күшті әсер ететін қимыл-жүгіру мұнда аз қолданылады [1].

Волейбол ойнау реакция жылдамдығын, ептілікті, төзімділікті қалыптастыруға көмектеседі, тыныс жүрек-тамыр, бұлшық ет жүйелерін нығайтады, ой шаршауынан арылтады, жалпы алғанда организмге игі әсер етеді.

Волейбол адамды ұжымдық қимылға, жеке бас мүддесін команда мүддесіне бағындыра білуге, тәртіпті, болуға, өзгелерге дер кезінде көмекке келуге үйретеді.

Дәрігерлер мен дене шынықтыру, спорт мамандарының бір ауызды пікірінше, волейболдың емдеу-сауықтыру мүмкіндіктері орасан зор. Сондықтан осынау тамаша ойын әрбір мекеме, жоғары оқу орны, мектеп, демалыс орындарында берік орын алса, нұр үстіне нұр болар еді [2].

Волейбол ойыны аумағы 9×18м алаңда өткізіледі. Ортадағы сызық алаңды екіге бөліп тұрады. Ортаңғы сызықтың үстіне екі бағанға керілген волейбол торы орантылады. Тордың биіктігі ойыншылардың жасына немесе ұл не қыздар командасы болып ойнауына қарай әртүрлі болады. Жасөспірім ер балаларға арналған тордың биіктігі-220см, қыздар үшін 210см болады. Ойынға әрқайсысында 6 ойыншысы бар екі команда қатысады. Әр команданың ойыншылары өз алаңына ораналасады. Ойынға диаметрі 65-68см, салмағы 250г-дық доп пайдаланылады. Бір команданың ойыншылары допқа үштен артық қол тигізуіне болмайды. Осыдан кейін доп тордан асырылуға тиіс. Сондай-ақ бір ойыншы допқа қатарынан екі рет қолын тигізуіне рұқсат етілмейді.

Ойынның барысында доп қай алаңға түссе, сол командада осы жолы ұпайдан ұтылған болып есептеледі. Допты ойынға қосу құқына ие болған қарсыластары сағат тілі бағытымен қозғалып, орын ауыстырады. Ойын осылайша жалғаса береді [3].

Қарсыласынан екі ұпай артықшылықпен жоғары ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

Жасөспірімдердің ойыны 3 кезеңнен тұрады. Екі кезеңде ұтқан команда жеңген болып есептеледі. Әр кезеңнен кейін командалар алаңдарын алмастырады. Шешуші кезеңдерде бір команда 8 ұпай жинағаннан кейін екі команда алаңдарын алмастырады.

Волейбол елімізде кең тараған ойындардың бірі. Оның көпшіліктік сипат алуы волейбол ойынының ережелері мен қажетті құрал-жабдықтарының қарапайым және бұл ойын қызықты да әсерлі болуына байланысты [4].

Волейбол ойынының ереже-талабы мынадай айла тәсілдерден тұрады: оқушылардың орын ауыстыруы, допты бір-біріне беруі, допты ойынға қосу, шабуыл соққысы және оған тосқауыл қою.

Волейбол алаңының аумағы шағын болғанына қарамастан ойын кезінде ойыншы тек өз орнын ғана сақтап тұрмайды. Ойын кезінде қажетті жағдайға байланысты орын ауыстыра беруінің үлкен мәні бар [5].

Орын ауыстыру дегеніміз – техникалық тәсілдер мен тактикалық іс-қимылдарды шебер орындап шығу мақсатында командадағы ойыншылардың бір-бірімен орын ауыстыруы. Егер ойыншы бастапқы қалыпта қолайлы жағдайда тұрса, онда ол орын ауыстырулары да оңай орындайды. Ойыншының бастапқы қалпы оның негізгі тұрысы. Волейболшының ең қолайлы бастапқы қалпы-екі қолын шынтаққан сәл ғана бүгіп, дененің салмағын екі аяққа тең түсіріп, кеудені аздап ілгері бейімдер тұру. Оқу - жаттығулар процесін жоспарлау мен ұйымдастыру әдістемесі

Ескерту: Бұл оқу жоспарына өзгеріс енгізуге әрбір спорт мектебінің құқығы бар екендігін естеріңе саламыз [6].

Ескерту: оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру кезеңін есепке алу әр жылдың қыркүйек айының 1-ші аптасынан басталады. Сол сияқты оқу-жаттығу мерзімімен оның бағдарламасына жеке облыстардың, аудандардың, қалалар мен елді мекендердің ауа райына, мектептегі құрал-жабдықтардың даярлығына байланысты мектептің педагогикалық кеңесі өзгертулер енгізуге құқығы бар екендігін тағы да ескертеміз. Сол сияқты игерілген әдістерден жаттығушылар қозғалыс әрекетінің нақты тәсілдерін құруға бейімделулері қажет. Мысалы, тордың алдында тұрып және секіріп волейбол өткізе доп беру қимылы сияқты. Сонымен қатар дайындық кезінде ойыншыға машықтанушылар торға теріс қарап тұрып та, секіріп тордан өткізіп доп беру элементтерімен де жаттығулары дұрыс. Дайындық кезеңінің ең бір күрделі жаттығуы-алаңның қорғау шебіндегі кеңістігі барлай алу қабілетінің күрделенуі, оның қарсыластары алаңынан берілген допты қабылдауға машықтану және волейбол алаңының әрбір зонасын ыждағатты түрде меңгеру болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептердің X-XI сыныптарындағы дене тәрбиесі пәнінің өзіндік ерекшеліктері барлығын мұғалімдер зерделі түрде ұйымдастырулары керек. Себебі бұл сыныптар оқушылары спорт ойындарының бір түрімен тиянақты, зор ыждағаттылықпен шұғылдануға ерекше мән береді, сондықтан да олардың ойын шеберлігіне мән беріп, жүйелі, мақсатты жаттығулар ұйымдастыру мақсаты қойылуы міндетті. Бұл жастағы оқушылар психологиясына тән ерекшеліктер спорт ойындарының әдіс-тәсілін меңгерумен бірге оларға тән қимыл-қозғалыстардағы үйлесімділік, өзара келісімділік, ақыл- ой, сана-сезім және еріктілік сияқты қасиеттердің жүйелену кезеңдерінің бастау алулары [7]. Сондықтан да мұғалімдер мен жаттықтырушылар бұл кезеңіндегі негізгі шарттардың бірі олардың ойын ережелерінің күрделі тәсілдерін үйреніп меңгерулеріне ерекше уақыт бөлулері болашақтағы олар іс-әрекеттерінің нәтижелілігін қамтамасыз ететінін ескертеміз. Оқушылардың волейбол ойыны дәрісін нәтижелі ұйымдастырудың бір пайдалы - тиімді түрі арнайы бағытта өткізілетін тәжірибе дәрісі болып былады. Бұл кезеңде ойын-жаттығу барысында жан-жақты дамыту жаттығуларын тиімді пайдалану арқылы талапқа сәйкес тәжірибелер жинақталады, шеберліктері арттыратын жалпы спорттық жаттығулар түрінде өз беттерінше тандауға мүмкіншілік алады.

Дене тәрбиесі мұғалімдері болашақ волейболшылар дайындаудың алғашқы бесігі мектептегі дене тәрбиесі дәрісі екендігін назардан тыс қалдырмауы қажеттілік демекпіз, себебі тек дамудың осы кезеңінде төмендегілердей сапалық өлшемдер бар. Олар: теориялық және әдістемелік білімдерді, айла-әдіс шеберлік деңгейін қамтитын бағдарламалық материалдарды меңгеру дәрежелері, дене шынықтыру, салауатты өмір салтын баянды ету [8].

Библиографиялық тізім

1. Беляев А.В. Волейбол: Учебник. - Москва: 2002
2. Кумянский В.Л. Волейбол: О судьях и судействе, – Москва: 2002
3. Джаркешев З.А., Ильюшенко К.В. Игра в волейбол начинается в школе. - Алма-Ата: "Катан", 1987.
4. Ильюшенко К.В. Волейбол в Казахстане: учебное пособие по истории волейбола Казахстана. - Алма-Ата: КазИФК, 1979.
5. Ильюшенко К.В., Асарбаев А.К. Подготовка. квалифицированных волейболистов: учебник по теории и методике тренировки волейболе. - Алма-Ата: Изд. Мин. Обр.; КазССР, 1989.
6. Клещев Ю.Н., Фурманов А.Г. Юный волейболист. – Москва: "Физическая культура и спорт", 1979
7. Железняк И.Д., Слупский Л.Н. Волейбол в школе: пособие для учителя. - Москва: «Просвещение», 1989.
8. Андрияшин И.Ф., Ильюшенко К.В. Волейбол: учебник для физкультурных вузов. – Алматы: 1989.

ӘОЖ 796.83

АУЫР АТЛЕТИКАДА КЛАССИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ОРЫНДАУ ТЕХНИКАСЫ

Токтаргазин С

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы

Тілеулес Н.Қ.

Студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Спортшының физикалық (дене еңбегі) дайындығын, оның қимылдарды толық орындау мүмкіндігін жүзеге асыратын әдістер мен тәсілдердің жиынтығын толық меңгерген кезеңін, спорттық орындау шеберлігі деп қабылдау қалыптасқан.

Ауыратлеттің классикалық қозғалыстары жылдам-күштік жаттығулар категориясына (қатарына) жатады. Сондықтан да күш пен бұлшық еттердің жиырылу жылдамдығы олар үшін жетекші физикалық маңызы зор сапаларға жатады. Спорттық орындау шеберлігі ең алдымен осы сапалардың, әсіресе күшті болудың толық орындалуын қамтасамыз етуі керек.

Спорттық орындау шеберлігі үздіксіз шыңдалады, дамиды. Айталық, қазіргі кездегі сығымдау жасау шеберлігі, бастапқы кездегі орындаудан айрықша ерекшелінеді. Әсіресе соңғы жылдарда жүлкуда да, серпуде де, айтарлықтар ерекшеліктер орын алды. Бұндай оң өзгерістердің болуы бар ереженің шеңберінде қозғалыстарды орындаудың одан да өзгеше тиімді, рациональды тәсілдері мен әдістерін табуға деген, яғни нәтижені жоғарылатуға деген ұмтылыстан туындаған. Орындау шеберлігі техникасының дамуы спорт ғылымы пен алдыңғы қатарлы тәжірибелер деңгейінің артуымен байланыстырылады.

Орындау шеберлігінің техникасын құрылымның, спорттық жаттығулардың құрылысын талдау жасамай үйрену мүмкін емес. Жаттығулардың құрылымы – оларды құраушы компоненттер арасындағы нақты байланыс. Жалпы жағдайда оларды динамикалық, кинематикалық және ритмикалық құрылымдарға бөліп қарастыруға болады.

Динамикалық құрылым қозғалысты орындау кезінде әсер ететін күштердің өзара байланысын, және ең алдымен, жаттығуды орындау барысына спортшы өз мүмкіндігін қалай дұрыс пайдаланатындығына назар аударады.

Кинематикалық құрылым ең алдымен спорттық жаттығулардың бөлігі ретінде, кеңістікте қалай орын ауыстырудың дұрыс мүмкіндіктерін ашады.

Соңында, ритмикалық құрылым - жаттығулардың уақыт мезетіндегі компоненттерінің өзара байланысын ашады.

Жаттығулардың құрылымын үйрену түрлі тіркелген аппаратуралардың көмегімен жүзеге асырылады.

Үнемі өзгере және жақсы жағына қарай түрлене отырып, спорттық орындау техникасы өзінің даму этаптарында (сатыларында) тәжірибеде дәлелденген және жоғары нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін белгілі бір рациональды үлгі қалыптастырды. Спортшының жаттығу барысында осы үлгіні білуі, оны іс жүзінде орындай білуге ұмтылуы - ең басты мақсаты болуы тиіс.

Алайда, көбінде спортшының физикалық дене сапаларының төмен болуы және организмнің функциональдық мүмкіндігі осы рациональды үлгіні орындауда қиындық тудыратындығы жасырын емес. Бұл жағдайда қалып кеткен физикалық дене сапаларын біртіндеп дамытуды жүзеге асыру керек. Оларды дамыту мүмкіндігіне қарай үнемі осы техниканы жетілдіру қажеттілігі қалыптасады.

Спорттық шеберлікті қалыптастыру техникасының кейбір жақтарын қарастыралық.

«Спорттық шеберлік» ұғымы спортшының формасын да, және қимылының мазмұнын да біріктіреді. Форма дегенге дене жаттығуларының құрылымы, оның ішкі және сыртқы ұйымдастыру түрлері енеді. Дене жаттығуларының формасына спортшы денесінің орналасу тәртібі, оның орын ауыстыруы, траекториясы, жылдамдығы мен үдеуі, темпі, ритмі және т.б. жатады.

Дене жаттығуларының мазмұны деп психологиялық, физиологиялық және тағы басқа процестердің байланыстылығын түсінеміз. Мазмұн – бұл әрекеттің ең маңызды, сапалы жағы, ал форма – мазмұнды іске асыру түрі, оның құрылымы. Форма және мазмұн ажырамас бірлікте болады: біріншісі екіншісіз өмір сүре алмайды. Әдетте, ережеге сәйкес, барлық өзгерістер мазмұнның өзгеруінен басталады. Осылайша жаттығу кезінде ауыратлеттің күш-жылдамдық сапалары қалыптасады, оның қозғалыс әрекетінің мазмұнына енетін иілгіштігі дамиды. Бұл, өз кезегінде, спорттық нәтижелердің өсуін қамтамасыз ететін қозғалыстың өзге де дамыған түрлерін, атап айтқанда, оның орындау амплитудасы мен жылдамдығын арттыруға, штанганы көтеру кезінде одан да терең төмен отыруды, және т.б. игеруге мүмкіндік береді.

Алайда, форма мазмұнға тәуелді бола тұра, өз кезегінде ол да мазмұнға белсенді түрде әсер етеді: оны тежейді немесе оның дамуын жылдамдатады. Жаттығуды орындаудың рациональды емес ритмі спортшының дене сапаларының мүмкіндігін төмендетеді; рациональды түрде орындалған ритм оның толық түрде ашылуына жол береді, осылайша, оны ары қарай дамыту, айталық спортшының штангамен төмен отыру формасын (түрін) өзгерту (мысалы, «қайшыласа» отырудан «орныға» отыруға) оның сапалы орындалуына қол жеткізеді, сонымен бірге аяқтың күшін, иілгіштігін және шыдамдылығын арттырады, мазмұнын өзгертеді, осылайша спорттық нәтиженің артуына үлес қосады.

Әрбір спорттық жаттығулар түрлі жай қарапайым әдістерден, бөліктерден, фазалар және элементтерден құралған күрделі әрекеттерден тұрады.

Осылайша, айталық, сығымдау және серпу салыстырмалы түрде өзінше жеке 2 түрлі әдістерді қамтыған - штанганы көкіректе көтеру және көкіректен көтеру – әдістерінен тұрады. Бұл екі актылы әрекет.

Жұлқы – бұл бір әдістен құралған бір актылы әрекет. Өз кезегінде, әрбір әдісті қосымша бөліктерге бөліп көрсетуге болады: бастау сәті (старт) (қалыпты жағдай), төмен отырмай штанганы көтеру (сол тұрған орнында) және тұру алдындағы төмен отыру.

Бұл фазаларға дәл түсетін акцент - ырғақтың дұрыс көрсеткіші. Егер акцент жоқ болса, не басқа фазаға түссе, онда бұл пайдаланылған спорттық шеберлік тиімді болмағаны. Кейбір спортшыларда қарқынды, темпті жаттығуларда орындауда акцент төмен отыру фазасына берілгендері байқалады, бұл штанганы толық көтеруге кедергі келтіреді, бағытталған күшті әлсіретеді және спорттық нәтиже көрсеткішін төмендетеді.

Әрбір кез келген ауыр атлетикалық жаттығуларды орындауда оған қатысушы бұлшық еттер әртүрлі салмақтарға кездеседі. Олардың бірі қалыптасқандай аса ірі, негізгі динамикалық жұмыстарды, енді бірі- қосымша жұмыстарды, ал үшіншісі – дененің кейбір бөліктерін белгілейтін статикалық жұмыстарды атқарады. Көкіректен серпуде негізгі динамикалық жұмысты аяқтың жазылуы атқарады, ал қолдың бұлшық еттері серпудің тиімділігін және төмен отыруды жылдамдату үшін қосымша роль атқарады. Дене бұлшық еттері серпу күшін көбейтуге бағытталуды қажет ететін қатаңдықты қамтамасыз етуі тиіс. Жүлқуда негізгі динамикалық жұмысты дене және аяқ бұлшық еттері атқарады. Қолдар бұл жерде штанганы көтеру биіктігі мен төмен отыру жылдамдығын арттыруға көмектеседі. Қолды жұмысқа салмастан бұрын аяқ бұлшық еттері мен дене штанганың тиянақты «ілініп тұруын», бұдан шығатыны, яғни негізгі салмақты көтеретін жазылғыштарды қамтамасыз ететін статикалық жұмыс атқарады.

Спорттық техника шеберлігін меңгеруде негізгі бұлшық ет топтарының функцияларын (міндеттерін) білу өте маңызды.

Библиографиялық тізім

1. Тяжелая атлетика. Учебник для студентов физической культуры. А.Н. Воробьева. ФиС, 1981.
2. Аптекарь М.П. Тяжелая атлетика. Анықтама М, ФиС, 1981
3. Воробьев А.Н. Тяжело атлетический спорт. Очерки по физиологии и спортивной тренировке. ФиС, 1977
4. Воробьев А.Н. Тренинг интеллекта. Лесная промышленность, 1989

ӘОЖ 152-51

МАТЕМАТИКА КУРСЫН КӘСІПТІК-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Токтаргазин С

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы

Үшкемпір Б.Е.

Студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы білімге қолжетімділігін, кең ауқымды дағдыларды меңгеру, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Қазіргі кезеңде барлық мамандардың, оның ішінде орта деңгейдегі мамандардың математикалық дайындығының маңыздылығы артып келеді. Орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарының орындалуы техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) ұйымдарындағы математика пәні бойынша білім алушыларды жалпы мәдени даму мен жалпы білім беруді оқытуды, сондай-ақ арнайы білімге және кәсіби математика қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиіс екендігін көрсетеді.

Белгілі педагог М.И. Махмутовтың айтуынша, білім берудің кәсіптік бағдарлау принципі «студенттердің білім беру бағдарламалары мен дағдыларын меңгеруіне, сонымен қатар, осы мамандыққа деген қызығушылыққа, құндылыққа деген көзқарасқа,

тұлғаның кәсіптік қасиеттеріне жетуіне кепілдік беретін педагогикалық құралдардың өзіндік ерекшелігі болып табылады» деп жазады.

Әдебиетте оқытудың кәсіби бағытын іске асыру үшін педагогтік құралдар оқыту мазмұнының элементтері болып табылатыны айтылған.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте білім берудің кәсіптік бағдар тұжырымдамасын түсіндіру келесідей:

- білім алушының кәсіби бағыты мамандыққа деген оң көзқарас арқылы көрінеді;
- кәсіби бағыттың құрылымы қоғамдық – құнды қызмет және кәсіби еңбек арқылы анықталады.

Біздің зерттеуіміздің контекстінде оқытудың кәсіби бағыттылығы ұғымына қарастырылған тәсілдерді қорыта келе, жеке тұлғаға ықпал ететін ал, демек, білім алушылардың кәсіби дамуына да, алатын мамандығына да байланысты, ТЖКБ білім алушыларының математиканы оқытудың кәсіптік бағыты жеке тұлғаға ықпал ететін математика - пән ретінде оң қарым-қатынасты қалыптастыруды көздейтінін атап өту керек

Орта кәсіптік білім беру жүйесінде оқытудың кәсіптік бағыттылығы мәселесі Н.Н. Аниськин, А.А. Артемьева, С.Я.Батышев, А.И. Власенков, Г.С. Гуторов, Р.П. Жданов, А.Я. Кудрявцев, В.П. Потих, Л.Г. Семушин, Г.Н. Синельщиков, Ю.С. Тюнников, В.Р. Шпалинский және т.б. жұмыстарында зерттелді.

Академик С. Я. Батышев былай деп жазды: «оқытудың кәсіби бағыттылығының мәні ғылым негіздерін оқытуды мектептегі сияқты көлемде және тереңдікте сақтап, бірақ нақты мамандықты игеруде алған білімдердің қолданылуына ерекше назар аударылуында.»

А.Я.Кудрявцевтің жұмысында оқытудың кәсіби бағытталуының алғашқы негіздемелерінің бірі дербес принцип түрінде берілді (кәсіптік-техникалық училищелер мысалында). Кәсіби бағыттылық принципі мен теория және практиканың жалпы байланыс принципі арасында айтарлықтай айырмашылық бар екендігі көрсетілді. А. Я. Кудрявцев атап өткендей, «оқытудың кәсіптік бағыттылығы өндірістік оқытумен байланысты ғана емес, сонымен қатар теориялық оқытуды, жалпы білім беретін және арнайы пәндердің пәнаралық байланысын ұйымдастыруды, жалпы білім беретін пәндерді оқыту үдерісінде кәсіби аспектіні пайдалануды қамтиды.»

Бұл мәселе П. И. Самойленко, Л.Ю. Сергиенко, И.А. Новик және т.б. диссертациялық жұмыстарында зерттелген. Бұл жұмыстардың авторлары орта кәсіптік оқу орындарының математика курсының мазмұнын іріктеу негізіне қою керек қағидаттарды анықтады, математика курсына кәсіптік бағыттылықты дамытудың мәнін ашып, қажеттілігін толық негіздеді.

Бұл ретте бір авторлар кәсіби бағыттылықты жалпы техникалық және жалпы білім беретін пәндердің пәнаралық байланыстарының бір түрі ретінде (Т.Н. Алешина, Н.Н. Лемешко, Н.Б. Мельникова, В.В. Миرونюк), білім мазмұны ретінде, оны құру мәселелерін(А.Я. Кудрявцев, И.Ю. Гаранина, Н.Н.Грушечная) қарастырады

Арнайы дайындық пен кәсіби қызметке байланысты орта арнайы оқу орындарында математикалық оқытудың ғылыми негізделген құрылымы мен мазмұнын әзірлеуге Н. Н. Лемешконың диссертациялық жұмысы арналады. Автор орта арнайы оқу орындарында математикалық даярлықтың кәсіптік бағыттылығының ерекшеліктері төмендегідей екенін анықтады:

- колледждерде математикалық білім беру мазмұны оқу бағдарламаларында көрсетілген өзіндік ерекшелігі бар және студенттер шеше алатын есептерде ескерілуі тиіс;

- орта арнаулы оқу орындарында әртүрлі мамандықтар бойынша мамандар даярлау әртүрлі математикалық дайындықты талап етеді, осыған байланысты оқытудың ең төменгі деңгейін математикаға шамамен бірдей қажеттіліктермен біріктірілген мамандықтар топтары үшін бағдарлау қажет;

- әртүрлі деңгейдегі колледждерде математиканы оқытудың негізгі мақсаттарын көрсететін тапсырмалардың ерекшелігі жалпы білім беру мектебімен салыстырғанда анағұрлым айқын көрінетін қолданбалы бағыт болып табылады.

Т. Н. Алешина айтқандай, кәсіби бағыттылық, білім беру және өзін-өзі жетілдіру үдерісіндегі студенттердің танымдық қызметін ынталандыратын оқытудың жетекші себебі болып табылады. Жеке пәндерді оқыту тұрғысынан, кәсіби бағыттылық деңгейі екі компонентке – болашақ мамандыққа және пәнге қатынасына байланысты.

Зерттеушілердің кәсіптік бағдарлауды жүзеге асыру үшін ұсынған жолдарын толығырақ қарастырайық.

Орта кәсіптік оқу орындарында әртүрлі салалардың ерекшелігін ескере отырып, математиканы оқытудың кәсіби бағытын күшейту жолдары Т. М. Алиеваның жұмысында ұсынылған.

Автор кәсіби бағыттылықты жүзеге асырудың келесі жолдарын атап өтті:

- оқылатын материалдарды практикалық қолдануға болатын салалар туралы білім алушыларға ақпарат беру;
- өндірістік мазмұнды есептерді шешу;
- математикадан өндірістік сипаттағы практикалық жұмыстар жүргізу;
- оқу-көрнекі құралдарын (техникалық схемалар, кестелер, плакаттар, эскиздер және т. б.) және өндірістік бөлшектердің үлгілерін геометриялық нысандары мен мақсатын түсіндіре отырып жасау;
- білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін техникалық және арнайы пәндер бойынша математикадан білім мен іскерлікті қолданумен байланысты орындалатын әртүрлі тапсырмаларды пайдалану.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысы. – Астана, 2018. - 142 б.
2. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. Оқу құралы.– Алматы, 2014. - 224б.
3. Баймуханов Б.Б. Математика есептерін шығаруға үйрету. – Алматы: Мектеп, 2013.–145б.
4. Гусев, В.А. Психолого-педагогические основы обучения математике / В. А. Гусев. – М.: Вербум, 2013. – 432 с
5. Бекбоев И.Б. Научные основы разработки и обучения решению задач в системе непрерывного математического образования: дис. ... д-ра пед. наук в форме научного доклада: 13.00.01 / И. Б. Бекбоев. – Бишкек, 2014. – 84 с.

ӘОЖ 796-08

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНЕ СПОРТТЫҚ МАШЫҚТАНУ ҮРДІСІ

Тулеев Е.

аға оқытушы

Ыстыбаев Б.Ө.

студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

ЖОО студенттеріне спорттық машықтану үрдісін күрес спорт түрі бойынша ұйымдастыру, күресте дене сапаларының дамыту жолдары мен күрес спорт сабақтарында

жүзеге асырылады. Яғни ол мектептерде сыныптан тыс күрес секцияларында, ал жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі сабақтарында кең дамытылады.

Балуанның спорттық шеберлігінің артуының күрес әдіс-айласын меңгерту жолдары: түрегеліп тұрып күресу, партерде күресу, жатып күресу, ұстап жату, қылқындыру, қол-аяғын созу т.б. әдіс-айлалар жатқызылады.

Күрес әдіс-айласын орындау кезіндегі негізгі, шешуші қимылдар: аяқпен шалу, ілу, арқадан асыра лақтыру, «жамбас», кеудеден асыра лақтыру, т.б. әдістерде шешуші қимыл түрлері және осы әдістерді орындаудың әртүрлі варианттары бар. Ұстап жату, қол аяқты созу, қылқындыру әдістерін орындау ерекшеліктері. Күрделі және қарапайым әдістер. Әдістердің бір-бірімен биомеханикалық орындалу ерекшеліктері. Тіреу нүктесі, тіреу алаңы. Балуанның жалпы салмақ орталығы, оның әдіс орындау кезінде кеңістекте өзгеруі. Тепе-теңдікті сақтау. Сыртқы және ішкі күштер. Салмақтың түсу нүктелері. Аудару, аунау, сүйреу. Бұлшық ет күші оның бағыты мен мөлшерінің әдіс орындау кезіндегі өзгеруі кең байқалады [3].

Оқыту құралдары: қалыптасқан қарапайым техниканы қолдану арқылы.

Үйретудің әдістемесі – толығымен, бөлімдерге бөліп. Қателіктерді анықтау және түзету жолдары арқылы жүзеге асырылады. Күрес жаттығуларын оқыту кезінде тренажерлерді қолдану, әдістер тандаудың жолдары, ерекшеліктері, биомеханика тұрғысынан талдау (тіреу нүктесі, тіреу алаңы, олардың әдіс орындау кезіндегі өзгеруі және т.б.), тепе-теңдіктен шығару жолдары (шалу, қағу, ілу, өңгеру т.б. әдістер арқылы), партерде және жатып күресу кезіндегі тепе-теңдік қимылдары және созу жаншу және ұстап жату жағдайларынан шығу жолдары кең қолданылады.

Күрес тәсілдеріне үйрету жолдары:

- қарсыласы кілемнен көтеру арқылы орындалатын әдістер түрі, оны орындаудың ерекшеліктері.

- түрегеліп және партерде тұрған балуанның тепе-теңдігін бұзу арқылы, әдіс орындау. Денеден, киімнен ұстау арқылы иін заңдылығын іске асыру жолдары.

- тіреу алаңы, және салмақтың түсу нүктелерін анықтау, шалу, ілу, қағу, жамбас, иықтан асыра лақтыру партерде және ұстап жату әдістерін орындау кезінде анықтау.

- түрегеліп тұрғанда партерде немесе жатып күрескенде денеден немесе киімнен ұстаған жерден құтылу әдістері.

Балуан дайындығын анықтау жолдары:

- балуан туралы хабар жинау, сұрау, бақылау, баспа материалдарын зерттеу, бейне таспа түсіру. Жарыстарды қадағалау т.б.

- балуанның жеке басы – оның жасы, спорттық разряды, спорттық көрсеткіштері, дене бітімі ерекшелігі, тегі, ұлты, дене дайындығы ерекшелігі, күресу ерекшелігі, әдіс-айланы меңгеру деңгейі, сүйікті әдіс-айлалар түрі, қорғаныс ерекшелігі, күресті жүргізу тәсілі ерекшелігі.

- мінезінің ерекшелігі, жүйке жүйесінің ерекшелігі.

- балуанның психологиялық дайындығы. Күш-жігер, мінез-құлықтың ерекшеліктері. Батылдық, жігерлік т.б. қасиеттерді арттыру жолдары. Жүйке жүйесінің ерекшеліктері. Эмоция, оның күрес әсері [4].

Ұжымдық, еңбексүйгіштік, жауапкершілік т.б. қасиеттердің күреске әсері.

Қозғалмайтын (статистикалық) тәртіпте бұлшық еттің ұзындығы өзгермейді.

Күштілікке тәрбиелеу жаттығулары. Күшті дамытудың амалдары мен әдістері. Күшті дамыту үшін жоғары қарсылықты жаттығулары қолданылады. Олар екі топқа бөлінеді:

1. Сыртқы қарсылық жаттығулары. Сыртқы қарсылықтарға: әр түрлі спорт құралдарының салмағы, серігінің қарсы әрекеті сыртқы ортаның қарсылығы жатады.

2. Өз салмағының ауырлығын басқару жаттығулары (серіппеде тартылу, отырып-тұру, секіру т.б.).

Адамбеков Қ.І ойынша күш қабілетін жетілдіру кезінде денеге түсетін күш (жүктеме) өте көп болмауы керек. Бұл адамның жалпы өсуін кідіртеді. Күшті арттыратын жаттығулар адамның шапшаңдық, күштілік, төзімділік қасиет-қабілеттерін дамытудың негізі болғандықтан, мұндай жаттығуларды үздіксіз және жеткілікті мөлшерде орындап отырған қажет. Өз беттерімен жаттығу кезінде күшті молайтатын жаттығулар икемділік пен жылдамдылық қабілеттерін арттыратын жаттығулардан кейін, ал көп жағдайларда төзімділікті арттыратын жаттығулардың алдында орындалғаны жөн[5].

Күш қабілетін жетілдіру үшін жаттығулардың төмендегідей түрлерін орындау керек:

а) кермеге тартылу, биікке өрмелеу, аяқты көтеру, еденге немесе гимнастикалық орындыққа етпеттен жатып, қолды бүгіп, жазу жаттығуларын орындау қажет;

ә) басқа ауыр салмақтар көтеру (бірнеше бала болып гимнастикалық орындықты және оның үстінде отырған оқушыларымен бірге көтеріп алып жүру), серіппелі спорт құралдарымен, батпан (гантель) көтерумен (алдымен салмағы 1-2 кг- дық, кейін 3 кг-дық батпан) жаттығу.

Күрес спорт түрлерінде жылдамдықты арттыру.

Жылдамдық дегеніміз белгілі бір уақыт ішіндегі жылдам қозғалыс әрекеті. Жылдамдық үш түрде пайда болады:

1. Қарапайым және күрделі қозғалыс жылдамдығы.
2. Жалғыз қимыл жылдамдығы.
3. Қимыл жиілігі.

Жылдамдықты өлшеу жолдары. Жылдамдықтың көрсеткіштері. Әдіс-айланы орындау жылдамдығы. Жылдамдық, шапшаңдық қасиеттерін арттыру жолдары үшін жылдамдықты дамытатын арнаулы дене жаттығулары. Бұлшық ет күшін дамыту үшін арнаулы дене жаттығуларының өте көп түрі қолданылады. Осылардың анағұрлым қолайлысы да, тартымдысы да мыналар: Белбеуді белдеріне іліп, бір орында тұрған атқарушы мен әріптес резеңке жіпті созып, аяқтарын серпе алға ұмтылады.

Күрес спорт түрлерінде иілгіштік арттыру.

Адамның жаттығуды үлкен амплитудамен орындай алу қабілеттілігін – иілгіштік дейміз. Иілгіштіктің өсуі буын құрылыстарына; бұлшық еттің, сіңірдің созымдылығына; көңіл-күйге (жоғары көңіл-күйде икемділік артады) бой қыздыруға; сыртқы температураға; тәулік уақытына, күш даму деңгейіне (күші көп адамдардың икемі аз); спорттық мамандыққа және техникасына байланысты. Сонымен, созылу жаттығуларын амплитудалық орындау шегіне жеткізе, яғни буындарда жеңіл ауырту сезімдерін сезінгенше орындау қажет. Икемділігі дамытқанда жас ерекшеліктері үлкен рөл акарады. 20 жастан кейін жас ерекшеліктеріне байланысы қозғалыс амплудасы азаяды. Бәсең иілгіштіктің кобеюі 9-10 жаста, белсенді 10-14 жаста байқалады. 15-17 жас иілгіштікті жетілдірудің ең соңғы шегі. Қыз балалардың буындарындағы жылжымалылық, ер балаларға қарағанда 20 - 30 % көп, сондықтан күш түсіруді оларға көбірек беруге болады.

Библиографиялық тізім

1. Б.А. Ашмарин. Теория и методика физического воспитания. - М.: Физкультура и спорт, 2012.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост.
3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 2017.
4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 2018.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 2005.

КҮРЕС СПОРТ ТҮРІНЕН МАШЫҚТАНУ САБАҚТАРЫНДА ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

*Тулеев Е.
аға оқытушы
Ыстыбаев Б.Ө.
студент*

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Күрес секциясы дене тәрбиесі кеңесі мен оқытушылардың басшылығымен өз бетінше жұмыс істейтін студенттердің спорттық ұжымы болып табылады. Секцияның барлық ұйымдастыру және ішкі жұмыстарын жаттықтырушының басшылық етуімен негізінен студенттер күшімен шешілетіндей етіп ұйымдастыру керек.

Секцияның бюросы төмендегідей жұмыстарды жүргізеді: секциялардағы топтар мен командалардың жүйелі сабақтарын кесте бойынша дәл уақытында өтуін бақылай отырып және сабақ кезінде қажетті тәртіп пен реттілік сақталатындай етіп ұйымдастырады. Секция ұжым кеңесінің және мұғалімнің басшылығымен секция мүшелерін жарыстарға тиянақты түрде даярлауды қамтамасыз ете отырып, факультет ішілік және университет ішілік жарыстарға топтар мен командалардың қатысуын ұйымдастырады; студенттердің секция мүшелерінің спортқа деген қызығушылығын, жауапкершілік, жолдастық сезімдерін және дене тәрбиесі ұжымына деген мақтаныш сезімін қалыптастыра отырып, олармен тәрбие жұмыстарын жүргізеді.

Күрес спорт түрі бойынша жаттықтыру сабақтарының мазмұны мен бөлімдері.

Негізгі бөлім. Басты мақсат-оқу-жаттығу, белдесулер кезінде техникалық әдістерді үйрену, жетілдіру болып табылады. Бойын жазып денесі қызғаннан кейін жаттықтырушы негізгі бөлімде үйретілетін әдісті шәкірттеріне түсіндіреді, бір немесе бірнеше балуанды ортаға шығарып тәсілдерді көрсетеді. Содан кейін барып балуандар әлгі әдісті үйренуге кіріседі.

Қорытынды бөлім. Негізгі мақсат-спортшының ағзасын бірте-бірте бастапқы қалыпқа келтіру. Бұл бөлімнің ережесі бойынша спортшы жәймен жүгіріп, баяу жүріске көшу керек. Бұлшық еттерді босаңсытып, тыныс алуды бірқалыпты жағдайға түсіру шарт. Мерзімді кезінде жаттықтырушы шәкірттерін сапқа тұрғызу, сабақтың қалай өткендігін, кімнің көзге түскендігін айтылады.

Күрес спорт түрінен жаттықтыру сабақтарын ұйымдастыру жолдары төмендегідей үлгімен жүргізіледі.

Сабақ мақсаты-негізгі тұрыстарды және кілім үстінде орын ауыстырудың түрлерін және белдесудің әдістерін үйрену, арқан тарту.

Сабақтың жоспары: 1. Балуанның жеке гигиенасы: Спорттық киім, құрал-жабдықтар туралы әңгіме. 5-7 минут; 2. Сабақтың дайындық бөлімі 25-30 минут; 3. Сабақтың негізгі бөлімі 60-70 минут: а) негізгі тұрыстарды үйрену-15 минут; б) кілем үстінде орын алмастыруды және белдесуді үйрену-25 минут; г) арқан тарту-10 минут. 4. Сабақтың қорытынды бөлімі-5минут.

Жұманова А.С пікірінше дайындық бөлімі бірқалыпты тыныс алып, бөлме ішінде жәй жүруден басталады. Бөлменің екі-үш рет айналғаннан кейін, спортшылар жүрісін тездете бастайды да, бірте-бірте жүгіруге көшеді. Әрбір 30 метрден кейін 10 метрдей қашықтықты қатты жүгіріп өтеді. 3-4 минут жүгіргеннен кейін жылдамдықтарын бәсеңдетіп бірте-бірте баяу жүріске ауысады. Бөлмені айнала жүріп, мынадай жаттығуларды орындайды[10]:

1. Екі қолды қапталда, саусақты жұмып-ашу 20-25 рет қайталанады;
2. Екі қолды алға созып, бірін жоғары, бірін төмен алма-кезек серпу 18-20 рет;

3. Екі қолды алға созып, бір-біріне қайшылай серпу 18-20 рет. Бұл жаттығу тез орындалады.

4. Екі қолды қапталда ұстап, әр адым сайын оңға, солға иілу. Оң жаққа иілген кезде сол қол қолтыққа, сол жаққа иілген кезде оң қол қолтыққа келеді. 10-15 рет қайталанады.

5. Екі қолды айкастыра ұстап, денені оңға-солға бұру. 15-18 рет жасау қажет.

6. Жүру. Екі қолды алға созып алақанды төмен қаратып ұстап, әрбір қадам сайын сол алақанға оң аяқты оң алақанға сол аяқты тигізу керек. 15-18 рет қайталануға тиісті.

Сабақтың негізгі бөлімі. Балуан үшін оның ең қолайлы жағдайы белдесу кезіндегі тұрысы. Белдесу тұрыстары оң қапталмен, сол қапталмен, бетпе-бет тұру болып үшке бөлінеді. Егер балуан оң аяғын алға жіберіп тұрса, бұл оң қапталмен келу, ал егер сол аяғын алға жіберіп тұрса, сол қапталмен, екі аяғын бір сызықтың бойында ұстап тұрса бетпе-бет тұру деп аталады.

Сабақтың негізгі бөлімінде төмендегідей арнайы жаттығулар дамытылады:

1. Атас жағынан белдеуінен ұстап орап лақтыру әдісін үйрету.

2. Қағып лақтыру әдісін үйрету.

3. Қырынан қағып лақтыру әдісін үйрету.

4. Алдынан қағып лақтыру әдісін үйрету.

5. Іліп лақтыру әдісін үйрету.

6. Сырттан іліп лақтыру әдісін үйрету.

7. Аяқтың астымен іліп лақтыру әдісін үйрету.

8. Аяқпен көтермелеп лақтыру әдісін үйрету.

9. Үйіріп лақтыру әдісін үйрету.

10. Қос қолға күш салып лақтыру әдісін үйрету.

Сабақтың қорытынды бөлігінде спортшылар бөлме ішінде жай жүріп, тыныс алуын қалпына келтіретін және бұлшық еттерін босаңсытатын жаттығулар жасайды. Спортшыларды таратар алдында жаттықтырушы сабақтың қалай өткендігі туралы өзінің пікірін айтады.

Күрес спорт түрінің жаттықтыру сабақтары төмендегідей тақырыптар бойынша жүргізіліп жаттығушылардың техникасы мен тактикасын жан-жақты дамытады.

1. Қос қолға күш салып лақтыру әдісін үйрету.

Сабақтың мазмұны: Күш дегеніміз – сыртқы қарсылықтарды жеңу қабілеттілігі.

Сабақтың мазмұны: Жаттығушылардың кілем үстінде тез немесе ыңғайлы қимылдауын қамтамасыз ететін кез келген сәтте әдіс қолдануға мүмкіндік туғызатындай болуы керек. Негізінен ол оң-сол қапталмен, аласа, биік, орташа тұру болып бөлінеді. Егер сол аяқ алда жүрсе, сол қапталмен, оң аяқ алда жүрсе оң қапталмен тұру деп аталады. Екі аяқтың бір сызықтың бойында тепе-теңдікте орналасуын бетпе-бет келу дейміз. Ал тізе буыны көбірек бүгілсе оны аласа, аз бүгілсе орташа, ал тізе буынының сәл ғана бүгілуін биік тұру деп атаймыз. Бірнеше жыл бойына күреспен айналысу барысында әр жаттығушының өзіне тән белдесуге тұру әдісі қалыптасады. Белдесуде әрбір жаттығушы өз тепе-теңдік тұру қалпын сақтамасы жеңіске жету, болмаса жаттығудың дұрыс орындалуы мүмкін емес.

Жаттығушының тепе-теңдік қалпынан шығатын тәсілі. Жеңнен, белбеуден, мойыннан ұстай қолданатын жұлқу әдістері бар.

2. Шалып лақтыру әдісін үйрету.

Сабақтың мазмұны: Шалу әдістері өзінің тәжірибелік мәні жағынан қазақша күрестегі ең күрделі іс, ол әдістер тобы. Бұл әдістер негізінен аяқты шалу арқылы орындалады. Аяқтан шалу әдістері іштен, сырттан, қапталдан, қырқа шалу болып бірнешеге бөлінеді. Аяқтан шалу әдістерін орындау үшін алдымен қарсы жаттығушыны тепе-теңдік қалпынан шығарып, оның бір аяғының кілемнен көтерілуін қамтамасыз ету. Осындай сәтте аяқтан шалынған екінші аяқ та кілемнен көтеріліп, жаттығушының құлауына жағдай туғызады. Ол үшін көптеген тактикалық әдіс-тәсілдер бар.

Библиографиялық тізім

1. Б.А. Ашмарин. Теория и методика физического воспитания. - М.: Физкультура и спорт, 1982.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост.
3. И.И. Переверзин, Н.Н. Бугров, Я.Р. Вилькин и др. - М.: Физкультура и спорт, 1987.
4. Б.А. Ашмарин Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. - М.: Физкультура и спорт, 1978.
5. М.М. Боген Обучение двигательным действиям. М.: Физкультура и спорт, 1985.

ӘОЖ 796.01

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ОҚИТУ ТӘСІЛДЕРІ

Укшебаев К.Т

магистр, аға оқытушы

Жумабаев И.Д.

Студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Педагогика құралдарының әсер етуі дене тәрбиесінің арнайы тәсілдері жаттығуларымен тығыз байланыста болады. Себебі тәрбиелеу мен оқытудың барысы жалпы педагогикалық тәсілсіз іске асуы мүмкін емес. Бұл тәсілдердің дене тәрбиесінде өз орны мен ерекшеліктері бар. Дене тәрбиесіндегі тәсілдердің негізі және оны жүзеге асырып реттеуші жолы денеге ауыртпалық түсіру мен демалыстың белгілі бір заңдылықпен байланысы. Денеге ауырлық түсіру дегеніміз - белгілі бір қиыншықтардың денеге әсер ету мөлшері.

Қатаң шектелген жаттығулар тәсілі. Бұл тәсілде шұғылданушылардың іс-қимылдары ретімен шектеліп ұйымдастырылады. Бұлай ұйымдастыру бірнеше құрамдардан тұрады:

1. Алдын ала белгіленген жаттығуларды қатаң шектелген-бағдарлама бойынша қайталануы.

2. Бастапқы түрдегі қозғалыс мөлшерін сақтап, дем алу кезіндегі аралық үзілістерді ескере отырып, қатаң тәртіпте ауырлық түсіру фазаларымен алмастырып отыру.

3. Жаттығу қимылдарын жеңілдету арқылы сыртқы күштерді туғызып және бар күшті дұрыс пайдалану. Қатаң тәртіпте ұйымдастырылған дене қимылдары, олардың қолдануы, бірнеше нақты түрлері сабақтың мазмұнына байланысты болады.

Осы айтылғандарға сүйенетін болсақ қимыл - қозғалыстарды үйретуді бір-біріне жақын екі әдістемелік жолды атап өтуге болады.

1. Бөлшектеніп құрылған жаттығулар әдісі, яғни бөлшектеп үйрету.

2. Тұтас құрылған жаттығулар әдісі, қимыл - қозғалыстарды бір тұтастыққа үйрету.

Ойын тәсілі. Ойын әдісі дене тәрбиесіндегі ойындарға тән көптеген белгілерімен сипатталады. Ойын дене тәрбиесінің құралы ғана емес, сонымен қатар ол үйрету мен тәрбиелеудің тиімді әдісі болып табылады.

Сондықтан да ойын әдісінің табиғатын ұғыну үшін жалпы ойынның мәнін айқындап түсіне білу керек.

Дене тәрбиесіндегі кез келген ойынның мазмұнын негізін адам денесінің дамып, жетілуіне ықпал ететін қимылдар құрайды. Өйткені, гимнастика, спорт, туризм арасындағы айырмашылық көп жағдайда шартты болып келетінін айта кету керек. Бұл шарттылық олардың дамуы қарқынына қарай айқын көріне бастайды. Ойынды белгілі ережелер шегінде орындалатын қимылдардың жүйесі деп табу керек.

Ойын әдісіне тән сипатты белгілері:

1. Ойын қимылдарындағы айқын көрінетін бәсекелестік пен сезімділік.

2. Күрес жүргізу шарттарының қимылдарды жасау талаптарының төмен ауытқып, өзгеріп отыруы.

3. Қимыл жасауда шығармашалық ұсыныстарға жоғары талаптар қою. Ойын жағдайларының түрленуі дене жаттығуларының нәтижелігін дербес таңдауды талап етеді.

4. Қимылдар мен артық қимыл жүктемесі сипатында қатаң белгіленген уақыт тәртібінің жоқтығы.

5. Әр түрлі қимыл дағдылары мен саналарының кешенді көрініс табуы.

6. Көп жағдайда ойыншылар арасындағы қарым қатынас қандай бір зат, айталық доп арқылы орнығады. Сонымен ойын әдісі қимыл жасау машықтарымен қасиеттерін кешенді дамытуға, үйлестіруді жетілдіруге, жұмыстың тиісті қарқынына кідірместен кірісіп кетуге мүмкіндіктер тудырады.

Сөздің эмоциалық қызметі оқу және тәрбие мәселелерін шешуге ықпал етеді. Сөздің әсерлі болуы сөздің мағынасын күшейтеді және оның мәнін ұғынып түсінуге көмектеседі. Ол мұғалімнің оқып үйрететін затқа оқушыларға қарым-қатынасын көрсетеді, оларда қызығушылық ынтасын ынталандырады, табысқа жетуде өз-өзіне сенімді болуына, қиындықтарды жеңуге ынталануына ықпал етеді.

Әңгіме - мазмұндаманы баяндау нысаны, мұғалім тарапынан оқушылардың ойлау қызметін ұйымдастыру кезінде жиі қолданылады.

Сипаттама - қимыл туралы баланың ой елесін ояту тәсілі. Суреттеу кезінде қимылға тән қасиеттерінің тізбесі беріледі.

Түсіндіру - қозғалыс - қимылдарға саналы қатынасты дамытудың маңызды тәсілі.

Көрнекілік тәсілі. Қандай да болмасын көрнекілік тәсілін қолдану барысында сөзбен түсіндіру тәсілі бірге жүргізіледі. Оның негізгі себебі шұғылданушылардың назарын ең басты және маңызды нәрселерге аударуға көрініп тұрған бейнені оқыту мақсаты үшін бәрінен де қажетті қозғалысты таңдап игеруіне көмектеседі.

Бұл топтағы әдістер үйретілетін әрекетті көру арқылы және есту арқылы қабылдауды қамтамасыз етеді. Көру, ал кейде әрекетті ырғағын, қарқынын тыңдау оқушыда жүйелі қабылдау үшін бағыттаушы негізді кеңейтетін әрекет жайлы жан-жақты түсінікті құрайды. Көрнекі қабылдау барынша жылдам және берік меңгеруге мүмкіндік береді, үйретілетін әрекетке қызығушылықты жоғарылатады.

Көрнекі қабылдау әдістері басты болып табылады, бірақ көрнекілік қағидаларын жүзеге асыруда бірден бір емес. Дәл олардың көмегімен оқушы үйретілетін әрекет үлгісін қалыптастыруда алғашқы баспалдақ болып табылатын бейнелі түйсіну мүмкіндігін алады. Бұл кезеңде кейбіреулер көру арқылы қабылдау, кейбіреулер де есту арқылы қабылдау жақсы ететіндігін ескеру қажет. Мұғалімге оқыту әдістемесінде жетекші анализаторлардың ролін ескеруі және мүмкіндігіне қарай сәйкес әдістерді қолдануды жекешелендіруі қажет. Топтық оқыту кезінде бұл көрнекі қабылдау әдістерінің барлық әр алуандығы қолдануда көрінуі мүмкін: кейбір балалар әрекет үлгісін қалыптастыру кезінде бірінше кезекте көру арқылы қабылдауға, ал басқалары есту арқылы қабылдауға сүйену мүмкіндіктерін алады. Бұдан басқа, әрбір оқушының жеке қабылдау ерекшеліктерін біле отырып, сол не басқа әдістерді индивидуальды қолдану мүмкіндіктерін табу мүмкін болады. Әдістердің нәтижелілігі көбінесе оның оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігінен анықталады. Әсіресе бұл әдістер балалар мен жұмыс істеу кезінде үлкен мәнге ие болады. Оларда еліктеуге деген қабілеттілік, нақтылы дамыған, әрі әр жаста бірдей емес мәселен кіші жастағыларда сезімдік қабылдау ерекше күшті дамыған.

Көрнекі қабылдау әдістерін қолдану оқыту кезеңдеріне де байланысты. Ережедегідей, бірінші кезеңде олар өте жиі қолданылады жетілдіру кезеңінде оларды пайда болған қателерді түзету үшін қолданылады.

Мұғалімнің (не мұғалім тапсырмасы бойынша оқушының) қозғалтқыш әрекетті көрсетуі оқытудың барынша ерекше әдіс болып табылады. Көрсетудің көмегімен еліктеу де оқытудың негізіне жатады. Кез-келген еліктеу адамның танымдық акты болып табылғанымен, танымдылық деңгейімен еліктеу себептері әралуан болуы мүмкін. Осыны

ескере отырып, мұғалім дене жаттығуларынан тұратын жүйеленген сабақтарға деген оқушылардың тұрақты қызығушылығын дамытуға көмек беретін осындай әдістемелік тәсілдерді қолдана алады.

Еліктеудің нәтижелілігі бәрінен бұрын оқушының жас ерекшелігіне, оның психикалық және дене дайындығының деңгейімен сипатына байланысты.

Библиографиялық тізім

1. Адамбеков К.Т. "Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі" п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, -1995, 38 бет.
2. Аяшев А.О. Болашақ мұғалімнің тәрбие жұмысына кәсіби даярлығындене тәрбиесінің құралдары арқылы қалыптастыру. п.ғ.д. дисс.авторефераты, М., 1993, 55 б.
3. Кузнецов З.И. Мектеп жасындағы балалардың негізгі дене қасиеттерін дамыту // ғылыми конференциясының жинақтары, Полаңга, 1966 ж.
4. Сапарбаев М.Б. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасы. п.ғ.д.дисс. авторефераты. Алматы, 1993, 318 б.
5. Гейнца К.А. Қазақстандағы жалпы білім берері мектептердегі 1-9 сынын оқушыларының нұсқалық, бөлімдерін жете зерттеу. п.ғ.к.. дңсс. авторефераты. М., 1995, 22 б.

ӘОЖ 796.853

КҮРЕСШІНІҢ ЖАТТЫҒУ ЖҮКТЕМЕЛЕРІНЕ БЕЙІМДЕЛІП-ҚАЛЫПТАСЫП ҚАЖЫҒУДЫ БОЛДЫРМАУ НЕГІЗДЕРІ

Укшебаев К.Т
магистр, аға оқытушы
Жумабаев И.Д.
Студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Спорттық күрес түрлерінде жан- жақты дайындығы бар адам ғана үлкен жетістіктерге жете алады. Жан- жақты дайындыққа адамның күші, жылдамдылығы, ептілігі, денесінің иілгіштік қабілеті, төзімділік (шыдамдылығы) және әдіс- айланы меңгеу шеберлігі жатады. Шыдамдылық қабілет адамның мінез- құлқымен тікелей байланысты, сондықтан жаттығу кезеңдерінде бұл қабілетті арттыруға көңіл бөліп отыру аса қажет.

Спортшының дене- күш қабілеттерін дамыту- жаттығу түрінің ерекшеліктеріне байланысты жалпы дайындық және арнайы дайындық деп екіге бөлінеді. Жалпы дене – күш дайындығы дегеніміз, адамның күш, ептілік, жылдамдық иілгіштік, төзімділігі- шыдамдық қабілеттерін жалпы жаттықтыру болып табылады. Жалпы дайындық кезінде жоғарыда көрсетілген қабілеттерімен бірге адам ағзасының (жүрек, өкпе т.б) мүшелерінің жұмысын жақсартуға бағытталады.

Арнайы дене- күш дайындығы кезінде балуанның таңдап алған спорт түрінің ерекшелігіне негізделген арнайы жаттығулар беріледі. Арнайы жаттығулар балуанның күресу шеберлігін арттырып, жарыстарда аз күш жұмсау арқылы өз мүмкіндігін толық көрсетіп, нәтижелі көрсеткішке жетуіне жол ашады. Берілетін жалпы және арнайы жаттығулардың көлемі, түрі спортшының жаттығу жоспарының негізінде өзгеріп отырады. Спортшының алғашқы күреспен шұғылдану жылдарында жалпы дене- күш дайындығына басым көңіл бөлінеді.

Жаттықтырушы- ұстаз алға қойған мақсаттардың ерекшеліктерін ескере отырып балуан дайындығының осы екі түріне өз тарапынан өзгерістерді дер кезінде енгізіп отыруы, нәтижелі жұмыстың болуына кепілдік береді.

Жалпы дене дайындығы кезінде белгілі бір дене- күш қабілетін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу арқылы нәтижелі көрсеткіштерге жетуге болады. Ұстаз осы жаттығуларды оқу- жаттығу сабақтарының белгілі бір кезеңдерінде қолдана білу қажет. Мысалы, күшті арттыру жаттығуларын сабақтың кіріспе бөлімінде орындауға болмайды, т. с. с. Арнайы жаттығуларға негізінен балуандардың күресі (белдесу) түрлеріне жақын іс- қимылдар алынады.

Саптық жаттығулар оқу- жаттығу сабақтарын жақсы ұйымдастыру үшін пайдаланылады және сабақтың кіріспе бөлімінде қолданылады. Жалпы және арнайы дене- күш дайындығын жүргілген кезде оны орындаушы адамның жасына, жынысына қарай өзгертіп отырады. Әр адамның өзінің туа біткен ерекшеліктері ескеріледі.

Қазіргі кездегі спорттық жарыстардың адам организміне және жүйке жүйесіне түсіретін өте жоғары әсерін ескере келіп, спортшыны жаттықтыру кезінде қоршаған ортаның және жарыс барысында болатын экстремалды жағдайларлардың бәріне төтеп бере алатындай жүктеме беру арқылы спортшының ағзасын қалыптастырып, жарысқа дайындау қажеті туындап отыр.

Адамдардың қандай да болмасын еңбек түрін аслақ та, дәл спорттық жарыс кезіндегідей адам ағзасының еш шегіне дейін жұмыс істеу дәрежесіне көрсетіліп қызмет ету байқалмайды. Сондықтан спорт саласында спортшылардың үлкен жүктеме кезінде жұмыс істей білу және оған қалыптасуы туралы қажетті еңбектер жинақталады.

Жалпы қалыптасу деген ұғымға барлық тіршілік түрлерінің күн көрісі үшін сыртқы қоршаған ортаға сәйкестеніп, бейімделіп қалыптасуын айтады. Қалыптасудың генотиптік, яғни тұқымдық (түрлік) және фенотиптік екі түрі болады.

Спорт түрлерінің ерекшелігіне байланысты қолданылатын құрал-жабдықтар әртүрлі болып келеді (доп, штанга, семсер, бокс қолғабы, т.б.), ал спорттық күрес кезінде екі адам бір-бірімен жекпе-жек жағдайында болғандықтан, бейімделу қалыптасу жағдайына басқаша талаптар қойылады. Спортшының түскен күшке, атқарған жүктемеге қалыптасып-бейімделуі машықтану кезеңдеріне байланысты әртүрлі болып келеді. Көп жылды жаттығу жоспары кезеңінде алдағы өткен мерзімде болған бейімделу жағдайын бұзып, одан да жоғары талаптарға бейімделу қажеттігі туады. Осылай әр кезеңге қойылатын талаптардың өзгеріп және артып отыратындығына байланысты, адам ағзасында ерекше бейімделу процестері пайда болып отырады.

Әр спортшының спорттық жылымен 5-6 жылдан 20-25 жылға дейін және одан да көп болуына әр кезеңдегі бейімделу-қалыптасу кезеңдері бір-бірінен жоғары болып отырғанда ғана жететіні белгілі болды. Спортшының үлкен жүктемелерді жеңуге бейімделу мүмкіндігін ең жоғары деңгейде ұстап тұру мерзімінің ұзақтығы, әр спорттың түріне және әр спортшының фенотипикалық ерекшелігіне және атқарылған жаттығу жұмысының адам ағзасына әсеріне байланысты. Осы жағдайда адам ағзасына берілетін жаттығу жүктемесінің мөлшері оны орындату әдістемесіне байланысты және оған адамның бейімделуі сол деңгейде ұстап тұру мүмкіндігі тікелей әсер етеді. Осы кезеңде адам ағзасының дене-күш қуатының сарқылып шаршамауын, зорықпауын қадағалау қажет.

Жаттығудың әр кезеңдерінде адамның дене-күш қабілетінің бір түрінің азаюы екінші бір түрінің артуы сияқты құбылыстарды дөп басып байқап отыру, спорттық жарыстарда нәтижелі жетістіктерді жоспарлауға мүмкіндік береді. Спорттық күресте кілем үстіндегі жағдай өте тез өзгеріп отыратын болғандықтан ұзақ, уақыт сақталатын бейімделу процесімен қатар, аяқ асты өзгерген жағдайға қажетті тез бейімделу процесі пайда болады. Қазіргі жоғары спорт жетістіктерінің талабы спортқа дарынды балаларды алдын ала анықтау, сол арқылы болашақта үлкен спорттық көрсеткішке жету жолын іздестіру болып табылады. Шеберліктері өте жоғары және үскен спорттық жетістіктерге жеткен спортшылардың туа бікен қабілеттері басқа спортшыларға қарағанда ерекше және

олардың жаттығу, жарыстық кезеңдерге бейімделу мүмкіндіктерінің жоғары екендігі белгілі болады.

Библиографиялық тізім

1. Балабанов И. Т., Степанов В. Н. Бюджетная система Российской Федерации. - СПб.: СПбТЭИ, 1995. - С. 10-15.
2. Бачаев Б. Ц. Повышение технического мастерства борцов на основе совершенствования методов педагогического контроля: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Л., 1986. - 22 с.
3. Игуменов В. М., Подливаев Б. А. Спортивная борьба. — М.: Просвещение, 1993. - 238 с.
4. Климов Е. А. Психология профессионального самоопределения. — Ростов-на-Дону: Феникс, 1996. — 512 с.

ӘОЖ 796.6

ПАЛУАНЫҢ КҮРЕСТЕГІ ЖАТТЫҒУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ САТЫЛАРЫ

Үндемесов О.С

*ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы,
аға оқытушы*

Тынысбек Н.М.

студент

Шымкент университеті Шымкент қ.

Палуанның шапшаңдығы, қозғалғыштығы оның нервтік процестеріне байланысты. әрбір кішігірім өзгерістерге сезімталдықпен жауап беру, жекпе –жек кезінде әдіс – тәсілдерді жағдайға қарай тез қолдана білу де шапшаңдық. Қарсыласының жағдайы, шыдамдылығы, денесінің қозғалыс күші... бәрі –бәрі есепке алыну керек. Соған сәйкес шапшаңдықпен қарсы әрекетке көшіп, шабуылдап, қарсыласының есін жиғызбау керек. Күш бүлік –бүлік ойнаған бұлшық ет, шапшаңдық... осылар тізе қоса кетсе, палуанның алмайтын қамалы, жеңбейтін қарсыласы бола қояр ма екен? Бұлшық еттің дер кезінде босаңсыта, қатайта алмаған палуан ешуақытта шапшаң қимылдай алмайды. Тез, әрі ойдағы әдістерді тап басып қолдануға қосымша шыдамдылық керек. Шапшаңдықтың сапасын, бағасын, әрқилы әдістерді, айдаларды қолдануға шеберлік деңгей беретіні анық.

1. Жаттығуларды көптеген әдістерді жеңілдетілген жағдайда жасау әдісі де бар. Мысалыға әдістерді жүзеге асыруда жеңілдеу әріптес қажет. Бұл тездікке, шапшаңдыққа баулынды. Еңкейіп тұрып жүгіру, шатанғаны жұлқи және итеріп көрегенде жеңіл салмақты қалаған дұрыс.

Оған өмірімізде кездесіп жүрегің мына бір мысалды келтірейік. Кілем үстінде (кездесіп жүрегің) белдесу басталғаннан соң үстін –үстін үдемелі шабуыл жасап, өзіне керекті ұпайын жинап алады. Содан соң толық қорғанысқа көшеді. Ол өзінің белдескен бәсекелесінің мықты шабуылын нәтижелі аяқтауына мүмкіндік бермейді. Осындай кезде палуанға күш –жігер, қайрат, төзімділік қажет. Міне осындай жағдайда ғана ол бәсекелесінің мықты қорғанысын бұзып, жіберген есесін қайталап, алға шығып жеңіс тұғырына көтеріледі. Палуан жан-жақты дайындық кілемдергі белдесулер, жарыстар барысында және көптеген жаттығулар жаттығулар арқылы шыңдалады. Арнаулы жаттығулар дегенде біз күш, шапшаңдық сияқты қасиеттерді адам бойында қалыптастыруға, дамытуға, әсерін тигізетін спорт түрлерін айтамыз.

Ал жас талапкерлерге күшті палуан атану үшін құрыштай күш, жарық еткен шапшаңдық керек.

«Күш атасын танымайды» -дейді халқымыз. Табиғи күш немесе қара күштің ролін ешкім жоққа шығармайды. Бұл әсіресе палуан үшін қарсыласының дүлей шабуылына қояр қалқан немесе қарсы шабуылдарға ауадай қажет. Күш –бала жастан спортпен айналысатындарға бағынатын биіктік. Жекпе –жек кезінде түскен зор қысымнан, үлкен салмақтың нәтижесінде бұлк –бүлік ойнаған бұлшық ет сан түрге, сан күйге түседі. Сондай –ақ, жекпе –жек кезінде палуан әрқилы күшке түсетін тәсілдер, әдістер қолданады, дене ширығады, жекпе –жек басында өзінше, аяғында өзінше күш жұмсалады. Күш неғұрлым көп болса, соғұрлым әдістерді нақпа-нақ қолданасың, ойын әрі жылдам, әрі шапшаң жүзеге асады.

Мінекей, осы ерекшеліктер қай палуанға болсын күш керек екенін айқындап бергендей. Табмғм күштің өзі жекпе –жек кезінде тез сарқылады. Оның әрдайым көзін ашып, байтып отыру керек. Бұл үшін арнаулы жаттығулар бар. Оған керекті нәрселер мыналар: алдымен өз дененді күтіп баптау. Спорттық киімдер, штанга, гирлер, гантелдер, доп, блоктар, эспондар, резина амартизаторлар және т.б құрал жабдықтар керек. Палуанның өз күшін арттыру үшін жеке әдістерді іске асыруға әріптес палуан қажет. Ол палуанның айта қаларлықтай күші, әйтпесе ауыр салмағы болуы тиіс. Жоғарыда аталған спорттық құрал –жабдықтар арқылы күнделікті жұмыс істеп отыру керек.

а\ Жаттығуларды қайталап істеп, қашан бұлшық еттер талып, шаршағанша орындай беру керек. Неғұрлым ол жаттығулар жеңілдеген сайын, оның санында, қайталау жиілігінде арттырған жөн. Әрбір жаттығулардың бір сериясы –бірнеше рет қайталанып болған соң палуан үзіліс (2-5 мин) жасайды. Бұл үзілісте бірнеше тыныс жаттығуларын орындайды және ширыққан бұлшық еттерді бір уақыт босаңсытып, әлсіздікке берілесін. Күн сайынғы жаттығу ойындарының күрделілігі артқан сайын, оның саныда артады. Бұл әдіс арқылы күштің көп уақытқа дейінгі шыдамдылығы арта береді.

б\ Үлкенді –кішілі жаттығулардың ауқымын, қысымын арттыру, оларды қайталау (жұлку, лақтыру, итеру, серпілу, тартылу, отырып- тұру, еңкейю және басқалар).

Жаттығулардың өзі жоғары, төмен, орта болып бөлінеді. Палуан түсер салмақта арта береді. Мысалы гирлерді, тастарды лақтыру, сонан соң бас арқылы екі қолмен лақтырып, қайта қағып алуға дағдылану, әрине ондай кезде (қолмен лақтырып), кейін шалқайғаның дұрыс. Бұларды қас –қағым сәтте, әрі дәл істегенше қайталай берген абзал. Осы әдісті қолдану күшті дамытуға көп әсерін тигізеді, екіншіден палуанның жылдамдығын, шалттығын, шапшаңдығын арттырады.

в\ Әріптесіңмен күш сынасу, қарсыластың тежеп отыру, яғни тер төге отырып үйренген, жаттыққан серияларды қайталап отыру.

Көзді ашып жұмғанша.... мінекей, бұл ұғым төзімділікке, жылдамдыққа бағытталып айтылған. Ал, палуан немесе, спортшыға бұл аса қажет қасиет. Аса күшті палуан бола тұрып, шапшаң болмаса онда өзіңді бесаспап палуан деп атау әбестік болар еді. Шапшаңдық, жылдамдық, арқылы ойына алған әдіс –айланы көзді ашып- жұмғанша, тез қолданасың, бұл арқылы жекпе –жек тағдыры шешіліп қалуы да мүмкін. Реакция тез шешімге келу, жалт –жұлт еткен қозғалыс.... әрине, шапшаңдықтың өзі әдістерді тез, әрі жылдам қолдану, сөйтіп жеңістің биігінен көріну.

2. Бұл кезекті әдіс қарама –қарсы жағдайды сыбаға етіп тартады. Бұл қиын да, ауыр, күрделі жаттығулар болады. Бұл жоғарғы қарқынды қимылдағанда өте керек.... қарқын... Ауыр мен жеңіл қабаттасқан күрес өнері жалпы қиын өнер. Қарқынды қимыл ғана сені биікке жетелейді, жеңістің шыңына ендіктірмей жеткізеді. Сондықтанда жаттығу жасағанда қарқынды шабуылға біртін-біртін ауысып отырған жөн. Бұл алқын –жұлқын қимыл қашан әбден қалжырап шаршағанша жалғаса берген жөн. Қимыл мейлі қарқынды болсын, мейлі бәсең болсын, әрбір -әдіс айла нақпа –нақ қолдануыды жүзеге асыру керек. (Сондай –ақ инитационды жаттығуды да қол қалт еткенде қолданған абзал). Яғни, ешқандай қарсылассыз, әріптессіз әдіс –айланы ойша, өзінше жасау.

3. Жаттығуды команда арқылы ойда жоқ жерден жасау. Мұнда қимыл тездігі қатар жүру тиіс. Себебі, ойда жоқ жерден әдіс қолданғанда сенде қапы қалмауың керек. Мұндайда екінші бір адам команда береді. Команда дауыспен де, шапалақтаумен де, ысқырықпен де беріледі. Бұл сонымен бірге қол және дене қымылы арқылы берілуі ықтимал. Нағыз палуанға дұрысында осы. Белгі берілгенде палуан ол әдісті аса бір тездікпен, шапшаңдықпен орындауы тиіс.

Сондай-ақ, шапшаңдықты арттыру үшін қозғалысы мол спорттық ойындарды да пайдаланса нұр үстіне нұр. Жүгіру акробатикалық және гимнастикалық жаттығулар. Оншақты рет арқа және мойын арқылы лақтыруды жүзеге асыру да шапшаңдыққа баулиды. Мұндай жаттығулар, әрине өте көп. Оны шапшаңдықпен көзі ашып –жұмғанша орындай білу ғана шеберлік деп танылса керек.

Библиографиялық тізім

1. Психология: оқу құралы. 2020. Алимкулова Ү.К. Психология: Дәрістер жинағы. 2020. Алимкулова Ү.К. Дене шынықтыру Әдістемелік нұсқау. 2018ж. Алшынбаев К.И.
2. Дене шынықтыру және спорт психологиясы. Оқу құралы. 2019ж. Ташболатов С. Қадырбаев Т. Атакаева А.Т. Дене шынықтыру және спорт психологиясы. Лекция жинағы. 2020ж. Ташболатов С. Қадырбаев Т. Атакаева А.Т.
3. Педагогика Лекция жинағы. 2020ж. Утебаева А. Күнпейіс Ж.
4. Дене шынықтыру және спорт психологиясы. Лекция жинағы. 2020ж. Ташболатов С. Қадырбаев Т. Атакаева А.Т.
5. Базалық спорт түрлерін оқытудың ілімі мен әдістемесі (мектеп бағдарламасы) Лекция жинағы. 2020ж.

ӘОЖ 796.6

ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Үндемесов О.С

*ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы,
аға оқытушы*

Тынысбек Н.М.

студент

Шымкент университеті Шымкент қ.

Атақты физиолог Н.А.Бернштейннің тұжырымдауынша, қозғалыс "өмір сүреді және дамиды" және "өмір" қозғалысы оның ынталану процесімен және біздің өмірлік қызметіміздің қорларын іске асыру арқасында қалыптасуы мүмкін. Кез-келген қозғалыс әрекеті үлкен ми қабығының немесе рефлекстік құбылысының орындалуына тәуелді. Жеке қозғалыс процесі өздігінен таза биологиялық рефлекторлық әсерге "ұшырайды". Адамның дене белсенділігі соңғы есепте оның ағзасының өзгеру жағдайына, жаңа дене сапаларын игеру деңгейіне және қабілеттілігіне бағытталған. Ал ол жаттығудан басқа ешқандай жолмен іске асырылмайды. Машықтану тиімділігінің негізінде ол барлық тіршіліктің іргетасын ажыратады - бейімделу қабілеті т.б. Бұл қасиет адам ағзасының өмірлік қабілетінің, сыртқы ортадағы әртүрлі факторлардың әсер етіп, өзгеруіне дағдыландыруды қамтамасыз етіп отыратын негіз. Шынығуды іске асыру процесінің арқасында адамның физиологиялық механизмінде өзгерістер туындайды. Оның бейімдеушілік процесінің механизмі, спецификалық ерекшеліктері ағымы жаттығу тиімділігінің тұрақты шегін және адамның әртүрлі өмір сүру кезеңдеріндегі жеке ерекшелігінің дене белсенділігінің артуына жағдай жасайды. Дене жүктемелерінің заңдылықтарын аша білуде, ол адамның дене белсенділігіне ықпал ететін қажетті жағдай

екенін анықтауға болады. Сонымен қатар көптеген зерттеулерге қарағанда адамның дене тұлғасының дамуына, бұлшық ет талшықтарының морфологиялық және қозғалыс аппаратының қан жүйесімен жабдықталуына жағдай жасайтынын анықтауға болады. Сондай-ақ, адамның дене белсенділігіне тікелей қатысты генетикалық жағдайдың қызметтік мүмкіндігіне ықпалын тигізеді. Мысалы: атақты ғалымдардың бірі В.Б.Шварц, В.М.Зациорскийдің зерттеулері бойынша егіздердің күш жылдамдық, төзімділік және т.б. сол сияқты дене сапаларының бір-біріне ұқсастығы нақты көрсетілген. Американдық атақты ғалым Мурасенің зерттеуінше жүгіру дайындығының биомеханикалық аспектісі (басқа жайда) физиологиялық және антропологиялық факторлары сияқты, сол дәрежеде анықталған. Осыған орай егіздердің бір-біріне ұқсастығы дене массасының орналасу параметрі, сонымен қатар 40-50 мқашықтыққа жүгіру кезінде ұқсастықтары анықталған. Спортшының спорттық қызметіндегі генетикалық мәселелерін зерттеуде мамандар тұқымқуалаушылық биомеханикалық, морфологиялық және функционалдық жағдайының көрсеткіштеріне аса көңіл бөлуде. Осыған орай көпшілігі осы мәселені адамның дене потенциалының дамуы оның жеке ерекшелігіне байланысты деп табуда. Сонымен қатар адамның әсіресе морфологиялық және функционалдық дамуын қоспағанда, адамның дене сапасынан моторлық жетілуінің теңсіздігі туралы дәйектің бар екені анықталып отыр. Жас ерекшеліктеріне байланысты қозғалыс дағдыларын игере алуы туралы орыс ғалымы В.Н.Попкованың зерттеулерін айтуға болады. Бұл ретте адамның қозғалыс потенциалының және (критических) "қиын қыстау" кезеңдеріндегі дене сапасының жетілуі туралы анықталған.

Басқа да зерттеулерге зер салсақ, әртүрлі спорт түрімен айналысудың үйлесімділігі жас спортшының биомеханикалық қозғалыс жүйесінің және морфологиялық жетілуінің белгілі бір сипаттық ырғағының бұзылуына алып келеді деп табылуда. Тағы бір айта кететін жәйт адамның тежелу немесе қозу және морфологиялық жүйесімен қамтамасыз етілуінің, спортпен айналыспайтын адамдармен спортпен шұғылданатын адамдардың аралығы ырғақтық жетілуі биологиялық анықталған. Спорттың әр түрімен айналысатын спортшылардың биомеханикалық және морфологиялық даму жүйесінің белгіленген тұрақты ырғағының (ритмнің) көлемі, адамның дене дамуының потенциалдық жеке генетикалық экзогендік түзілуі мүмкіншіліктерін құрайды. Сондықтан да осы ретте генетикалық анықтамасының адамның қозғалыс қызметіне қатынасын ескерген жөн. Адамның дене потенциалдық дамуының ырғақтық қамтамасыз етілуіне генетикалық қатынасының биологиялық маңызы, қозғалыс қызметін қамтамасыз ететін, жас ерекшелігіне байланысты ырғақтық морфофункционалдық жүйесін қайта құрушы бір деңгейдегі қажетті бөлігі болып табылады.

Мұндай бірізділік онтогенетикалық қайта құрудың, ең алдымен адам ағзасының сыртқы қоршаған ортаның қажетті қызметтеріне биологиялық дайындығымен тікелей байланысты. Сонымен қатар морфологиялық және функционалдың онтогенезде қайта құрылуы көп жоспарлығына қарамастан, ең жоғарғы гормониялық дамуын көрсетеді. Сыртқы (әлеументтік) және ішкі (биологиялық) стимулдары бұл ретте бір-бірін рационалдық және экономикалық даму мақсатымен қамтамасыз етіп отырады.

Библиографиялық тізім

1. Психология: оқу құралы. 2020. Алимкулова Ү.К. Психология: Дәрістер жинағы. 2020. Алимкулова Ү.К. Дене шынықтыру Әдістемелік нұсқау. 2018ж. Алшынбаев К.И.
2. Дене шынықтыру және спорт психологиясы. Оқу құралы. 2019ж. Ташболатов С. Қадырбаев Т. Атакаева А.Т. Дене шынықтыру және спорт психологиясы. Лекция жинағы. 2020ж. Ташболатов С. Қадырбаев Т. Атакаева А.Т.
3. Педагогика Лекция жинағы. 2020ж. Утебаева А. Күнпейіс Ж.
4. Дене шынықтыру және спорт психологиясы. Лекция жинағы. 2020ж. Ташболатов С. Қадырбаев Т. Атакаева А.Т.

ӘОЖ 796.6

ДЗЮДОШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ МЕН ТЕХНИКО-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫЦТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.

Шыныбек Н.Н.

магистр аға оқытушы

Акбанова М.К.

ДС-421 тобының студенті

Шымкент университеті, Шымкент қаласы.

Спортшылардың жаттығу кезеңінің жүйесінде жалпы дене дайындығын, тактикалық және психологиялық дайындықтың әр түрлі міндеттерін шешуде, арнайы дене дайындығы маңызды орын алады.

Ерекше күштің және арнайы төзімділіктің дамуын қамтамасыз ете отырып, ол спортшының қозғалыс әрекеттерін ырғақты-жылдамдық құрылымының қалыптасуына, ұтымды спорттық техниканың бекітілуіне ықпал етеді. Қазіргі уақытта бапкерлер мен ғалымдардың назары организмдердің функционалды жүйелеріне жоғары талаптар қойылатын, жарыстық қызметтің жетістіктерін Мүмкіндіктермен үйретуге, арнайы дене дайындығының неғұрлым тиімді тәсілдері мен әдістері салыстыру және іріктеуге аударылған. Бірақ спортшылардың арнайы дене дайындығының жаттығуларына қойылған негізгі талаптар осы уақытқа дейін толық анықталмаған. Жаттығу тәсілдерінастырмалата қолдануға Л.П.Матвеев (79) көз салады, біз оларды жаттығудың дәлелсіз өсетін жақтарына, оның сапалы жақтарына зиянын тигізетінін, жеткіліксіз тиімділікке сыйғызуға тырысамыз. И.П.Ратовтың зерттеу жұмысы катарында спорт тәжірибешілерінің көңілі - егер орындалған жаттығудың организмге әсер ету механизмі туралы және олардың ғылыми дәлелденген іріктеуі туралы біздің түсінігімізді тереңдетсек, спорттық жаттығу кезеңі маңызды дәрежеде ұтымды болуы Мүмкін екеніне аударылады.

Адамның қозғалыс қызметінің заңдылығы бұл қызметтің жетілдірілуі тек бұлшық ет тіндерінің және ішкі Мүшелердің морфологиялық және биохимиялық өзгерістермен ғана келісіліп қоймай, бұлшық ет қызметінің координатасы және вегетативті функциялардың кезектегі жетілуімен, интеграцияның азырақ тиімді түрінен көбірек тиімді түріне ауысуымен көрсетіледі. И.П.Ратовтың ойынша (80) бұлшық ет аппаратын түрліше қоздырылған элементтердің өзара байланыс жүйесі ретінде қарау керек. Бұл әр түрлі дәрежедегі жүйенің жеке элементтерінің қозуы бұлшық ет аралық координацияларының негізгі ерекшеліктерін анықтайды. Н.В.Зимкинаның зерттеу жұмысында - қозғалысты және вегетативті функциялардың гармондық қатынасы көрінісінде, қозғалыс координациясының жоғарғы дәрежесі болса әрекет дәл берілген қозғалыс актісіне қажет және де өте қатал жүйелілікпен тек сол бұлшық еттер ғана жиырылатыны көрсетілген. Бұның барлығы спортшының арнайы дене дайындығы кезеңінде, орындар алдында қозғалыстық координациялық құрылымы негізгі жарыстық жаттығулардың координациялық ерекшеліктерімен байланысына ықпал ететін жаттығуларды қолдану қажет екендігін айтады. Бұл дене сапаларын бір мезгілде дамыта орындалатын, спорттық техниканы да жетілдіретін, кездесетін ықпал ету негізіне жауап беретін өзіне тән үйлесімді жаттығулар (81, 82). Жарыстық жаттығуларға бір мағыналы сәйкес келетін тек жарыстық жаттығудың өзі ғана болғандықтан, кездесетін ықпал ету негізін бақылай отырып, басынан бастап жаттығуды спортшының барлық үдеуші Мүмкіндіктерінің пайда болу жолымен (ең жоғарғы әрі нақты жағдайларда) өткізу қажет, ал бұл - ғылыми

зерттеулердің мәліметтері және жаттығу тәжірибесі көрсеткендей, қозғалыс дағдысының берік тұрақтануына және спорттық нәтижелерге лайықты болуына әкеледі (81, 82, 83). Соңғы айтылған қозғалыс дағдысының және спорттық нәтиженің тұрақтылығының шарасыздығы жаттығу сабақтарында тек жатыстық жаттығуларды қолданған жағдайда, спортшының өсіп келе жатқан Мүмкіндіктерін көрсету жағдайында кейінгі жаттығу жүктемесінің көбеюі барысында қозғалыстық жетілуді бәсеңдетіп, міндетті түрде жағымсыз факторлардың пайда болуы туралы қорытындыға әкеледі.

Спортшының техникo-тактикалық шеберлік дәрежесін анық көлемді талдау әдістерімен анықтау үшін спорттық жекпе-жектер тәжірибесінде табысты және сәтсіз орындалған техникалық әрекеттердің қарым-қатынас есебінің негізіне тиісті сондай-ақ техникалық әрекеттердің уақыт бірлігіне немесе бүкіл кездесу барысындағы жалпы көлемді есептеу әдістемесі кеңінен қолданылады.

Спорттың оқу бөлімінде күреспен шұғылдануға оқу-жаттығу әдістемесі, әдістері, құрылымы. Дене тәрбиелеу мәдениеті институтынан басқа басқа жоғарғы оқу орындарында жоғарғы дәрежелі палуанды дайындау (бағыттау) Мүмкіндіктерін айқындау бағытында жүргізілген іздену кезеңінің зерттеулерінің нәтижелері, сондай-ақ алдын-ала жүргізілген педагогикалық байқаудың нәтижелері (1986-1993ж.) бізге спорттық оқу бөліміндегі оқу-жаттығу сабақтарының құрылымын, әдістерін және әдістерін айқындауға Мүмкіндік береді.

Спорт теориясындағы спорттық жаттығуларды кезеңге бөлу, соның ішінде күрес бойынша бөлу, дене тәрбиелеу мәдениеті институтынан басқа жоғарғы оқу орындарында мамандарды дайындауда оқу жоспары мен оқу процесіне байланысты нақты орындалуына эрқашан сәйкес келе бермейді. Осыны есепке ала отырып, күнтізбелік жыл емес оқу жылы (қыркүйек-маусым айлары) айқындайтын палуандардың спорттық жаттығуларын бізде дәстүрде болмаған төрт жылдық жоспардың енуіне тура келеді. Жаттығу а\ ыртпалығының өсуі Мұнда әдістер мен қарқындылықтың қолданылуы еркін рде, бірақ төрт жылдық циклде палуандарды дайындауда қолайлылық пен бірқалыптылық принципі сақталады. Осылай бола тұрса да оқу жылының ішінде өзінің жағдайын сынақтық сессия, өндірістік практика, диплом жұмысын қорғау түрлері мен түсіндіретін екілік-үштік, дене ауыртпалығының әжептеуір тез төмендеуі немесе өсуі байқалады. Палуандарды дайындау құрамасы 4 кезеңнен тұрады (оқу жылдарының 1-4 курстар). Осыған карамастан жекеленген палуандар институт қабырғасын бітіргеннің өзінде-ақ жарыстарға қатысуын жалғастыруда (1-кесте).

Спорттық жетілдіру кезеңі (3 курс) көлемі бойынша арнайы дене дайындығының (40% сабақ уақыты), техника-тактикалық және жарыстық (40%) әдістерімен маңызы бірдей. Бұрынғыша жалпы дене дайындығы 15%) орын алады. Негізгі әдістерге жарыстық және белдесу әдісі деп аталатын қарсыласының салмағы артық күші жағынан айтарлықтай басым болатын палуандармен белдесуі жатады. Жарыстық әдіс техникалық тәсілдерді жетілдіру мақсатында, спортшыға белдесуді нақты әрекеттерді (күлай тастау, жамбас арқылы, арқаға салып лақтыру және басқа) қайталай қолдану арқылы ргізіледі. Бақылау және жарыстық белдесулер жарыс ережелерінде растырылған ұзақтықпен кең қолданылады.

Библиографиялық тізім

1. Спорт ойындары. Лекция жинағы. 2020ж. Қуанышов С.Ә.
2. Алшынбаев К.И. Садыкова Д.Б.
3. Мектеп бағдарламасындағы спорт ойындары. Лекция жинағы. 2020ж.
4. Жеңіл атлетика. Лекция жинағы. 2020ж. Алайдаров И.Қ.Тулеев С.Қ.
5. Балалар және жасөспірімдер спортының негізі. Лекция жинағы. 2020ж
6. Қимылды ойындар. Дәріс жинағы. 2020ж.

ЖАС ГИМНАСТИКАШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ БАСТАПҚЫ КЕЗДЕНДЕРІНДЕГІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Шыныбек Н.Н.

магистр аға оқытушы

Акбанова М.К.

ДС-421 тобының студенті

Шымкент университеті, Шымкент қаласы.

Жас гимнастикадағы оқыту процесі оқушыны білімге, білік пен дағдыға, оларды үнемі дамытып, жетілдіруге үйретуге, сондай-ақ әдіс стратегия мен тәсілді, ойын ережелерін мен жаттықтыру әдістемесі мәселелері бойынша білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Оқыту міндеттерін шешу оқушыларды оқытылатын материалдарды түсіну, оның дамуы мен оларды сыни ой елегінен өткізу үшін қажетті замануи жас гимнастика туралы кең көлемді біліммен қаруландыруды қарастырады. Мұнда оқушылардағы шығармашылық ойлау мен дербес шешім іздеуді тәрбиелеу үлкен рөл атқарады.

Білімнің ықпалы - оларды қолданып, соның негізінде жаңа тұрғы ойлап табу үшін қажет жағдай. Бұл жас гимнастикашы үшін өте қажет, себебі ойын барысында барлық шешім дербес қабылданып, тез әрі дәл қимылдауы қажет.

Оқытуда тек гимнастика мен рухани сапалар ғана емес, сонымен қатар жас гимнастикашы жетік меңгеруі тиіс арнайы білік пен дағдыны қалыптастыру да айрықша орын алады. Оқушылар білім мен білікке сүйеніп, алған білімдерін тиімді пайдалануға үйренуі тиіс. Оқыту процессінің мәні осында.

Қимыл дағдыларын меңгеру мынадай қимылды меңгеру деңгейін ұсынады, яғни оларды басқару автоматты түрде болады, ал қимыл жүйесінің барлығы бұзушы ықпалдар әрекетіне төзімді келеді.

Белгілі болғандай дағдының негізінде түзілуі үшін оларды белгіленген жағдайларда көп дүркін қайталануы қажет бекіген байланыстар жатыр. Алайда бұл байланыстың деңгейі қимыл элементтерін еркін өзгерту мүмкіндіктерімен қамтамасыз етуі тиіс.

Білік - бұл қажетті қимылды таңдағанда саналы әрекет ету қабілеті. Жоғары дәрежелі білікті қалыптастыруда жаттығуларды үнемі өзгермелі жағдайларда жүргізу қажет.

Оқыту мерзімін қысқарту үшін жеке элементтерді дербес үйренетіндей етіп бөлуге болады. Алайда мұнда қимылдың табиғи бірлігі бұзылмауы тиіс. Бұл үшін оқытуда белгіленген бірізділік пен бір уақыттықты сақтау керек.

Ойын әдістеріне оқыту барысында тек биомеханикалық көзқарас тұрғысынан тиімді қимылдарды меңгеру ғана емес, осы қимылдарды ойында пайдалана білу де маңызды. Сондықтан әдістік амалдар мен жеке тәсілдік әдістерге оқыту қатар жүруі тиіс. Бастапқыда әдісті амалдары бойынша жеке жүргізеді, содан кейін бөліп алған амалдарды ойын әрекеттеріне біріктіреді, ол екі немесе одан да көп амалдар болуы мүмкін.

Шабуыл әдісінің амалдарын қорғанысқа қарағанда ертерек үйретеді. Олар өзінен кейін сәйкес қорғаныс қимылдарды үйренуді қажет етеді, тек шабуылдың сәйкес амалдарын үйренгеннен кейін ғана, шабуылдың осы әрекетіне қарсы бағытталған қорғаныс амалдарын, яғни қарсы амалдарды үйренуге болады.

Ойын тәсілін меңгергенде мақсат қояды:

- жағдайға қарай үйренген әдістерін пайдалануға және басқа ойыншылармен дұрыс өзара байланысуға үйрету.

- оған тиімді қимылдауға мүмкіндік беретін келесі ойыншы үшін барынша қолайлы жағдай тудыра білуге үйрету.

Әдістің немесе тәсілдік өзара әрекеттің кез-келген амалын үйренгенде қимыл дағдыларының физиологиялық табиғатына негізделе отырып, бір педагогикалық міндеттен келесісіне бірізбен өту қажет.

Ол әдіс туралы бейне тудырудан басталады. Оқушылар өздері жасау керек бейнені көруі қажет. Бұл үшін әдіс туралы оны орны мен ойындағы маңызы туралы айтып қана қоймай, сонымен бірге қимылды орындағанда сезілетін алғашқы қозғалыс сезімін алуға да мүмкіндік беру қажет. Бұл кезеңдегі оқыту міндетіне кіретіндер:

- оқушының үйренген әдісі, оның қимыл тәжірибесінде бар сезінулер туралы білімін айқындау;

- үйренетін әдісі туралы оның ойындағы орны мен маңызы, негізгі міндеті мен тиімді қолданылу жолы, т.б. туралы алдын ала мәлімет беру;

- дұрыс қимылдар мен оның бірізділігі туралы көру және жасау мәліметтерін құру.

Бұл міндеттер көрнекі-құралдар және түсіндіру әдістері және жаттығуды өзі орындау көмегімен шешіледі.

Үйренген материалдарының сипаты мен оқыту міндеттеріне қарай кинограммалар, схемалар, суреттер, бейнетаспалық жазбалар, т.б. қолданылуы мүмкін. Оқушы меңгеру тиіс әдістің бейнесі мен қимыл үлгісі келтірілгеннен соң ол оны өзі орындап көреді. Осыдан кейін ғана аталған әдісті меңгеруге байланысты қиыншылықтар туралы дұрыс мәлімет қалыптасады. Оқушылар қимылдың сипаты мен оның орындалу бірізділігі туралы қозғалыс мәліметін алады.

Жеңілдетілген арнайы жасақталған жағдайда әдісті үйрену

Бұл оқыту кезеңінің басты міндеті - қимыл әрекетінің негізгі құрылымын игеріп, оны дұрыс орындауды меңгеру.

Оқушылар:

- әдіс құрылымын меңгеру;

- орындардың алғашқы сәттерінде туындайтын артық қимылдарды жойып, қысымды азайтуды;

- кездескен қателіктерді жоюға тиіс.

Ойыншылардың назары бастапқы қалыптан біртіндеп негізгі топтарға сосын бөлшектеріне ауысады. Бұл кезеңде әдістің негізгі құрылымын берік меңгеруі қажет.

Жағдайды жеңілдету әдістері әрқашан да нақты және өтілетін материалдың сипатына байланысты болады.

Тәсілді үйренгенде жағдай жеңілдетілуі мүмкін, яғни әріптестерінің санын азайтып немесе көбейтуге, жетуі керек мақсатты нақтылауға, белгіленген орналастырумен барынша қолайлы жағдай тудыруға, бір мезгілде немесе бірізді шешілетін тәсілдік міндеттер сонымен қолайлы жағдай қалыптастыруға, міндетті шешудің мүмкіндігі мол жолдарын көрсетуге, т.б. болады.

Библиографиялық тізім

1. Спорт ойындары. Лекция жинағы. 2020ж. Қуанышов С.Ә.
2. Алшынбаев К.И. Садыкова Д.Б.
3. Мектеп бағдарламасындағы спорт ойындары. Лекция жинағы. 2020ж.
4. Жеңіл атлетика. Лекция жинағы. 2020ж. Алайдаров И.Қ.Тулеев С.Қ.
5. Балалар және жасөспірімдер спортының негізі. Лекция жинағы. 2020ж
6. Қимылды ойындар. Дәріс жинағы. 2020ж

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫ ЖАТТЫҚТЫРУ – БҮЛ БҮКІЛ СПОРТТЫҚ ЖЕТІЛДІРУ ЖҮЙЕСІ ТӘРІЗДІ

Шыршыкбаев С.А.

п.ғ.к аға оқытушы

Жұмабекова А.

Студент

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Волейболшыларды жаттықтыру – бұл бүкіл спорттық жетілдіру жүйесі тәрізді дене шынықтырудың әдістемелік принциптеріне, белгілі бір принциптер мен заңдылықтарға және спорт жаттықтыруының заңдылықтарына бағынатын және жоғары спорттық нәтижелерге жетуге бағытталған педагогикалық процесс.

Спорттық жаттықтырудың әдістемелік принциптері мынандай: саналылық пен белсенділік, жүйелілік, көрнекілік, ыңғайлылық пен тұлғалық, ілгері даму.

Саналылық пен белсенділік принципі, маңызды принцип ретінде сабақтарға саналы және белсенді көзқарас қалыптастыруды, жаттықтырудың мақсаты мен міндетін, өткен материалдың мәнін, әдістері мен құралдарын терең түсінуді қарастырады.

Волейболмен шұғылдануға тұрақты қызығушылық таныту өте маңызды. Оқушының ақиқат қызығушылығына сүйенген жаттықтырушы көптеген оқу-жаттығу және тәрбиелік міндеттерді шешуі мүмкін. Бұл әсіресе жас волейболшылармен жұмыс барысында өте маңызды.

Волейболшылар алдына жуық араға мақсат қойғанда оны бірнеше жылдан кейін жоғары спорттық нәтижеге жету тәрізді жекелеген мақсаттармен үйлестіруі қажет. Волейболшы әрбір жақын тұрған мақсатын жүзеге асыра отырып, жекелеген мақсаттарына қол жеткізеді.

Дене дайындығы деңгейін көтеру, ілімдік білімді игеру, әдістер мен тәсілдерді меңгеруде сананың орны ерекше. Әдістік амалды немесе тәсілдік іс-қимылды тиянақты түсіндіріп, жеткілікті көрсетіп беруге болады, бірақ оның мәнән түсінбейінше волейболшы оларды меңгеруде жоғары нәтижеге қол жеткізбейді. Бұл әсіресе, ойын тәсіліне қатысты айтылады [2,206.].

Волейболшы өз іс-әрекетінің нәтижесін, қандай міндетті атқарғанына қандай баға алғанын, қайсы міндетті жақсы атқаратынын, қай жерде қате жібергенін, оның себептерін білуі тиіс. Осының барлығы спортшының өз іс-қимылдарын талдап, соған сәйкес тұжырым жасап, келесі тапсырманы одан да табыстырақ орындауына көмектеседі. Спортшы өз ағзасында болып жатқан физиологиялық және психикалық процестерді түсініп, өз жұмысқабілеті мен сезім-түйсігін жан-жақты және тиянақты бақылап, бағалай білуі тиіс.

Нәтижесінде волейболшылар көптеген білім мен тәжірибе жинақтайды, ол спортшыларға жақсы жаттығып, жарыстарда табысқа жетуге көмектеседі. Жаттықтыру сабақтарының жоғары сапасы мен жоғары спорттық жетістіктері спортшылардың өзінің ойлы іскерлігі мен шығармашылық күш жұмсауынсыз мағынасын жоғалтады.

Волейболмен шұғылдануға деген саналы көзқарас пен қатты қызығушылық белсенділік пен спорт шеберлігі деңгейін арттыруға өзіндік ұмтылысын туындатады. Бұл белсенділікті жаттықтырушы ақылмен бақылап, бағыт беріп отыруы керек.

Жүйелілік принципі, көпжылдық сабақтар мен жекелеген айналымдар барысындағы талаптарды арттыруды, сабақтар мен қайталаулардың тұрақты жүргізілуін қарастырады. Жаңа әдістік амалдар мен тәсілдік іс-қимылдарды үйретуге кіріскенде алдыңғы өткен материалдарды меңгеруге сүйенуі керек (білетінінен білмейтініне қарай). Үйренетін әдістік амалдар мен тәсілдік іс-қимылдар күрделілігі бірте-бірте өсуін

қадағалау керек (қарапайымнан күрделіге). Сабақтарда әдетте осы ережелерді үйлестіру қарастырылады, бұл құралдар мен әдістерді осыған сәйкес таңдауға мүмкіндік береді.

Жүйелілік принципі жүктеме мен демалысты тиімді кезектестіру мен сабақты реттеуді қарастырады. Сабақ саны аптасына үш-төрт сағаттан кем болмауы керек, олай болмаған жағдайда ойын әдісі мен тәсілін меңгеру нәтижелерін көтеру мүмкін емес. Жүктемелер қалпына келтіру процестерінің заңдылықтары талап ететін демалыспен кезектесуі керек. Сабақтың ең көп саны мен олардың ұзақтығын анықтау барысында осыны басшылыққа алады.

Қайталаудың ролі жоғары. Қайталаусыз дағдыларды қалыптастырып, қимыл сапаларын дамытатын морфо-қызметтік қайта құруды қамтамасыз ету мүмкін емес. Қайталау барысында дағдыларды икемге келтіру үшін қажетті әдістік амалдар мен тәсілдік іс-қимылдар орындалатын жаттығулар мен шарттарды кезектестіру қажет.

Көрнекілік принципі әдіс пен тәсілді оқытудың табыстылығын қарастырады. Оқытудың бастапқы сатысында бұл принципті қатаң сақтау оқушылардың үйренетін әдістік амалы мен тәсілдік іс-қимылы туралы ұғым қалыптастыру үшін өте маңызды. Жетілдіру кезеңінде көрнекілік принципі әдістік амалды немесе тәсілдік іс-қимылды мұқият талдап, қателерді анықтап, жетілдіру жолдарын айқындауға көмектеседі. Қазіргі кезде спортшының іс-қимылы туралы жедел ақпарат алу кең таралған (волейболшы үшін бұл – секіру биіктігі, допты ұру күші, доп тастаудың, шабуыл соққысының, спортшының тәсілдік іс-қимылының, доп берудің дәлдігі және т.б.). бұл жағдайда жаттықтырушыға түрлі құрылғылар мен арнайы жабдықтар көмектеседі: бейнемагнитофондар, кино түсіру және жобалау қондырғылары, көрсету тақталары, алаң макеті, кинограммалар, өлшеу қондырғылары және т.б. бұларсыз оқу-жаттығу жұмыстарын жоғары деңгейде өткізу мүмкін емес.

Ыңғайлылық пен тұлғалық принципі барлық тапсырмалар оқушылардың мүмкіндіктеріне, яғни олардың жасына, жынысына, дайындығы мен жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс екенін қарастырады.

Волейболшылардың шеберлігіне қойылатын қазіргі таңдағы талаптар көпжылдық дайындық жүйесі болмайынша бұл дәрежеге жету мүмкін емес. Қазіргі кезде көпжылдық дайындық жүйесі мына жастағы волейболшылардың дайындығын қарастырады: 7-10 жас (кіші волейбол), 10-18 жас (жасөспірімдік спорт ұжымы), 18-20 жас (жастар), 28-30 жасқа дейін (жоғары дәрежелі командалар).

Волейболшыларды ойын әдісіне оқытуға қойылған негізгі талаптар тиімді әдістерді меңгеру болып табылады. Бұл үшін дене дамуының, жоғары жүйке қызметінің, ерік-жігер аясының айқын деңгейі қажет. Керісінше жағдайда әдісті меңгеру қиындық тудырады. Осыны болдырмас үшін әрбір амал бойынша дене қабілетін дамытуға арналған арнайы жаттығулар қолданылады. Бұған ағымдағы жаттығулар да көмектеседі [3,356.].

Ыңғайлылық оқу-жаттығу барысын тұлғаландыруды қарастырады. Бұл жаттықтырушы кез-келген міндетті шешуде құралдар мен әдістерді оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп таңдауы керектігімен анықталады. Бірдей жаттығуды орындауда әр спортшыларға түрлі мөлшер беріледі.

Библиографиялық тізім

1. Я.Г.Аблов. Врачебные наблюдения за баскетболистами: Институттың студенттері мен тыңдаушыларына арналған әдістемелік құрал. -М. ФиС, 2016. 15,20 б.
2. Э.И.Адашкявичене. Волейбол для дошкольников: Өзінің тәжірибесінен. -М.: Просвещение, -Алматы, 2017. -20 б.
3. Волейбол: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы / Ю.М.Портнова. - М.: - Алматы, 35 б.
4. Волейбол: Дене тәрбиесі институтына арналған / Ю.И.Львов., Ю.М.Портнов., И.Н.Преображенская т.б. М: ФиС, 2008. -20 б.

БАЛАНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫННЫҢ ӘСЕРІ

Шыршыкбаев С.А.

п.ғ.к аға оқытушы

Кансейтова Д.

Студент

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Физикалық даму - өзгеру процесі, сондай-ақ ағзаның морфологиялық және функционалдық қасиеттерінің жиынтығы. Физикалық дамуға бағытталған әсер етудің негізгі құралы - физикалық жаттығулар. Әлеуметтік қоғамда халықтың барлық топтарының жан - жақты физикалық дамуы, дене жетілуіне қол жеткізу-дене тәрбиесінің әлеуметтік мақсаты.

Бала қандай да бір рөлді ойнаған кезде, ол бөтен тұлғаға жалған болып қана қоймай, өзінің рөлін қабылдай отырып және оған кіре отырып, ол өзінің жеке тұлғасын кеңейтеді, байытады, тереңдетеді. Баланың жеке тұлғасына оның рөліне қатысты ойын тек қиял, ойлау, ерік-жігерді дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы баланың жеке тұлғасын дамыту үшін маңызы негізделеді.

Ойын тұлғаның дамуымен тығыз байланысты, және оның әсіресе қарқынды дамуы кезінде - балалық шақта - ол ерекше маңызға ие болады.

Бала өмірінің алғашқы жылдарында ойын оның жеке тұлғасы қалыптасатын қызмет түрі болып табылады. Ойын-тұлғаның дамуында, оның қасиеттерін қалыптастыруда және оның ішкі мазмұнын байытуда, моральдық-ерік қасиеттерін қалыптастыруда ерекше рөл атқаратын бірінші қызмет.

Даму барысында, әдетте, жеке маңыздылығы мен тартымдылығы, ең алдымен, қол жетімді болған жеке тұлғаның күнделікті емес әрекеттері мен көріністеріне ие болады.

Ойынға кіріп, онда бір рет отырып, тиісті әрекеттер бекітіледі; ойнап, бала оларды жақсы меңгереді: ойын ол үшін өзіндік өмір мектебіне айналады.

Нәтижесінде ол ойын барысында дамып, одан әрі қызмет етуге дайын болады. Ол дамиды, себебі ойнайды. Ойын-даму тәжірибесі.

Ойында баланың жеке тұлғасының барлық жақтары қалыптасады, оның психикасында айтарлықтай өзгерістер болады, жаңа, неғұрлым жоғары даму сатысына көшуді дайындау.

Ойын өскелең ұрпақты болашақта атқаратын қызметіне қажетті қабілеттері мен сапасын қалыптастыра отырып, аға ұрпақтың ісін жалғастыруға дайындайды.

Ойында баланың алғашқы адам қажеттіліктері мен мүдделері көрінеді және қанағаттандырылады; олар онымен бірге қалыптасады. Ойында баланың психикасының барлық жақтары қалыптасады.

Ойында балада қиял қалыптасады, ол өзіне және шындықтан ұшып, оған ену. Бейнеде шындықты өзгерту және оны әрекетте өзгерту қабілеті, оны өзгерту ойын іс-әрекетінде жасалады және дайындалады; ойында сезімнен ұйымдастырылған іс-қимылға және іс-әрекеттен сезімге дейінгі жол салынады; сөзбен, ойында фокуста сияқты, жиналады, онда пайда болады және ол арқылы тұлғаның психикалық өмірінің барлық жақтары қалыптасады; бала ойнай отырып, өзіне қабылдайтын, кеңейетін, байытылатын, баланың жеке тұлғасын тереңдете алатын рөлдерде. Ойында мектепте оқу үшін қажетті қасиеттер қалыптасады.

